

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Жаксылықбаева Римма Серікәліқызы

Публицистің шығармашылық шеберханасы

Оқу құралы



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Жақсылықбаева Римма Серікәліқызы

Публицистің шығармашылық шеберханасы

Оқу құралы



ASES KONGRE ORGANİZASYON VE YAYINCILIK
Kanununun hükümlerine göre kitabı yayınlanan yayınevinin izni olmaksızın elektronik, mekanik,
fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi ile çoğaltılamaz, kısmen veya tamamen
Yayımlanamaz, depolanamaz.
Basım Tarihi: 26.12.2025
ISBN: 978-625-93762-7-1

Жақсылықбаева Римма Серікәліқызы

Публицистің шығармашылық шеберханасы

Оқу құралы

Baskı, Yayım ve Dağıtım
ASES KONGRE ORGANİZASYON YAYINCILIK
Hamidiye Mah. İnönü Cad. Helvacı İş Mrk. No: 43/19 Battalgazi/MALATYA
Tel: 0850 474 30 06 - www.asescongress.com.tr - e posta: asescongress@gmail.com
Sertifika No: 63715

I ТАРАУ. ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТЕРІНІҢ ШЕБЕРЛІГІ

1.1 Әзілхан Нұршайықовтың публицистикалық шығармашылығы

Адамзат қоғамының даму заңдылықтарына зер салып қарап отырсақ, даусыз бір шындыққа көз жеткізуге болады, ол – қандай қоғам болса да, руханият саласының алдына белгілі бір дәрежеде мақсат, міндет жүктейтіні. Ал, ол міндеттің қалыптасқан қоғамдық, әлеуметтік, тарихи-саяси және рухани талап, тілектерден туындайтыны мәлім. Қарастырып отырған мәселеге уақыт ағымы тұрғысынан келсек, XX ғасыр ішінде айрықша орны бар екі сәтті айтқан абзал. Бірі – ғасыр басындағы қоғамдық-саяси хал-ахуал. Аса күрделі уақыт тұсында ұлт болашағы үшін жанын да қиюға әзір Алаш қайраткерлері: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Міржақып Дулатов т.б. сынды біртуар перзенттердің тарих сахнасына шығуы тарихи, рухани сұраныстан туған қажеттілік болатын. Ал тоталитарлық жүйенің сәл де болса әлсіреуі, аз да болса демократия, жариялылық принциптерінің салтанат құруы сол XX ғасырдың елуінші жылдар соңы мен алпысыншы жылдардың басына тұспа-тұс келді.

Бұл кезең ұлттық санаға сілкініс пен серпіліс әкелді. Егер XX ғасырдың басында Алаш зиялылары Қазақ деген халқы үшін қандай жолмен жүру керек, бостандық, тәуелсіздік, дербестік алу үшін не істеу керек деген сауалдар төңірегінде баспасөз бетінде өз ой-пікірлерін ортаға салса, XX ғасырдың 60-70 жылдары рухани өмірге араласқан зиялы қауым өкілдері ең басты міндеті етіп Адам деген аса күрделі жаратындының болмыс-бітіміне үңілуді, оны жан-жақты зерттеуді қолға алды. Оның өмірінің мәні мен маңызы, адам не үшін ғұмыр кешетіндігі күн тәртібіне өткір түрде қойылды.

Руханият саласына қазақтың аса бір талантты, серпінді тобының өкілдері келді. Олардың қатарына Ә. Нұршайықов, С. Байжанов, Ә. Кекілбаев, Ш.Мұртаза, К. Смайылов, Қ. Жұмаділов, М. Мағауин, С. Әшімбаев, Д.Исабеков, Т. Әбдіков, О. Бөкеев, С. Абдрахманов, Ж. Аупбаевтарды жатқызуға болады. Біз есімдерін атаған қуатты топ бүгінде атақты ақын-жазушы, қаламгер деген атқа ие болды. Бұлардың бәрі де руханият дүниесін жасауда ең алғашқы сұрлеуін, соқпақ жолын публицистикадан бастаған болатын. Оларға қанат бітіріп, шабыт әкелген, қаламгер атты қия-құзға бастаған да осы публицистика болатын.

Қазіргі таңда қазақ журналистикасының әрқилы кезеңдерінде рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, әсіресе, ұлттық дәстүрге өз шығармаларымен айтарлықтай үлес қосқан қаламгерлердің туындыларын терең зерттеп, олардың қазақ журналистикасындағы орнын, қолтаңбасын ажыратып, бағасын беру қажеттігі туды. Сондай кезеңнің бірі – 1970-90 жылдардағы қазақ журналистикасы өкілдерінің туындылары. Қазақ журналистикасының өнімді, жемісті тұстарының бірі де осы кезең болды десек қателеспейміз.

Белгілі бір ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңдері ең алдымен, сол ұлттың әдебиетіне, өнеріне, журналистикасына із тастайды. Ұлттың рухы көтеріліп, еңсесі биіктегенде оның журналистикасы да, әдебиеті де, өнері де түлеп, толысып болашаққа көз тігеді. Осындай тарихи кезеңде яғни,

ұлттық рухымыз биіктеп, аталмыш салалардың қайта серпіліп, өркендеудің жаңа сатысына көтеріліп келеміз. Уақыт өткен сайын бұрынғыны бағамдап, жаңаны саралап отыру – өмір талабы. Бұл әсіресе, публицистика секілді шығармашылық салаға қатысты жайт. Айталық, бүгінгі публицистикада жеткен жетістіктеріміздің бәрі осыған дейінгі шығармашылық өсу, өркендеу арқасында пайда болғаны баршаға белгілі. Ал қазақ публицистикасының да тақыр жерден жаратылмай, бастау бұлақтары болғанын айту лазым.

Қазақ журналистерінің рухани әлемімізде публицистиканы қалыптастыруға тигізген әсері аз емес. Публицистиканың ішкі сырын, сипат-қасиеттерін, әдіс-тәсілдерін, көркемдік ізденістерін саралау – кезек күттірмейтін мәселе. Мұның өзі сайып келгенде, бүгінге дейінгі журналистиканың даму деңгейін көрсетеді. Демек, қазақ публицистикасының өсіп-өркендеуі бұрынғының бүгінге негіз болуынан деп қарау керек. Дәстүрлі шығармашылықты қалыптастырушылар санатында журналистермен бірге, классик жазушылардың да публицистиканы өркендетуге қосатынын білгеніміз жөн. Журналист өмірі – шығармашылық шеберліктен тұратын күрделі жүйе. Сондықтан, ол қайталанбаушылыққа жолықпай, үнемі жаңа идея, зерттелмеген жаңа дүниелерді ашып, халыққа таратуды талап етеді. Жалпы, шығармашылық шеберлікте табиғи дарынның, қарым-қабілеттің, білім мен ізденістің ауадай қажет екені айналып келгенде, шеберліктің бастау саласына айналары сөзсіз. Қазақ журналистикасы тәуелсіздігімізді алған жылдардан бастап та ерекше қарқында дами бастады. Еліміздің дамуына, өркендеп қанат жаюына журналистердің қосар үлесі зор. Алдағы мақсаттарды айқындап, халықты дұрыс жолға сала білетін, ел қамын ойлайтын журналист – ол нағыз публицист. Заман ағымына ілесіп қана қоймай, заман ағымына сыни көзбен қарай білген журналист қана мықты публицист бола алады.

Осындай қазақ журналистикасында қаламгерлік қуаты жағынан дараланатын автордың бірі – Әзілхан Нұршайықовтың тіл өрнегі мен журналистік құнды еңбектерінен оның өзіндік қолтаңбасын, жазу мәнерін тануға болады. Ол 1922 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында, Келінсүйегі деген жерде туған. Алматыдағы Тау-кен институтының жұмысшы факультетінде, Семейдегі Абай атындағы Қазақ педагогикалық училищесінде, одан кейін педагогикалық институтында оқып, 1941-1945 жылдары Қызыл Әскер қатарында қызмет етті. Ұлы Отан соғысы кезінде өлеңдері, әскери әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық және облыстық газеттерде жиі басылып тұрды. Соғыстан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. Әзілхан Нұршайықов «Қазақстан пионері» газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі және редактордың орынбасары, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақ Совет энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақ КСР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, көп жылдар бойына Қазақстан Жазушылар одағы проза кеңесінің, жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы болды.

1972 жылдан бастап бірыңғай жазушылықпен айналыса бастаған Ә.Нұршайықов журналистикадан да қол үзбей мақала, очерктерін газетке жиі беріп отырды. Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы 1956 жылы «Алыстағы ауданда» деген атпен жарық көрген. Алпысыншы жылдардан бастап біржола көркем прозаға ауысқан Әзілханның жиырмадан астам кітабы шықты. Айталық, «Махаббат жыры» (1964), «Тоғыз толғау» (1977), «Автопортрет» (1977), «Махаббат қызық мол жылдар» (1970) романы және «Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-диалогі, «Екі естелік» (1985), «Жамбылға хат» атты әскери естеліктері (1996), т.б. жарық көрді. Бұл туындылардың бірқатары «Жазушы» баспасынан бірнеше дүркін орыс тілінде «Песня любви» (1965, 1975, 1982); «Истина и легенда» (1982), Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан «Истина и легенда» (1980) және «Дорогой памяти» (1985) деген атпен басылып шықты. 1980 жылы «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Әзілхан Нұршайықов күні бүгінге дейін журналистика мен жазушылықты қатар алып келеді. Жазушы өмірбаяны неғұрлым бай болса, оның шығармаларының тақырыбы, оқиғасы, кейіпкерлерінің тағдырлары да әр алуан. Өйткені, қандай жазушы болмасын, қай тақырыпқа қалам тартпасын, туындыларына өз басынан кешкен, сезінген жайларын араластырмай тұрмайды. Біреуден естіген, қиялдан шығарылған жайлардың өзі жазушы көңілінің елегінен өткен соң ғана белгілі бір идеяға айналып, шығарма арқауына өзек болады. Сондықтан да болар, Ә. Нұршайықов шығармаларынан еңбек, жастар сүйіспеншілігі, әскери-патриоттық тақырыптарды көптеп кездестіреміз. Жазушының «Махаббат жыры», «Ботакөз», «Әсем», «Махаббат қызық мол жылдар» туындылары кезінде оқырман жұртшылықтың жылы ықыласына бөленді. Әсіресе, «Махаббат жырында» зағип Әзілханның тіршілік үшін күресі, қоғамға пайдалы болуы, айналасындағы адамдардың адамгершілігі тамаша суреттелген.

Кезінде жазушы Мұқан Иманжанов Әзілхан Нұршайықовқа ағалық қамқор болып: «Одан жазушы шығады, таланты бар, өмірден байқағандары мол жігіт», - деп шығармашылыққа жігерлендіріп, оның жазғандарын өзі қарап шығып отырған. Әзілхан өзінің «Мен журналиспін» атты еңбегінде журналистің шығармашылық лабораториясына үңіліп, жазу шеберлігінің қыр-сырына тоқтала келіп: «Ең алдымен, өзімді журналиспін деп есептеймін. Журналист болуыма Жекен Жұмахановтың әсері тиді. Соғысқа дейін оның жазғандарын газеттерден жиі оқып жүрдім. Соғыс кезінде онымен бір әскери құрамада қызмет еттім. Алғаш әскерге алынып, соғыс өнерін үйреніп жатқанымызда менің зеңбірек расчетыма бригадалық газеттің тілшісі келді. Ол алдымен жауынгерлермен танысты, одан соң менің өлең, мақала жазатынымды сұрап білді. Содан кейін тілші мені бригадалық газеттің редакциясына ертіп апарып, өздерінің редакторымен таныстырды. Сөйтсем сол тілші бұрын өзім атын газеттерден жиі көріп жүретін Жұмаханов екен де, редактор Қасым Шәріпов деген кісі болып шықты. Танысып, біліскеннен кейін редактор менің қолыма «М.И. Кутузов» деген орысша бір кітапшаны берді де, соны оқып шығып, бізге Кутузов жайында қазақша мақала жазып әкел деп тапсырды.

Бірнеше күннен кейін бригадалық газеттің ішкі екі бетіне тұтас «М.И. Кутузов» деген үлкен мақала басылды. Оның аяғында «Кіші сержант Әзілхан Нұршайықов» деген менің қолым тұрды. Осыдан бастап бұл газетте менің өлеңдерім мен мақалаларым үзбестен басыла берді. Содан мен журналист болып кеттім», - деп жазады (154 б, Ә. Нұршайықов, Мен журналиспін. 1978).

Жазушының «Ескі дәптер» атты ең алғашқы прозалық шығармасы 1961 жылы «Қызыл ту» газетінде «Солдат сыры» деген атпен жарияланды. Майданда жүргенде ол қойын дәптерін жан қалтасынан мүлдем тастамай көрген жайларын, әсерлері мен қысқа суреттеме, кездесулерін жазып жүрді. Кейіннен философиялық ойға бай күнделіктері мен хаттарын топтастырып, «Өмір өрнектері» деген атпен күнделіктер жинағын басып шығарды. Осы күнделіктері тұрғысында ойымызды қаламгердің өз сөзімен өрбітсек: «Бұл менің замандастарымның сырт пішінін, іс-әрекетін, жүріс-тұрысын және мінез-құлқын көргенде, әртүрлі адамдармен етене танысып, олардың бастарынан өткен оқиғаларды білгенде туған ойларымының ұшқындары: теңеулер, түйіндер, тұжырымдар, мөлтек әңгімелер. Әр жылда әр блокноттың бетіне түскен осы ұшқындарды жинақтап, бір жүйеге келтірдім». Қаламгер көркем шығармаларында да хаттарды жиі қолданып отырды. Мәселен, «Ботакөз» хикаясындағы ескі дәптері өзінің күнделігі іспеттес десек, «Ескі дәптері» белгісіз жанның күнделігі негізінде жазылған.

Жазуға бейімділігін алғаш ақын, әскери тілші ретінде байқатқан 20 жастағы жауынгер Әзілхан Ұлы Отан соғысы жылдарында қаруымен де, қаламымен де жас жігерін жұмсады, майдандық газеттің белсенді әскери тілшісі болды. «Социалистік Қазақстан» мен майдандық газеттерде жарияланған «Атамыз Жамбыл ақынға», «Жеңіс кілті», «Өсиет», «Соқ, темірді қызған кезде», «Жас батыр», «Ант», «Ұсынамын жүрегімді», «Дайындал, досым, жорыққа», «Батыр наводчик Бимурзин», «Артиллерист Ерناзаров» т.б. өлең, мақалаларында жауынгерлердің қаһармандық рухы, адамгершілік болмысы жырланды. Отты жылдары жедел мақала, хабарлар жазып машықтанған майдангер публицист бүгінгі күнге дейін қаламын тастаған жоқ.

Соғыстың бел ортасында болған Әзілхан Нұршайықов қаламынан көптеген материалдар туындады. Ол 100-дербес атқыштар бригадасының құрамында болып, көптеген қалаларды азат етуге атсалысты. Әсіресе, Великие Луки, Невель қалаларын қорғау жолында жан қиярлықпен соғысты. Артиллеристер құрамында зеңбірек командирі қызметін атқарды. Бір қолынан қаруын, екінші қолынан қаламын тастамаған жауынгер-журналист әскери газеттерде үзбей мақала, очерк, өлеңдер жариялап тұрды. Алдымен ақын ретінде танылған Әзілханның бригадалық қызыл әскер газетінде ең алғаш Мәншүк Мәметова туралы «Жан құрбы» өлеңі басылды. Кейіннен «Сталин үшін алға», «Суворовым» атты әскери басылымдарда «Жеңіс кілті», «Өсиет», «Екі сержант», «Жас батыр», «Ант» т.б. өлеңдері аударылып басылды. Сол өлеңдерінің көпшілігінде патриоттық екпінді айқын аңғарамыз. Публицистің алғашқы әскери мақалалары «Великие Луки ұрыстары», «Невель түбінде» деп аталады. Ол мақалаларда өз басынан өткен, көрген-білген оқиғалар, қызықты деректер суреттеліп жазылған. Мәселен, «Великие Луки ұрыстары» атты

мақаласында өзімен бірге ерлікпен көзге түскен зеңбірек командирі Әмен Бимурзин, Мырзаби Серназаров, көздеуші мерген Мұқан Омарбаев туралы әңгімелесе, «Невель түбінде» атты екінші мақалада батыр қыз Мәншүк Мәметова жайлы сыр шертіп, ұрыс даласындағы ерліктерін дәріптеді.

Әзілхан Нұршайықов көрген-білгендерін ерінбестен дәптерге тізе береді. Бұл – бәріміз үшін сабақ болатын үлкен қасиет. Осы ретте Әзілханның өзі: «Газетке мақала жазу үшін алдымен ақиқат керек. Ақиқатқа негізделген мақала, хабар, очерк қана жұрт кәдесіне жарайды. Бес бөлмелі үйге қанша кірпіш керек болса, сонша кірпіш екі бөлмелі үйге жұмсаудың қажеті жоқ. Ендеше жанрына қарай жазылмақ мақалаларға жұмсалар ақиқат мөлшері де әртүрлі. Ақиқат пен тақырып бір-біріне байланысты екені мәлім. Сондықтан кейде ақиқат тілшіні тақырыпқа қарай жетектейді де, кейде тақырып оны ақиқатқа қарай бастайды. Ақиқат жинаудың бұл екі өткелінен өтпейтін тілші жоқ», - деп жазады. Қаламгерлік қарымы уақытында жоғары бағасын алған, қазақ журналистикасындағы дара публицистердің бірегейі Әзілхан Нұршайықов жас кезінен ақын болуды армандаған, талабы таудай болғанымен, өз талантының қырларын жақсы танып, әділ бағалай білді. Сөйтіп өлең жазуды қойып, журналистік қызметпен біржола айналысты. Бұл жөнінде «Автопортрет» еңбегінде: «Жақсы ақын болу қолымнан келмеді, жаман ақын болғым келмеді», - дейді.

Жазушының тырнақалды туындыларынан бастап қай жанрда жазылған шығармаларын алсаңыз да дерек, факт, құжат секілді материалдарға жан бітіріп, өзі көріп, басынан өткерген немесе замандастары куә болған жайларды суреттейтінін байқайсыз. Роман, повестері мен майдан жазбалары – тарихи дерекнама негізінде жазылған дүниелер. Ә. Нұршайықовтың шығармаларында хат, күнделік, қолжазба, мінездемелер секілді деректі материалдар негізінде жазу стилі орнықты қалыптасқан. Оның сыры – жазушының әдебиетке очеркист, публицист ретінде келуінде.

1950 жылдары қазақ журналистикасы негізінен очерк жанры түрінде дамып, олардың көпшілігі тың игеру тақырыбына арналды. Шын мәнінде, соғыстан кейін еңсесі түскен елдің рухын көтеру мақсатында оптимистік тұрғыдағы шығармалар жазу сол кездегі кеңестік идеология жемісі болатын. Көптеген орыс публицистерінің жаппай мадаққа құрылған очерктері шықты. Оның әсер, ықпалы қазақ публицистикасына тимей қойған жоқ. Бірақ өмірдің өзінен туындаған, шынайы шығармалар да мол жазылды. Сондай-ақ, ел-елдегі, жер-жердегі шешімін таппаған мәселелердің бетін ашқан өткір проблемалық-талдамалы очерктер көрініс тапты. Сол тұста біраз қаламгерлеріміз тың тақырыбына қалам тербеді десек, қатарында жазушы Әзілхан Нұршайықов та болды.

Баспасөз жанрлары арасында очерктің өзіне тән ерекшелігі бар. Қазақ баспасөз жанрларына анықтама беріп, оны жан-жақты зерттеген профессор Т.Қожакеев очерк туралы былай дейді: «Очерк – еңбек адамдары мен озат коллективтердің жақсы тәжірибесін, биік көрсеткіштерін насихаттайтын, көптің ортақ игілігіне айналдыратын жанр. Ол көбінесе солардың қол жеткен табыстары, патриоттық бастамалары, адамгершілік әрекеттері туралы лебіз

білдіріп, тебірене баяндайды. Оның басты объектісі – адам» (304 б, Т.Қожакеев, 2007). Ал, жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жазушының ең әуелгі мақсаты, әрине, тартымды көркем туынды беру. Ал сол күрделі көркем туындыға бастайтын барлаушы – көркем очерк, публицистика шығар», - деп жазады (Қазақ әдебиеті. 1984. 30 наурыз, Екі редактордың әңгімесі).

Өмірдің сан түрлі соқпақтарын басынан өткізген кемел жауынгер журналист Әзілхан Нұршайықовтың көргені мен көңілге түйгені көп. Оның кез келген очерк туындысы шындықтың шежіресі мен өткен күндердің деректерімен мен мұндалап тұрады. Ә. Нұршайықов – журналистке тән жанрлардың бәріне қалам сілтеген шебер қаламгер. Әрбір жазған материалын нақты деректермен суреттеп, шырайын келтіре отырып, тақырыбын жан-жақты ашады. Қаламгер өзінің көп қалам тартқан очерк жанры жайында: «Очерк жанры туралы менің елден ерекше пікірім жоқ, бұл жайындағы жұрт лебізіне толық қосыламын. Солармен үндес өз ойымды сәл бейнелеп айтсам, онда мен очеркті адамдардың қалтасында, сумкасында жүретін қол айнаға ұқсатамын. Әр адам айнаға қарап жүзін көреді. Очерк – еңбекші адамдардың рухани айнасы. Күнделікті газеттерде шығып жатқан очерктерден адамдарымыз өздерінің бейнесін көреді, қай жерінде нендей мін тұрғанын танып, дереу соны түзетуге тырысады. Очерк осы күні өмір сүріп отырған адамдардың өзін бейнелейтін, тікелей солардың жүрегін лаулататын өмірдің өзгеше бір қозғаушы күші іспеттес. Жұрт очеркті өмірдің өзі деп бағалайды. Рас сөз. Очерк – газеттің романы, журналистиканың ең үлкен жанры. Очерк әдебиеттің алғы шебі деседі. Бұл да жөн. Сонымен бірге очеркті шекара жанр деп те атауға болар еді. Бұл – журналистік пен жазушылықтың шекарасы. Журналистиканың бұл үлкен жанрын игерген талантты журналист осы шекарадан өтіп, жазушылыққа бет қояды», - деп жазады (12 б, Ә. Нұршайықов, 1978). Очерк жанрына осылайша баға берген жазушы тақырып іздеудегі, фактілерді жинаудағы әдістерін: «Мен не жөнінде жазсам екен деп ойланып, тақырып іздеп әуре болмаған сияқтымын. Өйткені, қайнаған өмірдің ішінде жүрген журналист балығы бықыған өзеннің жағасында отырған балықшыға ұқсайды. Ал балықшы маған анадай балық керек еді, мынадай балық ұстағаным дұрыс еді деп таңдап жатпайды, қармағына ілінгеннің бәрін шелегіне сала береді. Журналист те сол сияқты. Ол да маған анадай факті керек еді, мынаның қажеті жоқ деп есте айтпайды. Көрген, білгеннің бәрін көкейіне түйіп, қойын дәптеріне түрте жүреді», - деп өз өмір тәжірибесімен сабақтастыра отырып атап өтеді.

Журналистік еңбегі Әзілханды тіршілік сырын тереңірек білуге, білгенін көңілге түюге, өмірмен қоян-қолтық араласуға үйреткені анық. Жазушының алғашқы очерктер жинағы «Алыстағы ауданда» деген атпен 1956 жылы жарыққа шықты. Зерттеуші ғалым Бауыржан Жақып жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Алыстағы ауданда» очеркі хақында былай деп пікір білдіреді: «Әзілхан Нұршайықовтың «Алыстағы ауданда» очерктер жинағы негізінен алыстағы ауданның өмірін қамтиды. Жинаққа енген жеті очерктің бәріне ортақ тақырып бар. Ол – егін егіп, мал баққан ауыл адамдарының еңбегі мен тұрмысы, қуанышы мен реніші. Журналистің жіті көзі бүгінгі өмірдің

қырқасына да қалтарысына да түскен. Егжей-тегжейлі зерттелген фактілер екшеле келе әлеуметтік түйін тапқан» (262 б, Б. Жақып, 2004).

Әзілхан Нұршайықов әдебиеттің өзге жанрларының ішінде көркем очерктің жақсы үлгісін ұсына білді. Комсомол конференциясы жайында жазылған «Талқы», тұтастай бір аудан өмірін бейнелейтін «Алыстағы ауданда», колхоз комбайншыларының еңбегін көрсеткен «Комбайншы» секілді очерктердің қай-қайсысын оқысаңыз да, шығарма кейіпкерімен бірге қуанышына қуанып, ренішіне бірге қынжыласыз. Алғашқы беттерін оқи бастағаннан-ақ, баурап алатын очерктері бір-бірін қайталамайтын түрлі мінез, қылықтар арқылы одан сайын қызықтыра түседі. Осы тұста академик М. Қаратаев: «Мен Әзілханды алғаш таныған кезім – тың игеру кезі басталған кез. Тыңға бірінші барып, барлық қиыншылықтарын көріп, очерктерін сүйсініп жазған осы Әзілхан болды. Әзілханның қаламының қуатын сонда танығанмын», - деп жазады.

Әзілханның «Тың астығы» (1958), «Ертіс жағасында» (1959), «Жомарт өлке» (1960) атты очерктері баспадан бірінен кейін бірі жарық көрсе, «Социалистік Қазақстан», «Жеңіс кілті», «Өсиет», «Жас батыр», «Ант» т.б. очерктері баспасөз беттерінде жарияланды. «Сабынды көл басында» очеркінде Баянауылдың тарихтағы өзіндік орнын айта келіп, Сабынды көлді көркем тілмен суреттеп өтеді. Очерк «Шопандар күні», «Ат бәйге» деген тақырыптарға бөлініп жазылған (Жомарт өлке. 1960). Ал, қаламгердің «Мақташылар» очеркі (Жер туралы жыр. 1974) Оңтүстік өңірінің Жетісай, Киров, Мақтаарал аудандарын аралап, көзімен көрген оқиғаларын ой елегінен өткізгеннен кейін барып жазылды. Академик Зейнолла Қабдоловтың: «Ә. Нұршайықов очерктері жалықтырмайды, қызықтырады, жеңіл оқылады. Мұның бірнеше себебі бар... Осы ерекшеліктер Әзілханды әдебиетке келген бетінен бастап-ақ бір түрлі соны қалыпта танытқан», - деп берген бағасынан әр очеркінің көркемдік деңгейінің жоғары екендігін айқындай түссе керек.

Түрлі жанрда қалам сілтеген Ә. Нұршайықовтың «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романын қазақ журналистикасына қосылған сүбелі еңбектердің бірі деп атауымызға болады. Ол еңбегінде өзінің ұстазы, шығармаларына қамқор бола білген көрнекті жазушы Мұқан Иманжанов туралы да ой қозғайды. Жазушының өзі осы ретте былай деп жазады: «Менің бір әдетім бар: мақала деп жазғаным очерк, очерк деп бастаным әңгімеге айналып кетеді. Ал әңгімем повесть, повесть деп кіріскенім роман болып шығады. Ал менің Горькийім – Мұқан Иманжанов болды. Ол маған әдеби, рухани, материалдық көмек көрсетті» (9 б, Ә. Нұршайықов. 2000). Оның ең алғашқы «Алыстағы ауданда» очеркінің жарық көруіне, баспадан кітап болып шығуына жазушы М. Иманжановтың көп септігі тиген. Соның құрметі ретінде кейіннен Әзілхан «Махаббат қызық мол жылдар» романын Мұқан Иманжановқа арнады.

Бес бөлімнен тұратын «Қаламгер және оның достары» еңбегінде тек Мұқан Иманжановтың жазушылық қыры ғана емес, қаламдас достары З. Қабдолов, Ә.Нұрпейісов, С. Қирабаев, М. Әлімбаев, т.с.с. шығармашылық еңбектерінің ерекшеліктері де жан-жақты ашылған. Жазушы ірі тұлғалар бейнесін жасай

отырып, өз бастан кешкендерін, көрген-білгендерін сәтті оқиғалар арқылы ебін тауып, ұштастырып, кейіпкердің адами қасиеттерін ұтымды береді. Дәлірек айтқанда, автор кейіпкерлерінің сөзіне, сезіміне, ойына, ісіне өзі тікелей араласып отырады. Қандай адам туралы жазбасын оның ішкі жан дүниесін ашуға тырысады. Қарапайым оқиғалар арқылы тамаша теңеулер, қызығы мол деректерді сәтті береді. Кітаптың мәнділігі – журналистік шеберліктің, ұстаханалық сырын әңгіме арасында ашатындығында десек, еңбектің маңыздылығы – ұрпаққа қалдырылған көрнекті мағлұматтары.

Қаламгердің «Екі естелігінің» (1985) алғашқы «Кездесуі» – ұлы жазушы Мұхтар Әуезов туралы жазылған деректі шығарма. Онда Әзілхан Әуезовтің бейнесін диалогтар арқылы түрлі суреттеу жолымен әдемі аша білген. Бұл кезде Әзілхан «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі еді. Жазушы Мұхтар Әуезовпен болған бес күн ішіндегі оқиғалардың сәтті тұстарын әдемі суреттеп береді, мәселен, «Өзіне қуана қол соғып отырған адамдардың жүзіне қарап, Мұхаң мол денесін ширақ қозғап, шапшаң орынан тұрды. Көкжиектен жарқ етіп жаңа көтеріліп, бар дүниеге шексіз мол мырзалықпен жылы шуақ, ыстық нұр, асыл нәр таратар күндей күлімдеп, балаша жымиып, Мұхаң, торсық шеке, қысқа мандай, кесек бітімді басын залдың екі жақ қанатына, алды мен арғы түкпіріне, тіпті өзінің қасында, президиум үстелінің басында отырғандарға дейін кезек иіп, көңіл ризалығының кемел ілтипатын жасады». Ә. Нұршайықов «Екі естелігінде» жазушы Сәбит Мұқановтың («Танысу») ақын Әбділдә Тәжібаевтың («Ақын туралы очеркі») шығармашылық бейнесін оқырманға ұтымды жеткізе білген.

«Газетке мақала жазу үшін алдымен ақиқат керек. Ақиқатқа негізделген мақала, хабар, очерк қана жұрт кәдесіне жарайды. Бес бөлмелі үйге қанша кірпіш керек болса, сонша кірпіш екі бөлмелі үйге жұмсаудың қажеті жоқ. Ендеше жанрына қарай жазылмақ мақалаларға жұмсалар ақиқат мөлшері де әртүрлі. Ақиқат пен тақырып бір-біріне байланысты екені мәлім. Сондықтан кейде ақиқат тілшіні тақырыпқа қарай жетектейді де, кейде тақырып оны ақиқатқа қарай бастайды. Ақиқат жинаудың бұл екі өткелінен өтпейтін тілші жоқ», - деп атап өткен Әзілхан материалдарының ешкімге ұқсамайтындығын оның ажарын кіргізіп тұрған айшықты сөздерінде ғана емес, қанша көлемді болса да еш жалықтырмайтын қарапайым тілі мен тартымды мазмұнында деп түсіну керек. Қалың оқырман сұранысын қанағаттандыру қиынның-қиыны. Көптің қырағы көзі мен зерек зердесі ешнәрсені қалтарыста қалдырмайды. Кімнің кім екенін асыл айнаға түсіргендей айқын таниды. Рас, қатал сынайды. Бірақ, әділ бағалайды. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1990 жылғы 21 қыркүйегінде «Президентке айтарым бар» айдарында жарық көрген «М.С.Горбачев жолдасқа төрт тілек» деген көлемді мақаласы сол жылдары қоғамдық-саяси тағдыры сын сағатта тұрған қарапайым халық тарапынан жоғары бағаға ие болды. «Төрт тілекті» оқыған кейбір ел азаматтары, мысалы, ақын Мұхтар Шаханов пен Олжас Сүлейменов өз ойларын өткір тіл, ащы пікір арқылы сабырлы үнмен осы газет арқылы жеткізген еді. Себебі, бұл

публицистикалық туынды дәл сол кездегі халықтың үнін, тілегін айқын аңғартты.

Ә. Нұршайықов «Жас Алаш» газетінің 2005 жылғы 12 мамырында жарық көрген «Менің кейіпкерім» атты мақаласында журналистің тақырып тапқыштығын ғана емес, жаңа идеялар тауып, оны жүзеге асырудың хас шебері екендігін дәлелдей түсті. Бұл «Махаббат қызық мол жылдар» романындағы басты кейіпкер Меңтайдың қымбат құрбысы Майра Ыбыраева (романдағы Майра Абаева) жайындағы мақала болғандықтан, кей тұста автор хат үлгісін қолдана отырып, кейіпкерінің табиғи мінез-құлқын ешбір қоспасыз, таза қалпында бере біледі. Мақала былай басталады: «Адам бойында көңіл көтеретін әртүрлі сезім болады. Соның бірі – мақтаныш сезімі. Бөсіп, беталды кетпей, орнымен мақтану да адамға қуат береді. Әрине, біреу байлығын, енді біреу барлығын мақтан етеді. Бәрі орынды, бәрі дұрыс. Ойлап қарасам, менің де жанымды жұбатып, көңіліме медеу болатын байлығым бар екен. Ол не? - дейсіз ғой. Ол менің кейіпкерлерім екен. Ұлт үлгі аларлық кейіпкерлерің болса, оған неге мақтанбасқа! Сенің кейіпкерлеріңнен халқыңның толқын-толқын ұрпағы өнеге алып жатса, қалай мақтанбасқа! Қалай қуанбасқа!». Бұл толғаныс автордың өзімен-өзі сырласқандай болып шыққан ішкі сезімінің қарапайым көрінісін танытады. Сол қарапайым сөздер тізбегінің өзі жүрекке жылылық ұялатады. Әр қаламгердің жазғанынан өзін тануға болады десек, Әзілхан публицистикасында өзге қасиеттермен қатар, өзіне ғана тән қарапайымдылығы анық сезіліп тұрады.

Жазушы Ә. Нұршайықов не жазса да көзін жеткізіп, өмірде болған оқиғаларды суреттейді. Оның кез келген шығармаларынан шынайы өмірдің иісі аңқып тұратындығы да сондықтан. Публицистикасында түйінді ойларын қысқа беруге тырысады. Сөйтіп, аз сөзбен көп мағына береді. Кейде кішкентай детальдар арқылы үлкен мәселелерді көтере біледі. Құрғақ ақыл айтып қоймай, ойын мақал-мәтелмен ұштастырып, сөздің әмін келтіріп отырады. Мәселен, «Әр адам – айқындалмаған талант», «Әр мысық өзін арыстанмын деп есептейді», «Күмістің құнын зергер біледі», «Ақылы көптің – амалы күшті». Қарапайым ойдан ой өрбітуге бейім, кең арналы және нақтылық пен дәлдікті сүйетін Әзілханның сезімталдық стилін диалог түрінде берілген мақалалар желісінен де аңғаруға болады. Айталық, – Бақыт деген не? – Еңбексүйгіштік пен сүйікті әйел («Мен бақыттымын!» сұхбатында). Ол оқырман сезіміне эмоциялы түрде әсер етуде теңеу тәсілін көріктеу құралы ретінде құбылта түседі. Мәселен, «Тостағандай екі көзі өз-өзінен жасаурай бастайтын», «Батырдың жүрегі тағы да баладай лүпілдеп қоя берді», «Бұйрығы болаттың шыңылындай болып шықты» т.с.с. Нақыл айту үшін де – үлкен білімділік, ойдың тереңдігі, сонымен қоса өмірлік тәжірибе де керек десек, Әзілханның «Көңіл күнделігінде» сондай тәрбиелік мәні зор пайымдарды көптеп кездестіруімізге болады: «Өмір – жауын, уақыт – тамшы: тамшы тасқа түссе – бу, топыраққа түссе – ну...», «Ақылды адам біреудің кемшілігін айтып бетіне баспайды, өзінің артықшылығын айтып мақтанбайды», - деген түйінді ойлары соған айғақ. Қаламгердің тағы бір көңілге қонымды тұжырымдарының тәрбиелік мәні ерекше, айталық, «Көз соқырынан көңіл соқыры жаман», «Ар

мен ұят ағайын. Ұят бой көрсеткен жерден ар төбе көрсетіп тұрады. Ұяттан именіп, арды ардақтаған адам – асыл азамат» т.с.с.

Қорыта келгенде, Әзілхан Нұршайықовтың жазушылық шеберлігіне тәнті болған әріптесі Қасым Шәріпов: «Нұршайықов – өзінше өзгешелігі бар жазушы. Әзілханның басқалардан бір айырмасы – ол кейіпкерді ойдан шығармайды. Халықтың ішінен іздеп жүріп, тауып алады. Қатардағы замандастарының еңбек ерлерін, Отан соғысы солдаттарының келісті келбетін суреттеп, паш етеді. Осы тұрғыдан біз оны журналист-жазушы деп атай аламыз», - деп орынды баға беріп өтеді. Өйткені, «Уақыт бар ғой деп бүгінгі ісіңді ертеңге қалдырма. Өмірдің ұзақ екені рас, бірақ ол біреу ғана. Зымырай шапқан асаудың мойнындағы арқандай шұбатылып, ол тез өтіп кетпек, оны өз тұсыңнан өте бергенде бас салмасаң, өтіп кеткеннен кейін қусаң да жете алмайсың», - деген Әзілхан Нұршайықов қаламы әлі де талай жастарға үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Ә. Нұршайықовтың алғашқы прозалық шығармасы.
- 2 Публицистің алғашқы әскери мақалалары.
- 3 Әзілхан Нұршайықов – очеркист.
- 4 «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романының публицистикалық сипаты.
- 5 Қаламгердің журналистік пайымдарындағы шындық пен ақиқаттың көрінуі.
- 6 Журналистің күнделік, хаттарының тәрбиелік мәні.

1.2 Сапар Байжановтың редакторлық шеберлігі

Бүгінгі уақытқа дейін қазақ журналистикасы өркендеп, дамып келеді. Бұған Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды қазақ публицистерінің үлесі зор. Ал уақыт өте келе, жаңа таланттардың да есімі елге танымал бола бастайтыны белгілі. Осындай білікті журналистердің бірі – Сапар Байжанов.

Сапар Байжанов 1929 жылы Жамбыл облысының Шайқорық ауылында туған. 1936-1946 жылдары мектеп қабырғасында оқыды. Еңбек жолын 1947 жылы Алматы облысы, Кеген ауданының Жалаңаш ауылындағы орта мектептің мұғалімі болып бастады, содан кейін Кеген аудандық халық ағарту бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді. 1952 жылы ҚазМУ-дың журналистика бөлімін бітірді.

1950 жылы университетте оқып жүргенінде «Лениншіл жас» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданып, мұнда 1958 жылға дейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1958-1964 жылдары «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында алдымен, редактордың орынбасары, кейін бас редакторы болып жұмыс істеді. 1965-1973 жылдары Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, баспасөз секторының меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1973 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторлығына тағайындалды. Бұл қызметте 11 жыл жұмыс істеді. Осы жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Журналистер одағы

басқармасының төрағасының орынбасары болып сайланды. 1984 жылдан 1994 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін республика Бас мұрағат басқармасының бастығы болып істеді. 1993-1999 жылдары Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген зейнеткер болды.

Сапар Байжановтың шығармашылық мұрасы романдардан, пьесалардан, сондай-ақ, қазақ тіліне аудармаларынан тұратын жиырмадан астам көркем шығармаларды құрайды. Бұл көркем шығармаларының қазақ журналистикасында алатын орны ерекше. Мәселен, «Жаңа леп», «Көз алдымда көк теңіз» (аударма), «Құрыш зергері», «Сыр мен сымбат», «Жақсы адамдар жанымызда», «Ақ маржан» (повесть), «Жастық шақ» (очерктер жинағы), «Замандас туралы толғау» (Зейін Шашкиннің көркем прозасы туралы) (1974), «Үш қиян – үш даңғыл» (1978), «Бес қиян – бес дәптер» (1979), «Сұңқар көңіл самғайды» (1980), «Грант Матевосян», «Керқұла» (аударма) (1980), «Ұлыма хат» (1984), «Ер еңселі ел» (1986), «Архив-айғақ» (1988), Евгений Брусиловскийдің «Дүйім Дүлділдер» (аударма) (1995), «Абай және Архив» (1995), «Қажыға барған қазақтар» (1996), «Құштарлық қуаты» (1996), «Өткеннен – мұрағат, өркенге – ұлағат» (1998), «Нартәуекел» туындысы баспадан шығып үлгермеді. 1974 жылы «Үш қиян – үш даңғыл» очерктер кітабы КСРО Журналистер Одағының сыйлығына ие болды. Соңғы жылдары көбінесе архивтік зерттеулермен айналысып, көптеген тарихи мәліметтер мен мен құжаттарды ғылыми қолданысқа ендірді. Публицистің «Архив-айғақ» кітабы Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлыққа, «Абай және Архив» кітабы Әлихан Бөкейханов атындағы сыйлыққа ие болды.

Алғаш қалам тартып, қағаз бетіне түсірген тұңғыш материалдарының өзінен-ақ, оның болашақ бет-бейнесі көрініп тұрды. Өзінің ықыластығы мен зерделігінен болар, салған жерден сауырына қамшы тигізбейтін сәйгүліктей көп нөпірден суырыла шығып, алдыңғы лектің қатарына келіп қосылды. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр Сапар Байжанов студент шағында «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа қабылданды. Осы тұста профессор Темірбек Қожакеевтің мына бір естелігі сөзімізге дәлел бола алады: «Сапар ең алдымен, кең тынысты, алымы-шалымды, зердесі сергек, қаламы жүрдек журналист еді. 1948 жылы мен Кеңес қарулы күштері қатарынан келіп, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіндегі филология факультетінің журналистика бөліміне түскенде, ол осында екінші курс шәкірті екен. Осыдан қатар оқыдық, қанаттаса жүрдік. Бір-біріміздің білім жолындағы ізденісімізге тілектес болдық, талап-табысымызға өзара риясыз қуаныстық. Осының растығын Сапекең өзінің «Архив-айғақ» кітабына жазып берген мына қолтаңбасы қуаттайды ғой деймін: «Темірбек, Азат! Қырық жылдан бермен дәмдес, тұздас, тілектес келеміз. Алдымызда әлі де шуақтар бар. Соған беттейік. Сапар, Күләш. (Қолы) 12.07.88. Сапекең 3-курстан бастап-ақ қалам қарымын байқатты, журналистика қазанының басына жетті, оның құлағынан ұстады. Жарты ғасыр бойы сол қазанда қайнап, пісіп, ширап жетілді. Республиканың кең танымал, қабырғалы қаламгеріне айналды. Жай жазғыш журналист емес, үлкен ұйымдастырушы, жетекші журналист деңгейіне көтерілді. Салалық газет, журналдарға ғана емес,

қазақ баспасөзінің қара шаңырағы, атасы «Социалистік Қазақстан» газетіне де редакторлық етті» (145 б, Өмірге өкпесі жоқ адам. 2000).

Сонау 1950-1960 жылдары «Лениншіл жас», «Мәдениет және тұрмыс», 1970-жылдардағы «Социалистік Қазақстан», «Жетісу», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында жарық көрген публицистикалық дүниелердің тууына бажайлап қарасақ, автордың байқампаз әрі адам танығыштық, ішкі психологиясының білгірі ретінде табиғи дарындылық қасиеттері басты себеп болған секілді. Ол студент кезінде «Лениншіл жаста» әдеби қызметкер болды, үш-төрт айдан кейін бөлім меңгерушісі, екі жылдан кейін бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. Одан соң «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналы редакторының орынбасары, бас редакторы болды. Кейінірек Орталық партия комитетінде істеп, баспасөз секторының меңгерушісі, одан кейін бөлім бастығының орынбасарлығына дейін өскен Сапар Байжанов «Социалистік Қазақстанның» бас редакторы болып, табаны күректей он жыл қызмет атқарды.

«Мәдениет және тұрмыс» – Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің ай сайын шығатын қоғамдық-саяси және әдеби журналы 1958 жылдан бастап шыға бастады. 1958 жылдың күзінде сол тұстағы Мәдениет министрі Әмір Қанафин Сапар Байжановты шақырып сөйлесіп, жаңадан ашылатын «Мәдениет және тұрмыс» журналына бас редактордың орынбасарлығын ұсынды. Ол журналдың барлық ұйымдастыру жұмысына қызу араласып, алғашқы нөмірін шығарысты. Тартымды журналды жұрт жылы қабылдап, тез арада халыққа кең таралып кетті. С. Байжанов 1958-1964 жылдары осы журналдың бас редакторы ретінде ауыл мәселесіне, сол кездегі ауылдың тұрмыс-тіршілігіне ерекше назар аударды. «Мәдениет және тұрмыс» журналында ауыл мәдениетін көтеру мақсатында «Сіз өз ауылыңыздың қандай болғанын қалар едіңіз?» атты арнайы айдар ашып, онда ауылға қатысты барлық мәселелер талқыланып, қиын-қыстау кезде тығырықтан шығу жолдары қарастырылып отырды. Редактор Сапар Байжанов «Мәдениет және тұрмыс» журналында «Жақсы адамдар жанында жүр», «Біздің замандастарымыз», «Әдет-ғұрып, салт-дәстүр», «Талғам туралы әңгімелер», «Жақсы жаңалық», «Ата-анаға ақыл саламыз», «Сұраңыз, жауап береміз», «Ғылым мен техника жаңалықтары», «Кітапханаңыздың жана қазынасы», «Біздің ауылдың адамдары», «Бөбектерге оқып бер», «Редакцияға түскен хаттардан» т.с.с. айдарлардың ашылуына мұрындық болды. Журналдың «Ошаған» атты сатиралық бұрышында О. Әубәкіровтің, М. Рәшевтің, Е.Әшеновтің т.б. қазақ сатириктерінің сын-сықақ әңгімелері жарық көріп отырса, «Шымшыма театр» айдарында суретпен бірге берілген мәтін өлең-диалог арқылы оқырман көңілінен шығып отырды.

Сапар Байжанов қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Егемен Қазақстан» газетіне 1973-1983 жылдары редактор болып келгенде жағдайы қай жағынан алғанда да көңіл тоғайтарлық емес еді. Бас редактор Ұзақ Бағаев өмірден өтіп, жетімсіреп қалған ұжымға Сапар Байжанов басшы болып келгеннен кейін барлығын ақылға салып, ең алдымен, басылымның бағыт-бағдарын айқындап, мазмұнына жан кіргізді. Біраздан бері жасалынбай қалған жоспарларға айрықша мән беріліп, әуелі апталық жоспар жасалып, оны шығармашылық

ұжымды қатыстыра отырып, бекіту бұлжымас заңға айналды. Одан айлық, тоқсандық жоспарлар жасақтау қолға алынып, әрбір бөлімге, әдеби қызметкер мен тілшіге қай кезде қандай тапсырма беретінін алдын-ала біліп отыратын болды.

Редактор Байжанов газеттің басты бағытын айқындап қана қоймай, алқа мүшелерінің міндеттерін де белгіледі. Әрбір қызметкермен жеке сөйлесіп, еркін пікір алысу жағдайында өзін қандай тақырып толғандырып, қандай мәселе ойландырып жүргенін анықтап алды. Меншікті тілшілерге маусымдық мәселелермен қатар, бүгінгі күннің көкейкесті тақырыбына айына бір рет елен еткізерлік дүние беріп тұру міндеттеді. Еліміздің даңқты еңбеккерлері: диқан Т.Әбілпейізов, шопан Ж. Молдасанов, сауыншы А. Плахина, құрылысшы А.Мұқашев, жүгеріші Р. Сейітова, тігінші С. Байсарина, кенші Я. Мұсағалиев, насихатшы Т. Меркенов, мал маманы С. Әбдиев, тағы басқалар туралы жазылып, суретімен беріле бастады. Сөйтіп, бұрынғы тілі қасаң, сіреспе мақалалар орнын публицистикалық толғаулар басты.

Жақсы дүние жатпайтынына, жаңаша жазғандарға жасыл көше ашылғанына көзі жеткен тілшілер түгел дүр сілкініп, қаламын қайрап, талабын шыңдауға кірісті. Сыр бойынан Байжігіт Әбдіразақовтың абзал адамгершілік пен биік парасатты арқау еткен ойлы очерктері, Атыраудан Жәмек Оспановтың талдауы терең, толғауы кемел, уытты сын мақалалары, Қостанайдан Байтұрсын Ілиясовтың, Жетікөл малшылары мен Сарыбай кеншілері туралы жібектің түйіндей эп-әдемі суреттемелері газет беттерінен түспейтін болды. Ақпарат қызметкерлері де іссапарға сұранып, олжалы қайтып жүрді. Бас редактор Сапар Байжановтың басшылығымен газет бетіндегі «Жақсы адамдар жаныңда жүр», «Есімі елге мақтан» тәрізді жаңа ашылған айдарларда жарық көрген мақала кейіпкерлері де ірі, ұлы тұлғалар, қазақ елінің қадірменді ақсақалдары Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, академик жазушы Ғабит Мүсірепов, ақиық ақын Олжас Сүлейменов, даңқты ғалымдар Өмірбек Оспанов, Евней Бөкетов, аты аңызға айналған батырлар Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, даңғайыр диқандар Владимир Дитюк, Кәмшат Дөненбаева, әйгілі әнші Ермек Серкебаев сынды саңлақтар болды. Еңбегімен ер атанғандар жайында жазылған шығармалардың жанры да әр алуан. Мәселен, түркістандық маңдайалды мақташы Майшай Әбенова мен қызылордалық шопан қыз Рәбиға Іздіғұлова туралы тіпті дастандар да берілді. Жаңалығы мол, мазмұны бай жақсы материалдардан редактор Сапар Байжанов орын аямады.

Сол жылдары Сапар Байжановпен «Социалистік Қазақстан» газетінде қызметтес болып, идеология мәселелері және меншікті тілшілерге басшылық жасау міндетін атқарып жүрген журналист Сарбас Ақтаев бас редактордың осы бір ерекшелігіне талай куә болғанын былай деп жеткізеді: «Бір күні жауапты хатшының орынбасары, макеттің жілік майын шағып жеген маман Совет Шиманбаев түске салым дайын беттерді алып кіргені бар. Бастық бірінші беттегі ортаға берілетін суреттің орнын көрді де:

– Кәне, мына суреттің өзін әкелші, көрелік, - деді. Совет әне-міне дегенше алып келді. Көлемі көлдей панорамалық сурет екен. Сайын дала. Сыңсыған

егін. Танапта тұрған комбайн. Алдыңғы жағында білегін сыбанып, жүзі балбұл жанып, келбеті келіскен комбайншы тұр.

– Мұны неге тұтас бермейміз? – деп Сапекең Советке қарады.

– Орын үнемдейік деп шақтағаным ғой, - деп жауапты хатшының орынбасары дәлелдей бастап еді, редактор даусын көтермей-ақ ойын ақтара салды.

– Апыр-ау, бұл арада қандай үнем болуы мүмкін? Біз газетті кім үшін шығарып отырмыз өзі?! Біз мадақтайтын адамдар, өзгелерге үлгі етіп ұсынатын ерлер осы емес пе! Сондықтан үнемдеу деген сөзді ойыныздан лақтырып тастаңыз («Лақтырып тастаңыз» ол кісінің шамырқанғандағы айтатын үйреншікті тіркесі болатын).

Осылай ол жақсы дүниені жарқыратып беруді ұнататын. Кейбір ойлы да, өрелі очерктерге тұтас беттер берілуі содан. Ондай мазмұнды да, мәнді материалдарды оның өзі оқып, макетіне, суретінің мәтініне дейін өзі қадағалап, ой салар сәтті тұстарын, есте тұтар деректерін ойып бергізетін. Солардың бірі – белгілі адамдармен сұхбат. Газет бетінде анда-санда көрініп, сирек қонақ болып жүрген сол жанр сол жылдары құлашын кең жайып қана қоймай, мазмұн жағынан да байып, оқырмандарын да баурай бастады. Әңгімелескен адамның ресми қызметі, елеулі еңбегі ғана сөз болып қоймай, оның жеке өмірінен, тіпті отбасынан да деректер алынып, қол жетпес шынар тұтып жүрген тұғыры биік тұлғалар халыққа етене жақындай түсті» (166 б, Өмірге өкпесі жоқ адам. 2000).

«Социалистік Қазақстан» газетінде сол кезеңнің көкейкесті мәселелері сөз болған «дөңгелек үстел» басындағы ашық әңгімелер де – бір төбе. Қазақстанда екпінді құрылыстар кең қанат жайып, «Бар байлықтың басы – астық» деп жылма-жыл миллиард пұт беру мойынға міндет болып артылған, «Меже – 50 миллион» деп қой санын елу миллионға жеткіземіз деп қызу еңбек етіп жатқан кезең еді. Осы ретте газет бетінде даңқты еңбеккерлерін, сол сала мамандарын мен ғалымдарды да қатыстыра отырып, «дөңгелек үстелде» ортақ ойларын, ұсыныс, пікірлерін біліп отырды.

1970 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде «Жер-жерден», «Планета тынысы», «Малды ауылдан хат», «Редакция почтасынан», 1980 жылдары «54 ұлттың тілінде», «Құрылысшылар қуанышы», «Кітап сөресінде», «Әлемнің әр шалғайынан хабарлар, жаңалықтар, оқиғалар», «Ғылым көкжиегі», «Ұстаздық еткен жалықпас», «Озаттарға теңелейік, озаттардан үйренейік», «Өнер жұлдыздары», «Бес өлең», «Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» тұрақты айдарлары мен «Қаламқас» (әйелдерге арналған беті), «Жігер» (денсаулық және спорт беті), «Адам және табиғат» беттері болды. Газеттің «Көптің көзі көреген» атты тұрақты айдарында «Белсенді көмекшілер», «Топ жұмысын жандандырамыз», «Мұнайшылар ынтымағы» сынды мақалалардың қоғамдық сипаты мен мазмұндық ерекшелігі басым болды. Сондай-ақ, «Озат тәжірибе – ортақ қазына», «Бесжылдық қаһармандары», «Екінші тың ерлері» сынды тұрақты айдарларда берілген очерктер оқырман көңілінен шығып отырды. Тіпті «Социалистік Қазақстанның» мәслихат мүйісі» айдарында сол қоғамдағы азаматтардың жеке басындағы мәселелері сөз етіліп, көпшілік талқысына ұсынылып отырғандығы бүгінгі оқырманды қызықтыра түседі.

Бас редактор ретінде бәрін де ақылға салып байыппен шешетін салқынқанды сабырлылығы, біліктілігі мен білімдарлығы, жастар газеті мен мәдениет журналында жинақтаған бай тәжірибесі байқалмай қалған жоқ. Кеңінен ойлап, кемел толғап, әр тілшінің ой-пікірін сарапқа сала отырып, алдымен басылымның бағыт-бағдарын айқындап, мазмұнына жан кіргізіп, қан жүгіртуді күн тәртібіне қойды. Газеттің басты бағытын, алқа мүшелерінің міндеттерін де белгілеп отырды. Әрбір қызметкермен жеке сөйлесіп, еркін пікір алысу жағдайында өзін қандай тақырып толғандырып, қай мәселе ойландырып жүргендігін анықтаудан жалықпады.

С. Байжанов газетке жан-жақтан журналистерді тарта отырып, қаламы қарымды бірнеше жастарды тәрбиелеп шығарған білікті редактор ретінде де танымал болды. Мәселен, Торғайдан Бекболат Әдетов, Қостанайдан Қойшығара Салғарин, Қарағандыдан Ақселеу Сейдімбеков, Өскеменнен Тоқтарбек Қызықбаев, Қызылордадан Зұлқарнай Сакиев, Атыраудан Нұри Мұфтахов шақырылып, жастар газетінен Болат Бодаубаев пен Жанат Елшібековты тартты. Газет жұмысына жастығына қарамай университеттің соңғы курсынан Сауытбек Абдрахманов пен Ержұман Смайыловты, Жүнісбек Сұлтанмұратов пен Жұмабек Кенжалинді әкелді. Бұлардың бәрі де ұжымға судай сіңіп, газеттің мазмұнын байып, мәртебесін өсіруіне елеулі үлес қосты. Оларды іскерлігіне, тындырымды жұмысына қарай көтермелеп, өсіріп отырды. Кейіннен бәрі де еліне елеулі, халқына қалаулы, белді де беделді, мүйізі қарағайдай журналист, қаламгерлер болды. Сол шәкірттерінің арасында тарих қойнауын қопарып, ғылыми қазынамызды байытып жатқан ғалымдарымыз да баршылық. Еңбектері ел тарихының ақтандақтарын толтыруға теңдесі жоқ үлес болып қосылған Ақселеу мен Қойшығара сияқты ғалым, қаламгерлердің есімі бүгінде бүкіл қазаққа мәшһүр. Осы тұста публицист Камал Смайылов: «Сапекен мен Кәкен жастарды маңдайына үйіріп, ол редакцияда бір ерекше шығармашылық, дұрысын айтсам, шабытты шығармашылық атмосфера ұйымдастыра отыратын», - деп еске алады (39 б, Өмірге өкпесі жоқ адам. 2000). Бұл редактор Сапар Байжановтың кадр іріктеудегі көрегендігі мен батылдығын танытса керек.

Қаламгердің «Абай және архив» еңбегін нағыз публицистикалық туындыға жатқызамыз. Өйткені, шығарманың ішінде өмірден келтірілген факті мен деректер бар. Осы еңбектің «Мұрағаттар сыр ашады» атты мақаласында: «Архив деген қойма біткеннің ішіндегі теңдесі жоқ асыл қазына ғой, шіркін. Жан баласы білмейтін небір керемет оқиғалар, аты аңызға айналған айтулы асыл тұлғалар мен елім деп еңіреп өткен ізгі де игі жайсандардың сан-алуан іс-әрекет қимылдары, халық өмірі мен тіршілігіне байланысты келетін нешеме қилы тарихи деректер, тағы тағылар сол қазынада қазба байлығындай сол қазынада сақталып жататыны қандай! Таңқаласың! Таңқаласың да сол қазынаның есігін ашып, әлгі деректердің ізіне түсесің. Сол ізеністердің нәтижесінен келіп, белгілі бір ұлы тұлғалардың тағы бір қырларынан толып жатқан мағлұмат аласың да, енді сол мағлұматтарды қалың жұртқа жеткізуге асығасың», - дейді. Демек, «Абай және архив» – мұрағат қазынасының өзінен туған, қалың оқырманға берер мағлұматы да, Абайтану іліміне қосар сыбағасы

да еселі, өрісі өзге дүние. Кітап өрісінің өзгеше болуы кесек мағынада айтылатын бірсыпыра себептерге байланысты. Біз Абайды адам баласының жан сырларын поэтикалық жырға қосқан ұлы ақын, сахара тіршілігінде болып жатқан, туып жатқан қайшылығы мен қағажуы көп қарекеттерді топшылап отыратын ұлы философ, жүрек қылын тербейтін, сезімтал, әсем, тамылжыған, тәтті әндерді дүниеге әкелген ұлы сазгер ретінде білуші едік. Еңбекте біз Абайды заңгер ретінде де танимыз. Құнды деректің, құжатты дәйектердің әсері оқырман жүрегіне жетеді. Мәселен, мұрағат қазынасынан табылған сондай тарихи құжаттың бірі – Абайдың «Үкімет билігіндегі Сенатқа» деп аталатын көлемі отыз беттей шағым-пікірі. Петербор мемлекеттік тарихи мұрағат қорынан табылған соның фотокөшірмесі 1984 жылы Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне тұрақты сақтауға алдырылған, Абайдың өз қолымен жазылған бұл құжатты роман жазу үстінде жазушы Мұхтар Әуезовтың өзі де көзбен көрмеген секілді.

Публицистің «Абай және архив» атты жинағы – «Абай қол қойған жекелеген құжаттар», «Шырғалаңсыз тірлік жоқ», «Қарамолада жазылған ереже», «Сенатқа хат», «Абай үйіндегі тінту», «Өмірі мен өлімі» сияқты бірнеше бөлімнен тұратын іргелі дүние. Сонымен бірге әр бөлімге енгізілген материалдар – қалың жұртшылық әлі біле қоймаған, жылдар бойы архив қоймаларында сарғайып, жатып қалған соны да тың дүниелер. Мысалы, «Қарамолада жазылған (заң) ереже» сондай дүниенің бірінен саналмақ. Тегінде тарихшылар мен заңгер ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда қазақ қауымының өзі тудырған һәм тұңғыш деп айтылған заң нұсқасы – «Жеті жарғы» немесе «Тәуке хан заңдары» делінетін небары жеті тармақтан тұратын бас-аяғы бір парақтай ғана құжат. Оның баспа жүзін көрген-көрмегені һәм қай жылдары жазылғаны жайында анық-қанық деректер жоқ. Сондықтан қазақ даласында туған тұңғыш әрі қазақтардың өзі туғызған, әрі ғылымға белгілі төл заңы – осы Қарамолада жазылған Ереже. Міне, осы нақтылықты бізге публицист өзінің «Абай және Архив» атты айтулы кітабы арқылы жеткізіп отыр.

Сапар Байжановтың «Бес қиян бес дәптер» атты очерктер жинағын да публицистикасының нағыз сол кезеңдегі үлгісі ретінде қарауға болады. Бұл туынды «Маң дала маржандары (Моңғолия дәптері)», «Самала шуақ (Неміс еліне саяхат)», «Мұхит үстімен көпір. (Куба әсерлері)», «Шұрай мен Шырай (Венгрия дәптерлерінен)», «Мимырт ғұмыр (Италия дәптерлерінен)» атты жолсапар очерктерінен тұрады. Ол журналистік жолсапармен Моңғолияда, ГДР-де, Куба мен Венгрияда, сондай-ақ, капиталистік Италияда елдерінде болып, сол мемлекеттердің өткені мен бүгініне, экономикасы мен мәдениетіне, табиғаты мен тұрмыс-салты ерекшеліктеріне шынайы көзқарас пайымы тұрғысынан тоқталып өтеді.

Қаламгердің «Жастық шақ» атты публицистикалық жинағындағы «Жастық шақ – жауапты шақ», «Азамат сыны», «Бақыттың жалғыз шипасы», «Мәртебе», «Әкімқұл және оның келіншегі», «Замандас туралы ой», «Жүрек пен білек», «Өнер мұраты», «Талап мерейі», «Құмкент шамшырағы», «Досқа хат», «Сымбатты», «Талшыбық пен бәйтерек», «Өс,

өркенім», «Біздің бақытымыз» атты мақалаларының бүгінгі жастарға берер тәрбиелік мәні зор. Ал, «Замандас туралы толғау» ғылыми еңбегі белгілі жазушы Зейін Шашкиннің шығармашылығына арналып, жазушының сансалалы еңбегіндегі көркем прозасын ғана екшеп алып, соны түбегейлі жанжақты зерделеуге негіз болған. Жазушы өмірі мен шығармашылық жолы кезеңдік, уақыттық тұрғыда қаралған.

Очерк жанрын газет-журналдың жаны, жүрегі алпыс екі тамырын бойлай жүгіретін қаны десек, Сапар әуел бастан-ақ, шебер очеркист ретінде қалыптасты. 1958 жылы публицистің тұңғыш очерктер жинағы – «Жаңа леп» деген атпен жарық көрді. Тырнақалды туындысын тереңдей бойлап, зер сала оқып зерделегенде, автордың сонау бала шағының өзінде өмір туралы көп толғанғандығын сезесіз. Ең бастысы, өзі өскен ортаның ахуал-ажарын ашуда, адамдар харакеті мен қимыл-қаракеттеріндегі ерекшеліктерді ашып көрсетуде хас шебер екендігін сол жинағы арқылы танытып үлгерді. Бұл үрдіс оның «Құрыш зергері» (1963), «Жақсы адамдар жанымызда» (1964) атты очерктер жинағында табиғи үйлесімін тауып, жарасымды жалғасып жатса, бірқатар аударма кітаптары мен «Ақ маржан» повесі көркемсөз иесінің жазушылық қабілетінен де айқын ақпар беріп тұрғандай еді. Бұдан кейін де Сапар Байжановтың «Жастық шақ» (1968), «Сыр мен Сымбат» (1970) очерктер жинағынан соң, «Замандас туралы толғау» (1973) монографиялық еңбегі қалың оқырман тарапынан лайықты бағасын алды.

Жинақылық, әрдайым шығармашылық бапта болу – қаламгер үшін таптырмайтын қасиет. Сапар Байжановтың еңбексүйгіштігі, бүгін бітер істі ертеңге қалдырмайтын табандылығы жұртшылыққа кітап соңынан кітап сыйлауына мүмкіндік берді. Мәселен, «Үш қиян – үш даңғыл», «Бес қиян – бес дәптер», «Ер еңселі – ел», «Сұңқар көңіл самғайды», «Ұлыма хат», «Архив – айғақ» атты публицистикалық кітаптардың әрқайсысы автор үшін бір-бір белес болса, қалың көпшілік үшін тың туынды болып табылады. Осынау шығармалардың өн бойында тұтасып жатқан бірінен-біріне жалғасып, ауысып отыратын сабақтастығын үзбей келетін өзек бар. Ол – өмір өрісі, тіршілік тынысы, олардың иесі адам туралы, адамның өмірдегі орны жайындағы толғаныстар. Автордың қай шығармасын алсаң да көңілдің ішкі ағыстарына ерік беріп, ондағы оқиға мен композициялық құрылымының еріктігіне куә боламыз. Оймақтай нәрседен көрікті ой түйіндеуге машықтанған қаламгердің қарымдылығы, пайымдағыш қасиетінің молдығы әр туындысының мазмұнын аша түседі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Сапар Байжановтың «Лениншіл жас» газетіндегі журналистік қызметі (әдеби қызметкер, жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары).
- 2 Публицистің «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат» журналы) журналындағы бас редакторлығы.
- 3 Сапар Байжанов – «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы.
- 4 Қаламгер очерктерінің тақырыптық, мазмұндық, проблемалық ерекшеліктері.
- 5 Публицистің «Абай және Архив» еңбегінің ғылыми сипаты.

1.3 Камал Смайыловтың публицистикалық шеберлігі

Журналистика – әлем мәдениетінің ажырамас бір бөлігі әрі құндылығы болумен қатар, саясаттың және шығармашылықтың ерекше бір құбылысы. Оны қазіргі өркениеттік мәдениеттің орны бөлек көрініс ретінде қарастыратынымыз да сондықтан. Бұқаралық ақпарат жүйесінің қоғамда атқаратын қызметі, маңыздылығы үнемі артып, кең етек жайып келеді. Шындықты жаза білу – журналистің жеке жауапкершілігіне, кәсіби біліктілігіне, шеберлігіне байланысты. Қазағының тағдырына қатысты толғамды ойларын, идеяларын оқырманына жеткізу үшін ұлтжандылық азаматтығын танытқан Камал Смайылов – осындай қалам иесі.

Камал Смайылов 1932 жылдың 24 сәуірінде Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Сарлық ауылында туған. 1950 жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімінде оқыды. Студент Камал «Жас қалам» атты факультет қабырға газетінің бас редакторы болды. Соның бір нөмірінде оның Мұхтар Әуезовпен сұхбаты басылып, өзінің табандылығын танытқан еді.

«Лениншіл жас» газетінің Қарағанды, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі, әдеби қызметкер болып жүргенінде жазған Камалдың публицистикалық туындыларында кең өріс алған көркемдік әдіс – реализм, яғни, сол заманның реализмі өмір шындығын неғұрлым терең, жан-жақты көрсетті. Айналадағы өмірдің өзін терең ұғынып, күнделікті тіршіліктегі кейбір қарапайым адамдардың қатал тағдырына араша түсіп, шындықтың түйінін шешуге талпынды. Публицист қандай құбылысты, адамды болса да оқырманға көрсетерде қоғамдық, әлеуметтік тамырын, маңызын, пайдалы, зиянды жақтарын дәлелдеп, зерттеп барып ұсынғандығын байқаймыз.

Журналистік жұмысын «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болып бастаған ол кейіннен осы басылымның комсомол-жастар бөлімі жұмысын қолға алады. Камалдың жаңа ой, тың идеяға толы пікірлерінің нәтижесінде жастар газеті бетінде «Міне, комсомолдық істер!» деген арнаулы тұтас бет пайда болды. Ол кейін газетте тұрақты бөлімге, одан соң тұрақты айдарға айналып, республикадағы комсомол-жастар жүзеге асырып жатқан қыруар істердің сырын ашып, жанды тіршіліктерін бейнеледі. Бір алқа мәжілісінде К. Смайылов жергілікті жерлерге іссапарға шығатын редакция қызметкерлеріне міндетті түрде «Міне, комсомолдық істер!» деген айдарда кемі бір проблемалық материал жазуды жүктеу мәселесін көтерді. Кейіннен ол жүзеге асырылып, іссапарға барған журналистер айдарға материал жазуды дағдыға айналдырды.

Ол «Лениншіл жасқа» қазақтың жас ұрпағына өмір сырын, қырын таныту, оларға білмейтінді білгізу, естімегенді естіту, көрмегенді көрсету қырынан келді. Сол мақсатта газет беттерінде: «Бәрін білгім келеді» («ББК») деген айдарда материалдарды тоғытты. Солар арқылы ол оқырманды тарих қойнауына сүңгітіп, Ғарыш-Аспан құпияларына кезіктірді. «Лениншіл жаста» Қазақстанның 40 жылдығына арнаулы нөмерлер шығарылып жатқанда Камал елдің ертеңін де естен шығармау керектігін ескеріп, «Ертеңгі Қазақстан!» деген тақырыптағы нөмерін бір өзі дайындайды. Камалдың осындай білгірлігі мен

ізденімпаздығын «Әлемдегі тоқсан екі ғажайып» деген тақырыптағы арнайы нөмірі де таныта түсті. Оның кез келген тақырып, мәселені терең зерттеп, ішкі астарларына үңіле жазып тастайтын қабілеті хақында профессор Әбілфайыз Ыдырысов: «1959 жылдың сәуір айының аяқ шенінде Кәмағаң бастаған үш адамға: маған, Бүкеңе (Бүркіт Ысқақов) Баспасөз және радио күндеріне (5 мамыр, 7 мамыр) арналып шығарылатын газеттің мерекелік нөмірін дайындау міндеті жүктелді. Ортамызда: «Смаилов бар ғой!» деген сеніммен Бүкең екеуіміз сасқанымыз жоқ. Сөйтіп жүргенде, әне-міне дегенше айдың аяғы болып та қалды. Әдетте, газет нөмірінің материалдары кемі үш күн бұрын әзірленіп, баспаханаға теруге жіберілетін. Бірақ Бүкең екеуіміз ол мерзімге бір мәнәйі себеппен осы номер материалдарын әзірлесуге қатыса алмадық Смаилов, нақ со жолы күні бойы Жәкеңе «диктовка» жасап, машинкаға бастырып бүкіл номер материалын бір өзі дайындады. Әлі күнге қайранмын: «Сонда ол соншама тақырыптарға, соншама материалдарға деректерді, фактыларды, т.т. қашан жинаған, қалай жинаған?! Неткен феномен! Бұл – Смайыловтың шартарапты біліктілігінің, кез келген тақырыпты кез келген уақытта, кез келген жағдайда шемішкедей шағатындығының, оның жазғыш (айтқыш) ұшқырлығының бұлтартпас куәсі!», - деп жазады (-25 сәуір, -2002. Жас Алаш, Ә. Ыдырысов, Алаш рухты ұрангер).

1960 жылы жаңадан ашылған қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми-көпшілік, танымдық-техникалық «Білім және еңбек» (қазіргі Зерде) журналының бас редакторы болды. 1962 жылы Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланды. 1964 жылы КСР Министрлер Кеңесінің жаңадан ұйымдастырылған Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары, соған қоса, бір мезетте 1965 жылдан «Қазақфильм» киностудиясының директоры, 1971 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары, 1973 жылдан ҚР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды. 1980 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің телевизия және радиохабар жөніндегі Мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары болды. 1988 жылы «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат»), 1989 жылы «Қазақстан коммунисті» (қазіргі «Ақиқат») журналдарының бас редакторы қызметтерін атқарды.

Өзінің редакторлық жолы тұрғысында Камал Смайылов былай деп жазады: «Мен сонау «Лениншіл жастан» ауысып, тұңғыш қазақ ғылыми-көпшілік журналы «Білім және еңбек» ашылғанда, соның бірінші редакторы болып тағайындалдым. Ол – қазіргі «Зерде» журналы. Содан 1988 жылы Орталық партия Комитетінің бөлімдері қысқартылғанда мен «Енді журналистикама қайтарыңыздаршы» деп «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы болып келдім. «Мәдениет және тұрмыс» журналы осыдан отыз жыл бұрын шыға бастаған. Оның сол кездегі мақсаты мен міндеті – халықтың, қалың жұртшылықтың арасында мәдениет, тұрмыс, күнделікті өмір мәселелерін кеңінен насихаттап, сол мәдени әдеттер мен салттарды өміргеенгізу, сіңіру болатын. Өте қажет журнал деп оны жұрт жақсы, жылы жүзбен қарсы алды. Бір ғажабы, журналдың басқа әріптестеріне қарағанда бағасы қымбат болса да,

тиражы көп жылдар бойына 350-380 мың дана деңгейінде келе жатқаны. Демек, журнал өзінің ең алғаш, өз кезінде алдына қойған мақсат-міндетін орындап шықты деуге болады. Кейіннен атын «Парасат» деп өзгерттік, бағытын бұрды. Сосын мен «Қазақстан коммунисті» журналына бас редактор болдым» (151, К.Смайылов. 1992).

Камал Смайылов қазақ телевизиясы саласында әуелі республикалық мемлекеттік комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды. Көп жыл бойы саяси-қоғамдық қызметтер атқарды: Орталық комсомол комитетінің хатшысы, Қазақ КСР Министрлер кеңесі мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1991 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Мәдениет жөніндегі комитетінің төрағасы болды. Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген қайраткері, С. Сейфуллин атындағы сыйлықтың лауреаты, жазушы-публицист шығармашылық өмірінде 300-ге жуық мақала жазып, 17 кітап жариялаған екен. «Сенің бақытың», «XX ғасырға саяхат», «Фильм осылай туды», «Өмірдің өзімен өлшесек», «Ғасыр қырқасында», «Оянған ойлар», «Жолданбаған 27 хат», «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында» (Шерхан Мұртазамен бірге жазған), «Жеті қыр, бір сыр», «Қиғаш кітап» еңбектері жарық көрген.

Камал Сейітжанұлы Қазақ КСР Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары болып, теледидар деген күрделі жұмыс саласында қызмет істеді. Ол жаңа идеялы телерадиохабарлардың өзегіне айналды, қарамағындағы жүздеген адамдардың ойына қозғау салып, тың талпыныстарға түрткі болды. Қазақ республикалық теледидарының тарихына енген «Айтыс», «Тамаша», «Терме», «Азия дауысы» секілді іргелі жұмыстар жоқтан барға айналып, жүзеге асырған К. Смайылов еді. Ол кино саласын да жақсы білетін. «Қазақфильм» киностудиясында өткізген жылдары «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры» секілді асулы фильмдердің бүкіл ұйымдастыру жұмыстарына ұйытқы болған.

Қаламгер публицистикасы жанр жағынан алғанда түрге бай болып келеді. Онда қарапайым заметкадан бастап, репортаж, корреспонденция, мақала, рецензия, очерк, фельетон секілді публицистиканың әр алуан жанрлары кездеседі. Баспасөз жанрларының кез келгенінде қалам тербеп, мәселені әр қырынан шебер, ұтымды жеткізу – журналистке тиімді әдіс. Камалдың осылай жанр табиғатын меңгеріп, оны игеруі әрі баспасөз бетінде жиі көрінуі шығармашылық мүмкіндігінің мол екендігін көрсетсе керек.

Камалдың «Оянған ойлары» – еліміздің тарихындағы бетбұрыс кезең, қайта құрудың өмірге ғаламат өзгерістер әкелгенін жан жақты аша түсетін, қалғып-семіп қалған ойларды оятқан соны еңбек. Публицист кітаптың алғашқы тарауында Ұлы Қазан революциясын орнатушылардың жаңа социалистік қоғам орнатамыз деген арман жолдарына саяси тұрғыда баға бере отырып, социалистік қоғам тұрғысында түрлі пікірлерге жетелейтін қоғам қайраткерлері мен ойшылдардың: «Социализмге бар билікті мемлекеттің қолына жинап, ұстап алғанда не болатынын айқын көрсететін үлгі болып табылады» (Ницше); «Социалистік революцияны эксперимент және өте қауіпті, қатерлі эксперимент, одан не шығарын, ақыры немен тынарын ешкім білмейді, мұның аяғы қайғы-

қасіретпен бітеді» (И.П. Павлов); «Пролетариаттың саны аз болып тұрған елде өкімет қайткенде де диктатураға айналып кетеді» (Плеханов); «Жеке адамның мүдделерін қайткен күнде де, қалай болса да қоғамдық мүдделерге бағындыру керек деп келген догмалық қағиданы да қайта қарайтын, басқаша ұғатын кез келді» (А.Н. Яковлев) т.с.с. ойларын бере отырып, өзіндік журналистік болжамдарын айтады. Ол социализм қоғам мүшелерінің игілігін, бостандығын қорғай отырып, жақсылық әкелетіндігін ерекше атап өтеді де: «Социализм өзінің артықшылығын, адамгершілік құрылыс екенін ракеталардың санымен, ядролық зарядтардың күшімен дәлелдемейді, өзінің өте жоғары экономикалық даму, тұрмысты жақсартуы, адамдарға деген қамқорлығының дәрежесімен көрсетеді, үгіттейді. Біз соңғы жылдары осыдан алыстап кеттік, бар күшті әскери қаруға салдық. Енді адамды қорқыту емес, қызықтыру арқылы жеңуге тиіс социализм...», - деп қоғамдық мақсаттарға қарай жетелей түсетін біршама ой білдіреді (17 б, К. Смайылов. 1991).

1930-1940 жылдардағы Сталиннің мемлекетте социализмді орнату мен сол жолда билік жасауына да өзіндік бағасын берген Камал: «Сталиннің мықты ерік күші, энергиясы революцияға жақсы қызмет етті, адамдарға сенбейтіндігі, оларды аямайтындығы, өзінің жеке әкімшілік үкімшілігін орнатуға ұмтылушылығы революция кезінде кешірімді болатын, өйткені революция көбіне қатал шараларды қолдануға мәжбүр болды», - деп тарихи деректерге жүгінеді. Сталиннің ең талантты, таңдаулы ғалымдарды, мәселен, атақты физик Лев Дандауды, ғалым Николай Вавиловты, академик Н.В. Тимофеев-Рессовскийді, жазушы Борис Пильнякты т.с.с. еш кінәсіз, себепсіз жауапқа тартып, түрмеге жапқызғандығын, қазақ зиялыларында да ең таңдаулы бетке шығар қаймақтарын, ойы биік, бас көтерер алыптарын да сол қатыгез шеңгел бүріп алып құртып жібергендігін нақты фактілер арқылы алдымызға жайып салады. Камал Смайылов «Сталиннің сырын аша бастадық» атты мақаласының соңын: «Біз тарихты қайта қарап, ақтандақтарын ашып, қара таңбаларды аршып көрсетіп жатқанымыз өткенді білу үшін ғана керек емес. Өткенді білу – бүгінге сабақ, ғибрат, тағылым болуға тиіс. Нағыз шындықты, толық шындықты ашып айтып отырып біз бүгін шындықтың бар жерде, әр істе орнауы, жүруі керек екенін есте ұстауымыз тиіс. Бүгін Сталинді, сталинизмді әшкерелеп сынаудың мәні-мақсаты – адамдардың бойындағы, ойындағы қорқақтықты, үрейді тамшылап емес, молынан, молырақ та тезірек сығып шығару, содан адамдарды арылту, тазарту», - деп аяқтайды. Көп оқып, терең ізденетін публицист бір ой айту үшін бірнеше деректерге жүгінеді. Әр мақаласын үлкен жауапкершілікпен жаза отырып, шынайы байлам тұрғысынан салмақтай түседі. Публицистің бұл ерекшелігін біз «Оянған ойларын» оқи отырып, анық көз жеткізгендей болдық.

Ешкім де іштен журналист болып тумайтыны белгілі жайт, қаламгерлік өнер тер төге еңбектену, тынымсыз шығармашылық іс үстінде ғана қалыптасып жетіледі. Публицистің шеберлігі қай кезде де жеке-дара көрінеді, ол публицистің шығармашылық стилінен көрініс табады. «Стиль – жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі» (54 б, Ә.Қоңыратбаев, 1979). Камал Смайыловты біз экономика тақырыбын кең көсіле жазатын шебер журналист ретінде де танимыз. Еліміздегі экономика саласына

көп өзгерістер қажеттігін осыдан бірнеше жыл бұрын болжап айтып кеткен публицист «Қазақстан экономикасы: шешілмеген проблемалар мен реттелмеген мәселелер» атты мақаласында: «Қазақстан экономикасының хал-жағдайын айқындайтын бірнеше деректер келтірейік. Бұлардың көбісі бұрын ашылмайтын, айтылмайтын. Ауыр өнеркәсіп елімізде 60 проценттен асса, қазақстанда 47 процент шамасында екен. Әсіресе, өңдеу салалары, нақтылы түпкілікті өнім беретін, тұтынуға даяр өнім-бұйымдар шығаратын өнеркәсіп кейін, кенже қалған... Қазақстанның экономикасы бір жақты дамыған болатын. Шикізат өндіретін сала басым өркендеген де, шығарылған рудалар сол шикі күйінде немесе концентрант ретінде басқа республикаларға, аймақтарға жөнелтіледі. Бізде бар өндірілетін шикізаттың 17 проценті ғана өңделіп, дайын, ақырғы өнім болып шығады екен. Одан басқасының бәрі жартылай өңделген күйінде жөнелтіледі. Одан ақырғы өнім таза металды, алюминий прокатын басқа заводтар даярлап шығарады. Сондай-ақ титан губкасын біз өндіреміз де, одан таза асыл да қымбат металл – титанды басқа заводтар шығарып пайдаланады», - деп елімізде жетекші мамандардың жоқтығын алға тарта отырып: «Қазақстан экономикасының тиімділігін өсіру үшін оның шикізат, отын мен руда шығарушы ғана емес, өңдеуші, дайын өнімдер шығаруын көбейту керек», - деген қажетті ақпар береді.

Шындығында, Қазақстанның қазба байлықтары өз елімізді асырауға артып жығылады. Қазақстанның өз жерінен жаңа кен орны ашылып, үлкен құрылыс басталса, сөйтіп, аймақтық экономикалық тәуелсіз болуымыз керек деген публицист арманы бүгінде біршама жүзеге асырылып жатқандығы ақиқат. «Бізге экономикалық тәуелсіздік кеуде көтеріп елден ерек шығу үшін емес, еңсе көтеріп ел қатарына қосылу үшін қажет!» - деген Камал Смайылов ойының астарында еліміздегі игіліктердің бәрін өз мемлекетіміз үшін пайдаланудың кезі келгендігі жатыр. Сол үшін де кезінде еліміздегі қайта құру жөнінде публицист: «Біз рухани қайта дәуірлеу заманын басымыздан кешіріп отырмыз. Демократия мен жариялылық кезеңінен, адамның рухани дүние танымы, қазына байлығы бірінші орынға қойылып, біз қайта құруды Қытайдағыдай экономикадан бастамай, саяси реформадан, одан бұрын сана-сезімдегі, интеллектуалды ақыл-ой саласындағы өзгерістерден бастадық», - деп жазады (5 б, К. Смайылов. 1991).

Камал Смайылов публицистикасында Семейдегі ядролық полигон зардабы, Қызылордадағы Байқоңыр мен Аралдың экологиялық жағдайындағы тың мәселелер ерекше жазылды. «Табиғатты қорғау – адамды қорғау» деп түсінген публицист: «Экология туралы бәрі айтады. Соның айналасында клубтар, ұйымдар, қозғалыстар туып, құрылып жатыр. Бұл – қайта құрудың, жариялылықтың айқын бір көрінісі. Әрине, бұл қолайсыз, келеңсіз жағдайлар бұрын да болған, бірақ оларға мән бермеген, қайта «бізде бәрі жақсы, бәрі орнында» деп жасыруға, көріне көзге жақсарта көрсетуге ұмтылған. Ал жағдай шынында да, қиындап, шиеленісіп кетті. Елімізде ауасында зиянды улы қоспа ұшпалары шамадан асып кеткен, 100 қаланың тізімі жасалған. Айналадағы ортаның, демалатын ауаның зиянынан ірі қалаларда адамдардың ауруы көбейіп, орташа өмір жасы қысқарып бара жатыр», - деп одан әрі топырақтың, судың,

орманның, табиғи қазыналардың бүлінуі кең етек алып отырғандығын жазады (138 б, К. Смайылов. 1991). Публицист улы түтінді азайтып, ауаны, суды, тазартатын технология орнату үшін қаржы қажеттігін алға тартады. Бізде егіншілік мәдениетінің жетіспейтіндігін фосфор мен азотты тыңайтқыштардың орнына органикалық тыңайтқыштарды пайдалану қажеттігін ескермей отырғандығымен, соңында мұның бәрі адам денсаулығын ойламай, оңай жолмен пайда тауып, аз еңбек сіңіріп, көп өнім алуға ұмтылушылықты атап көрсетеді.

Публицистің экология тақырыбына жазылған мақалаларының ішінде әсіресе, Арал теңізі мәселесіне қатысты айтқан шынайы пікірлері кезінде өз бағасын алды. Арал теңізі басына төнген қауіп-қатерді алғашқылардың бірі болып: «Арал айналасындағы әңгіме күн тақырыбы, «Арал» трагедиясының басталуы – 1970 жылы Қарақұм каналы толық салынып бітіп, сол құм арнамен таудың мөлдір салқын суын аңызға ыстық құмға құғаннан басталды. Құмға өз қолымен су жіберген адамды тарих бұрын-соңды көріп пе еді?! Арал үшін баста тажал сол Қарақұм каналы болып табылады. Ал Аралдың екінші трагедиясы – Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстанда мақта мен күріш плантацияларын кеңейтіп, соған беретін суды көбейте беру. Соншама мақта, күріш егістігі керек пе? Ол мақтаның сапасы төмен. Мысалы, Қытайда әр адамға 4 килограмм мақта өндіріледі де, ол өзіне жетіп, сыртқа шығарады. Ал бізде жан басына 27 килограмм шитті мақта жиналады, ал бірақ сол жетпейді, мақта-мата тапшы, кейде мақтаны да, матаны да шетелден сатып аламыз. Сонда Аралдан айырып алған судың қарымы, қайтарымы қайда?», - деп жазды. «Су – өлшенбейтін, еленбейтін, бағаланбайтын байлық. Ауа секілді оны да бар болса байқаймыз да, бір сәт жоқ болса, іздейміз, онсыз өмір сүре, тіршілік ете алмаймыз. Арал туралы енді көз жасын төгіп жылаудан, жантүршіктіре қинаудан гөрі нақты іске, әрекетке көшетін кез туды», - деп, Каспий теңізінен Аралға канал тарту жобасын қолға алу керектігін ұсыныс ретінде айтады. Публицистің жан айқайы бүгінде еліміздегі экологияны тазарту жолында еңбек сіңіріп жатқан «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқандығы қуантады. «Айтпаса – сөз атасы өледі», - деген осыдан шықса керек.

Камал Смайылов – эпистолярлық жанрда да біраз қалам тартқан шебер журналистердің бірі. Осы тұста, ең алдымен, эпистолярлық жанр табиғатына қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік. Мәдениетті елдерде хат – әдебиеттану, тарих ғылымында арнайы қарастырылады. Кезінде Герцен: «Дәуір құжаты» деп атаған хат табиғаты, тағдыры, жанры жөнінде ғалымдар күрделі пікір айтады. Мәселен, зерттеуші Юрий Тынянов: «Хат – эпистолярлық жанр. Ол тұрмысқа өз міндетімен келіп, біртіндеп әдеби фактыға, одан әдеби жүйеге өтетін құбылыс», - деп атаса (с. 225, Ю. Тынянов, 1977), академик М.П. Алексеев: «Хатты – «мемуарлық жанр» үлгісі ретінде қарастырады (с.165, М.П. Алексеев, 1983). Бұл тұста Ю. Тыняновтың хатты эпистолярлық жанр деуі негізді. Ғалым М.П. Алексеевтің хатты мемуар деп отырған себебі, хаттың автор өмірбаянына қатысын ескеруден туындаса керек. Эпистолярлық жанр жөнінде сондай-ақ, әр кезде Г.П. Макогоненко, Р.М. Лазарчук сынды ғалымдар пікіріне қосылуға болады. Олар жанр дәстүрін, табиғатын жан-жақты зерттеді. Егер біз

публицистиканың ежелгі эпистолярлық үлгісіне дендеп зер салсақ, оның қалыптасу жүйесінің сонау антика дәуірінен бастау алғандығын аңғарар едік. Сол кездегі Цицеронның, Горацийдің, Сенеканың хаттары – эпистолярлық публицистикасының бастамасы еді. Ал, қазақ публицистері арасында Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің орыс достарымен жазысқан хаттары, Н. Төреқұловтың, М. Шоқайдың, М. Дулатовтың полемикалық хаттары, Мұхтар Әуезов пен Мәлік Ғабдуллиннің қазақ поэзиясы төңірегіндегі ойларды ортаға салған хаттары, Қ. Мұхаметжанов пен І. Кеңесбаевтың тіл мәселелерін қозғап жазған тағы да көптеген қаламгерлеріміздің хаттары эпистолярлық мұра болып табылады.

Камал «Жолданбаған 27 хатында» қоғамда, өмірде пайда болған күрделі жағдайлардың, қайшылықтардың, адамдардың ойында туған әрқалай, түрлі пікірлердің табиғатын аша отырып, өзі қадірлейтін зиялы қауым өкілдеріне сырттай жүргізген сұхбат-әңгімелері арқылы саяси өмірдің өткен жолдарына бүгінгі көзқараста тереңінен баяндап береді. Автор ретінде жолданбаған хаттардың астарында қозғалып отырған тақырыпты жақсы білетін азаматтардың пікір-пайымымен үндестіре отырып, келелі әңгімеге бара алады. Осы еңбегінің алғы сөзінде ол: «Әрқайсысының сол өзіне арнаған хаттағы пікір-мәселе жөнінде қандай ой-көзқарасы барын түсінемін. Хатпен сөйлесу оңтайлы. Содан да мен бұл кітапты «Жолданбаған 27 хат» деп атауды жөн көрдім», - деп жазады (4 б, К. Смайылов. 1992).

Кітаптағы жиырма жеті хат иелері қоғамға белгілі есімдер болғандықтан, тақырып аясы да сол түрлі салаларға қатысты ұтымды қойылған. Мәселен, «Саясат және парасат» (қайраткер Өзбекәлі Жәнібековке хат); «Горбачев пен Ельцин: қайсысы?» (білімгер Әнуарбек Шмановқа хат); «Тарих: қараңғысы мен жарығы (тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаевқа хат); «Демократия: қуаныш па, қорқыныш па?» (заңгер-ғалым Салық Зимановқа хат); «Одақты республикалар басқарады» (Әнуар Әлімжановқа хат); «Қазақстан әлем деңгейіне қалай шығады?» (жазушы-драматург Қалтай Мұхамеджановқа хат); Егемендік алдық. Еншіміз қайда? (экономист-басқарушы Дәулет Сембаевқа хат); «Бай елміз – бәрінен жарлымыз» (ғалым-геолог Айтжан Абдуллинге хат); «Әлем көшіне қосыла аламыз ба?» (дипломат Мәлік Фазыловқа хат); «Қазақстан және Россия: күнгей мен көлеңке» (архитектор-тарихшы Шота Уәлихановқа хат); «Өткенді түсіну: ақтау ма, даттау ма?» (Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа хат); «Атом – айбар ма, ажал ма?» (Олжас Сүлейменовке хат) т.б. атап өтуімізге болады.

Заңгер-ғалым Салық Зимановқа арнаған «Демократия: қуаныш па, қорқыныш па?» атты хатында бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесіндегі кейбір жайттардың осыдан біраз жыл бұрын Камалдың қаламына арқау болғандығы ойландырады. «Басқару деген – бұйрық емес. Басқару – хабар-мағлұмат алып, соның негізінде шешім қабылдау. Баяғы тоқырау заманында жауапты орындарға өздеріне ұнаған, жаққан, жақын кадрларды апарып қоятын, жұмысқа лайық адамды іздемей, «өз адамына» лайық жұмысты – орынды іздейтін дәстүр болатын. Енді ол келмеске кетуге тиіс. Жалпы адамгершілік – ар мен ұят талабына сай-сәйкес келетін істер мен сөздер, шешімдер мен әрекеттер дәл қазір, күні бүгін тиімсіз-ыңғайсыз болып көрінгенмен, ертең, түбінде бәрі бір

өзінің ретіне келіп, орнын табады» (29 б., К. Смайылов. 1992). Шындығында, адам бойында сенім, сыйлау, бағалау, құрметтеу сезімі болуы тиіс десек, Камал хатының келесі мазмұны осыны меңзейді, қараңыз: «Өмірде кеңшілік болу үшін көңілде кеңшілік, еркіндік болуға тиіс. Бар байлық содан басталады. Адамды адамгершілік рухында тәрбиелеу дегенді жоғалтып, айырылып қалдық қой. Бәрін әкеліп саяси көзқарас, идеялық саналылық дегенге әкеп тіредік... Жалқаулар, білімсіздер өздерінің шамасына, дәрменсіздігіне қарамай, аса көп ізденіп, көп білетіндерге, тыным таппай ізденіп, еңбек ететіндерге қызығады емес-ау, қызғанады, қызғана, қинала қарайды оларға!».

Камал Смайылов қаламгер Қалтай Мұхамеджановқа жазған «Қазақстан әлем деңгейіне қалай шығады?» деген хатында жаңа келе жатқан ХХІ ғасырда адамзат өнеркәсіптік-технологиялық дамудан өтіп, одан әрі ақпараттық өндіріс жүйесіне көшетіндігін, жаңа заман ғылымға өзінің жаңаша талабын қоятындығын, сондай-ақ, қазақ жастарының шетелде білім алуы керектігін айтады. Бір қызығы Камалдың: «Қазақтар басқа тіл үйренуге ынталы да ыңғайлы екенін білеміз. Әсіресе жастарымызды осыған бағыттау жөн. Қазақ балаларына үш тіл – ана тілі, орыс және шетел тілі қиын емес. Осындай бағыт керек. Қазақстан әлемдік аренаға шыққанда оның шетелдерде елшілері, тілшілері болуға тиіс. Оған да қаншама тіл білетін, тіл ғана емес, нақтылы білімі, өнері, кәсібі – қабілеті бар жастар көп қажет болады», - деп, бүгінде үш тұғырлы мемлекет атанып жүргенімізді алдын-ала көрегендік танытып айтуы таңдандырады (47 б., К. Смайылов. 1992). Публицистің алдағы жылдарға болжам жасап, орындалса игі деген арман-мақсаты бүгінде жүзеге асып отырғандығы қуантады. Бұл – Камал публицистикасының өзіне ғана тән басты ерекшеліктерінің бірі.

Камалдың жазушы Шерхан Мұртазамен «Егемен Қазақстан» газеті арқылы жарты жыл бойы (12 шілде 1996 жылдан – 26 желтоқсан 1997 жылға дейін) жазысқан публицистикалық хаттарының өзі үлкен әлеуметтік мәселелерді қозғады. Қос қаламгердің қоғамдағы толып жатқан өзгерістер мен экономикалық қиыншылықтар, жұмыссыздықтың пайда болуы, қылмыстың көбеюі, ауыл жағдайы, халық тұрмысының төмендеуі, білім, ғылым, денсаулық, мәдениет, әдебиет, өнер салаларындағы тоқыраулар жайлы толғаныстары қазақ оқырманының ықыласын баурап алған айрықша оқиға болды. Бұл хаттарда адам болмысы мен қоғамдық өмірдің қамтылмаған саласы, көтерілмеген мәселесі қалған жоқ. Әлемдік әдебиет тарихына көз салсақ, ұлы жазушылардың адамзат тарихтарынан мәңгі орын алған туындылармен қатар, олардың эпистолярлық мұрасы да әрдайым әдебиет сүйер қауымды қызықтырып келген. Әдебиеттегі ірі тұлға, айтулы қаламгерлердің хаты да барынша құнды. Бұл – жазушы талантының тағы бір қырының көрінісі. Қалың көпшіліктің классиктердің көркем шығармаларына ғана құмартпай, олардың хаттарына да ілтипатпен қарауы сондықтан болар. Осы ретте Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың хаттарының жинақталып, жарық көруі қалың оқырмандарды баурап, қызықтыруы заңды («Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында!»).

Камалдың Шерханға хаты «Егемен Қазақстанда» «Қазақстан ХХІ ғасырда» деген проблемалық мақаласынан басталады. «Ғасыр қырқасында», «ХХІ ғасырға саяхат» т.б. кітаптардың авторы, ғылыми-футурологиялық болжамдарға жүйрік публицист Камал Смайылов аталмыш мақаласында: «Қазақ жері – кең байлықтың қазынасы. Енді кілт алақанымызда», - деп, жаңа жүзжылдықтың ғана емес, жаңа мыңжылдықтың бастауында тұрған ХХІ ғасыр туралы тағы да сөз қозғайды. «Қазақтың жері миллиард адамды асырай алады», «Қазақстан қазба байлықтары 10 триллион доллар!», «Қазақстан төрт мұхитқа тікелей шығады», «Каспий – Арал каналы салына ма?», «Марсқа адамды Дегелең двигателі алып ұшады» деген тақырыпшаларының өзінен автордың айтпақ ойы да, ұстанымы да, Қазақстан туралы пікірі де түсінікті. Камалдың бұл пікірін Шерхан «Жас Алаш» газетіне берген сұхбатында былай деп жалғастырады: «Қазақстанның байлығын барлығымыз білеміз. Алтын сандықтың кілті қолымызда екен. Ендеше неге алтын сандықтың қожасы бола тұра лыпасыз жүреміз?! Неге жарымаймыз? Неге ашпаймыз алтын сандықтың аузын? Неге інжу-маржанын шашпаймыз мына халыққа. Камал мырзаның ой-ниеті дұрыс. Мен оны іштей қуана құптадым. Бірақ алтын сандықтың кілті қолымызға тиді екен деп марқайып жүре беруге бола ма мына заманда? Оны қажетке жарату керек. Қалай? Қайтіп? Міне, мәселе қайда жатыр! Мен осы ойларымды Камалға газет бетінен білдірдім. Ол үн қосты. Камал мырзамен жазысқан хат осылай басталған. Кейін ол өрекіпген көңілін басып, сабырлы ойға түсті» (Жас Алаш. -1997. -29 қараша, Ш. Мұртаза, Шындықтың жолы шырғалаң, әділеттің жолы әлжуаз).

Шерхан Мұртаза «Алтын сандықтың кілті кімде?» хатында Камал мақаласын оқығаннан кейін сүйсінгенін әрі күмәнданғанын жасырмайды: «Сүйсінгенде, алғырлығыңа, журналистік тапқырлығыңа сүйсінемін. Біз болсақ, «Қазақстан – ұлан-байтақ, Қазақстан – бай» деген жалпы ұғыммен сөйлейміз. Сен болсаң, сол байлықты нақты цифрлармен сөйлетесің. Цифрлар сенің құлдыраңдап жүгіріп жүрген жиендерің сияқты. Тіпті жердің жеті қат астында жатқан байлықтың бәрін грамдап өлшеп, есеп-шотты сарт-сұрт еткізіп, тиынына дейін шығарып қоясың», - дей келіп, қоғамның әр алуан саласынан былайша сауал тастайды: «Онда біз сол алтын сандықтың үстінде неге жалаңбұт отырмыз?», «...Қолыңда нақты деректерің бар шығар, осы біздің қазақ тілінде шығатын басылымдардың бәрі жиналып, бір «Караванның» тиражына жетер ме екен?» (17-18 б, Ш. Мұртаза., К. Смайылов. 1998).

Публицист К. Смайылов «Көңілде жүрген ойлар көп!» атты Шерханға жазған келесі хатында: «Дос Шерхан! Осындай бір күдік-сұрақтың сенің тарапыңнан болатынын сезіп жүр едім» деп бастап, күмән тудырған сұрақтарға былайша жауап береді: «Сенің ойыңда жүрген бір қыжылды да байқадым. Бір миллиард адамға қорегі жететін жерде бүгін 16 миллион адам неге тойып тағам іше алмай отыр дейсің ғой? Ол рас, ол – сұрақ. Тамақ-тағам жөніне келсек, жағдай мынадай: осыдан бес жыл бұрынғы мөлшермен салыстырғанда, бүгін бір адамға 57 кг ет (бұрын 75 кг болатын), 260 литр сүт (бұрын 320 литр болатын) мөлшерінде келеді. Біз қазір өз шаруаларымызға жұмыс тауып (жұмыс істейтін жағдай жасап) бере алмай отырып, Голландияның,

Францияның, Американың шаруаларын асырап жатырмыз. Өткен жылы шетелдерден ет, сүт, жұмыртқаға сатып алуға жұмсалған миллиондаған долларды неге өз шаруаларымызға – фермерлерімізге бермейміз?», - деп әлеуметтік маңызы бар ұсыныс тастайды. Одан әрі Камал «Отырып бір ойлансақ...» атты хатында: «Өндіріс көлемінен 80-жылдардың, ауыл өнімі жағынан 70-жылдардың, құрылыс саласынан 60-жылдардың, жалпы халықтың тұрмыс-тұйыну мөлшерінен 50-жылдардың деңгейіне дейін құлдырап, төмен түстік... 1990 жылы Қазақстанда мұнай – 22 миллион тонна еді, енді 14 млн. тонна ғана болып отыр, көмір – 131 миллион тонна еді, енді 50 миллион тонна айналасында», - деп еліміздегі экономикалық ахуалға қатысты мәселелерді айта отырып, кәсіпорындарға басымдық беру қажеттігін де тілге тиек етеді.

Танымал қос публицистің хаттарында тек қана экономикалық, әлеуметтік мәселе ғана емес, ішкі саясат, сыртқы саясат, мемлекеттік қылмыскерлер, ақпараттық қауіпсіздік, оқу-білім, денсаулық, заңдардың дұрыс орындалмай жатқандығы т.с.с. еліміздегі қандай да бір қажетті мәселелерге қатысты ойлар айтылғанын білеміз. Камалдың «Өз кінәмізді өзгеден көрмейік» деген хатында ана тілі мәселесі, оның бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданылу аясы жөнінде айтқан пікірлері ащы шындықты алға жайып береді: «Алматыдағы 11 телеарнамен тәулігіне 120 сағаттай хабар беріледі, соның 12-14 сағаты ғана қазақша. Елдегі 240 телеарнаның 3-еуі ғана таза қазақша. Сондай-ақ, 1200 атаулы газет-журналдың 200-дейі ғана қазақ тілінде. Намысқа тиер тағы бір мысал. Қазақ тілінің мәртебесін көтереміз деп көп айтамыз. Ресми құжаттардың орыс тіліндегі нұсқасын оқымай тұрып, қазақшасына түсіне алмайтын пәлеге ұшырадық. Баяғы кездегідей қате кетпесін деп қорқып, орысшадан сөйлемді сөзбе-сөз аударып, сірестіріп қояды. Сөздерді бір-бірімен сығылыстырмай, сөйлемдерді бөліп, бұтарлап қазақшаға айналдырып барып, қазақ сөйлемінің құрылым-құрылысына салып, еркін, түсінікті аударуды меңгере алмай-ақ келеміз. Ең дұрысы, ресми құжаттар қазақ тілінде әзірленіп содан кейін орысшалануы керек» (69-70 б, Ш. Мұртаза., К. Смайылов. 1998).

Камалдың Шерханға жазған хаттарында қоғам өмірінің сан саласын қамтып, күрмеуі қиын мәселелердің шешімін табуға деген ұмтылыс басым. Қос публицистің хаттары экономикалық дағдарыстың ең қиын шағында жазылғандықтан болар, халықтың көңіліне үлкен демеу, рухани азық болды десек еш қателеспейміз. Бұл хаттарға қатысты кезінде халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов, академик Манаш Қозыбаев, халық қаһарманы Қасым Қайсенов, ғалым, сыншы Шерияздан Елеуқенов, жазушы Дулат Исабеков т.б. зиялы қауым өкілдері үн қосып, пікірлерін толықтырып отырды. Бұл Шерхан мен Камал хаттарының қоғамда резонанс тудырғанының айқын дәлелі еді.

Кешегі КСРО-ның барлық елдерін қамтыған орасан зор қоғамдық дағдарыс іс жүзінде өмірдің барлық жағына экономика мен әлеуметтік саладан бастап, құқықтық және рухани-имандылық мәселелеріне дейін зардабын тигізді. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуына келтіретін түрлі сенімсіздік пен моральдық тоқыраушылықтың болғандығы жасырын емес. Міне, осы сәтте ұлттық рухты қоғамдық күшке, әр отандастың қуатына айналдыру – ортақ мәселе, міндетке айналды. Адамның жан дүниесін өтейтін

рухани құндылық саналы азаматтардың сапалы білімін арттыру көзделді. Еліміздің болашағы – жас ұрпақтарды ұлттық намыспен, ана тілімен, адамгершілік қасиеттерімен өсіріп, тәрбие беру ең басты міндетке айналды. Қаламгердің адам мен қоғам арасындағы тығыз байланысты, өмірде болып жатқан өзгерістерді батылдықпен, шапшандықпен, ашық жаза білген публицистикалық туындылары оқырман қауым арасында өзінің жоғары бағасын алып та үлгерді

Камал Смайылов публицистикалық туындыларының басты нысанасы адам десек, сол адамның көпке үлгі болар байсалды өмір жолын, адамзаттың жарқын болашағы жолындағы күрестерін, биік адамгершілік қасиеттерін көрсетумен қатар, сондай үлгілі жанның антиподы: дүниеқор, парақор, арамтамақ, жалақор, маскүнем және басқа да қоғамға жат пиғылды адамдарды көрсетеді. Осыдан келіп, журналист шеберлігінің бастау көзі – тақырып тандау, түпкі ойды қалыптастыру, сол арқылы өмір шындығына ықпал ететін, оқырманның көкірек ойына әсер ететін нақты дерек көзін жинау, қоғамның көкейтесті мәселелерін көтеру екендігін аңғарамыз. Орыс баспасөзін зерттеуші ғалым Е.П.Прохоровтың: «Журналист қашан да өмірге деген көзқарасын басшылыққа ала отырып, соған қатысты фактілерді жинақтайды. Әр фактіден ол ең қажеттісін бөліп қарастырады. Газет материалдарына осындай топтастырылған, жинақталған, нақты фактілерді көрсете алады. Басқаша айтсақ, газеттегі «жай» хабардың өзінен журналистің үлкен ой еңбегін көреміз, сондықтан да, әрбір хабардағы жаңалық – журналистің түсінік тұжырымы әрі фактіге берген бағаларындағы ой қорытындысы», - деген ойын құптауымызға болады (с.135, Е.П. Прохоров, 1973).

Журналист – қоғамның қайраткері әрі күрескері. Ол өмірде туындап отырған жаңа өзгерістердің, мәселелердің шешімін табуға тырысады. Өз заманының шешілмеген күрмеуі мол дүниелеріне жауап іздейді. Бұл – журналистік шеберлікке бастайтын жол. Камал өмірдің ащы шындығын сол кезеңнің өзінде-ақ тез аңғарып, қаламына арқау етіп, оқырман көңіліндегі жағдаяттардың себеп-салдарына тереңінен үңіле отырып, қарабайыр тіршіліктегі күдігі мол сұрақтарға жауап таба біледі. Сөйтіп, өзі де журналистік өмірде көңілге түйгендерін: «Бал арасы бір килограмм бал жинау үшін бір миллион шақырым жол жүреді. Журналист мамандығын осы бал арасының жұмысына ұқсастыруға болады. Журналист өмірдің ортасында, ортасында емес-ау алдында жүреді. Бар жаңалықты жұрттан бұрын көреді, болар өзгерісті алдымен сезеді. Соның қиынын да, қызығын да көреді. Коммунистік партия кезінде журналистерді парияның жәрдемшісі дейтін, кейде қолбала деп те кемсітетін. Алайда оған журналистер жасымайтын. Кейде журналист қоғамдық ой-пікірдің жетекшісі деп көтермелеп те қоятын. Оған журналистер мастанбайтын. Ендігі басшылар журналистерді «Үкіметтің нұсқау-шешімдерін жұртқа жеткізетін механизм» деп техникалық аспапқа теңеп қояды», - деп жазды (98 б, К. Смайылов, 2000).

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары техникалық революция орнап, алыс-жақын елдер бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап тұрған сәтте адамзаттың ортақ игілігі үшін қызмет етуі тиіс. Дегенмен, бұл міндеттің

орындалмай отырғаны белгілі. Әркім өз бетінше бағыт ұстап, жеке көзқарасын қоғамда қалыптастыруға тырысады. Кезінде ұлы ойшыл Ницше айтқан: «Факті дегеніңіз – жоқ, ұғындыру ғана – бар», - деген мәселе күн санап ушығып бара жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, публицист Камалдың ізденгіштігін, кез келген мәселенің әр қырынан келу әдісін, шешім жасап, түйін түйдегі шеберлігін, мәліметтер мен деректерді сұрыптап қолдану тәсілін үлгі етіп ұсынуға болады. Қазақтың бай тілінің қазынасын игерген, көркемдігі мен мағыналылығының тереңіне бойлаған публицистің шығармаларынан олпы-солпы сөйлем таба қоюыңыз неғайбыл. Деректің нақтылығын тексермеу, оған жеңіл-желпі қарау, зерттеу тәсілдерін теріс қолдану, жаңсақ баға беріп, орынсыз тұжырым жасау, өсек-аянды негізге алып материал жазу, жеке көзқарасын өзгеге күшпен таңу секілді олқылықтар кездесіп жатады. Өмірдегі барлық көріністі әр кезеңнің замана талабына сай немесе тарихи тұрғысында адами мейірімділік негізінде қарастыра білу журналист қызметінің өзегі болып табылады. Журналистиканың басты нысанасы – адам. Олай болса, адаммен қалай қарым-қатынас жасауға, оның іс қызметінің жетістігін немесе кемшілігін баспасөзде қандай дәрежеде көрсетуіне байланысты туындайтын мәселелер де бар.

Қорыта келгенде, белгілі публицист Камал Смайыловтың журналистік жазбаларының ерекшелік сипаты мыналардан көрініс табады: біріншіден, ойы көркем, мамұны тартымды болып келеді. Публицист қасаң, жазыла-жазыла жауыр болған мәселелерден гөрі оқырманға тартымды, тағылымды ой айтуға бейім. Екіншіден, нақты деректер мен фактілерге сүйенеді. Қай жанрда жазбасын дерексіз, дәлелсіз ой айтпай, мәселенің мәнін әбден түсініп, дәлелденгеннен кейін ғана тұжырымын жасайды. Үшіншіден, тілі ғылыми, әр сөзін салмақтап, тіркестерін орнымен қолданып, сөйлемдерін жұп-жұмыр, тиянақты етіп жазады. Одан қызыл сөздің майын тамызып, сөз қуу емес, ой түйіндей білудің шеберлігін көруге болады. Төртіншіден, тақырыпты аша біледі. Публицист экономика, саясат, өнер, басқа да саладағы тақырыбының идеясын түсіндіріп, айтқысы келгенін оқырманға жеткізе алады. Ол үшін қолданатын әдіс-тәсілдері де аз емес. Жақсы тақырыптың маңызын жойып, тұз-сөлін кетіріп, жарымжан мақала жазатындар болады, сәтсіздеу тақырыптың бағын ашып, жан-жақты ізденіп, оқырманын тамсандыратын дүние жазатындар болады. Ал, Камал Смайыловтың қаламынан тақырыбын барынша зерделеп, қиюын келістірген жақсы мақалалар шығады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Камал Смайылов публицистикасының тақырыптық, стильдік ерекшеліктері.
- 2 К. Смайыловтың «Оянған ойлар» еңбегіндегі тарих, мәдениет және ана тілі мәселелерінің ұлттық сана-сезімге әсері.
- 3 Публицистің «Жолданбаған 27 хатының» саяси астарындағы қоғамдық, ұлттық мүдде.
- 4 «Елім, саған айтам, Елбасы сен де тында!» еңбектің қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәні.

1.4 Шерхан Мұртазаның редакторлық, басшылық қызметі

Көрнекті публицист, қарымды жазушы Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ мекеніндегі Талапты ауылында дүниеге келді. Ол Талаптыдағы жеті жылдық мектепте оқып, он жылдықты Тараз қаласындағы қазақ-интернат мектебінде бітірді.

1950 жылы Жамбыл облыстық комсомол комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Асанбай Асқаров үш үздік оқушыны: Шерхан Мұртаза, Әшім Құрманов, Қаратай Тұрысовты шақырып алып, әуелі Владивостоктағы әскери училищеге жібермек болып, кейіннен Мәскеудегі жоғары оқу орындарына жолдама берді. Шерхан 1950 жылы Мәскеу полиграфия институтының редакциялық баспа факультетіне оқуға түсіп, бір жылдан соң М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауысады. Шерхан өзінің шығармашылық жолын студент кезінде башқұрт жазушысы Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесі мен Л.И. Лагиннің «Хоттабыч қарт» атты ертегі-повесін қазақ тіліне аударумен бастады. Ол 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін «Саяси және көркем әдебиет редакторы» мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолын Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан (қазіргі «Жазушы» баспасы) бастады. 1957 жылы Шерхан «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі болды.

Журналист еңбегі – үнемі ізденіп, шығармашылық жаңаруды талап ететін еңбек. Ол заманды жалаң суреттеп, оқиғаны тізіп шығушы емес, елдің тіршілік, қам-қарекетімен етене араласа отырып, әрбір жағдаятты әр қырынан үңіле зерттеп, танымдық сырын, қоғамдық мәнін терең ашып көрсетуді мұрат тұтады. Ш. Мұртаза өзінің журналистік қырын әрбір мәселеге объективті тұрғыда қарап, шын бағасын бере отырып, кемшілігін дәл көрсете білгендігімен ерекшеленеді. Қоғамда, өндіріс саласында орын алған кемшілікті қаламмен тілгілеп өткендей әсерде қаласың. «Лениншіл жастағы» «Обком секретары шахтаға бір түскен жоқ», «Кемшілікті мойындау оңай-ау, бірақ...», «Обкомол жас талапкер жайын ойламайды», «Күн тәртібінен түспейтін мәселе», «Әділетті болу керек», «Асығыс іс ақаулы», «Елеусіз қалған ет» сынды корреспонденциялары мен «Қылдырықтай қызылша», «Тойған кім, тоңған кім?» атты фельетондары жеке бір объектідегі кемшіліктер негізінде жазылып, олардың орын алу себептері, салдарлары, жоюдың жолдары көрсетіліп, нақты бір науқандарға, белгілі бір кезеңде қойылып, күн тәртібінде тұрған мәселелерге негізделеді.

Шерхан Мұртаза 1960-1962 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері болды. Сол жылдары жазылған публицистикалық туындыларының көпшілігі республикамыздың көптеген жерлерін аралап, еңбек майданындағы тыл өмірін, мәдениет, өнер мәселелерін, ауыл тіршілігіндегі елеулі оқиғалар мен игілікті істердегі жаңалық, жақсылық нышандарын қалт жібермеуі нәтижесінде туған. Шерхан публицистикасында Отан келбеті, бейбіт өмірдің шырайлылығы, жастардың тіршілік, тұрмыс сипаты, тың өлкесіндегі еңбек адамы негізгі тақырыптарына айналды. 60-шы жылдардың басында Торғай тыңы игеріле бастаған кезде осы оқиғаның басы-қасында болған

қаламгер «Шалқардағы шабыт», «Дән тасқыны», «Сары өзен» т.б. мақала, очерктерін жазды. Шерханның «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылдарында жарық көрген материалдарын іріктегенде көбінесе, мәдениет, өнер, ынтымақ, бірлік, шынайы достық, әдептілік, этика, эстетика мәселелері төңірегінде қалам тербегендігін байқауға болады.

Ш. Мұртаза 1956-1963 жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі – кәдімгі журналист ретінде өз қабілеті мен қарымын танытқан ол 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, 1971-1972 жылдар «Жалын» альманағында (қазіргі журнал), 1973-1975 жылдары «Жұлдыз» журналында, 1975-1980 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде, 1989-1992 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бас редактор, 1992-1994 жылдары «Қазақстан» телерадио компаниясының төрағасы қызметін атқарды.

Кешегі Коммунистік партия билеген, яғни орысшыл орталықтың әмірі жүріп тұрған тұста Шерхан Мұртаза 1963 (4 маусым) – 1970 (6 қазан) жылдары «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш» газеті) 28-ші бас редакторы болды. Ол бас редакторлық еткен біраз жылдар ішінде «Лениншіл жас» газеті жарияланымдарының пәрменділігі, айдарлары мен тақырыптарының тапқырлығы ерекше деңгейде көрініс тапқандығын байқар едік. Ол «Лениншіл жас» газетінің редакторы болған тұста баспасөзде еркін ойдың тұмылдырығы шешілмесе де халықтың көкейінде жүрген талай-талай сырлы сөз, батыл ой бір айтылса сол басылымның бетінде айтылатын еді. Сол тұста «Лениншіл жас» республика жастарының ғана емес, күллі халықтың сүйікті газетіне айналды. Жастарға міндетті сол кездің сан қилы талабын толық орындай отырып, «Лениншіл жас» әдебиет пен мәдениеттің озық насихатшысы болды, халықты сонысымен баурады. Газеттің 1963-1970 жылдар арасындағы тігінділерін парақтағанда сол жылдардағы «Аққу» эстетикалық клубы, «Күмбез» археологиялық клубы, «Арай» студент және уақыт», «XX ғасыр. Халықтар. Әдет-ғұрыптар», «Өркен» жоғары класс оқушылары үшін», «Замандас келбеті», «Әдебиет беті», «Ғылым дүниесінде» т.б. арнайы беттері мен тұрақты айдарлары жастардың әлеуметтік-қоғамдағы тыныс-тіршілігін, төл әдебиетіміздің өзіндік бет-бейнесін, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесін тақырып арқауы етіп, жеріне жеткізе жазып отырды. Әсіресе, «Лениншіл жастың» «Сенің демалыс сағаттарың» атты айдары бойынша жарияланған материалдар легінен жастық шақтың мағыналы сәттерін, думан-қызығын қалт жіберуге болмайтынын ескертетін, жастарға ой саларлық материалдардың орны ерекше болды. Газеттің «Адам несімен бай?» (3.09.63), «Адам тағдыры және тәрбие» (2.02.64), «Отау иесі болу оңай ма?» (5.02.66), «Сирек айтылатын сыр» (15.02.66), «Отбасындағы екеу» (15.01.69) тағы сол материалдарында өмір туралы, адам мен оның мақсаты, қоғам алдындағы борышы, адалдық туралы, мораль, этика, салт-дәстүр жөнінде бірқыдыру келелі әңгімелер қозғалып, пікірталастар ұйымдастырылды. Сондай сырласудың бірі Ә. Қоңыратбаевтың «Әдет – әдет емес, жөн әдет» (9 шілде, 1970) атты жастар тәрбиесінің, бүгінгі ауыл тұрмысы мен мәдениетінің өзекті мәселесін көтерген мақаласынан

басталды. Бұл мақалаға жастар газетінің оқырмандары қызу үн қосып, ел ішіндегі дәстүр, салт, әдет-ғұрып түрлерінің мәні мен мазмұнына тереңірек үңіліп, ежелден қалыптасқан қазақтың әдет-ғұрпының тозығы да, жаңа заманға лайық озығы бар, жасығы қайсы, асылы қайсы екендігі төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

1963 жылдың қазан айында Қаратау қаласының жаңадан бой көтергендігі белгілі. Осыған байланысты газет 1964 жылдың 14 сәуірінен бастап «Қаратау–кұрыш достық құшағында» атты арнайы бет ашылып, бірнеше мақалалар жарияланды. Газеттің «Комсомолдық прожектор» КП «Лениншіл жастың» штабы атты тұрақты айдары бойынша шаруашылық пен өндіріс орындарын аралап, өткір мәселелер қозғаған мақалалар жарияланды. 1964 жылдың тамыз, қыркүйек, қараша айларында «Асау Ертіс – алыптардың анасы» атты тақырыппен бір топ материалдар топтамасын жариялады.

Газетте 1965 жылдан бастап «Ғылым шыңына шығар жолда», «Жерде, суда, аспанда», оқырмандарды әлем әдебиетінің үздік туындыларымен таныстыру мақсатында «Шет ел әңгімелерінің кітапханасы», «Ғасырлар. Елдер. Ақындар» антологиясы және «Аталар сөзі» атты зар-заман жырауларының өлеңдеріне арналған тұрақты айдарлар мен «Химия ауылға аттанды» газет ішіндегі газет кітапшасы ашылды. Бұл 60-шы жылдары кез келген салада тартынбай, серпіліс тұсында суырылып ілгері шыққан газетте Шерханның редактор ретінде қосқан үлесі өте зор болды. Сол жылдары «Лениншіл жас» газеті сан құлап, сан тұншыққан ұлттық ой-сананың қайтадан бой көтеруіне себепкер аз ғана басылымдардың бірі болды десек – газеттің көш басында Шерхан Мұртаза отырды. Аласапыран өмірдің дауылды толқындарында сыннан өткен «Лениншіл жас», оның тәрбиесін көрген текті ұрпақ та ақиқаттың ақ жолынан ешқашан адасқан емес. Қандай қиын кезеңдерде де ащы шындық дабылын солқылдата соғып, ақиқатты ашық айтқан кездері де болды. Ауыр жағдайда бұғып қалмай, емеурінмен болса да ел мүддесін, халық үнін білуге ұмтылды.

Шерхан «Лениншіл жас» газетінде өз бағытын батыл қорғай білетін, принципшіл, қажетті қызметке қабілеті сай келетін кадрларды шебер іріктейтін және оларды қатал әрі әділетті түрде тәрбиелей алатын басшы екендігін көрсетті. Сондықтан да, «Көп жазушылардың қаламын ұштап, қайраған ұстаханасы – журналистика. Оның ішінде «Лениншіл жас» газетінің редакциясы шын мәнінде болашақ ақын-жазушылар университеті болды десе әбден, жарасымды» (Егемен Қазақстан. -1998. -26 желтоқсан, Ш. Мұртаза, Жұмагүлдің жұлдызы). Шындығында, қазақ әдебиеті мен журналистиканың бүгінгі тандағы уық, керегесіне айналған қадау-қадау дарындардың «Лениншіл жас» бетінен қанаттануына 60-шы жылдардағы бас редактор Шерхан Мұртазаның қомақты үлесі зор. Айталық, «Лениншіл жас» газетінен Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбеков, Сағат Әшімбаев, Мұхтар Шаханов, Қалдарбек Найманбаев, Ахат Жақсыбаев, Тұтқабай Иманбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Кәрібай Ахметбеков, Нұрлан Оразалин, Әнес Сараев, Қуанышбай Құрманғалиев, Серік Әбдірайымов, Смағұл Елубаев, Баққожа Мұқаев, Темірхан Медетбеков, Марат

Қабанбаев, Төлен Қаупынбаев, Аян Нысаналин, Жанат Елшібек, Болат Бодаубаев, Қайнар Олжай тағы да басқа көптеген қаламы ұшқыр да қарымды журналистер мен қаламгерлер өсіп, жетілді. Редактор Шерхан солардың әрқайсысына биік талап қоя білді, сөйтіп, шығармашылық тұрғыдан алғанда есейіп, қалыптасуына да тікелей әсерін тигізді.

Редактордың мойнында адам айтқысыз міндет бар, оның атқаратын жұмысы – әрі игілікті, әрі ауыр міндет. Бас редактор – автор мен тілшінің ақылшысы. Олардың кейбірі оқыс кеткен, жазу үстінде аңғара алмай, ағат жіберген кейбірі жерлері мен жолдарын редактордың жіті көздері жедел шолып, көрсетіп отыруға міндетті, әрі әділ бағасын беріп ақылын айтып отыруы тиіс. Шерхан редакторлық еткен солі кездің өзінде-ақ, «Лениншіл жастағы» осындай «тепсе темір үзетін», бұла күштің арқасында, «қатырма қалып – социалистік реализм» атты тар шеңбердің іргесі сөгіліп, әдебиет жаңаша сөйлей бастады. Оған сол жылдары «Лениншіл жаста» жарық көрген Ә.Кекілбаевтың, О. Бөкеевтің, Ф. Оңғарсынованың, А. Сейдімбектің т.с.с. мақалалары дәлел бола алады. Оның жастарды тәрбиелеуде өзіндік әдіс-тәсілі болды әрі редакторлық қырының ең басты күші маңайына батыс-шығыс, оңтүстік-солтүстік демей, талантты журналистерді топтастыруында, соларға арқа сүйеп, сенім білдіруінде дер едік. Осы тұста Шерханның: «Өз басым «Лениншіл жаста», «Жалында», «Жұлдызда», «Қазақ әдебиетінде», «Егемен Қазақстанда» адамның анкетасына, жеке іс-қағазына қараған емеспін. Бет-жүзіне қарадым. Иmandысына сендім. Жазған-сызғанына қарадым. Талабы барына тоқтадым», - деп жазуы кадрды біліміне, адамгершілігіне, адалдығына, іскерлігіне, парасаттылығына қарап таңдағандығын нақтылай түседі (Егемен Қазақстан. -1993. -9 қараша. Ш. Мұртаза, Шындықты шындап, мұратты мүсіндеген).

Кез келген редактордың жемісті еңбегі шығармашылық пен ұжымды басқара білу қабілетінен көрінеді. Шерхан бас редактор ретінде ұйымдастырудың үш міндетін көрсете білді деп айта аламыз, олар: біріншіден, Шерхан қарамағындағы тілшілердің, журналистердің баспасөзде қоғамдық ақпаратты, әлеуметтік мәні бар мәселелерді дер кезінде дұрыс көрсете білуіне басты көңіл бөлді; екіншіден, газет ұжымы алдына да, өзіне де: «қайтсе газет (болмаса журнал) жақсарады?» деген сауалды қойып, өзінің редакторлық шеберлігі мен тәжірибесін қазақ баспасөзінің өркендеуіне аямай жұмсап отырды; үшіншіден, бас редактор ретінде қолынан жазу келетін жастарға ағалық қамқорлық жасай отырып, елді елең еткізетін, оқырманға әлі белгісіз соны құбылыстарды көрсету қажеттігіне бағыт-бағдар сілтеді. Бұл «Редактор – газеттегі жетекші журналист. Әрбір материалдың мазмұны мен сапасына баға беру, газеттің өрнектелуіне зер салу – редактордың тікелей міндеті» екендігін көреміз (80 б, Т. Ыдырысов, 1977).

Дәл осындай әділ басшылығын біз Шерханның «Жалын» журналында бас редактор болған жылдарында да айқын тани түсеміз. «Жалын» альманағының алғашқы бас редакторы жазушы Өтебай Қанахиннен кейін 1971 жылғы № 1 -ші нөмірінен бастап Ш. Мұртаза бас редактор ретінде қол қоя бастады. «Жалын» альманағының әрі «Жазушы» баспасының жастар мен балалар әдебиеті

жөніндегі Бас редакциясының бас редакторы ретінде Шерхан Мұртаза ең алдымен, әдебиет сынына кең өріс ашты. Баспасөз бар жерде әдеби сын да бар. «Жалын» альманағы кемшіліктерді батыл айтып, әдебиет тағдырына байланысты туған сын мақалаларды батыл жариялады. Редактор Ш. Мұртаза әдеби-көркем сынның өсіп-өркендеуіне өзгеше қуатты ықпал жасайтын күштің бірі – мерзімді баспасөз екендігін аңғарып, альманахтағы «Тураби трибунасы», «Әдеби сын» атты тұрақты айдарлардағы жарияланымдарға баса көңіл бөлді. 1972 жылғы № 4-ші нөмірінен бастап ашылған «Жалынның» «Тура би трибунасы» атты күрескер айдарында сынға алушы Тураби Туғансызов Ә. Нарымбетовтың «Дәуір және поэзия» атты еңбегі туралы «Ә. Нарымбетов және сын немесе алты тармақтан тұратын ашық хат» (№ 4, 1972), Ә. Райымбековтың «Қазақ поэзиясындағы жұмысшы образы» жинағына «Көк кітаппен интервью» (№ 5, 1972), Ш. Смаханұлының «Айға ұшамын» кітабы туралы «Автор айға қарай ұшқан ба?» (№ 6, 1972) т.б. сын материалдарында сын мәдениетін сақтай отырып, кейбір әдеби туындылардағы кемшіліктерді тура көрсетіп, батыл ой айтып отырды. Осы тұста сыншы Мұхамеджан Қаратаев: «Жалын» альманағында «Тура би трибунасы» деп аталатын бір жақсы бастама көрінді. Мұндағы әдеби фельетондар халтураға қарсы бағытталған», - деп жазды (Жұлдыз. -1973. № 4. -201 б., М. Қаратаев, Жалын туралы сөз).

Шындығында альманах әдебиетіміздегі дүмбілездіктер мен шалағайлықтарға, саяси жамылғының астарымен күлдікөмеш жазбаларды жарыққа шығаруға қарсы аяусыз күрес жүргізді. Бұл жөнінде қаламгер Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиеті» газетінің 1974 жылғы 9 тамызында жарық көрген «Лайықты еңбек» атты мақаласында: «Кезінде «Жалын» альманағында «Тураби Туғансызов» деген лақап атпен бірнеше жас сыншылардың өткір материалдары жарық көрді. Ал, сыналған жолдастар не істемеді? Авторлардың шын аты-жөнін білу үшін бухгалтериядағы гонорар тізімін тіміскілеуге дейін әрекет жасады», - деп кезінде әділ сынға төзбей тарпаң мінез танытқан азаматтардың да болғандығын аңғартады. Әйтсе де, «Жалын» альманағында жарияланған Ә. Кекілбаевтың «Аты шағын демесең» атты жас жазушылардың әңгіме, повестеріне сыны (№1. 1972), С.Байжановтың «Темір қазық» және «Замандас бейнесі» атты рецензиясы (№3.1972), Ә. Марғұланның «Шоқан және Манас» атты зерттеу еңбегі (№5. 1972) кезінде жұртшылық, оқырман тарапынан жоғары бағаға ие болды. Демек, халық көкейінен шыққан сын – қашан да әділ сын екендігі даусыз, осы тұрғыдан алғанда, альманахтағы сынның басты мақсаты – көркем шығарманы талдау, бағалау екендігі аңғарылады.

Баспасөздегі әдеби сынның төмендеп бара жатқандығы туралы кейінірек сыншы Сағат Әшімбаев: «Кезінде тура айтамын деп кейбір туғандарына жақпай қалып, су түбі құрдымға кеткен, бүгінде бәріміз жамырай еске алатын «Турабидің трибунасы» да әдеби жұртшылықтың ықыласына ие болған еді», - деп жазады (Қазақ әдебиеті. - 1974. -9 тамыз, Ш. Мұртаза, Лайықты еңбек). Бұл– кезінде баспасөздегі сын мәселесіне қатты мән беріп, тұрақты айдар ашып, ондағы жарияланымдарға қолдау көрсетіп отырған Шерханның батыл басшылығын айғақтай түсетін тағы бір дәлел. «Бас редактор – қоғамның бас

дәрігері. Қоғам денесін әртүрлі жара қаптаған. Оның ішінде қатерлі ісік те бар. Сол ісіктің қоясын шығарып сылып тастауға жараса – сол бас редактор» (Егемен Қазақстан, -1999. -17 желтоқсан, Е. Смайыл, Бас редакторға жеті сұрақ). Біздіңше, Шерхан осы қағиданы өмірі мен еңбек жолының мол тәжірибесінен туындатқандығын көреміз. Қаламгерді біз бүгінгі қазақ журналистикасындағы нағыз жаңашыл әрі талапшыл санаулы редакторлардың бірі деп ерекше атап өте аламыз. Кешегі тоқырау жылдарының өзінде «Жүрегінің түгі бар» редактор Шерхан басқарған – «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті» басылымдары беттерінде ұлтымыздың, мәдениетіміздің, тарихымыздың, тұрмысымыздың, дүниетанымымыздың көкейкесті мәселелерін қозғайтын талай құнды дүниелер жарияланғаны баршамызға аян. Ол басқарған «Жалын» альманағы әсіресе, әдебиет, сын, өнер мәселелеріне біршама зер салды. Өнер тақырыбында жас актерлер мен өнші-бишілер, жас суретшілер мен архитекторлар жайлы очерктер, әңгімелер жариялап отыру редакция жоспарының басты бір тармағы болды.

Шерхан «Жалын» журналында редакторлық қызметімен қатар, «Жазушы» баспасы балалар мен жасөспірімдер әдебиеті Бас редакциясының бас редакторы ретінде де көптеген жұмыстар жасай жүріп, жастарды әдебиет белесіне көтеруге өзіндік үлесін қосты. Сол жылдары балалар мен жасөспірімдер үшін шығарылатын кітаптар саны, таралымы, көлемі бұрынғыдан гөрі едәуір ұлғайды. Сөйтіп, Шерхан басқарған «Жалын» өскелең әдебиетіміздің жас буынын баулып, жасөспірімдерге эстетикалық тәрбие беруде біршама істер атқарып отырды. «Жалын» альманағының бас редакторы кезінде өз қол астындағыларды ұйымдастырып, жөн бағыт-бағдар сілтеп отыруды міндеттеді. Соның нұсқасында өзекті мәселелерге жетектеп, бақылай білді. Сенімділікті, шындықты мықты құрал етіп, өз табиғи қалыптығымен айқындылықты қалады. Оның «Жалын» журналындағы аз ғана басшылық жылдарының өзінде-ақ, әдебиетіміз жаңа белестерге көтеріліп, жастардың шығармашылық кемелдігі, рухани тереңдігі арта түсті. Талай-талай қайталанбас әдебиетші таланттарға жақсылық шарапаты тиді, әрі олардың жекелеген жанрды игерудегі ізденістері кейіннен соны таланттың өзіндік өрнегін, шығармашылық шеберлігін шыңдап, тағылымдық арнаға ұластырды.

Қаламгердің әдебиет сүйер қауымға ықыласты назар аударып, ауқымын да, деңгейін де мейлінше көркейте білген тұсы – әдеби басылым «Жұлдыз» журналының (№ 1 1973 – № 5 1975) бас редакторлығы кезеңі еді. Шерхан Мұртаза бас редакторлық еткен жылдары «Жұлдыз» журналында «Публицистика және очерк» айдарында көркем публицистикаға, очерк жанрына кеңінен орын беріліп, онда республика өміріндегі елеулі өзгерістер мен табыстарының тынысын, еңбеккерлердің қажырлы күресін, еңбек үлесін, шаруашылықтар мен еңбек ұжымдарының экономикалық және әлеуметтік сыр-сипатын ашып көрсетуді басты мақсат етті. Бір ғана 1973 жылғы жылдық санының өзінде прозада – 36 шығарма, поэзияда – 35, очерк, публицистикалық мақалалар – 23, өнер, ғылым саласына арналған – 11 жарияланым, әдеби сын – 26, жаңа кітаптар туралы – 29 рецензия жарық көрді. Осылардың ішінде көркем публицистика, очерк жанрында жазылған

Ұ.Бағаевтың «Франция әсерлері» (№ 3, 1973), Ф. Оңғарсынованың «Мұнай мұхиты» (№ 5, 1973), Ғ. Жұмабаевтың «Жер асылы – Жезқазған» (№ 6, 1973) тағы басқа публицистикалық жарияланымдарды ерекше атап кетуге болады. «Жұлдыз» журналының 1974 жылғы нөмірлерінде қазақ поэзиясының жаңа үлгілеріне, соны да озық шығармаларына лайықты орын берілген. Әдебиетіміздің асыл мұралары, қазақтың көрнекті ақындарының бұрын жарық көрмеген, жаңадан табылған сирек туындылары оқырман назарына ұсынылды. Ал, 1975 жылғы нөмірлерде тоғызыншы бесжылдықтың соңғы жылы болғандықтан, еңбек адамдарының еңбектерін, жаңашыл дәстүрлерін барынша кең көрсетуді мақсат еткен публицистикалық туындылар, өнер және ғылымның жаңалықтары, айтулы табыстары, қол жеткен жетістіктері жайлы көптеген мақалалар жарияланды. «Жұлдыздың» «Сырласу клубы», «Сын және библиография», «Өнер және ғылым», «Екінші тыңға – кең өріс», тағы басқа көптеген айдарлардағы материалдардың құндылығын, онда көтерілген мәселелердің өзектілігін көруімізге болады.

Кезінде «Жұлдыз» журналы туралы «Правда» газетінің 1973 жылдың 29 қыркүйегіндегі (№262) санында «Басты бағыт – осы заман тақырыбы» атты мақала жарияланып, онда журнал жұмысының бірсыпыра жақсы жақтары аталды. Әсіресе, очерк пен публицистика саласында журнал өмірге батыл араласып, республиканың алып құрылысын, ауыл шаруашылығының мәселелерін үнемі көрсетіп келе жатқандығы айтылды. «Жұлдыз» журналының «Правда» газеті бетінде жақсы бағаға ие болып, Одақтық оқырмандардың назарына ілігуі, журналистердің сол жылдардағы шығармашылық үлкен табысына бас редактордың үлесі қомақты болды. Шерхан «Жұлдыз» журналында бас редактор болған жылдарында да әдеби сынға аса көңіл бөлу нәтижесінде, 1974 жылғы № 5 нөмірінен бастап «Жұлдыздың» сын-сықақ бұрышын ашты. «Жұлдыздағы» сын бұрышы «Әділсын Жұлдызұлы» атты шартты есіммен беріліп отырды. Мұның өзі біріншіден, шым-шымдап болса да шындықты арқау еткен өзіл-әжуаға, сын-сықаққа жақын оқырмандардың талап-тілектерін ескеру болса, екіншіден, әдеби-көркем сынның бір саласы сатиралық сынның белсенділігін көтеру болып табылады. «Жұлдыз» журналындағы сын-сықақ бұрышының материалдарында сын берудің жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа авторлар мен жас сыншылар тобын қарастырып отырды. Сын бөлімінің жұмысын 1972 жылы (қаңтар) СОКП Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысында атап көрсетілген нұсқауларды басшылыққа ала отырып, жүргізгендігін байқаймыз. Аталмыш қаулыдағы әдеби сынды талдау тереңдігі, сыншының мәдени шеберлігі, сыншы талғампаздығы турасындағы ұсыныстарды «Жұлдыздың» «Әділсын Жұлдызұлы» айдары да көкейтесті мәселе ретінде көрсетіп, әдеби сынның тағдырына алаңдайтын шындықтың түпқазығына айналды. Бұл бас редактор ретінде Шерханның әділеттің, ақиқаттың, шындықтың ақ туын көтеріп, әдебиеттегі ең жауапты да қиын жанр – сынға өзі басқарып отырған «Жұлдыз» журналында да ақ жол ашып отырғандығын аңғартады. Демек, Шерхан бас редактор ретінде «Сын деген – әдебиеттің шекарасы. Сырттан атылған оқ та, іштен атылған оқ та

алдымен соған тиетініндігін» осындай нақты істерімен де дәлелдеп отырды (106, Б. Сарбалаев, 1992).

1973 жылдың мамыр айында Қазақстан Жазушылар одағының бесінші пленумында «Қаратау кеншілері туралы «Жұлдыз» журналы тұрақты жазып тұратын болады деген пікір айтылып, ол ниет жан-жақты қолдау тапқан еді. Осы ретте Шерханның өзі жазған естелігінен үзінді келтірсек: «Мен таяуда ғана Қаратау бассейнінен оралдым. Алып комбинаттың тынысы зор. Қазыналы Қаратау өзінің сарқылмас байлығын халқының игілігіне жайып салды. Біз «Жұлдыз» журналы Қаратау кеншілерімен тығыз байланыста болып, олардың өмірінен үзбей очерктер жариялап тұрады деп келістік. Әрине, бұдан «Жұлдыз» тек Қаратау шаруасымен ғана шұғылданады деген ұғым тумаса керек. Журналда Маңғыстау, Жезқазған жайлы очерктер жарияланып жатыр. Алдағы уақытта оның бетінен жұрт Екібастұз, Теміртау, Торғай қаһармандары туралы тартымды туындылар оқи алады». (Қазақ әдебиеті. -1973. -25 мамыр, Ш. Мұртаза, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының пленумында сөйлеген сөзі). Сол игі бастаманы редактор ретінде Шерхан Мұртаза «Жұлдыз» журналының 1973 жылғы № 9 нөмірінен бастап жүзеге асырды. Ондағы басты мақсат – өндіріс орындарындағы қазақ жұмысшылары мен басшы мамандардың қызметіне аз да болса ықпал жасау. Бұл мәселе «Жұлдыз» журналы редакциялық посты Қазыналы Қаратауда» атты тұрақты айдарда көрініп, онда Т. Әлімқұловтың «Жасарған өлкенің жаңа қадамдары», Б. Нұржекеевтің «Шыңдалу» (№ 10, 1975) сияқты көптеген публицистикалық туындылары жарық көрді.

Шерхан «Жұлдыз» журналында бас редактор бола жүріп, өзінің алғашқы «Қара маржан» романын дәл осы тұста жазды. Өндіріс тақырыбындағы алғашқы сәтті туындысы «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965) повесінен кейінгі жұмысшы, кенші өміріне арналған «Қара маржан» романының жазылу барысы туралы қаламгер: «Қайта-қайта Қаратау өңірін аралағаннан алған әсерден кітап жазылып жатыр. Ол бүгінгі жұмысшы келбетін жаңа адамның бай рухани жан дүниесін қоспасыз, боямасыз шынайы ашып көрсетсе, нұр үстіне нұр болар еді...», - деп жазады (Лениншіл жас. -1974. -15 қараша, Ш. Мұртаза., Ж. Досымов, Жұмысшы – жасампаз еңбектің жаршысы). Бұл қаламгердің әлі соңына нүкте қойылмаған «Қара маржан» романы туралы толғанысы болса, кейіннен: «Мен өзім кезінде Қаратау кеншілерінің өміріне біраз араластым. Соның нәтижесінде «Қара маржан» атты роман жаздым. Сондықтан да, кенші еңбегін, оның қиыншылығын, әрбір тонна минерал тыңайтқыш қанша күшке түсетінін бірқыдыру білемін. Бұл әсте оңай еңбек емес... Тас кеміріп, одан кен шығарып, оны тастан бөліп алып, сұрыптап, ұнтақтап, қағаз қапшыққа салып жер-жерге жөнелтіп, пойызға, машинаға тиіп мүдделі жерге жеткізгенше қанша еңбек, қанша шығын керек», - деп, өндіріс тақырыбының күрделілігін, қым-қуыт қиындығын сезініп, кеншілер өмірін жазу оңай еместігін жақсы пайымдайды (Лениншіл жас. -1986. -6 ақпан, Ш.Мұртаза, Адал еңбек).

«Жұлдыз» журналының бас редакторы болған жылдар хақында Шерхан Мұртазаның былай деп жазғаны бар: «Алған асулар мен қол жеткен табысқа

масаттанып, күлді-бадам дүние ұсынуға, сөйтіп оқырман халықтың көңілін қалдыруға ешбір жол жоқ. Ендеше журнал қызметкерлерінің ең абыройлы міндеті сол – редакцияның қоржынына түсіп жатқан роман, повесть, әңгімелердің көркем де қызғылықты, жарық көруге сұранып тұрғанын іріктеп басу болмақ. Асылы, журнал әдебиет жасамақ емес, қайта сол әдебиеттің өзі журналды жасайды. Олай болса «Жұлдыздың» көркем де, сапалы шығуына бірден-бір қозғаушы күш – әр жазушының өз туындысына жауапкершілікпен қарап, әсіресе, осы замандағы еңбек қаһармандарының алып бейнесін көркемдік дәрежесі жоғары, шұрайлы тіл, үлкен идеясымен сомдап жасауы болмақ» (Социалистік Қазақстан. -1974. -5 қазан, Ш. Мұртаза, Әдебиет айнасы). Бұл жарық көрмек көркем шығармалардың жоба-жоспарын алдын-ала сұрыптап, ең таңдаулыларын ғана жариялауға ұсынатындығын айқындайды.

Халық өнері – өткеннен бүгінге дейінгі ұзақ керуеннің ұлан-ғайыр дүниесі десек, әні мен күй, қол өнері мен зергерлік жәдігері, тарих, ғылым мәселелері «Жұлдыз» журналында үздіксіз жарияланып отырды. Мысалы, А.Машановтың «Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы» (№ 9, 1975) ғылыми зерттеу мақаласы, К. Смайыловтың «Кинодраматургия – қазақ әдебиетінің бір саласы», Ш. Елеукеновтің «Тарих және көркем шындық» (№10, 1973), Р. Нұрғалиевтың «Әуезов драматургиясындағы совет шындығы» атты (№3, 1973) сын мақалалары түйінді ой мен тұжырымдарға құрылып, ұлттық мүддені көздейтін, соны жандандыра түсетін ойдамыздық тәрізді дүниеге айналғаны даусыз. 70-ші жылдары тоқырау мен тоқмейілсу рухани мәнгүрттік дертін жая бастағанда, ұлттың рухын сақтап қала алған «Жұлдыз» журналы еді. Оған редактордың қосқан үлес салмағын қаламгер Шерхан Мұртазаның: «Ертеде Шыңғыс хан айтыпты: «Жолбарыс ұяластарын ит басқарса – жолбарыстың бәрі итке айналады, шиебөрілердің ұяласын жолбарыс басқарса – бәрі де жолбарыс болады. Сондықтан да, редактор өзімен үндес, қаламы қарымды, қатарлас серіктер жинауы керек. Он жерден батыр, мың жерден ақылды болғанмен жалғыз редактор не бітіре алады?..», - деген өз пікірімен бергіміз келеді (Алматы ақшамы. -1990. -15 наурыз, Ш. Мұртаза, Менің қаруым– қалам мен газет). Ендеше, әр басылымның өзге басылымға ұқсамайтын өз кескін-келбетінің болуы – шынайы талантқа, шебер редакторға тән құбылыс.

Республикамызда шығатын әр түрлі газет-журналдарда қызмет атқарған Шерхан Мұртазаның ең көп уақыт және тұп-тура жариялылық пен қайта құру кезеңі басталғандағы редакторлығы «Қазақ әдебиеті» газетінде (1980 жыл 10 қазан-1989 жыл 10 қараша) өтті. «Қазақ әдебиеті» газеті – әдебиет пен өнердің газеті. Әдебиет те, өнер де – киелі тәрбиеші, қасиетті тәлімгер, руханиятымыздың үлкен жанашыры, рухани дүниелеріміздің жоқтаушысы әрі насихатшысы, ұлттық тарихымыздың түгендеушісі. Сол жылдардағы «Қазақ әдебиеті» газеті республикамыздың әлеуметтік-қоғамдық тіршілігін, төл әдебиетіміздің өркендеу барысындағы көркемдік жүйені жан-жақты көрсетуге көп күш жұмсады. Газетте тұрақты тақырыпқа айналған «Жазушы және өмір», «Қаламгер сөзі: молшылық көзі», «Зәру мәселе» сияқты сол тұстағы тұрақты айдарлар осы мақсатқа арналған. Сол жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті сол

жылдары тек әдебиет пен өнерге қатысты ғана емес, қайта құру ісіне, жариялылықты жүзеге асыруға айтарлықтай атсалысты. Қазақ халқының тарихындағы ақтандақтар ақиқатын, қазақ тілінің мәні мен өріс алу бағыттарына, республикамыздың экономикалық және мәдени дамуына, экология, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, «Тұрғын үй – 91» бағдарламасын жүзеге асыру тақырыптарына арналған көкейтесті мәселелерді көтерді. Айталық, газет бетінде әдебиет, өнер, тарих мәселелеріне арналған Қ.Мұхаметхановтың «Бұқар жырау» (30 шілде, 1982), Қ. Токмырзиннің «Құрманғазының «Қызданайдың қырғыны», «Төремұрат» күйлері қалай туған?» (13 тамыз, 1982), Р. Бердібаевтың «Фольклор және көркемдік даму» атты әдеби сыны (16 шілде, 1982), Ә. Бейсебаевтың «Өңгіме арқауы – балалар әдебиеті» (10 қыркүйек, 1982), Р. Рүстембекованың «Қаламгер Кеменгеров» (22 шілде, 1988), С. Машақовтың «Шеберлік пен шешендік» (15 қыркүйек, 1989) т.б. мақалалары оқырмандардың оң пікірін туғызды.

Қазақстан Жазушыларының 1981 жылы болып өткен кезекті VIII съезінде қазақ әдеби сынының мәселелері кеңінен қозғалды. Осы тұста әдеби-көркем сынның өсіп-өркендеуіне «Қазақ әдебиеті» газетінің тигізген әсері қомақты. Басылым бетінде нөмір сайын шығатын сын материалдардың айдарына қарап отырсаңыз әдебиеттің бірде-бір саласы көңілден қағыс қалмаған. 1982 жылдары газетте «Өнер өрендері», «Театр», «ХІ бесжылдық ырғағы» жаңа айдарлар пайда болса, 1984 жылдың 20 қаңтарынан бастап жас таланттарды, тағдырын өнермен ұштастырып жүрген өрендер туралы «Айдындағы ақ желкен» атты жаңа айдар ашылып, көптеген материалдар оқырмандарға жас дарындарды таныстыру мақсатында жарияланды. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1984 жылдың қыркүйек айынан бастап «Тарихи шығарма және қазіргі сын» атты тұрақты айдар ашылды. Газет «Ортаға салар ойлар бар» атты тұрақты айдарында «Намыс па, бәсеке ме?», «Барды бағалау ләзім немесе музей мәдениеті туралы сөз» т.с.с. проблемалық мақалалар мен түрлі пікірталастарды жариялады. Осы жылдары әдеби басылымда Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің 90 жасқа, Кененнің 100 жасқа толу мерейтойына орай топтама материалдар жарияланды. 1985 жылы «Бесжылдық ырғақтары немесе жазушы толғанысы», «Зәру мәселе», «Инабат иірімдері», «Ауылым – алтын бесігім», «Кітап – кісілік келбеті», «Сұлулықтан сыр тартсақ» т.б. айдарларда жарық көрген жарияланымдар оқырман көңілінен шықты.

«Қазақ әдебиеті» газетінде 1986 жылдары жарияланған публицистикалық туындылар Қазақстан Компартиясының XVI съезіне әзірлік үстінде жобалап отырған бағдарламалық құжаттардан туындайтын келелі міндеттер алдында тұрған істерді, әрбір жазушылардың, өнер адамдарының партиялық, халықтық бағдарламаға өз күш-қайратымен, шығармашылық жігерімен жауап беруге тиістігін аңғартады. Газеттегі прозалық шығармалар мен публицистикалық мақалалар кеңес адамының бейнесін жасап, тұлғасын көрсетіп қана қоймай, сол кезеңнің заман мен уақыт талабына сай болуын қадағалайды. Ал, 1987 жылдың ортасынан бастап газетте ана тіл мәселелері туралы мақалалар, «Дерек» айдарымен оқырманға беймәлім құжатты, деректі дүниелер жариялана бастауына ықпал етті. СОКП Орталық Комитетінің маусым (1987) Пленумы

экономиканы басқаруды қайта құру жөніндегі міндеттері туралы мәселе қарағанмен, бұл аса беделді жиындағы сөз экономика шеңберінен әлдеқайда кең, қоғам мүдделі болып отырған күрделі де құдіретті мәселелерді қамтыды. Газетте 1988 жылдың 29 шілдесінен бастап «Ойтүрткі» жаңа айдары ашылып, онда қоғамдық өміріміздегі тың өзгерістер мен тосын сауалдарға тиянақты жауап іздеу мақсаты көзделді. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы сандарында қоғамдағы жариялылық саясаты мен әлеуметтік өмірді қайта құра отырып, оның демократиялық сипатын көрсетуді негіздейтін «Мезгіл мінбесінен», «Тағдыр», «Шаңырақ» т.с.с. тұрақты айдарларында берілген материалдар арқылы оқырмандарды әлеуметтік маңызы жағынан келелі пікір тоғысына шақырды.

Шерхан Мұртаза басшылық еткен «Қазақ әдебиеті» басқа басылымдарға қарағанда, әсіресе, қайта құру мен жариялылық орнаған жылдарда көш басында жүрді, ел көкейінде жүрген мәселелерге батыл баруы, сөйтіп, оқырман көкейіндегісін дөп баса білуінің өзі газет редакторының ерекше ерен еңбегін көрсетеді. Редактор Шерхан «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби сынның әрі шыншыл, әрі сауатты, әрі тегеурінді болуын талап етті. Өзіндік беті, мінезі жоқ баспасөзді жұрт қадірлемейді, керісінше, өз мінезі, беті, азаматтық нысанасы, өз қолтаңбасы анық болса ғана, көркемдік, қоғамдық дамуға жетекші болатынын бас редактор ретінде батыл міндет етіп ұстай білді. Демек, Шерхан «Қазақ әдебиеті» газетінде де туралықты ту еткен батыл, адал, әділетті, шыншыл редактор болды.

Бас редакторлық еткен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1986-1989 жылдар аралығында батыл бой көрсеткен күрделі мәселенің бірі – бұрын аузымызға алынбаған ақтандақ жылдардан кейінгі ұрпақ құлағына шалынбаған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне, тағдырына байланысты тың деректер жарияланып, жұртшылықтың игілігіне ұсынылды. Кезінде сталиндік репрессияның, жазықсыз құрбаны болған дарынды ақындардың, асыл азаматтардың, ел мүддесі үшін жанын қиған ерлердің соңында қалған қымбат мұралары мен құпия деректерің жариялауға болмайды дегенді сылтау етіп, баспаханада теріліп қойған мақаланың шырқыраған шыншыл фактілерге толы беттерін қысқартып, қолдан жаңа ақтандақтар тауып берген кездері де болды. «Қазақ әдебиеті» оқырманға Н. Ахметбековтың бұрын жазылып, бірақ жарық көруге рұқсат ала, алмай келген «Күләнда» поэмасын, Ж. Сыздықовтың «Әли қарттың аңызы» поэмасын, Ж. Бектұровтың Шәкәрім тағдырына арналған «Ақын мен арамза» поэмасын, дарынды актер әрі ақын Шахан Мусиннің, ғалым Бүркіт Ысқақовтың өмірінің ызғарлы шағында өзгеше жазылған өлеңдерін де тұңғыш рет ұсынған батыл газет болды.

Нәзір Төреқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Жүсіпбек Аймауытов тағы сол сияқты қоғам қайраткерлерінің шындық өмірбаяны мен шығармаларына арналған айқарма беттер мен зерттеу мақалалар оқырман көкейін дөп басқаны белгілі. Бұл арыстардың өмір жолын тұтас айту, халықтың тағдырын сөз қылу – тарихи шындықты тұтас көру деген сөз. Осы ретте публицист Камал Смайыловтың: «Шерхан Мұртаза басқарған

жылдардағы «Қазақ әдебиеті» тоқыраудың топсасын босатып, ұйықтағандарды оятқан, бұққандарға бой көтерткен, бірден-бір басылым болды», - деген пікіріне толық келісеміз (26 б, Шераға, 1993). Себебі, өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін еместігін сезінген бас редактор Шерхан тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарасты аса жауапкершілікті, байсалды пайымдау қажеттілігін өз ісімен осылайша көрсете білді.

Қаламгер Шерхан Мұртаза 1989 жылдың 11 қарашасында «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болды. Бас редактор ретінде ол ең алдымен, газеттің «Социалистік Қазақстан» атын (1991 жыл, 18 маусым) жаңаша атауды көздеді. Газет баяғы партиялық, марксизм заманынан бері көнтерідей сіресіп қалмай келген «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген қасаң ұраннан арылып, «Азаттық. Теңдік. Туыстық!» ұранын көтерді. Партияның таптаурын, жұтаң идеологиясы, қаулы-қарарлары төрт бетін түгелге жуық толтыратын «Социалистік Қазақстан» газеті ол басшылыққа келгенде, аты да, заты да өзгеріп шыға келді. Сөйтіп, шыққалы бері партиялық үстемдіктің республикадағы ең негізгі идеологиялық қаруы, күші болып келген газетті бас редактор Шерхан аз уақыт ішінде елдің, ұлттың мүддесі үшін батыл күресетін, ұлт тағдырына батыл араласатын, азаматтық үні айқын газет етіп, жедел өзгертті. «Социалистік Қазақстан» қырандай түлеп, алғыр да батыл әрі батыр, сөзі өткір, ойы ұшқыр басылым болып қаланды.

«Социалистік Қазақстан» газетінің батыл түрде айлардың атын қазақша бере бастауы республикамыздағы өзге газет-журналдарға да өз әсерін тигізді. Осыдан кейін-ақ, іле-шала Шерхан Мұртаза талабымен СССР, КПСС, ТАСС т.б. ресми атаулар да газет бетінде қазақша аударылып жазылды. 1991 жылдың 15 мамырынан бастап газеттің соңғы бетіндегі Бас редактордың фамилиясынан бастап, редакция алқасы мүшелерінің түгелдей аты-жөні тұңғыш рет «ов», «ев» жұрнақтарын алып тастап шықты. Ш. Мұртазаның оқырман қауымға әсер еткен бұл бастамасы күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келеді. Алғашқы күннен қасаң да таптаурын айдарлар мен тақырыптарды тірілтуден бастаған «Социалистік Қазақстан» газетін биік талап тұрғысынан түлетуге ұмтылды. Ең алдымен, мақалалардың тіліне мән беріп азулы да бұлтақсыз, өткір де әділ сын мақалаларға жол ашты. Бұл орайда негізгі нысананы аудандық, қалалық, керек десеңіз өмірбақи сыналмай келген облыстық партия комитеттерінің тікелей өзіне бағыттау керек екенін айрықша қадағалады. Бұған дейін «Шыбық тимей шыңқ етер» төрешілдерді-партократтарды сынауға кез келгеннің батылы бара бермейтіні белгілі. Жүрегінің түгі бар Шерхан бетің бар, жүзің бар деместен, бірінші осылардың аты-жөндерін атап, өткір сын тезіне салды. Ол журналистерден өткір тақырыптарға көбірек қалам тартуды талап етіп отырды. «Егемен Қазақстанның» бетінде Талдықорған, Шымкент, Алматы, Павлодар т.б. облыстық партия комитеттері өткір сын тезіне алынды. Бір ғана нақты дерек ретінде Алматы облыстық партия комитетінің кадрлармен жұмыс істеудегі жіберген өрескел қателіктері мен кемшіліктерін сын тезіне салған «Егемен Қазақстан» газетінің 1990 жылғы 17 сәуірінде жарық көрген «Кіші 37

емес пе?..» атты сын мақаланы айтсақ та жеткілікті. Осындай айтар ойы мен көрсеткен дәлелдері айқын, батыл жазылатын мақалалар газеттің бет-бейнесін ашып көрсетті. Қай газеттің болмасын өзіндік бет-бейнесі, дара келбеті онда істейтін журналистердің қалам қарымына қатысты. Ойды, идеяны айта алушылық бір бөлек те, оны жүзеге асыра білу мәселенің екінші жағы, сондықтан бәріне мұрындық болар, шығармашылық ұжымға айырықша күш-қуат беріп отыратын басшы редактор қашанда қажет-ақ. Газеттің сипаты мен салмағы, мазмұны мен мәні тікелей басшысына байланысты.

Редактордың мінезі – өзі басқарып отырған басылымнан көрінетіні анық. Мықты басшы бар жерде, мықты ұжым бар. «Газет жұмысының ғажап бір қасиеті – тындырғанының бәрі әманда қалың халықтың алақанында, газет бетінде, жалған мақтана да алмайсың, шалыс басқан сәттерің болса, оны да қымқыра алмайсың» (Жалын, -1995. -№ 1-2. -219 б, С. Байжанов, Дос туралы сөз). 1989-1992 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» газетінің көтерер жүгі ретінде ұдайы көңіл аудартқан тақырыптардың дені редактор Шерханның идеялары екендігі белгілі. Әсіресе, «Социалистік Қазақстанның» келбеті еліміз егемендік алған жылдардан бері өзгеріп сала берді. Газет біртіндеп бұрынғы жалтақтықтан арылып, ұлт тағдырына байланысты материалдарды жиі жариялай бастады. Осы уақыттарда бұл газеттің бетінде қазақ тарихының кесек тұлғалары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би хақында, ел бастаған хандарымыз бен қол бастаған батырларымыз жөнінде жазылған материалдар сериясы, «Газет ішіндегі кітап» қосымшалары оқырман қауымның ризашылығын туғызып қана қойған жоқ, әрбір оқырманның ұлттық санасын дүр сілкіндіріп, өз халқының ұлттық перзенттеріне деген мақтаныш сезімін тудырды. Мәселен, 1991 жылдары газет бетінде «Алыптардың асыл бейнесі» атты тақырыпта Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов т.б. сынды арыстарымыз туралы мұрағат қойнауынан табылған материалдар негізінде жазылған мақалалар жарық көріп, ол «Ақтандақтар ақиқаты» айдарымен берілді. Сонау замандардан бастау алып бүгінгімізге дейін тартылып жатқан қазақ тарихын, шежіресін оқытудың, зерттеудің жаңаша ойлау жүйесіне сай келетін тұжырымның әлі жоқ екендігі, сол олқылықтың орнын толтырудың мақсатында тарихшы ғалымдар үшін газетте «Жариялылық мінберінде – тарихшы» деген жаңа айдар ашылып, онда тарихшылар М. Қойгелдиевтің «Жалын ғұмыр» (27 желтоқсан, 1989), «Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп...» (14-16 қаңтар, 1990), Т. Омарбековтың «Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?» (26 қазан, 1991), швед тарихшысы Ингвар Сванбергтің «Қазақтар Түркияға қайдан барған?» (21 желтоқсан, 1997) т.б. материалдары мен зерттеу еңбектері жарияланып, тарихи тұлғалардың тарихтағы орны, қоғамдағы жасаған өнегелі істері жайлы көптеген мәліметтер беріп отырды.

Шерхан бас редактор болған «Социалистік Қазақстан» газетінде сол жылдары «Жансарай» әдебиет пен өнер беті, экологиялық «Галбесік» беті, «Алыста жүрген ағайын», «Сөз сыры», «Өзекжарды өткір сөз», «Даму тізгіні– дербестікте», «Жариялылық мінберінде – жазушы», «Жазылған жайдың жаңғырығы», «Ақжаулық» – ата-ана мен балалар клубы», «Жігер – спорт

клубы», бөбектерге арналған «Алтын сақа», «Қайта оралған қандастар», «Атың барда жер таны», «Ауылдың әлеуметтік әлемі» сынды арнайы беттері мен тұрақты айдарлары өзіндік ерекшеліктері мен тапқыр көріністері арқылы оқырмандар ықыласына бөленді. 1990 жылдың қаңтарынан бастап газеттің сенбілік санының екі беті «Жансарай» деп аталатын әдебиет пен өнер бетіне арналып, сенбі күні сегіз бет болып шыға бастады. «Жансарай» арнайы бетінде «Дидарғайып», «Өнер қонған ел едік», «Әзіл, оспақ, сын-сықақ» бөлімдері мен арнайы бұрыштары оқырман көңілінен шығып, тұщымды дүниелер беріліп отырды. Сонымен бірге, ақын-жазушылардың прозалық, поэзиялық шығармалары, өнер, мәдениет қайраткерлері туралы естелік мақалалары жиі көрініп тұрды. Бұл бас редактор Ш. Мұртазаның өнер адамдарына көрсетіп отырған қолдауының игі нәтижесі еді.

Газеттің 1990 жылдың 1 қаңтарынан бастап белсене, білек сыбанып кіріскен ісінің бірі – республикадағы экономикалық дербестік. Сол мақсатта «Даму тізгіні – дербестікте» айдары ашылып, онда еліміздегі экономиканы дамыту, өркендету және басқару мәселелер сөз болып, ауыл шаруашылығының жаңаша әдіс-тәсілдері жан-жақты көрсетілді. Олардың көпшілігі «Нарық экономикасына нақты қадам», «Базар біткен өртеніп тұр», «Нарықты қалай түсінеміз?» «Сөздің көптігі, істің жоқтығы» т.б. атты тақырыптарда көрінді. Еңбек адамдарының жеке табыстары мен жетістіктері «Замандас келбеті», «Республиканың еңбеккер бейнесі» айдары бойынша материалдар беріліп отырды. «Социалистік Қазақстан» газетінің мазмұны мен түрі Шерхан редактор болған кезден бастап өзгере бастады. Ұлттық мәселеге, тарих ақтандақтарына байланысты мақалалардың жиі көрінуі, бұрын жазылмаған, ауқымды тақырыптардың кең қамтылуы арқасында «Егемен Қазақстан» үлкен беделді газетке айналды. Газеттің бұлайша халық арасына кең танымал болуы жолында бас редактор Ш. Мұртазаның өзіндік қолтаңбасы айқындалды. «Социалистік Қазақстанға» басшылық жасай басталғалы бері бұрын аты ғана «бас газет» болып келген басылым республиканың шын мәніндегі бас газетіне, қазақ басылымдарының биігін танытатын ең беделді газетіне айналды. Сол үшін кезінде Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың өзі: «Қазір «Социалистік Қазақстан» жұртшылықтың сүйіп оқитын газетіне айналды. Онда ашық сын, өткір пікірсайыс бар», - деп әділ бағасын беріп, атап өтті (Социалистік Қазақстан, - 1991. - 9 сәуір, Н.Ә. Назарбаев, Бәрін де ақылмен істеу керек).

Газет жұмысы – барлық әдебиет жұмысының ішіндегі ең қиыны. Олай болатын себебі, мерзімді басылымдар үздіксіз шығады, жұмыс әрдайым асығыс жүргізілетіндіктен, оны көркемдеп жатуға уақыт жетпейді. Ал, бас редактордың мойнында адам айтқысыз міндет бар. Редактордың атқаратын жұмысы – әрі игілікті, әрі ауыр міндет. Кез келген қаламгердің бас редактор болуы екіталай, сонымен қатар, жақсы жазушының бәрі бірдей журналист бола алмайды. Демек, «Шерхан Мұртаза рекордшы – редактор. Ол редакторлық қызметте жүріп, кітап жазатын жазушы. Шерхан Мұртаза – зейнетінен бейнеті көп жазушы» екендігін айқын аңғартады (Халық кеңесі. -1992. -16 қыркүйек, Т.Сүйінов, Елінің ер ағасы).

1992 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» жарлығы шықты. 1992 жылдың 19 қыркүйегінде «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы болып қаламгер Шерхан Мұртаза тағайындалды. Компания төрағасы болған күннен бастап ол өзінің бар күшін, біліктілігін қолға алды. Бұл – бір журналистиканы, өнерді білуді, бейнелеуді кино көзімен қарауды ғана талап етпейтін, көптеген мамандардың (редактор, режиссер, оператор, әуезші, суретші, түрлі саладағы инженерлер т.б.) шығармашылық бірлігін қамтамасыз етіп қана қоймайтын, бұған қоса техникадан, экономикадан хабардар болуды да қажетсінетін жұмыс. Тіпті бұл да аз. Тәулігіне ондаған сағат сайрап тұратын, радио мен теледидардың жұмысын жолға қою үшін жігері оңайлықпен жасымайтын басшы керек. Тандаудың журналист Шерханға түскені тегін емес еді. Өйткені, кезінде «Жас Алашты», «Жалынды», «Жұлдызды», «Қазақ әдебиетін», «Егемен Қазақстанды» халқының сүйікті басылымдарына айналдырған талантты редактор қазақ теледидары мен радиосының материалдық-техникалық базасын қысқа мерзімнің ішінде нығайтып қана қоймай, хабарлары мен ақпараттарының азаматтық позициясын айқындап, деңгейін сапалық биікке көтере білді. Шерхан ең алдымен, телерадио компаниясының техникалық жағын көтеруді, жақсартуды қолға алды.

1992 жылдың 14 желтоқсанынан бастап журналист Шерханның бастамасымен қазақ және орыс тілдерінде шығатын «Таңшолпан» ақпаратты-сазды, публицистикалық бағдарламасы көрермендерге көрсетіле бастады. «Таңшолпан» бағдарламасы халықтық қасиетке, ұлттық санаға байланысты хабарлар, бірыңғай саяси емес, әртүрлі ақпаратты-сазды, публицистикалық болып келді. «Таңшолпан» бағдарламасы «Зейнеп апайды тыңдасақ», «Иман» сабақ», «Қойшыбайтегінің бизнес мектебі», «Заң және біз», «Ән жолдасам деп едім», «Қазақ, ағылшын тілін үйрету сабақтары» т.б. айдарларында келіндерге кеңес, имандылық, мұсылмандық, оның шарттары, нарықтың ғылыми негіздерін түсіндіру тәрізді мәселелер сөз болды. Кезінде көрермендер көзайымы болған «Таңшолпан» бағдарламасы біраз үзілістен кейін 2001 жылдың 18 қаңтарынан бастап қайта эфирге шыға бастады. Бұл бағдарлама Шерхан Мұртаза үрдісінің айқын бір көрінісі екендігін әлі де дәлелдеп келеді. Осы ретте 1993 жылдың 8 ақпанынан бастап беріле бастаған орыс тіліндегі хабарлардың да өзіндік мәні, мақсаты болғандығын айта кеткен жөн. Ол республикада орыс халықтарының өкілдері көп тұратындықтан, ұлтымыздың тарихы мен мәдениетіне қатты көңіл аударуының негізінде «Телеистория моего народа» айдарын ашып, көрерменге ұсынды.

90-шы жылдардың басында өз бастамасымен «Шарайна» ақпаратты бағдарламасын, «Тайқазан», «Хан тәңірі» жарнама агенттіктерін құрды. Әсіресе, «Шарайна» бағдарламасы көгілдір экран көрермендерін жұмыс күні басталғанша өткен күннің соңғы жаңалықтары мен бүгінгі күннің ақпараттарына қанықтырып отырды. Тіпті «Шарайнаның» титріндегі жанары жарқ етіп, одан дүр сілкініп, қанаттанып самғай жөнелетін қыранның өзі көпшілік көңілінен шықты. Оның жасөспірімдер мен балалар хабарларына баса

көңіл аударуының нәтижесінде «Сиқырлы қазан», «Әнші балапан» атты бағдарламалардың дүниеге келді. Кішкентай балдырғандарға арнап «Ертегі айта білемін» атты кешкі хабарды тұрақты түрде көрсетіп отырды. 1994 жылдың 20 маусымында «Қазақстан-1» теледидарында «Теледидардың ақпараттар ағыны» атты төрт сағаттық бағдарламасы өз жұмысын бастады. Осы бағдарламадағы «Айналайын» атты балаларға арналған бөлімі де кезінде көздеген мақсаттар деңгейінен шығып отырды. Теледидар жалпы халықтың халық болуына, мемлекеттің мемлекет болуына үлкен әсерін тигізіп келеді. Теледидарға жақсы журналистер тарту басты міндет екендігін ескерген

Ш. Мұртаза таза сөйлей білетін, қазақ тілінің қоғамдық-саяси қызметін арттыра білетін журналистерді, комментаторларды тарта білді. Елдің елдігін танытар күштің бірі – қазақ теледидарының деңгейі. 1993 жылдың мамыр айында «Кеш жарық» бағдарламасы дүниеге келді. Қазақ теледидарында Шерхан басшылық еткен тұста ұзақ мерзімді сипатымен ерекшеленетін «Ұлт және сана» атты жаңа телехабар ашылды. Бұл хабардың мақсаты – ұлттық сананы ояту болды. Оның «Қазақстан» телерадио компаниясында бір-екі жылда атқарған жемісті еңбегінен өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік азаматтық, патриоттық қасиетін сақтап қалған ірі тұлғасын үлгі тұтуға әбден лайық екендігін айқын аңғарамыз.

Шерхан қазақ баспасөзінің қай-қайсысында бас редактор болмасын басылым тұғырын биікке көтере білді, әрі өзі басшылық еткен газет-журналдарда:

- ұлттық көркем сынды қалыптастыра білді;
- қазақ оқырманын қызықтыратын, халықтық, рухтық мүддені қозғайтын материалдарды батыл басатын, нағыз ұлттық басылымдарға айналдырды;
- қай газет пен журналға басшылық жасаса да, ең әуелі, оның ұстанған бағытын, саяси бет-бейнесін айқындады;
- ол басшылық еткен басылымдардың қай-қайсысының болмасын таралымы екі есеге өсіп, бүкіл Одақ көлеміне үлгі болғандығымен ерекшеленді. Айталық, «Жалын» журналы:

1970 жылы – 24 900 дана;

1971 жылы – 52 400 дана;

1990 жылы – 12 000 дана болды.

Ал, «Жұлдыз» журналының таралымына көз жүгіртсек:

1928 жылы – 1 200 дана;

1965 жылы – 100 000 дана;

1973 жылы – 196 600 дана;

1974 жылы – 202 000 дана

1975 жылы – 211 000 дана;

1977 жылы – 214 000 дана;

1990 жылы – 19 230 данаға жетті.

Сөйтіп, Шерхан Мұртаза басшылық жасаған «Жалын» (1971-1972), «Жұлдыз» (1973-1975) журналдарының таралымы Одақ көлемінің өзіне үлгі боларлық дәрежеге жетті. Демек, «Жұлдыз» журналының таралымы 70-жылдар басында 225 мыңға жеткен еді. Сонда өзі қатар бүкіл Одақ әдеби журналдары»

тандайын қаққан болатын. Қазақ халқы қайта өрлеу дәуірінде тұр екен дескен». (Егеменді Қазақстан, -1991. - 25 қыркүйек, Ғ.Қайырбеков, Егемен және баспасөз). Міне, баспасөз таратылу, сапасының биіктігі сол халықтың рухани дәрежесінің көрінісі деген осы.

Осы тәрізді «Қазақ әдебиеті» газетінің де 1934 жылдан күні бүгінге дейінгі таралуына зер салсақ, Шерхан редакторлық еткен 1980-1989 жылдары жоғары деңгейде болғандығына көз жеткіземіз:

- 1934-1940 жылдары – 2300-5200 дана;
- 1950-1960 жылдары – 6000-7000 дана;
- 1980-1984 жылдары – 45 000-55 000 дана;
- 1985-1989 жылдары – 86 226 дана;
- 1990-1999 жылдары – 7 875 дана болды.

Сол жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті таралымының, әдебиет пен өнер газеті оқырмандарының көбеюне екі себеп болды: біріншіден, газет көлемі ұлғайып, 16 бет болып шықса; екіншіден, газет мазмұны жан-жақты байып, тереңдей түсіп, қамтитын мәселелерінің ауқымы кеңейді. Газет таралымын көбейту дегеніміз – оқырманның рухани сұранысы мен қажеттілігін өтеу, олардың қоғамдық талаптарын орындау болып табылады.

Шерхан қаламгер ғана емес, мәдениет қайраткері, баспасөз жетекшісі, редактор ретінде де қазақтың осы заманғы қоғамдық ойын қалыптастыруға орасан үлес қосты. Қаламгер қандай баспасөзге басшылық етсе де, өзінше өрнек іздеп, өзіндік таным-білігімен көзге түсті. 1963 жыл мен 1992 жылға дейін бас редактор болған газеттер мен журналдар республикамыздың әлеуметтік-мәдени өмірі туралы қаншама өткір, күрделі, зәру, көкейкесті мақалалар жариялады. Әділіне жүгінсек, мұндай мәселелерді қашанда Шерхан редактор болған басылымдар ғана бірінші соқа салып көтеретін, әрі сол мәселелердің республика мүддесіне, халыққа тиімді, әлеуметке ортақ түрде түбегейлі шешілгенше тыным таппай күресті. Бұл Шерханның ширек ғасырлық ғұмырын сарп еткен бас редакторлық жемісті еңбегінің ең биік шыңға шыққан өміршендік үлгісін танытса керек.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Шерхан Мұртаза – «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі.
- 2 Қаламгердің «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетіндегі әдеби қызметі.
- 3 Шерханның «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетіндегі бас редакторлық қызметі.
- 4 Шерхан Мұртаза – «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы.
- 5 Қаламгердің «Жалын», «Жұлдыз» журналдарындағы редакторлық шеберлігі.
- 6 Ш.Мұртаза – «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінде бас редактор.
- 7 Журналистің «Қазақстан» телерадио компаниясындағы басшылық қызметі.

1.5 Сейдахмет Бердіқұловтың спорт журналистикасындағы қолтаңбасы

Тарихи тұлғаны өз дәуірінің табиғаты мен адамы, тектілік қаны өсіреді, баптайды. Ал, журналист, жазушылар өзі өмір сүрген заманына да, келер ұрпақ

санасына да пәрменді ықпал етеді, пәни баласына жарығы сонау түнек қиырдан талмай жетер бағдаршам болады. Сондай көрнекті публицист, журналистердің қатарынан орын алуға әбден лайық, қазақ журналистикасына әсіресе, спорт тақырыбына өзгеше қалам тартқан Сейдахмет Бердіқұловты атар едік.

Сейдахмет Бердіқұлов 1933 жылдың 9 мамырында Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Қаракестек қыстағында дүниеге келген. Бала жастан білімге құштар болған ол Миклухо-Маклайды, Андерсен Нексенді, Жюль Вернді жастанып оқыды. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін үздік бітірген ол еңбек жолын республикалық жастар мен балалар баспасөзінен бастады. «Лениншіл жас» газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. 1965-1970 жылдары «Қазақстан пионері» газетінің редакторы, 1970-1986 жылдары сол кезде кеңінен таралған «Лениншіл жас» газетінде бас редактор болды. 1986 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жалын» баспасына директор болып тағайындалды. Ал, 1992 жылдан бастап «Балауса» баспасын басқарды. Сейдахметтің «Сол орамал жоғалмайды» (1965), «Жүрек ұйықтауды білмейді» (1967), «Егеулі найза» (1969), «Жұмыр жерде теңбіл доп» (1969), «Аспаннан шұға жауған күн» (1975), «Мұнайып оянған қала» (1979), «3 подъезд» (1980), «Пердесіз көңіл» (1983), «Арбаған мені бір сиқыр» (1987), «Таңдамалы. Екі томдық» (1991) шығармалары бар.

1970 жылдары Сейдахмет «Лениншіл жас» газетіне бас редакторлыққа келген күннен бастап түбірлі өзгерістер жасай бастады. Бас редактор ретінде қарамағындағы қызметкерлерін тамыршыдай танып, өзі тапсырған іске жұмылдыра білді. Бөлімдер қайта сұрыпталып, тың ой, жаңа бағытпен іске кірісті. Сейдахметтің редакторлық қызметтегі алғашқы идеяларының бірі «Ұтқыр ойлар сағаты» болды. Оған әр бөлім меңгерушілері алдағы апта, айларға өз бөлімі бойынша жоспар ұсынып отырды. Басшылығының тағы бір қыры – қызметкерді бір бөлімде ұзақ ұстамай, оны уақыт салып тың салаға жетелейтіндігі. Оның редакторлық қызметке келісімен алғаш көзге түскен шәкірттерінің бірі Ырым Кененбаев былай деп жазады: «Өз басым төрт жылдай мәдениет және ғылым бөліміне жетекшілік етсем, одан кейін шаруа-жастар бөлімін басқарып, тағы да төрт жылдан кейін насихат бөліміне көшкенім бар. Шаруа бөлімінің материалдары негізінен қауырт, қарбалас әзірленетін. Мұндайда Сәкең бізді материалдарды басын біріктіріп, ажарын ашып, мағыналық мәнін асқақтатып тұратын айдарлармен топтап беруге жұмылдыратын. Кәзіргі ресейлік «Известия» газеті мен өзіміздің «Казахстанская правда» газеттерінің бірінші беттерінде қолданып жүрген тақырып тапқыштықтары сол кездің өзінде-ақ бізде бар еді. Әлі есімде, бірінші беттегі бір күндік «Егін еге бастасақ онтүстікте, қар тоқтатып жатырмыз солтүстікте» деген айдарға бола Сәкеңнің маған үлкен жүлде бергізгені бар» (Жас Алаш, -1994. -2 шілде, Ы. Кененбаев, Тамыршыдай танып білген аға). Бұл үзік сыр Сейдахметтің редакторлық тәрбиесіндегі үлгіні көрсетеді.

Бас редактор Сейдахмет өмірдегі өзекті де толғақты мәселелерді алдын-ала батыл жазуға бағыт-бағдар бере отырып, мақала тақырыбы бүкіл назарды өзіне аударып, еріксіз оқыттыруға мәжбүр етуі тиістігін берік ұстанды. Бұл жөнінде

басылымда бірге қызметтес болған әріптестерінің бірі жазушы Кәдірбек Сегізбайұлы: «Сәкеннің соны идея мен тақырып тапқыштығы ерек еді-ау? Айтулы мерекелік нөмірлерді қалай шығару керек дейтін мәселені шешу үшін бөлім меңгерушілері болып жиналар едік. Ал, кімде қандай ой бар? Бұрынғы тапқан тәуір идеяларға ұқсамайтындай, оқырмандарды «oh» дегізердей жаңаша бірдеңе табайық, - деп бізге қарайтын. Біз өзімізше «идеяларымызды» тоғытамыз. Әрине, өз ұсыныстарымызды өткізіп, көзге бір түсіп қалу үшін осындай жиынның боларын біліп, әрқайсымыз өзімізше даярлық жасап келеміз. Асықпай бәрімізді тыңдайтын, соңынан қорытындылап, «озат ойларды» атап өтеді де өз ұсынысын айтады. Бәрімізді таңқалдырып, ол кісі айтқан ұсыныс сонша сонылығымен, әрі қарапайымдылығымен ерекшеленетін. Бүкілодақтық сенбілікке арнайы нөмір әзірлейтін болдық. Тағы да жиналып алып, ойымызды ортаға салып жатырмыз ғой баяғы. «Көсемнің бөрене көтеріп келе жатқан суретін бірінші бетке берейік» те, республика комсомолының бірінші хатшысымен сұхбат ұйымдастырайық, - деген сияқты пікірлерді жарыса айтып жатырмыз. – Осы көп бұлаңдатпай-ақ бар материалды «Бізді іздесеңдер сенбіліктен табасыңдар!» дейтін бір тақырыптың астына топтастырайық, - деп Сәкен соншама қарапайым әрі жүрекке жып-жылы болып ұялай кетер байламын айтты», - деп жазады (Жас Алаш, -1994. -2 шілде, К. Сегізбайұлы, Аяқдоп додасында жүр ме әлде?)

Бүкіл журналистердің ұстаханасы болған «Лениншіл жастағы» редакторлығында газеттің безендірілуіне үнемі көңіл бөлетін Сейдахмет: «Макет – газеттің киімі, ал қолыңа іліккен кез-келген киімді талғамсыз үстіне жапсыра салмайсың ғой. Демек, газет безендіру де – үлкен өнер. Орнымен қолданылған түймедей штрих, оймақтай детальдің ойнап кететінін әрдайым ескерген жөн. Жазғаның жарқырап шықсын, оқушысын адаспай тапсын десең, макетке мән бер. Ол – айнаң...», - деген пікір білдіреді. Демек, редактор ретінде газетке келген әр қызметкерін ең алдымен макеттің тезіне салып, шыңдап алатындығы өзіне ғана тән ерекшелігі деуімізге болады.

Спортты өнер деп қараған Сейдахмет өзінің бүкіл шығармашылығын спорттық тақырыптар мен сюжеттерге арнады. Оның «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде спорт тақырыбына қатысты «Қайраттың» қауқары да жоқ» (1959, 16 сәуір), «Табанды тартыс» (1959, 24 сәуір), «Қара көзілдірікпен қарама құрбым» (1959, 22 шілде), «Бар ауызда – спартакиада» (1959, 9 тамыз), «Көңілге дық салмай қойыңыз, қойыңыз» (1960, 13 шілде), «Спартакта халық көп» (1961, 17 қаңтар), «Ойынның да өрті бар» (1961, 25 қаңтар) т.с.с. репортаж, мақалалары жарық көрді. Спорт жанкүйерлеріне жедел репортаждар жазып, жаңалықты жұртқа жеткізуге асығатын Сейдахметтің футбол командасының сәтсіз ойынынан қайтқан жұрттың көңіл-күйін: «Ұтылыс кімге де болса жақсы дейсіз. Дегенмен, жұртшылық табанды тартысқан ойыншыларға ренжіп қайтқан жоқ», - деп қалтқысыз жеткізеді (Лениншіл жас, - 1959. -24 сәуір, С. Бердіқұлов, Табанды тартыс). Ол қайсыбір публицистикалық туындыларында спорттың қым-қуыт құпиясын, жойқын күштің жекпе-жегін, палуандардың өзіне тән табанды тартысын шынайы қалпында суреттей отырып, спорттың өзіне тән сұлулығын оқырманға жайып салады. Публицистің

спорт тақырыбына арналған туындыларының көркемдік құдіреті осында жатса керек. Республикаға танымал спортшы, футбол маманы Тимур Сегібаев: «С.Бердіқұловтың «Жұмыр жерде теңбіл доп» атты кітабы – спорттық әдебиеттің үздік үлгісі. Футбол – жанкүйерлері көп, тек жампоз жігіттердің өресі жететін күрделі өнер. Футбол – тек ойнауға ғана емес, түсінуге де қиын өнер. Соған қарамай, Сейдахмет Бердіқұлов әлемдік футбол додасы жайлы тамаша кітап жазды. Бұл кітапты оқыған жан автордың теңбіл доп тылсымын жақсы білетініне танданар еді», - деп баға беріп өтеді (Жас Алаш, -1994. -2 шілде, Н. Жүнісбаев, Жұмыр жерде... Сәкең жоқ).

Сейдахмет Бердіқұлов – республика журналистикасының дамуына зор үлес қосқан журналист. Оның басшылығымен шығып тұрған жастар газеті рухани, имандылық бағыттағы ізденіске, дәстүрді сақтауға, ана тілді аялауға, тарихи шындықты жаңғыртуға, экологиялық зардаптарды жоюға байланысты өткір тақырыптарды жүйелі түрде көтеріп отырды. Оның қаламынан өзіне тән қайсарлық пен мәселелерді ашық айтқан публицистикалық мақалалары мен очерктері туындады. Жас журналистерге үлгі бола білген Сейдахмет өз шығармаларында қашанда принципшіл болды. Осы ретте журналист Жанболат Аупбаев: «Сейдахмет көптеген көркем және көсемсөз шығармалардың авторы ретінде белгілі. Мемлекетімізде алғашқылардың бірі болып ол әдебиетте спорт тақырыбын терең зерттеді, спорт адамдарының есте қаларлық бейнелерін жасады. Спорт – әлемдік дамудың көрінісі. Ал бұл сиқырлы дүние – жазушы С.Бердіқұловтың сүйікті тақырыбы. Әр шығармасы – шашусыз жазылған әдемі дүние», - дей келе, Сейдахметтің қыл қаламынан шыққан дүниелердің кереметтігіне, әрбір оқырман соларды оқи отырып, спорт сайысының ішінде жүргендей әсерде болатынын былайша көрсетеді: «Лондонда өткен алғашқы матч. Уругвай мен Англия ойынының өзі белден қазса да, алтын кубокты алуға келген командаларды да, футбол көруші жұртшылықты да ойландырып тастады. Жеңістің оңай келмейтіндігі, маңдай терін жүз сыпыратындығы осы бір есеп ашылмаған матчта белгілі болады. Асқан техника допты қалай болса солай еркін қақпалай білудің өзі де деген жерге жеткізе бермейтіндігі байқалды. Чемпионаттың алғашқы голы ФРГ – Швецария кездесуінде 16 минутта торға түсті. Оның авторы неміс шабуылшысы – Хелд. Өткен Чили чемпионаты да шиеленіске тақыр кедей болған жоқ. Ал, дәл Англия чемпионатындай күтпеген оқыс жайлар журналист тілімен айтқанда сенсация онда болмаған еді. Жан баласы ойламаған бірінші кездейсоқтың хабары жер жүзіне Ливерпульдан тарады. 14 жыл бойы ешкімге шаң бермей, жауырынан сипатпай келе жатқан Бразилия жұлдыздары 1:3 есебімен, ірі есеппен тойтарыс көрді» (Жас Алаш, -1994. -16 шілде, Ж. Аупбаев, Қара сөздің қыран құсы).

Публицистің қаламы спорттың сол кездегі қайталанбас сәтін, алаңды сайратып берді. Нағыз спортты басқаша жазу – құр әурешілік. Спорттың сиқырына бас иіп, соның сойылын соққан, Сейдахметтің қаламы да ұлы спортшысы іспеттес. Ол оқырманды ешқашан бей-жай қалдырмайды. Көңіл-күйін сан құбылтып, жанын шүберекке түйген жанкешті жанкүйерге айналдырып жібереді. Мәселен, мына бір үзіндіге үңілсек: «Екінші жұрт күтпеген ғаламатты футбол әлемінде буыны бекімеген нәресте Корей

Демократиялық Республикасының футболшылары көрсетті. Олардың Италиямен ойынын Эрсон-паркте көзімен көріп отырған жұрттың өзі де таңтамаша болды. Жеңіс дегенде баяғы батырлардың қазан атындай аталатын Керей жігіттері осы чемпионатта алтын алмаса да күмісті қолдан бермейді дескен Италия құрамасын жерге қаратты, ол құлдарын чемпионат аяқталмастан тез жинатып, елдеріне қайтарып жіберді. Ал, чемпионаттың қақ жартысы бітпей жатып, Чилиде алтын алған, күміс алған, қола алған командалар түгел ойыннан тыс қалды... Футбол тағының тәжін кию оның күндей күлімдеген алтын кубогін алу инемен құдық қазғандай қиын екені де жұртқа тағы да паш етілді» (Спорт, - 1996. - 21 мамыр, С. Бердіқұлов, Футбол кіндігін кескен елде). Міне, бұл – спортшы қаламының құдіреті.

«Бердіқұлов мектебі» талай-талай спорт журналистикасының тарланын тәрбиелеп, қазақ спортының дамуына көмек болары сөзсіз. Кез келгенге тізгінді ұстата бермейтін спорт сынды сиқырлы әлем тылсымын терең түсініп жазған Сейдахмет спорт тақырыбын дүниежүзілік дәрежеге көтере білді. Публицистің көріп отырған оқиғаны тартымды етіп жеткізгені соншалық, өзі ғана емес, оқып отырған оқырман да журналиспен бірге ренжіп, бірге қуанады. Оның «Жұмыр жерде теңбіл доп», «Мұңайып оянған қала», «Үшінші подъезд», «84 жылдың теңдессіз 16 күні» сынды өзге де кітаптарында жазылған спорт тақырыбы терең зерттеп, біліп барып жазғандығын айқындайды. Мұны оқып отырған кез келген оқырман бірден аңғарып, қолмен ұстағандай, көзбен көргендей күй кешеті рас. Сейдахметтің бір мықты, шебер жері, жазған материалдарында санды көп қолданбайды. Суреттеп жазу басым. «Кеше, бүгін, болды, бітті» деген сөздерді шығармасында кездестіре де алмайсың. Оның тілінің байлығы сондай «Қарсы тұруға күштері бар еді» деген сөзді «шиеленіске тақыр кедей болған жоқ» деп көркемдеп беруінде болып табылады. Осы тұста атақты аяқ доп шебері Тимур Сегізбаев пікірі ойымызды нақтылай түседі: «Футболшы мен де, газетші сіз де бәріміз оның жазғандарын оқығанда спорт атты күрделі де қиын әлемнің бар қалтарысын оңай ұғынамыз, қызығына қанамыз, өзіміз білмеген тылсым сырына терең бойлап еніп, табиғи түрде түсінеміз. Тоқ етерін айтқанда, Сәкен оқырмандарына футболға – аяқ, боксқа – жұдырық, хоккейшіге – таяқ емес, ақыл керек екендігін шегелеп түсіндіретін жазушы» (Жас Алаш, -1994. -28 мамыр, Ж. Аупбаев, Жұлдыздар із тастап ағады).

Жазушы О. Әбділдаұлы да Сейдахметтің спорт тақырыбындағы мақалаларына тәнті болып, өз бағасын былайша береді: «Жазбаларына көз жүгірткен сайын оны қызғылықты өмірбаянына қанық бола бересің. Алыс-алыс сапарларға шықты. Мексика, Месопотамия, Лондон, Сингапур сияқты небір тылсым елдер мен мемлекеттерге барып, қилы-қилы жарыстардың дүбірін Қазақстанға жеткізді. Спорт тақырыбын жазуда алдына жан салмаған Алатау баурайының түлегі қаншама жастардың үмітін оятып, қанатын қақтырды. Оның шығармаларын парақтап оқыған сайын денсаулықтың қадірін біле түсесің», - десе (Жетісу, -2003. -6 мамыр, О. Әбділдаұлы, Спорт сөздігін сомдаған дүлей) журналист Сарбас Ақтаев: «Біле-білсе қанатты сөздердің дені, тың тіркестердің көбі журналист қаламымен туып, газет арқылы тарайды. Тек тыңнан туған сол сөзді оңды-солды пайдаланып, тез күнделікті тастайтынымыз жаман. Әйтпесе,

газеттердегі сәтті ізденістер туған талай тақырып мақал-мәтелге айналып кеткен жоқ па? Соның айшықты бір мысалы, Сейдахмет Бердіқұловтың шығармалары дер едім. Мәселен, «Шындардың ұлысы бар, кішісі бар», «Туған жер топырағы оқ өтпейтін сауыт», - деп ерекше атап өтеді (Егемен Қазақстан, - 1995. -16 маусым, С. Ақтаев, Сейдеш көңіл Сейдеш-ай!). Осыдан келіп, Сейдахмет Бердіқұловты спорт журналистикасының хас шебері деуімізге тура келеді. Өйткені спорт тақырыбының майталманы осы жанр арқылы ұлтының нағыз азаматы болып танылды. Әсіресе, алпысыншы жылдары жанкүйерлердің ішкен асын жерге қойғызған футболды өнер дәрежесіне көтеріп, оқырманға жасыл алаңдағы ойынды шынайы суреттеп жазуының өзі шебер қалам иесі екендігін аңғартса керек.

Журналист – қоғамдық пікірдің қозғаушы күші. Журналист өзінен гөрі, өзгенің тағдырына арашашы, өзінің емес өзгенің жоқтаушысы. Осы орайда, Сейдахмет Бердіқұлов – ең алдымен, талантты журналист, білікті тәлімгер әрі ұстаздарының сенімін ақтай білген, артынан өз мектебін қалыптастырып, шәкірттерін тәрбиелей алған қазақ спорт журналистикасының маңдай алды өкілі. Кез келген журналист түрлі тақырыпта қалам тартуы мүмкін, бірақ спорт саласына әркімнің тісі бата бермейді. Ара-тұра хабар-ошар, материал жазғанымен, бұл салада ұдайы жазып отыруға спорттың қыр-сырын жіліктеп беруге шеберлік деңгейі жете бермейді. Спорт – өнер, спорт – құдірет. Осы бір сиқырлы әлемді осындай деңгейге жеткізген ХХ ғасыр спорттың алтын ғасыры болып тарихта мәңгі қалмақ. Күндер өтер, өмір өзгеріп, жаңарар. Келер ұрпақ тарихты ақтарар. Әркім өзінің батырын, ұлтының атын шығарған асылын іздер. Сол кезде спорт тақырыбына да көздері түсер. Сонда халықтың жүгінетін «киелі кітап» – Сейдахмет ағамыздың кітабы болары сөзсіз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Сейдахмет Бердіқұловтың спорт тақырыбындағы өзіндік қолтаңбасы.
- 2 Қаламгердің «Жұмыр жерде теңбіл доп», «Мұңайып оянған қала», «Үшінші подъезд», «84 жылдың теңдессіз 16 күні» публицистикалық шығармаларындағы стиль даралығы.
- 3 С. Бердіқұловтың журналистік шеберлігі.
- 4 Сейдахмет Бердіқұлов – редактор.

1.6 Олжас Сүлейменов публицистикасындағы азаматтық болмысы

Бүгінгі өмір салты адамның әдет-ғұрып, психологиялық келбетіне елеулі өзгерістер әкелуде. Ақпараттар ағынының үздіксіз өсуі, өмірдің адуын ырғағы, адамның жоғары парасаттылық деңгейі публицистерден әлеуметтік ақиқат пен ақыл-ой құбылысын терең зерделеуді, оған маңыз беріп, жан-жақты жазуды талап етеді. Бұрынғы жазылған теориялық ұстанымдар мен зерттеулерге журналистика тарихының даму тұрғысынан жаңаша көзқарас – бүгінгі күн талабы биігінен қарап бағалайтын күн туды. Өз дәуірінің ақыны әрі суреткері Олжас Сүлейменов публицистикасының кейінге берері мол.

Олжас Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласының Крепостной көшесінде дүниеге келген. Ол орыс мектебін бітірді. Бала жастан әдебиетке құштар болды. Бала шақтағы адалдығы мен шыншылдығы өсе келе шығармашылығында да сондай туралықты қалыптастырды. Ол жазуды 4-

сыныптан бастады. Мектеп қабырғасында ең сүйікті пәндері – әдебиет пен математика, ал басты арманы – журналистикаға түсу болды. Алайда «екінші эке» атап кеткен ғалым Әбдуәли Қарағұловтың: «Орта деңгейлі журналист болғанша, орташа инженер болғаның артық», - деген ақылымен 1958 жылы шілде айында ҚазМУ-дің геология факультетін бітірді.

О. Сүлейменов «Казахстанская правда» газеті редакциясында бөлім меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясы сценарийлік-редакциялық алқасының бас редакторы болды. Оның сценарийі бойынша «Атамекен», «Көгілдір маршрут», «Қыс – қолайсыз маусым», т.б. фильмдер түсірілген. Олжас Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстанның Италиядағы төтенше өкілетті елшісі болды. Ол – ядролық сынаққа қарсы «Семей-Невада» қозғалысының жетекшісі, Халық Конгресі партиясының лидері, Қазақстан комсомолы БЛКЖО сыйлығының (1966) лауреаты, Қазақ КСР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының (1967) лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», Октябрь Революциясы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Шығармаларының дені: «Арғымақтар» (өлеңдер мен поэмалар) «1961), «Адамға табын, Жер, енді» (поэма) (1961), «Нұрлы түндер» (өлеңдер мен поэма) (1962), «Қылықты түн» (өлеңдер) (1963), «Шапағатты шак» (өлеңдер) (1964), «Мешін жылы» (өлеңдер) (1969), «Ақ дария аспаны» (өлеңдер мен проза) (1970), «Атамекен» (өлеңдер мен поэма) (1972), «Ази Я» зерттеу кітабы (1975), «Көңіл көкжиегі» (өлеңдер мен поэма) (1981), «Әр күн – арайлы таң» (өлеңдер мен поэма) (1986), «Асқардан асу» (өлеңдер мен поэма) (1987), «Эссе, публицистика...» (1990) т.с.с. поэзиялары мен поэмалар болып келеді. Олжас туындыларын орыс тілінде жазады. 1959 жылы «Огонек» журналына «Арғымақ» атты алғашқы өлеңі жарияланды. 1961 жылы «Арғымақ» атты өлеңдері мен поэмаларының алғашқы жинағы басылып шықты. Кейіннен «Адамға табын, Жер, енді» өлеңі бүгінгі ТМД елдері халықтарының көптеген тілдеріне, шет ел тілдеріне аударылып, бірнеше рет жеке кітап болып басылды. «Ази Я», «Язык письма» атты тілге қатысты зерттеулері жарық көрді. 1976 жылы зерттеуші ғалым Мұрат Әуезов «Ази Я» кітабы жайында: «Олжас Сүлейменовтің жаңа кітабы қазақ оқырманына жол тартты. Қазақ тілді әдебиет өкілдерінің соңғы жылдардағы жетістігін айқындайтын бұл еңбек – Олжастың поэтикалық үнін, ішкі иірімді сезімдерін білдіруімен құнды», - деп жазады (Новое поколение. -1996, №1. М. Ауэзов, Осененный выходом вечности – словом).

60-шы жылдардағы Олжас шығармаларының ең маңызды тақырыбы ұлттық, рухтық жетістік болды. Ол алғашқы публицистикалық жазбаларын қазақтың тарих мәселелеріне арнады. 1962 жылы «Жұлдыз» журналына Олжастың «Сен – менің кейіпкерімің» («Ты – мой герой») атты мақаласы жарық көрді. Сол жылдары Олжастың «Ази Я» еңбегін қалай жазғандығы туралы, түркілер тарихы жайында ой айтып, оқырманға ұсынуы ерлікпен пар-пар еді.

1976 жылы «Көшпенділер және мәдениет: қазақи тұжырым» («Кочевники и культура: казахский эксперимент») атты ЮНЕСКО-ның «Мәдениет» журналында жарияланған мақаласында ол қазақ халқының XX ғасырдағы тарихына тоқтала келіп, «көшпенділер» және «мәдениет» ұғымына терең талдау жасайды. Қазақтың сауда мәдениетіндегі өз орнын ерекше атап өтіп: «Пролетающая культура – это продукт непрерывного, многотысячелетнего контакта с другими», - деп тұжырымды пікірін білдіреді. «Көшпенділер және мәдениет: қазақи тұжырым» атты мақаласы оның ұлтжандылық қолтаңбасын тереңінен ұғындыра түседі.

Олжас Әнуар Әлімжанов, Сәтімжан Санбаев, Бақытжан Момышұлы, Рүстем Жанғожин, Алтыншаш Жағанова, Мұрат Әуезов, Мақан Жұмағұлов сынды әдебиетші-қаламгерлерге қолдау көрсетіп, шығармашылық биікке жетулеріне қол ұшын береді. Рымғали Нұрғалиев, Асқар Сүлейменов, Зейнолла Серікқалиев, Мұхтар Мағауин, Сағат Әшімбаев сынды ұстаз ағаларының шығармаларын үзбей оқып, өзіне тәжірибе жинақтайды. Әсіресе, ол әдебиет сыншылары Николай Ровенский мен Мұхамеджан Қаратаевтың сыни еңбектерін қызыға оқиды. Олжас Сүлейменов пен Мұрат Әуезов шығармашылық кредосында бір үндестік бар секілді. Мұрат Әуезов Ежелгі Қытай әдебиетін, Шығыстың әдеби тарихын оқи отырып, өз ізденісі мен ғылыми пайымын көрсетіп отырса, Олжас ежелгі түркі мәдениетінің тарихы мен сөз өнеріне өзінше тың баға беріп, зерттейді.

Алпысыншы жылдары идеология интернационализмге құрылды. Ұлттық дегеніңіз үшінші, әлде оныншы орындарда қалды. Ұлттық мәселелерді алдыңғы орынға шығару әрекеттері мемлекет тарапынан қуғындалатын еді. Осы ретте Олжастың: «Мен космополит емеспін, ұлттық тамыры бар интернационалист болдым және болып қала беремін. Бақтар мен ормандағы ағаштар қатар өседі, бірақ діндері өзара түйіспейді. Ал жер астына қарасаңыз, тамырлары өзара астасып, бас шұлғысып жатқанын көретінің және анық. Тарихын білмесең, болашағын болжай алмасаң, бірінші қарағанда, халықтар да осылай әртүрлі болып көрінеді. Мені тамыр студент кезімнен қызықтырды. Тамыры жоқ ағаш, бұл – бағана. Ал бағананың жасыл желегі мен жемісі болмайды. Қайсыбір қазақ және мәскеулік идеологтар халықтың дауыс күшейткішті іліп қойып бақыт пен достықты уағыздай беретін осындай бағана болғанын қалады. Мен мұнымен келісе алмадым. Өз халқымның тарих пен болашақтағы орнын білгім келді. Жас кезімнен осымен шұғылдандым. Өмір бойы «Мен Кіммін?» деген сауалға жауап іздеп өтетін ақындар болады. Ал мені әрдайым «Біз Кімбіз?» деген сауалдың жауабы қызықтыратын», - деуінің өзі көп жайтты аңғарта түсері сөзсіз (Жас қазақ. -2005. -18 наурыз, Ә. Балқыбек, Бізде мәдениет мол, наданиет те аз емес).

Олжастың біртуар перзент Шоқан Уәлиханов туралы жазған «Менің Шоқаным» атты эссеі бүкіл 60-жылғылардың рухани ұраны іспетті болды. Қазіргі жастардың алпысыншы жылғылардың рухани ізденістерін аз білетіндігі жанға батады. Оның үстіне қазіргі жастар ар-намыс пен мораль кодексінің көп жерлерін жоғалтып алған секілді. Олжастың мына бір ойы еске түседі: «Бізді бүгінгі ұлтшылдықтан гөрі интернационализм анағұрлым мықты патриоттар

қылып тәрбиеледі. Мен жас кезімде қазақтардың руға, жүзге бөлінетінін білгем жоқ. Бұл туралы Жазушылар одағының хатшысы болғанда білдім. «Руың кім?» деген сауалға мен қазір де «қазақып» деп жауап беремін. Және барлық жастардың да осылай жауап бергенін қалар едім. Бүгінгі патриотизм, міне, дәл осыдан бастау алуға тиіс. Мен үшін Абай да, Махамбет те, Шоқан да, Бауыржан да – қазақтар...» (Жас қазақ. -2005. -18 наурыз, Ә. Балқыбек, Бізде мәдениет мол, наданиет те аз емес).

О. Сүлейменовтің Египет тарихынан араб елдерін жаулап алған түркі сұлтандарының өзінің жеке қорғаушылары – мамлюктер гвардиясын Дешті-Қыпшақтан (Қыпшақтар елі) әкелінген бозбалалардан жасақтағаны туралы мәліметті тапқаны бәрімізге белгілі. Ол кездегі қыпшақ сөзі бүгінгі қазақ сөзімен пара-пар, жалпылама ортақ атау мағынасына ие еді. Қыпшақтар деп барлық солтүстік-түркі көшпелі тайпалары – арғындар, адайлар, алшындар, алтындар және басқалар аталатын. XII ғасырда олардың арасынан сұлтандар да шыға бастады. Біріншісі Уақ деген болды, бірақ ең мәшһүрі – моңғолдар мен крестшілердің тас-талқанын шығарған Бейбарыс. Ол өзінің ата-тегі туралы: «Мен – Бейбарыс, аттүрік, қыпшақ ішіндегі берішпін. Мен қазақтарға Бейбарысты алғаш таныстырғанымды өзіме зор мақтаныш тұтамын. Ол жайында 1962 жылы жазушы Морис Симашкоға әңгімелеп бердім. Ол Бейбарыс жайлы хикаят жазды. Оны маған арнағанына көп рахмет. Сосын «Қазақфильмде» кино түсірілді. Бейбарыс – бір облыстың емес, бүкіл қазақ тарихының қаһарманы. Меніңше, жалпы қазаққа ортақ арғы-бергі қаһармандардың ескерткіштері Астанаға жинақталғаны жөн. Бұл біздің ұлттық санамызды тәрбиелеуге ықпал етті», - деп жазады.

1970 жылдары Олжас Сүлейменов қазақ мектептерінің жабылып қалмауына, мектептерді қазақ тіліндегі әдебиеттер мен оқулықтармен жабдықтауға барынша ықпал еткен еді. Кезінде қазақ тіліне статус берілуін талап ете отырып, өз көзқарасын публицистикалық жазбаларында айқын көрсетіп отырды. 1989 жылы Олжас желтоқсан оқиғасынан кейін қазаққа араша түсіп, жағылған қара күйені ақтау мақсатында «Наша цель та же – возвысить степь, не унижая горы» атты мақаласын жазып, онда: «1989 жылы менің кейбір әріптестерім «қазақ ұлтына» қарсы қорлау сөздер айтылған тұста үнсіз қалды. Бұл жала СОКП ОК-нің желтоқсан көтерілісі туралы қаулысында да бой көрсетті... Ал бүгінде солардың көпшілігі өзін «ұлтшылмын» деп өздерін айқайлата дәріптеп жүр. Сөз бен істің қалай тез өзгеріп шыға келетініне таңым бар осы...», - деп ашына пікір білдіреді (Народный конгресс, -1994. -№7. -С.2. О. Сулейменов, Наша цель та же – возвысить степь, не унижая горы). Жазушы Дүкенбай Досжан бүгінгі қазақ қаламгерлерінің өзі байқаған үш қасіретін айта келіп: «80-жылдардың басында қаңқу сөзді сұмдық үдетіп жіберіп Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайығын» басқызбадық. Сол жылдары Олжас Сүлейменовті «пантюркист», «ұлтшыл» деп Мәскеуге хат жазып, кейіннен 80-жыл аяғында ақынның тұрақты мұңкір-нәңкіріне айналған прозашы Сүлейменовті «славянофил», «простофил» деп көш-құлаш арыз сүйектетіп, орысшаға аудартып, жоғарыға жіберемін деп жүргенін көргенім бар. Өлсек те

ауруымызды айтып өлейік те!», - деп ашына жазады (Нұр-Астана, -2005. - 26 мамыр. Д. Досжан, Әдебиеттегі тірі сөзіміз – тәуелсіздік тамырдарісі).

«Жас Алаш» газетінің 2005 жылғы 24 желтоқсанында «Мен мемлекеттік тілге қарсы болғам жоқ» деген атпен журналист Зәмзә Қоңырованың ақын Олжас Сүлейменовпен жүргізген сұхбаты жарияланды. Сұхбат тіл мәселесі төңірегінде өрбіп, ана тіліне қатысты біршама ойлар айтылды. Тілге қатысты қойылған сауалға Олжас: «Тілді үйрету керек, бірақ сауатты үйрету керек. Бірақ елді шатастырмайтындай етіп, кеңсе тілінің дұрыс баламасын қалыптастырып, орыс тілін де, қазақ тілін де шала сауатты аудармашысыз еркін оқып-жаза алатын кадрлар дайындау керек. Алдымен жетпіс жыл бойы қолданыстан ығыстырылып, өзіндік өрнегі, оралымдылығынан айырылып, қолдан жасалған сөздермен әбден шұбарланған ана тілімнің, Абайша айтқанда, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, ақ өлеңдей әуезді болып, бұрынғы мәртебелі дәрежесіне жеткізілуін қалаймын. Яғни, журналистикада, театрда, қой шаруашылығында ғана емес, өнеркәсіпте, ғылымда, іс-қағаздарын жүргізуде, жарнама жазуда да сауаттылық дәрежесіне жеткізіп алмай тұрып, асығыстық жасасақ, сауатсыздықты орнықтырып аламыз ба деп қорқамын», - деп ой толғай келіп, нақты мысалдарды алысқа бармай-ақ, қазақ тілінің ғалым мамандары көп шоғырланған, ең сауатты қала болып есептелетін Алматы көшелеріндегі жазбалардан кездестіргендігін айтады.

Олжас публицистикасында, мәдени, экономикалық, саяси тақырыптарды көптеп кездестіруімізге болады. Олжас «Әлемді метафорамен түзеу» («Исправляя метафорой мир») атты «Казахстанская правда» газетінің 1997 жылғы 5 қыркүйегінде жарияланған мақаласында шығармашылық жолындағы саяси өткелдері туралы: «Приближается большая дата – столетие Ленина. Нужна поэма, такая же, как «Земля, поклонись человеку!». Пора тебе о большой премии думать. О Ленинской. Мы поддержим. Сначала в «Правде» целиком напечатаем. Отдельно издадим в Москве, в Алма-Ате, в других республиках. Это решение бюро. Димаш Ахметович в курсе. Бросай все, садись пиши», - деп жазады (Казахстанская правда, -1997. -5 сентябрь. О. Сулейменов, Исправляя метафорой мир). Осы ретте мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың жазушыларға көп көңіл аударып отырғандығына тағы да көз жеткізгендей болмыз. Кезінде бұл жөнінде жазушы Әнуар Әлімжанов: «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың көңіл бөліп отыруы біз үшін – айрықша қымбат. Тіпті, кей күндері біз одан әлденеше рет ақыл-кеңес, көмек сұрай барып тұрдық. Ол қанша жұмысы көптігіне қарамастан, соның бәрінде де уақыт тауып бізбен сөйлесті, біздің бастамаларымызды қолдады, ақыл-кеңестерін айтты. Дінмұхамед Ахметұлы біздің жұмысымыз жайында үнемі сұрастырып біліп, көптеген шараларымызға тікелей өзі қатысып отырды...», - деп жазады (Әдебиет айдыны, -2005. -9 маусым. Ә. Әлімжанов, Туған әдебиетіміздің түбірлі проблемалары).

Публицистің «Известия-Казахстан» газетінің 2003 жылғы 6 қарашада жарық көрген «Біз кіміз, қайдан шыққанбыз?» мақаласының ықшамдалған қазақша аударма нұсқасы көп ұзамай-ақ, «Ана тілі» газетінде (№ 40-50. 2003) жарық көрді. Сосын «Алтын Орда» газетінде (№ 48. 2003) сыншы, жазушы

Таласбек Әсемқұловтың тарапынан біршама сынға ұшырады. Пікір білдіруші Олжас Сүлейменовті қазақ халқының мұратын, ұлт мүддесін сатушы деп кінәлауға дейін барды. Ақын тарапына ауыр сөздер айтылды. Ақын мақаласында әлдебір ақиқатты астарлап болса да жеткізуге тырысқан сыңайлы. Мақала авторы Шыңғыс ханның азан шақырып қойған есімі Теміршінің бір емес, білдей қос түбірін де түркі сөзінен шығарады. Не моңғол, не қытай этимологиясында жоқ екендігін кесіп айтады. Ақ киізге көтеріп, хан сайланғанда қойған есіміне келгенде де ақын осы бағыттан ауытқымаған. Дұрысы, айтпағымыз түсінікті болуы үшін ықшам аударма нұсқаны пайдаланып, мақаланың осы тұсын тұтас беру болар: «Екінші хан болғанда алған аты да, сірә, түркі әліпбиінен алынған болуы керек: Шыңғыс – хан (Шыңғыс – Қан), меніңше, қазақ тілінде сақталған шығыс – «восход», «восток» (шыңғыс) сөзімен төркіндес» (Ана тілі, -2003. № 40-50. О. Сүлейменов. Біз кімбіз, қайдан шыққанбыз?). Үзіндіде Олжас екі тарихи тұлғаның есімінде де кең ауқымда алғанда түркілік дүниетаным, уақыт үзігімен қарағанда этностық арман-мұрат жатқандығына шаң жуытпайды. Бұл жерде, егер ақынның астарлы ойын дәл аңғарсақ, екі тұлғаның да есімін түркілік текке телу, есім мен мүддені шендестіру арқылы бір кездегі Шығыс және Батыс түрік қағанаттары туралы сөз болып жатқандығын пайымдай аламыз. Оның астарында Шыңғыс хан тұсында әлдеқашан тарих сахнасынан көшкен, бірақ барлық зердесінде сақталып қалған түркі қауымының сағым іспетті сілемдері жатыр. Олжас мақаласының аясында жатқан астарлы ақиқат осыны айтып, жеткізгісі келетін секілді.

Олжас Сүлейменовтің: «Менің өмірлік ісім – жазу. Көргенімнен, оқығанымнан түйгенімді ой елегінен өткізіп талдау, түсінгенімді халқыммен бөлісу», - деп жазғанындай, «Будущее нуждается в нас» (Советская культура, 1984, 8 ноября); «Без авторитета власти государство превращается в поле битвы за власть» (Азия, 1994, №10); «По пути доброго разума» (Народный Конгресс, 1994, январь); «Я в это верю» (Казахстанская правда, 1999, 16 марта) сынды материалдары халықтың мүддесіне арналып жазылды. Қай мақаласы болмасын оқырман жүрегіне жол тауып, қоғамдық пікір қалыптастырып отырды. Олжас мақалалары қысқа сөйлеммен үлкен ойды сыйдырып тұратындығымен және әрбір мәліметті фактімен беруімен ерекшеленеді.

Ақын өлеңдерінде поэзия элементтері басымырақ жатқанымен, қоғамдық шындық, күнделікті өмірімізде болып жатқан оқиғалар, ел, жер, табиғат, өмір шындығын қоғамдық-саяси жағынан зерделеу сияқты публицистикаға тән әдіс-тәсілдер де кездеседі. Олжас көркем әдебиет тәсілі мен публицистика әдісін қатар қолданып, өмірде болған, бар, нақты оқиғаларды жырлайды. Лирика – ақынның жан сезімінің перзенті. Онда дам жанының бір сәттегі құбылысы жарқ ете түсуге тиіс. Ақын сезімі оқушы сезіміне ауысып, оның да жан күйін тебірентіп, жүрек пернесін басып отыруы керек. Міне, сонда ғана жүректің терең түкпірінің толғағынан шынайы лирика туады. Алғаш Юрий Гагарин ғарышқа ұшқанда Олжастың «Адамға табын, Жер, енді» атты поэмасы жазылды. «Адамға табын, Жер, енді» – бұл 60-жылдардағы Қазақстан жеріне еркін шарлаған өзіндік орны бар шығарма», - деп бағаланды. Жас ақынның

поэзия әлеміне сапары осылай басталды. Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер, енді» поэмасын ақын Қадыр Мырза Әлі қазақ тіліне аударды.

Олжас Сүлейменов – Дантедей Антика мен орта ғасырдың тарихын, түнек дәуірлердің тыныс-демін де білсем дейтін ақын. Ол көне шумер тілінен түркі сөздерінің сілемдерін тапты. Бағзы түркілер мен этрустерді туыстастырды. Нәтижесінде, 1975 жылы дүниеге әйгілі «Ази Я» кітабы келді. Бірақ, неге екені белгісіз, көпшілік осы кітаптың бірінші бөліміне ғана баса назар аударып, екінші бөлімі тіпті болмағандай қалып танытты. Бірінші бөлімде славян және түркі халықтарының бағзыдан көрші-қолаң болып келе жатқандығы, мұны орыс тіліне сыналай еніп кеткен түркі сөздері айғақтайтыны, тіпті орыстың атақты «Игорь жасағы туралы жырының» алғашқы нұсқасы түркі тілінде жырлануы ғажап еместігі айтылатын. Қаламгер «Ази Я» кітабында шын мәнінде мыңжылдық емес, кемі үш-төрт мыңжылдық тарихты зерделеуді, одан түркі тектестердің жүріп өткен жолын пайымдауды мақсат тұтқан. Кітаптың бірінші емес, шынтуайтында, екінші бөлімінің көтерген жүгі ауыр болатын. Осылайша, «Ази Я»-ның екінші бөлімі бүгінге жақын, көпшілікке түсінікті бірінші бөлімнің тасасында қалып қойса, ендігі бір өкініш, осы «Ази Я»-ның көлеңкесінде қалып қойған ақынның тағы бір ұлы шығармасы бар еді. Ол – ақынның шын мәніндегі ақындық талант тегеурінін байқататын «Қыш кітап» поэмасы. Ассирия патшасы Асароддонның (б.д.д. VII ғасыр) жылнамасына түскен екі жолдан ақындық ғаламат қиял күдіретімен өрбіген бұл поэманы әлемдегі арғы-бергі ең үздік поэмалардың қатарына қосуға әбден болады.

Олжас Сүлейменовтің бүгінгі публицистикасын бағамдағанда, оның әзірше, «жаһандануды» жақтаушыларға да, даттаушыларға да қосылмайтын ыңғайын байқауымызға болады. Осыдан ширек ғасыр бұрын: «Сөз тарихын тарихи астарынан бөлек қарауға ұмтылушылықты этимологтардың методологиялық қатесі деп санаймын. Түркілердің VII – XII ғасырлардағы Шығыс Еуропа тағдырына ықпал еткен шынайы қызметі тарихшылар тарапынан әлі күнге дейін лайықты бағасын алған жоқ» (161 б., О. Сүлейменов, 1975). Сөз төркіні тереңде жатыр. Кейде арифметиканың амалдарына бағынбайтын күрделі, ішкі иірімі қатпарлы алапат құбылыстар бола береді. Олжас Сүлейменовтың «Паралелльдің қиысуы» атты еңбегі автордың өзі секілді. Қайраткер ақын уақыттың әр кезеңдегі реңдерін белуардан кешіп, сол бір «Ази Я» еңбегінде егжейлеген ой-мақсатын тарихи көкпардан алып келе жатыр. Ғаламдану – кейде саяси-әлеуметтік кезеңдік ағымдардан тыс түсетін, терең құбылысты үрдіс. Олжас ақынның көзқарасы осы заңдылық иірімінде ашыла түседі.

«Жас қазақ» газетінің 2005 жылғы 18 наурызда журналист Әмірхан Балқыбектің ақын Олжас Сүлейменовпен «Бізде мәдениет мол, наданиет те аз емес» атты сұхбаты жарияланды. Сұхбатта Олжас Сүлейменов Көшпелілердің өткенін оларды тарихшылардың жіті жанары шолып қалған елдердің шекарасы көлемінде ғана қарастыруға тіптен болмайтындығын атап өтеді. Сұхбат барысында Олжастың жан-жақты білімі тағы да ерекше айқындала түседі. Мәселен, журналист Әмірхан Балқыбектің түркітану ғылымы тұрғысында қойған сауалына ұтымды жауап беріп, оқырманға былайша тың

мәлімет беріп өтеді: «Ресми ғылым түркі-оғыздар Кіші Азияда біздің дәуіріміздің XI ғасырында ғана пайда болды деп есептейді. «Ақ қойлы», «қара қойлы» деп аталатын тайпалар арасында осы уақыттарда Византияның шаңырағын ортасына түсіріп, Константинопольді (Стамбул) жаулап алды, Осман империясының негізін қалады. Бұл дұрыс. Бірақ түркілер бұл маңда тек XI ғасырда ғана пайда болды ма деген сауалдың төбе көрсететіні және рас. XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары тарих қойнауынан көптеген жазба ескерткіштерді қайта қазып аршып алды. Ал бұл ескерткіштерде жас шамасы бес мың жылдай болатын түркі сөздері көптеп кездеседі. Мысалы, көне грек тілінде кездесетін basilis – «патша» сөзін алайық. Осы сөз – жас шамасы кемі үш мың жыл болатын түркі сөзі. Бертінгі Орхон кезеңінде ол басқашалау құрылымға ие болды, il-bas-i «мемлекет басшысы» (елбасы) деп айтылды. Күрделі сөздің құрылысындағы мұндай тосын орын өзгерту себептері түркітанушылар тарапынан әлі тереңдетіп қарастырылған жоқ» (Жас қазақ, -2005. -18 наурыз. Бізде мәдениет те, наданиет те аз емес).

Олжас Сүлейменов ұлт ақыны ретінде жалпыға қажетті тақырыпты жырлады. Ол халқын сүйер азамат екендігін тарихи ізденістері арқылы дәлелдеді. Біз Олжасты орыс тілді деп кінәлаймыз. Алайда зерттеуші Г.Кругляковтың төмендегі пікірі бәрімізді ойландырып тастары сөзсіз: «Олжас Сүлейменов ешқашан да орыс тілінде сөйлеп тұрмын деп ойламайтын. Өйткені, оның жүрегінде қашанда өз ұлтының тілі, тарихының мәселелері тұратын, бағалайтын, тереңіне үңілетін...» (Мысль, -№5. -1996. -С. 72. Г. Кругляков, Молчание – это тоже голос). Тарих өлшемі бойынша, еліміз егемендік алғаннан бергі тым қысқа уақыт аралығында, бұқаралық ақпарат әлемінде қыруар жетістіктерге жеткенімізге еш талас жоқ. Дегенмен, алда бұл салада оң бағытта шешілуге тиісті мәселелер бар екенін мойындаған абзал. Қазірде жүргізіліп жатқан реформалар – соның айғағы. Солардың санатында табиғат қорғау, яғни экология мәселелері де елеулі орын алады. Талай тағдырлар тоғысында тайталас тудырған «полигон» аталатын зардап апаты дүниеге келгеннің өзіне, тарихи өлшеммен алып қарағанда, оншама ұзақ уақыт бола қойған жоқ. Ұзақ жылдар бойы республикамыз ядролық қарудың қоршаған ортамызға, жан-жануар мен өсімдіктерге тигізетін әсерін бақылайтын зертханаға айналғаны – ащы да болса, шындық. Мәселен, бір ғана Семей полигонында әр түрлі мақсаттағы 467 жарылыс өткізілген. 1949-1961 жылдар аралығында 26-сы – жер үстінде, 98-і әуеде сыналған. Дүниежүзі бойынша да алғашқы сутегі бомбасы Семей жерінде 1953 жылы жарылған. Оның қуаты Хиросима қасіретінен 25 есе асып түседі!

1989 жыл Семей полигоны үшін бетбұрыс жылы болды. Осы жылдың 26 ақпанында ақын Олжас Сүлейменов Қазақ телеарнасының тікелей эфирінде сөз алып, осы айдың 12-17 күндері арасында жасалған кезекті жер асты сынақтарының салдарынан атмосфераға радиациялық газдардың тарағанын мәлімдеді. Халықты Семей полигонын жабуға үн қосуға шақырды. Ол үшін «Невада-Семей» ядролық сынаққа қарсы қозғалысын ұйымдастыруды ұсынды. Сол 1989 жылдың ақпан айында Олжастың «Невада-Семей» ядролық сынаққа

қарсы қозғалысы дүниеге келді. Қайта құру мен жариялылықтың арқасында аталмыш қозғалыс көп ұзамай бүкіл халықтық қолдауға ие болып, күллі әлемге танылып үлгірді. Қозғалысты қолдауға мерзімді баспасөздің де қосқан үлесі зор. «Невада – Семей» ядролық сынаққа қарсы қозғалысы өзінің газеттерін де шығара бастады. Олар – «Аманат», «Сайлаушы», «Избиратель» және де басқа мерзімді басылымдар. Бұлар әлемдегі ядролық сынақтарға тыйым салу және айналадағы ортаны қорғау жолында күресуші барлық күштерді топтастыруды өзінің мақсаты тұтқан. Міне, осындай қоғамдық ашу-ызалы ой-пікір және тарихи жағдайға, яғни, қуатты Кеңес Одағының ыдырауының алғашқы лебі сезіле бастаған кезде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Президентінің Жарлығы жарияланды. 1991 жылғы 29 тамызда «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлықта Қазақ КСР-інің территориясындағы Семей облысында 1949 жылдан бері ядролық қаруды сынау жүзеге асырылып келгені айтылды. Осы уақыт аралығында 500-ге жуық ядролық жарылыс мыңдаған адамдардың денсаулығы мен өміріне нұқсан келтірген. Қазақстан Республикасының Президентінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Ядролық сынақтың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Жарлығы бекітілді. Осы Семей атом полигоны радиациялық ойранының бет пердесін сыпыруда, өзінің шығармашылығына нысана етіп алушылардың алғашқыларының бірі – ақын Олжас Сүлейменов болды.

Қорыта келгенде, Олжас Сүлейменовтің ақындық, азаматтық позициясы ұлт үшін, ұлттың рухы үшін күрескен ұлтжандылығынан байқалады. Оның көптеген өлеңдері деректі, публицистикалық леп есіп тұрады: біріншіден, оларда өз заманының үні, өз дәуірінің қоғамдық-саяси көрінісі, әлеуметтік хал-жағдайы көрініс табады. Екіншіден, өмірде болған өз замандастарының портретін, бейнесін өлеңмен сомдайды. Үшіншіден, ақынның Отанға, туған жерге, туысқан республикаларға арналған өлеңдерінде ел суреті, тарихта аты белгілі адамдар тағдыры айтылып, жер, су, атаулары аталады. Төртіншіден, поэзиялары ғарыш әлемімен сабақтастырыла отырып, үлкен шеберлік қыры айқындала түседі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 1960-шы жылдардағы Олжас шығармаларының негізгі тақырыбы.
- 2 Олжас Сүлейменов публицистикасындағы ұлттық пішін.
- 3 О. Сүлейменовтің ақындық, азаматтық болмысы.
- 4 Қаламгердің «Ази Я», «Сөз төркіні» («Язык письма»), «Тарихқа дейінгі түркілер» зерттеу еңбектерінің ғылыми сипаты.

1.7 Оралхан Бөкеев шығармаларының көркемдік деңгейі

Қазақ әдебиетінің тарихында шығармаларымен оқырман ықыласына бөленген, өзіндік суреткерлік қолтаңбасымен айрықша есте қалған қаламгерлер саны аса көп емес. Әсіресе, XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ прозасында өз туындыларымен топты жарып, қара үзіп шыққан қаншама қаламгер бар десек, ойымызға М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, І.Есенберлин секілді майталман қаламгерлер еске түседі. Бұл суреткерлердің

жазғаны әлдеқашан әдебиетіміздің алтын қорына қосылды. Енді ұлтымыздың мәңгі рухани санатында кейінгі толқын қаламгерлерге суреткерлік шеберліктің, жазушылық талап пен талғамның айнымас өлшеміндей болып отыр. Осындай құнды көркем туындыларды дүниеге келтірген құнарлы орта, әдеби дәстүр қазақ прозасының 1960-80 жылдардағы кезеңіне де өз әсерін тигізді. Осы жылдардағы ат төбеліндей, аздаған дарынды шоғырдың бел ортасында жазушы Оралхан Бөкеевтің әдеби шығармашылығы оқ бойы озық көзге түсті.

Оралхан Бөкеев 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында дүниеге келді. Ол 1961 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Шыңғыстай орта мектебін бітірген соң, аға пионер вожатый және Алтай совхозында тракторшы болып жұмыс жасаған. 1963-1969 жылдары Оралхан Бөкеев С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқыды. 1965-1968 жылдары ол Большенарым ауданының «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, Шығыс Қазақстан облысының «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде әдеби қызметкер болды. Оралхан Бөкеев 1968 жылы республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің шақыруы бойынша Алматыға келеді. 1974-1983 жылдары Оралхан Бөкеев «Жұлдыз» журналының проза бөлімінің меңгерушісі, 1983-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары, 1991-1993 жылдары бас редакторы болды.

1970 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан басылып шыққан «Қамшыгер» атты алғашқы жинағы жас жазушының атағын шығарды. Осы баспадан оның «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1975) әңгімелер мен повестері жарық көрді. Қаламгердің 1986 жылы «Құлыным менің» деп аталатын драмалық шығармалары «Өнер баспасынан», 1987 жылы «Ұйқым келмейді» шығармашылық әңгімелері «Жазушы» баспасынан шығарылды.

1976 жылы Оралхан Бөкеев «Құлыным менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзағай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» повестері мен әңгімелері үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Оралхан Бөкеев – есімі дүние жүзіне танымал жазушы. Оралханның шығармалары дүние жүзінің көптеген тілдеріне орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, қытай және басқа да түрлі халықтар тілдеріне аударылды. Оның өзге тілде жарық көрген – «След молний» (Молодая гвардия, 1978) «Поющие барханы», (Советский писатель, 1981); «Чағылған», (Қырғызстан, 1981); «След молний» (Христо Данов, Болгария, 1981); «Кербұғы» (Эстония, 1981); «Крик» (Советский писатель, 1984); «Үркер ауып барады» (Фольк унд Вельт, Берлин, 1982) т.с.с. шығармаларын атап өтуге болады. Оралхан Бөкеев туындыларынан «Кісікіік» (режиссері М.Смағұлов, 1985), «Сайтан көпір» (режиссері Д. Манабаев, 1986) көркем фильмдері және балетмейстер Б. Аюхановтың жетекшілігімен «Кербұғы» балеті (1986) қойылды.

Оралханның қаламгерлік даңқына, атақты жазушы болуына алғышарттары– публицистика жанрындағы сүрлеу-соқпағы. Публицистика оны қанаттандырып ғана қоймай, жазушылық қызметінде көркемдік әлемнің қалыптасуына мол мүмкіндіктер жасаған. Ол адамның барша болмыс-бітімі мен ішкі дүниесіндегі жан әлеміне зерттеулер жүргізді. Прозалық әйгілі туындыларына көркемдік ізденісті, эстетикалық идеалды публицистикамен айналысқан жылдары тапты.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1973 жылғы 2 наурызында жарық көрген «Өмірдің өзі – публицистика» атты мақаласында Оралхан былай деп жазады: «Ойлап отырсақ, өміріміздің өзі – шымыр қорытылған шар болаттай публицистика екен. Біздің әр күніміз еңбек әнімен басталып, жеңіс әнімен аяқталады, тіпті қазіргі замандастарымыз үшін күн мен түн жоқ, тек үнемі алға ұмтыла жосылған жорық бар. Әкелердің қаны мен тері сіңген туған жер, өскен елің түлетіп, еңбек симфониясымен иіту мақсаты әр жүрекке алау болып жағылып, жалау болып байланған. Ертегіні шындыққа айналдырған жүйрік уақытқа ілесіп, әр кезеңнің сипатын айнытпай жырлап отырар көркем публицистика – социалистік қоғамның көзі мен құлағы, бүтіндей болмысының лүпілінен танытар жүрегі де». Публицистиканың әр дәуірдегі өзгеше өзіндік орны мен мақсат бедерін бұдан айқын сипаттап берер жан – кемде-кем.

Оралхан Бөкеев тек туған әдебиетінде ғана емес, ұзын сонар құс жолындай ізге дейін журналистиканың тарихында өзіндік қолтаңба қалдырды. Қарымды қаламгердің жалпы көркем сөз әлеміне келуіне септігін тигізген жазушы Шерхан Мұртазаның ағалық қамқорлығы ерекше әсер етті. Әр шығармасынан өзіндік қолтаңбасы аңғарылатын жас жігітті «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Шерхан жұмысқа шақырып, бұлақтың көзін ашып, таланттың тұсауын кеседі. Бұл жөнінде Оралханның өзі былай деп жазды: «Қарғадай кезімде «Лениншіл жас» газетінде жарияланған үш-төрт очеркімді оқып, ауылда кәперсіз жүрген кезімде республикалық басылымға жұмысқа шақырдыңыз. Университеттің үшінші-ақ курсында сырттай оқып жүргеніме қарамастан, ең бір қиын да жауапкершілігі үлкен бөлімдерді сеніп тапсырдыңыз» (138 б, Шераға, 1993).

Кезінде «Лениншіл жастың» бас редакторы болған тұста Шерхан Мұртазаның өзі де Оралханның жазғыштығын аңғарып, қабілет-қарымына былайша баға береді: «Өзім басқаратын газетке оқта-текте «О. Бөкеев» деп қол қойған очерктер жарияланады. Ә, дегеннен назар аударды. Автор аз ба, тәйірі. Қазақстанның түкпір-түкпірінен, тіпті басқа республикалардан, шет елдерден де жазып жататын қаптаған авторлар. Кейде бөлімге айтып, почтаны өзім шолып шығамын. Адамның жазуында да мінез бар. Жазуына қарап, сөзіне, сөйлеміне қарап, бұл хаттың авторын көз алдыма келтірмекші болдым...

Бірақ автордың өзін елестете алмадым. Көрейін дедім. Орынбасарым Тельман Жанұзақовты шақырып алып, конвертті ұсындым:

– Мынау адамды шақырт. Келсін. Командировка редакцияның есебінен», - дедім. «Лениншіл жасқа» қызметке жаңадан келген Оралханды Мойынқұмға командировкаға жібердім. Ал, Оралхан сол сапардан біраз жыл кейін «Құм мінезі» деген повесть жазды. Міне жазу! Жазсаң – осылай жаз. Әйтпесе, кінәсі

жоқ ақ қағазды шималап, былғама. Он күндік сапарда бұрын өзі көріп-білмеген жердің тамырын басып танып, сол құмдағы адамдардың мінез-кұлқын, психологиясын, тұрмысын, жүріс-тұрысын, ең бастысы – жанын ұғып-білу жаратылыстан дарын иесіне ғана дарыған... Шындықты жазған жазушының шығармасы – қоғамның шипагері. Маман дәрігер жеке-жеке адамды аурудан сауықтырса, шын жазушы қоғам ауруын таниды. Жазады, таниды дегенде қолма-қол емес, адамдардың жүрегіне – жігер, көзіне – нұр, көкірегіне – сәуле қосу арқылы әсер етеді. Оралхан бұл жағынан шебер еді» (Егемен Қазақстан. - 1998. -22 мамыр, Ш. Мұртаза, Оралхан).

Шындығында, Оралханның «Құм мінезімен» танысқан жан «Құмның күлетінін, құмның сөйлейтінін, құмның жылайтынын, құмның толғанатынын, құмның ән айтатынын» біліп таң қалады. Мәселен, Мойынқұмның лезде өзгертін тосын тіршілік-тынысын, өкпек желі мен қызыл құмын шебер суреттейді, үзінді келтірсек: «Осы сәтте қатты құйын көтерілгендей болды да, жылдар бойы сіресіп жатқан Қызылқұм айдаһардай ысқырды. Әлгінде ғана желге арқасын сипатып, жым-жырт қалғыған, әлгінде ғана тәңіріне табынып, дүниенің бір үзірін баз кешіп, жалыққандай есінеп-құсынап мантираған даланың талағы тарс айрылды. Шабына кім түртті, өз-өзінен буырқанып, өз-өзінен шамырқанып, екі езуі көпіршіп, бураша бұлқынып шыға келді. Әлдене құйын боп аспанға шапши тік көтеріліп еді, енді сол ұйтқыған құйын өзі секілді мың-миллион құтырық қарабас сарбаздарын мұқым қызыл құмның бойына анталатып, қаптатып жібергендей болды» (Лениншіл жас, -1972. -18 қараша. О.Бөкеев, Құм мінезі). Очерк тақырыбының өзі оқырманды ойландыруға шақырады. Автордың меңіреу құмнан мінез іздеуінің өзі – жаңалық. Қарымды қаламгердің өзі де жалпы көркем сөз әлеміне журналистика арқылы келгенін, кейбір очерктерінің кейін повестке айналғанын көрсетіп кетті: «Мені әдебиетке әкелген журналистика. Ауылда жүріп жазған материалдарым «Лениншіл жаста» үзбей жарияланып тұрды. Мысалы, өз басым Қызылқұм өңіріндегі шопандар ауылын біраз уақыт, дәлірек айтқанда, бірнеше күн аралағаным бар. «Құм мінезі» повесін жазғанымда сол сапарда көргендерім кәдеге жарады» (Лениншіл жас, -1985. -19 ақпан. Б. Ыбырайымов, Өз тақырыбың болсын деңіз). «Құм мінезі» очеркі – Оралханның публицист ретіндегі тұғырын биік деңгейге жоғарылатқан шығарма болды.

Үгіт пен насихаттың әсерлі пішіні ретінде публицистикалық очерк үлкен өмірдің алғы шептегі барлаушы жанры болып қалыптасты. Осы барлаушы жанрды соны ізденістермен қайта жаңғыртқан Оралхан Бөкеев әйгілі «Құм мінезі», «Із екеу еді» атты очерктерімен танымал қаламгер атанды. «Із екеу еді» очеркі де – өзгеше өріс іздеген туынды. Мәлік атты зоотехник жігіттің бойындағы қайсарлық пен төзімділік қасиеттері арқылы көпшілікті тәрбиелейді. Ойлануға мәжбүр етеді. Мәліктің боранды күні малды аман алып қалуы, өзінің сүйген қызын төзімділікпен алты жыл күтуі, елдің қаңқу сөзіне құлақ аспауы секілді деталь, штрихтар, тіпті кейде ағысқа қарсы жүзген жанның өр, тәкаппар мінезін көрсететін тұтас эпизодтар арқылы жаңа адамның, ойлы адам бейнесін жасайды. Сөйтіп қазақ публицистикасы бұл жылдары жаңа идеялық, соны стильдік, көркемдік нақыштарымен байй түсті. Қазақ

публицистикасының дамуында ұлттық психологиялық көркемдік бағыт айқындала бастады.

Жазушының прозасы мен драматургиясында қоғам өмірінің өзекті мәселелері, ар мен азаматтық алдындағы жауапкершілік, рух тазалығы, жаратылыс пен адам болмысы арасындағы ара-қатынас, адам мәселесі публицистикалық сарында өткір қойылғанын атап айтсақ артық болмас. Оралхан Бөкеевтің өзі: «Халықты қалқан тұтатындар бар, халыққа қалқан болатындар бар. Халықты қалқан тұтатындар әдетте «жасасын халық!» - деп ұран салады да, өзі сол халықтың ығына тығыла қалады. Ал халыққа қалқан болатындар үнемі алда жүреді. Еліне атылған оққа кеудесін төсейді. Халықты қалқан тұтатындар халықтың мойнына мініп алып, уралайды, биіктегісі келеді. Ал халыққа қалқан болатындар халықтың аяғына үзеңгі болып, ел жұрттың еңсесін биіктеткісі келеді», - деп жазады (Айқын, - 2007. - 16 наурыз. М.Хамзин).

Оралханның табиғат Жер – Анаға деген ыстық ықыласын әрбір шығармасындағы кейіпкерлерінен байқау қиынға соқпайды: «Неге екенін білмеймін, туған жер табиғатының осынау мол суреті жаныма жыр болып құйылып, күй болып төгілсе де көркіне бір тоя алмадым, тоймаспын да. Сұлулық атаулының таралар көзі туған жерім сияқты, жалт етіп келбетіне қараған сайын естен кетпес әсер, бойыңа нұрлы ләззәт аласың. Ауасын құшырлана жұтып, шәрбат суын қомағайлана сімірсем де шөлім қанып, көңілім тоятпаған емес. Ұзағыраққа кете қалсаң аса іңкәрлікпен қатты сағынады екенсің, қайтып оралғаныңша дегбірің қалмайды. Туған жерің дертіңе шипа, көңіліңнің көркі реуіштес. Расында да солай шығар!?» (Жұлдыз, -№ 6. -1975. -1876, Ә. Асқаров., О. Бөкеев, Маралдар маңып барады). Тіршіліктің сұлулығында шек жоқ. «Мейлі жалғызсырайын, мейлі қар басып үсіп өлейін, мейлі азынаған қысқы өңірдің аш қасқыры жеп кетсін – ойыма алған дел-сал, ұйқылы-ояу қатал да қайырымсыз сапарға аттансам деймін. Өйткені, бұл менің кіндік қаны тамған туған жерімнің жетімсіреген бір пұшпағы» (Лениншіл жас, -1971. -29 қазан. О. Бөкеев, Жұлдыз жауған түндер-ай).

Оралхан Бөкеев «Қазақ әдебиеті» газетінің 1973 жылғы 30 қарашада жарияланған «Ел мен Жер» атты мақаласында: «Аспанда отырып ойлаймын: қазіргі дәуірдің дамуын тек осы лайнер жылдамдығымен ғана салыстыруға келеді, не деген жойқын қуат, ғажап күш десеңізші. Адам миы Айға шабуыл жасады, адам миы ғаламдағы барлық планеталарды қаққылап ойнап, допша тебетін күн алыс емес. Әттең, сол адамның миы табиғатты қорғауға жетпеді», - деп Жаратқан иемнің жаратылысына аһ ұрып налиды. Десе де, оның да себебін өзінше ұғына отырып, өзіндік пайымын өзгеге жорамалдай отырып ұғынады. «Рас, табиғатты әркім өзінше түсінеді: балташы үшін – ағаш, балықшы үшін – су, аңшы үшін – аң-құс, альпинист үшін – шың, тіпті табиғатты Теренкүреге барып сыра ішіп тұрғанда ғана тамашалайтын пенделер де бар. Шындығында, табиғат әркімнің өзі екенін ұға бермедік», - деп ой түйеді (Қазақ әдебиеті, -1973. -30 қараша. О. Бөкеев, Ел мен Жер). Адамның парықсыздығын осыдан артық қалай жеткізуге болады. Көңіл шіркін

қадамын адымдап басқан сайын ауырын ұмытып, жеңіл де сергек ойға жетелейді. Адамның жалғанда жар болған жанына сүйеу болған табиғат-Анаға айтар алғысы әмәнда шексіз, телегей теңіз секілді. Сондықтан көңілге күй болып, жаныңнан жыр болып төгілген жауһар сөздердің тарихта естеліктей таңбалануы үшін әрбір қаламгер өз септігін тигізеді. Ол қаламгердің тек әңгіме, новелла, повестерінде ғана емес, қоғамның жаршысына айналған публицистикада да орын алуына негіз бар.

Қаламгердің «Лениншіл жас» газетінің тілшісі (1968-1974) болған жылдары жарияланған «Күн күркіреген жоқ» (10 қаңтар, 1969) мақаласының да өзіндік ерекшелігі болды. Соны ізденістің нәтижесінде жазылған қайсыбір мақалалары кезінде оқырман көңілінен шықты. Сол алғашқы шығармашылық бастау жолында жазған мақалаларының көпшілігінде ұлттық ән-би, дәстүрлердің мазмұнындағы астарлы жұмбақты шешуге талпынғанын аңғару қиын емес. Солардың бірі «Лениншіл жас» газетінің 1970 жылғы 2 шілдесінде жарияланған «Қарғаш» мақаласында ұлтымыздың ұлттық байлығы халық әндерінде қалғандығын ескертіп өтеді. Мысалы, «Қарғаш» – халық әні. Халық әндерінің ішіндегі – арыны асқақ, тынысы кең, зор дауыспен қоңырлап бастап, сорғалата көтеретін, баяулап аяқтап іштей күрсініспен тебірене шырқалатын алқымы жазиралы ән. «Қарғашты» айту әркімнің қолынан келе бермейтіні – әннің ішкі мазмұнына терең бойлап, көмейі күмбірлеген мәнерлі мақаммен сілкінте, тасымалы әуенмен созылта сала алмағанына себепті, «Қарғаштың» өзге халық әндерінен ала-құйын ерекшелігі – мұнда бір дәуірдің тұтас жілікті суреті бар», - деп, өткенін бағамдаған қаламгердің тарихтағы көне дәстүрді ескінің қалдығы дегеннен аспайтынына астарлап болса да оқырманның көкірегі ояу, көзі қарақтысына жеткізбек ойын айқындай түседі.

1960 жылдары басталған осы үрдіс 70-жылдары жалғасын тапты. Оралхан шығармашылығының ішкі қуаты бұрынғыдан да ашыла түсті. Оның шығармашылығы әр қыспақты жарып, арна бұзған, бұғаудағы қазақ халқының еркіндікке құлаш ұрған жан дауысы еді. Ол енді шығуға болмайтын кенестік шеңбердің ауқымынан да асып кетті. Оны тіпті біреу байқап, біреу байқамай да қалды. Мысалы, «Лениншіл жас» газетінің 1971 жылғы 25 наурызындағы мерекелік нөмірде Оралханның «Наурыз» атты публицистикалық толғауы жарық көрді. Қазақ үшін наурыз – жыл басы екенін 300 мың оқырманға жайып салу, ата-бабаның Қазақ үшін наурыз – жыл басы екенін 300 мың оқырманға жайып салу, ата-бабаның ғасырлар бойғы салт-дәстүрін еске салу – ерлікпен пара-пар еді. «Мен түс көрдім... Ақ отадан бес биенің сабасындай кербез кемпір шықты да, маған күле қарайды деген екем деймін, маған қарайды да, өзіне ымдап шақырады, шақырып алып қолымнан жетелеп киіз үйге кіргізеді, киіз үйдің дәл ортасындағы жер ошақта буы бұрқырап тайқазан көже қайнап жатыр, бұл, - дейді ақ бәйбіше, – бұл Наурыз көже, бүгін Ұлы істің ұлы күні, бүгін Жаңа жыл...», - деп басталатын мақаладағы автор пайымындағы ақ отау – Қазақстан бейнесі. Мақала соңы: «Мұны айтып отырған тіпті де, осынау жолдардың иесі емес, жо-жоқ, бұл ақ тілектің авторы – 16 мен 25-тің арасындағы қыз-жігіттер. Ал қағазға түсірген жиырма бестен асқан мен, О.Дәулетов», - деп аяқталады. Ол кезде, Кеңестік саясаттың қылышынан қан

тамып тұрған кезде, жалпақ жұртқа Наурыз көже, Ақ отау, Ұлы істің ұлы күні туралы айтудың өзі үлкен саяси қателік болып саналатын. Бірақ, жастар газетімен Бөкеевтің бұл батылдығы баспасөз бен публицистика тарихында алтын әріптермен жазылып тұру керек. ««О. Дәулетов» – Оралханның бүркеншік есімі. «Лениншіл жастың» 1972 жылғы маусымның 22-ші жұлдызында «О. Садақбайұлы» деген атпен қазақ балет өнері, оның басты тұлғасы Болат Аюханов туралы «Аққулар аспанда емес», - деген тамаша очерк жазды (Лениншіл жас, -1972. 21 маусым. О. Бөкеев, Аққулар аспанда емес). Зерттеуші Бауыржан Жақып «Қазақ публицистикасының дамуы, қалыптасу жолдар» атты еңбегінде: «О. Садақбайұлы» да – Оралханның бүркеншік фамилиясы екені көрініп тұр. Жазу стилінің өзі соны айғақтайды», - деп жазады (286 б, Б. Жақып, 1998).

Оралханның «дүбірі бөлек дүлдүл» журналистикадан әдебиеттің ауылына атбасын бұрған мезеті, яғни, оның 1983-1991-1993 жылдары алдымен «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары, кейіннен тура еліміз тәуелсіздік алған жылдары бас редактор қызметін атқарған кезеңдегі ұйымдастырушылық қыры мен шығармашылық шыңы арқылы тарих сахнасында ерекше орны бар қаламгерге айналдырды. 90-шы жылдардағы қазақ баспасөзінен, онда жарық көрген публицистикалық шығармалардан Оралхан Бөкеевтің өзгеге ұқсамайтын журналистік «ізі» айқын көрініс тапты. Қазақ рухани тазару мектебінің біріне айналған басылым – «Қазақ әдебиеті» газеті болатын. Осы газет туралы профессор Намазалы Омашев мынадай пікір білдіреді: «...Бізде әдебиет саласы бойынша «Қазақ әдебиеті» газеті шығады. Бұл – үлкен жетістігіміз. Өйткені, журналистиканың араласпайтын саласы жоқ. Сол тұрғыдан «Қазақ әдебиеті» газеті – қазақ халқының рухани байлығы. Мысалы, шопаны бар, шоферы бар, диханы бар, қоғам қайраткері бар – бәрі бірдей әдебиетті жақсы біле бермейді ғой. Бұл газетті оқи отырып, қазақ әдебиетінің, мәдениетінің, өнерінің, ұлттық журналистиканың, қазақ тілінің түрлі жетістіктері мен проблемаларын біліп, дәстүр-салтын, тарихын таразылап отырады. Оқырманның рухани байлығын мейлінше байыта түсетін, тіпті үзбей бірнеше жыл оқыған адамға осы саланың институтын бітіргендей нәр берер басылымның халқына бергені де, берері де мол» (168 б, Н. Омашұлы, 1999). Яғни, «Қазақ әдебиеті» газеті елдің тек әдеби өмірін, әдебиет саласындағы жаңалықтар мен ақын-жазушылар шығармаларын жариялайтын салалық басылым деңгейіне көтерілді.

1991 жылы осы газеттің бас редактор қызметіне Оралхан Бөкеев келгенде басылымның алғашқы нөмірлерінен егемен елдің жаңғырған тарихын өзіндік ерекшелігімен жарияланған материалдардан көруге болады. «Қазақ әдебиетінің» 1991 жылғы қаңтардағы бірінші нөмірінің алғашқы бетінде Абылай хан суреті басылып, оған жапсарласа редакциялық бас мақала берілді. «Абылай ханның туғанына 280 жыл» деген айдар аясында Қазақ хандығының іргесін көтерген Өз Жәнібек пен Керей хан екендігі, онан кейін қазақтың тұңғыш конституциялық құжатын жасаған «Қасым ханның қасқа жолы», мемлекеттілік ыдырай бастаған кезде қайта қалпына келтіріп, хандықты дамытқан «Ақназар хан, Тәуекел, Еңсегей бойлы Ер Есім» – Есім хан, Жәңгір хан, «Жеті Жарғыны» жасаған Өз Тәуке хан есімдері мен атқарған ұшан-теңіз

істері халық жадында қайта жаңғырады. Қазақ елдігін сақтап қалуға, қазақ мемлекеттігін дамытуға Абылай ханның сіңірген еңбегі де өлшеусіз екендігіне дәйекті баға беріледі. Егер осы деректер құрғақ баяндалып қана кетсе – бұл тарих болар еді. Ал мақала түйінінде оның публицистикалық шығарма екендігін айғақтайтын тұжырым бар. Мақалада орыс ұлықтарына тұтас қала, аудан, ауыл аттары берілгенде, қазақ елдігін сақтап қалған хандарымызға құрмет көрсетпеуіміз сыналады – міне, Егемен елдің публицистикасында осындай өткір мәселелер еркін көтеріле бастады. Мұндай өткір мәселелерді көтеру, әрине бас редактор еңбегінің нәтижесінде іске асады. «Қазақ әдебиеті» газетінің «Егемендік: аты мен заты», «Ой түрткі», т.б. айдарларда құнды ұсыныстарға толы мақалалар жиі жарияланды.

О. Бөкеев – өзгеше стиль дәрежесіне дейін көтерілген шебер қаламгердің бірі. Оралханның «Атау-кере» повесінде публицистикаға жақын келетін тұстары өте көп. Мысалы автор өз өмірін былайша суреттейді: «Менің мұқым жастығым өткен жылдар – сырттай қарағанда, мап-майда, жып-жылмағай болғанымен іштей іріген даңғазасы мол, яғни ұраны мен ұрдажығы қатарласа дамыған «мақтаншак» кезең еді...», - деп жазады (442 б, О. Бөкеев, 1994). Осы повесті оқи отырып біз жазушының туған жері таулы Алтай өңіріндегі Бұқтырма өзенін, «Шашты» деп аталатын асуын, кең қонысты, бейбіт өрісті Шабанбай жайлауын, «Мұзтау» шыңын, «Қатын суын» жан-жақты біліп, мол мәліметтерді алғандай әсерде боласың. Туған жерінің сырлы табиғатын: «Сонау Таулы Алтай өлкесімен қолтықтасып жатқан «Қатын суының» дәл кемеріндегі омартадан мынау Бұқтырма өзенін мінбелей орналасқан Бек-Алқаға дейін атпен жүрсең күншілік жол... Атақты «Мұзтау» деп аталатын шың Алтайдың мәңгі жығылмас, шаңырағы шайқалмас ақ отауы сынды еді», - деп суреттейді.

Шығармашылық адамының еңбегі, айналып келгенде, оның адами кейпін, азаматтық ұстанымын айқындайды. О. Бөкеев шығармалары өмірдің біртұтас құбылысы ретінде, адамды сол ұлы жаратылыстың табиғаттың бір бөлшегі ретінде қабылдайтын жазушының бұлжымас бағытын, дүниетанымын байқатады. Адам мен табиғат концепциясында, табиғат – идеал әлем, ол – сұлулықтың, мәңгілік үйлесімнің мекен-тұрағы, әсемдіктің өрісі. Оның түсінігінде, табиғатсыз – адам тұл, күні қараң. Ал табиғат адамзатқа тәуелсіз, дербес әлем. Қаламгер дүниені философиялық тұрғыда таниды. Алтайдың арайлы таңы болсын, ақ толқынды Бұқтырма сарыны болсын, Мұзтаудың асқақ та айбынды құзар шыңы болсын, осынау ғажайып өлке қаламгер жанының, жүрегінің бір бөлшегіндей. Бұл суреткер қиялының байлығын, түйсік қабілетінің молдығын, ешкімге ұқсамайтын келбетін танытады. Адам мен табиғаттың терең байланысын, бұзылмас бірлігін қоғамдық мәселелердегі адам болмысынан, оның нәзік сезімге толы мұң мен сырлы жырына құлақ түре тындай отырып, замана ырқындағы адамға бір сәтке болса да өткеніне қарап, ойлануды ескерткендей.

Қаламгер повестерінде ойға, толғанысқа толы философиялық ұшқырлық сипаты басым болып келеді. Айналасындағы өзі көріп жүрген мінезі мен әрекетіне қатысты қайшылық пен жұмбақтылықты көркем тілмен шебер жеткізе біледі. Сол үшін оның әрбір шығармасы түгел сөздің түбін білетін сара

сөздің сарабал сардары екенін айқындай түседі. «Атау кере» повесінің реализмі жазушының қоғамдық өмірдегі әлеуметтік құбылыстарды жіті зерделеп, заман мен адам, адам мен адам арасындағы күрделі қарым-қатынастарға терең бойлай білген шеберлігінде жатыр. Қаламгер нақты болмыспен қоғамдық өмірдің ащы шындығын ашып, оның келеңсіз жақтарын терең көрсете білді. Суреткер замана дертін, адамзатты аздыруға себепкер осал тұстарды тап басып, өмір шындығын көркемдік тәсілмен биік деңгейде шебер баяндайды. Өз дәуірінің өзекті мәселелерін ашық көрсете білген шығарма мұраты – адамзатты ғасыр дертінен сақтандыру. Оралхан кейіпкері Тағанның аузына мынадай сөздерді сала отырып, қоғамдағы шындықты дөп басып жазып шығады: «Біздер тарих –ананы қатты ренжіттік. Өз ұлтымыздың тарихын кісенде ұстадық, киесі ұрады деп білмедік. Шала-жансар жасалған оқулыққа сендік, шала сауаттыларға сендік, шабына от түссе де айтайық: Өкімет басында отырғандардың бар-барлығына сендік, олардың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болды...» (442 б, О. Бөкеев, 1994). Осыдан келіп, Оралханды адамның ішкі әлемін ашып, оның жан дүниесін үңіле зерттеуге талаптанған романтик-жазушы екендігін тани отырып, оның қаламынан туған шығармаларынан өзімізге ұқсай тұрып ұқсамайтын, өзімізге таныс әрі бейтаныс өмірдегі кейіпкерлерді кездестіреміз. Адам қиялын қаймағы бұзылмаған соныларға жетелер осынау кейіпкерлердің меңзейтін бір тұсы, бір әлемі бар. Ол – Бөкеев әлемі, жазушының жазушылығы да өз қиялымен, шығармашылық фантазиясымен әрбір кейіпкер кейпіне ене білуінде болса керек. Ол өз шығармаларында қарама-қайшылығы мол күнделікті күйкі тірлікке, нақты болмысқа адам мен табиғат үйлесер рухани әлемді қарсы қояды. Жазушының әр кейіпкері – өзінше бір-бір жұмбақ әлем.

Жазушы Ғаббас Қабышұлы «Гүл аңсаған ғұмыр» (67-143 б, Ғ. Қабышұлы, 2000) атты еңбегінде Өртұлға Көкеев бейнесі арқылы Оралхан өміріндегі шындықты көрсетіп, оның рухани-адамгершілік қырларына баға берсе, Айкүміс – Айман арқылы шынайы махаббатты айқын суреттейді. Алға қойған мақсатына өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетінше білім алу ізденімпаздығымен жеткен қаламгерді, шындық пен образдар қосуын, тұнып тұрған қабілеті мен талантын бағалап әдебиет сүйөші қауым, зерттеушілер, қаламдас достары Оралханға «Кербұғы», «Мұзтау Мұзбалағы», «Өр Алтайдың күмбезі» деген атаулар беріп, биікке көтерді. Қысқа ғана ғұмырында туған жерін жанындай сүйген, оған мәңгі ғашық болып, сол ұлы махаббатын ақтық демі біткенше қағазға түсіріп өтті.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Оралхан Бөкеев публицистикасының бастаулары.
- 2 Оралханның «Құм мінезі» очеркінің стильдік ерекшелігі.
- 3 Қаламгердің журналистік қызметі.
- 4 Оралхан публицистикасындағы өмір шындығы.
- 5 Жазушы шығармаларындағы публицистикалық сарын.
- 6 О. Бөкеев көркем шығармаларындағы философиялық ұшқырлық.

1.8 Сағат Әшімбаев – публицист, сыншы

Кеңестік дәуірдің 20-30 жылдары негізінен үш бағытта дамыған публицистиканың сыншылдық, сатиралық бағытының негізін салған, юмор мен сатираны қолданудың шебері, осы бағыттың көшбасында тұрған Б. Майлин болғаны белгілі. Сол үрдісті тәуелсіздік жылдарына дейін Ғ. Мүсірепов, С.Ерубәев, М. Қаратаев, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, З. Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, Ж. Әбдірашев, І. Қабылов сынды сыншы, сатирик, публицистер жалғастыра түсті. Солардың қатарында аталатын, қазақтың әдеби көркем сынындағы таңғажайып талант, публицистикалық құштарлық пен көсемдік көзқарас иесі, ерекше жаратылған дара тұлға – Сағат Әшімбаев.

Алматы облысы, Нарынқол ауданында 1947 жылдың 1 мамырында болашақ әдебиет сыншысы, көрнекті публицист, қоғам қайраткері дүниеге келді. Ол алдымен Хан Тәңірінен бастау алған Байынқол өзенінің жағасында орналасқан өз аулындағы жеті жылдық мектептен білім алды. Әдебиетке деген шексіз құштарлығы осы кезден бастау алды. Осы орайда Сағаттың өзі: «Мектеп қабырғасында жүргенде қарапайым ауылдың қарабайыр кітапханасындағы шаң басқан қазақша сын кітаптардың қайсыбірін оқыған сияқтымын. Ал 1965 жылы мектеп бітіріп, университетке оқуға түсуге талаптанып, Алматыға келгенде В.Г.Белинскийдің 1948 жылы қазақ тілінде шыққан таңдамалы мақалалар жинағы мен М. Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» атты кітабын ала келгенім есімде», - деп жазады (Алматы ақшамы. -2005. -20 тамыз. Ж.Боранбай, Сыр сандық). Бұл жас талаптың мектеп қабырғасынан-ақ сыншылыққа құмартқан, орыс халқының сыншысы В.Г. Белинскийден, қазақ сынының дара тұлғасы Мұхаметжан Қаратаевты оқып, сыннан сусындағанын аңғартады. Сағаттың замандасы Ж. Боранбай: «Сағатта энциклопедиялық терең білім болатын», - деп баға береді (Алматы ақшамы. -2005. -20 тамыз. Ж. Боранбай, Сыр сандық).

Оның ең алғаш ірі сыншылардың бірі М. Қаратаевтың мақаласына арнап шағын мақала жазуын ерлікпен пара-пар деуімізге болады. Бұл жөнінде Сағат өз естелігінде: «Ең алғашқы шағын мақалам Мұқаңның 1965 жылы шыққан «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» атты кітабы туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған екен. Осыдан соң «Лениншіл жас» газеті (ол кезде редакторы Ш. Мұртазаев еді) «Сын туралы бірер сөз» деген, журналистер тілімен айтқанда көлемі 600 жолдай, мақаламды жариялады. Осы мақала маған рухани күш беріп, қанат бітіргендей болды», - деп жазады (Жалын. -№1. -1979. -5 б, С. Әшімбаев, «Жалынның» жаңа жылдық анкетасы). Осы жылдардан бастап Сағаттың М. Мақатаев, С. Мұратбеков, Ә. Кекілбаев, О.Әубәкіров, М. Мағауин, Р. Нұрғалиев сынды тұлғалар туындыларына арналған баспасөз беттерінде рецензиялары жарық көре бастады. Ол университеттің филология факультетін тәмамдағанша республикалық, облыстық баспасөз беттерінде 50-ден астам әр түрлі көлемдегі сын мақалалары мен рецензиялары жарық көрді. ҚазМУ-дың филология факультетіне оқуға қабылданған Сағаттың нағыз шығармашылық шыңдалу жылдары, әдебиетке апарар жолдары басталды.

1965-1970 жылдары университет қабырғасында жүріп-ақ, Сағат әдебиет майданына араласып, «Мұхтар Әуезов атындағы әдеби бірлестікті» басқарды. Әдебиетші Мұхаметжан Қаратаев, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов секілді ұстаздардың алдын көрді. «Қазақ білімінің қара шаңырағы – мемлекеттік университет қабырғасында жүргенінде теңіздей терең, білімдар оқытушылар Сағаттың бойындағы ерекше талапты, зеректікті бірден аңғарды. Тұнық ой, терең зерде, жан-жақты таным-түйсігі былайғы жұртқа да бірден аңғарылатын» (Жетісу. -2007. - 8 қыркүйек. Ж. Нұрғожаев, Жанартау) Осы жылдардың еншісіне тиесілі «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Әсемдік және қарапайымдылық», «Табиғилық іздейміз», «Күлкіге күй керек», «Үлесі үлкен», «Қажетті зерттеу», «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Мінездер наным», «Өмірдің кейбір көріністері», «Жас қанат жыр қарлығаштары», «Лениншіл жастың» бетінен орын тепкен «Салиқалы сөз, соны із», «Әдебиет көкжиегі кеңейе береді...», «Жастар сыны туралы бірер сөз», «Жетісуға» жарияланған «Мөлдір сезімдер» сынды рецензиялары шығармашылыққа келудегі алғашқы «қарлығаштары» еді.

Сағат университеттің соңғы жылдарында сол тұстағы жастардың басылымы, жас қаламгерлердің ұстаханасы «Лениншіл жасқа» (қазіргі «Жас Алаш») қызметке қабылданды. Ол кезде бас редактор Шерхан Мұртаза еді. 1970 жылдары «Лениншіл жастың» жігіттері қатарына қосылды. Олар Серік Әбдірайымов, Жақау Дәуренбеков, Аян Нысаналин, Жақыпжан Нұрғожаев, Қанапия Бекетаев, Оралхан Бөкеев секілді қаламы қарымды журналистер еді. «Лениншіл жасқа» келген жылы «Мұрат алды – ізденіс», «Дала балладалары» туралы», «Қатайған қанат қалықтай ұшсын», «Сұлулықсыз өлең тұл», «Сыншы жүрегінің сыршыл толғаныстары», «Алғашқы кітап және талап», «Төрт жинақ туралы бірер сөз», «Сырлы толқын», «Алғашқы самғау», «Өзіме де сол керек...» секілді он шақты рецензия мен сын мақалалары жарық көрді.

Әдеби салаға жетпісінші жылдары келіп, сын, публицистика саласында өз орнын айқындай білген тұлғалардың бірі ретінде Сағат Әшімбаевты атайтынымыз даусыз. С. Әшімбаев 22 жасында «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш» газеті) шығармашылық жолын бастады. Ол әдеби-публицистикалық туындыларымен қазақ әдебиеті және бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп, өзіндік үлесін қосты. «Сын мұраты» – сыншы С. Әшімбаевтың сын саласында жазылған мақалалары жинақталған, 1974 жылы жарық көрген тұңғыш кітабы. Бұл еңбекті 1976 жылы сыншы Мұхаметжан Қаратаев комсомол сыйлығына ұсынып, Сағат Әшімбаев Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Публицист ретінде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш» газеті), «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында қызмет атқарған жылдарында танылды. «Сынның сарапшы сарбазы» атанды (М. Қаратаев).

1970 жылдар кеңестік заманның дәуірлеп, 1980 жылдардың орта тұсында Сағат сол дәуірдің идеология құралы бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек жолын бастап, бірқатар жауапты қызметтер атқарды. Журналистикадағы жолын 1969 жылы «Лениншіл жас» газетінен бастап, жастар басылымы редакторының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Ол Қазақстан Жазушылар Одағының

органы «Жұлдыз» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналының бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. С. Әшімбаев 1979 жылы Бүкілодақтық авторлар құқығын қорғау ұйымы Қазақ республикалық бөлімінің бастығы болып тағайындалса, 1986 жылы Қазақ ССР Телевидение мен радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, 1990 жылдан 1991 жылдың тамызына дейін Қазақ ССР Телевидение мен радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы болды. Өзіндік қолтаңбасы ретінде қалған «Парыз бен қарыз» хабарының әр санын экран арқылы көрермендермен қауыштыра жүріп, қазақ теледидарының тарихында телепублицист аталды.

Осы жылдар аралығында Сағаттың қаламынан шыққан публицистикалық шығармалар мен сын мақалалары, шетел әдебиетінен аудармалары баспасөздің бетінде жиі жарияланып жатты. «Азаматтық позиция – айқындаушы күш», «Азаматтық формуласы», «Ақын жанын жабырқатқан жайлар немесе Абай өлеңдерін жүз жылдан кейін оқыған соң туған ойлар», «Абай тағылымы» – азаматтық тағлым», «Өлең сөздің өрнегі» – қазақтың бас ақыны, ақындардың атасындай болған Абай поэзиясын, философиясының тәлімдік мәнін көрсетуге тырысқан туындыларын ерекше атап өтуімізге болады. Осы жылдардың еншісіндегі «Ғ. Мүсірепов туралы триптих» – Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов секілді сирек дарынның адамгершілік және қаламгерлік қарымын беруге тырысқан шығармашылық портреттің нағыз үлгісі. И. Эренбургтан «Пабло Пикассо шығармаларының сыры», Расул Ғамзатовтың «Әнім де, жырым да сен– туған елім!», Жорж Буйонның «Қазақстанды көру үлкен бақыт», Шыңғыс Айтматовтан «Өзім және өзгелер жайлы бірер сөз», «Жорж Сименон сыр шертеді», Габриэл Гарсиа Маркестің «Жазушылық – ар-ұждан ісі» аудармалардың озық үлгісі саналады. Әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған және жинақталған еңбектері оның публицистік шығармашылығының айғағы саналатын «Сын мұраты» (1974), «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985), дүниеден өткеннен соң жарыққа шыққан «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993), «Ақиқатқа іңкәрлік» (1997), 60 жылдығына орай шығарылған «Екі томдық шығармалар жинағы» (2006) бүгінде ел игілігіне арналған тың туындылар қатарында екені даусыз. Сағаттың бүкіл болмысына баға берген журналист Жарылқасын Боранбай: «Сыр сандықты ашып қара...», - деп Сәкен ағамыз айтқандай, сол құпия әлемінің көбі ашылмай қалған азамат болса, соның бірегейі Сағат Әшімбаев еді. ...Сағаттың тағдыр жолын Саттар Ерубәев, Баубек Бұлқышев, Ғани Мұратбаев сияқты жарық жұлдыздармен салыстыруға болар еді. Бір өкініштісі, ел жадынан бірте-бірте ұмытылып бара жатқандай, жүрдек жылдардың тозаңы баса бастағандай», - деп жазады (Алматы ақшамы. -2005. -20 тамыз. Ж.Боранбай, Сыр сандық).

Сағаттың алғашқы «Үлесі үлкен» атты рецензиясы «Қазақ әдебиетінде» 1967 жылдың 14 шілдесінде жарияланды. Үлесінің үлкен екендігінің мәні талқыланып отырған сыншы Мұхаметжан Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» атты монографиясының Республикалық Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылуында жатыр. Автор сыншы М.Қаратаев сындарының елеулі жағына тоқталып, аталмыш монографияны

«Қазақ әдебиет тану ғылымындағы елеулі жетістік», - деген баға береді (Қазақ әдебиеті. -1967. -14 шілде. С. Әшімбаев, Үлесі үлкен.). Бұл Сағаттың М.Қаратаев шығармасына алғаш сыни көзқарасы болса, арада екі-үш жыл өте оның «Сыншыл ой туралы сыры» жазылды. Онда: «М. Қаратаев есіміне қазақ сынының жетістігінің ғана емес, кемшілігінің де едәуір қатысы бар деп ойлаймыз. Қазақ сынының көрнекті өкілі М. Қаратаев сындарындағы өткір полемикалық сипаттың кей тұстардағы аздығы оқушысын бір сәт қынжылтады да. Автор қалам тартқан мәселелердің кейбірі бұрын да сөз болған. Сондықтан солардың қайсыбіріндегі пікірлермен сыншы принципті түрде пікір таластырып отырса, мақаланы қызыға, құныға оқитыныңды жасыруға болмайды. Сын, екінші жағынан, пікірлер сайысы, пәрменді ойлар тайталасы екені мәлім», - деген бағасын білдірді (- 19 б, С. Әшімбаев, 1985).

Сағаттың сыншылар қаламына ең көп ілінетін, жауынгер жанр рецензиялары басылым беттеріне жиі беріле бастады. Олардың бір шоғыры Тахауи Ахтановтың «Керуеніне» (1969) жазылған «Керуен жүгі мол» атты рецензиясы 1970 жылдың 15 мамырында «Қазақ әдебиеті» газетіне басылса, сыншы Шерияздан Елеукеновтың «Бүгінгі заман және қазақ романына» (1968) арналған «Елеулі еңбек» рецензиясы 1970 жылы «Жетісу» газетінде жарияланды.

Ұлы Абай мен Мұхтардың, қара сөздің шебері Ғабит Мүсірепов шығармаларына көбірек ден қойған Сағатты біз Абайтанушы ретінде де танимыз. Өйткені, ұлы Абай хақында жазған «Ақын жанын жабырқатқан жайлар немесе Абай өлеңдерін жүз жылдан кейін оқыған соң туған ойлар», «Абай тағылымы – азаматтық тағылым», «Абай айтқан...», «Өлең сөздің өрнегі», «Азаматтық формуласы», «Азаматтық позиция – айқындаушы күш» атты мақалаларында талдау мен толғаныс басым. «Бәріміз де Абайды бір кісідей білеміз деп ойлаймыз. Тіпті қайсы бірімізге әлдекім «сен оны жақсы білмейді екенсің ғой» деп айтып қалса, шамданып шалқамыздан түсе жаздайтынымыз бар». Бұл – Сағаттың 1981 жылы жазылған «Ақын жанын жабырқатқан жайлар немесе Абай өлеңдерін жүз жылдан кейін оқыған соң туған ойларынан» алынған үзінді. Сағат бұл мақаласында Абайдың моральдық мәселелерге арналған поэзиясына көңіл қояды. Абай поэзиясының тәрбиелік мәні, адамтану мен адамтануындағы рөлі, оның қай заманда болмасын орнының айрықшалығына көзімізді жеткізеді.

Сыншы Сағат ұлы жазушы Мұхтар Әуезов хақында жазған мақаласында: «Кезінде Белинский Пушкинді Байронмен, не соңғысын алдыңғысымен салыстыру райбайсыз деген ғой. Сондықтан Н. Погодиннің: «Әуезов – қазақтар үшін екінші Абай, біз үшін Шығыстың Шолоховы», - деген сөздері орынсыз-ақ. Мұнда пәлендей терең ой жатқан жоқ. Шындығына келгенде, Әуезов пен Шолохов шығармасы – екі бөлек ұланғайыр дүниелер. Туындылары ұқсамаған жазушыларды бір-бірімен салыстыру қалай десек те көңілге қонбайды. Екіншіден, Әуезов Абай жетпеген биікке көтерілді. Абай айтпаған кең тынысты ойлар айтты, яғни, ұстаздан шәкірті озды. Әуезов – өз ұстазын қайталамағандықтан ғана ұлы. Және Әуезов Шығыстың Шолоховы еместігін, Шығыстың ұлы екендігін дәлелдеп берді», - деген тұжырымы батыл пікір («Ең

қауіпті ауру – тоғышарлық»). Сағаттың Мұхтар Әуезовты бағалайтындығының сыры осы сөйлемдерде жатса керек.

Сағаттың өзіне ұстаз санайтын тұлғалардың бірі Ғабит Мүсірепов болды. Публицистің жазушы шеберлігін: «Ғ. Мүсірепов сынды сегіз қырлы суреткер ХХ ғасырдағы қазақ көркемдік ойының даму тарихындағы айрықша құбылыс, қайталанбас тарихи құбылыс. Сондықтан да ендігі жерде Ғ. Мүсіреповтың қазақ тарихындағы тұрпаты бөлек тұлғасын ғана мақтаныш етіп қоймай, Мүсіреповтың рухани мәдениетіміздің дамуындағы тарихи тағылымы дегенді де алғы шарт ретінде қоса айтатын боламыз», - деп атап өтеді. С. Әшімбаевтың «Ғ.Мүсірепов туралы триптихы» қазіргі кітаптың деңгейі, оның оқылмауы туралы сөз болып, Мұхтар мен Абай сабақтастығы, Ғабиттің Абайға не үшін жүгінгендігі айтылады. Онымен қоса, жазушының жеке шығармашылығы, әдеттері сөз болып, сол уақыттағы әдеби процеске баға беру мен тоғышарлық дертіне, замандастары мен кейінгі буын өкілдеріне деген көзқарасы көрсетіліп, Абай шығармашылығының құндылығын бағалап, ақынды тағы бір мәрте биікке шығарады. Триптих құндылығының артуына осы мәселелер арқау болды. Олай дейтініміз, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сұхбаттардан көркем туынды тудыру, яғни триптихқа айналдыру шебер қаламгердің ғана қолынан келеді. Сағаттың шеберлігі триптихті оқып отырғанда анық байқалады. Әр бөлімде әңгіме үзілген тұста Ғабеннің сөздерінен кейін өз ойын түйіндеп отырады. Бұл – Сағаттың өзіне ғана тән шеберлігі, тәсілі.

Шоқтығы биік, сүбелі туындыларын Сағат әдеби сынға арнады. Мәселен, «Лениншіл жас» газетінде «Қорланғандар мен қор болғандардың жыршысы», «Ұлы дарын», «Жарасты жас керуен көші», «...Тек шындықты айтайықшы», «Сын көкжиегі кеңейе түссе...», «Биік мұрат тұрғысынан», «Талант пен талап», «Талдау мен толғау тең түссе», «Тұлпардың тегін тұлпар таниды» т.б. сын мақалалары жарық көрсе, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Заман тақырыбы – уақыт талабы», «Сын шын болсын», «Талант пен талап», «Қарапайым жандар хикаясы», «Жалын» журналында «Проза парасаты және ізденіс», «Ағыны терең ақ дария», «Терең таным – тарихи тағлым: әдебиетке лениндік ұлы көзқарастың бір-екі қыры туралы сөз», «Тарихи тұлға және көркем образ» мақалалары жарияланды. Ал, «Жұлдызда» «80-ші жылдардағы сынға көзқарас», «Абай айтқан...», «Суреткер парасаты», «Жыл көтерген жүк қандай?», «Қамқорлық жауапкершілікті жүктейді», «Жақсы жаңалықтың жалғасы», «Биік мұрат тұрғысынан», «Өмір сәні – озық мораль», «Нық қадам» т.б. сын мақалалары жарық көрді.

Публицистің «Бүгінгі жазу – өмір талабы» 1979 жылы жазылып, әр түрлі себептермен жариялауға ұсынбаған мақаласы сонау кеңес кезінде жазылғанмен, әлі күнге мәнін жоғалтпаған. Кеңестік замандағы социалистік реализмді дамытуға бағытталған орыс әдебиетіндегі Гончаровтың Обломовы мен Лермонтовтың Печоринін мысалға ала отырып, типтік образ жасаудың маңызын алға тартады. Сағат осы мақаласында: «Дүниеге әдебиет келген күннен бастап адам баласының адамгершілік жағынан даму кезеңі басталған», - деп жазады. Әдебиеттегі тазалық – сынға байланысты. Әрі әдебиет – уақытқа да сыншы. Өмірдегі кейбір келеңсіздікті суреттеу арқылы, уақыт мінін бетке

айтумен ұлы жазушылар бедел алған. Бұл тұста сынның да, әдеби сынның, беделі ерекше. Ал, «Сын – жауапкершілік һәм бәріне жауап берушілік» атты сұхбат (Қазақ әдебиеті, 1985, 20 қыркүйек.) сыншы Сағат Әшімбаев пен Әлия Бөпежанованың екеуара еркін әңгімесіне құрылған. Жанр жағынан сұхбат десек те, бұл екі әдебиет жанашырларының үлкен мәселе төңірегіндегі ой-толғаулары деуімізге де болады. Әңгіме Алматыда өтетін әдебиет сыншылары Халықаралық Ассоциациясының ІХ Конгресі туралы басталады да, әлемдік тақырыптарға ойысады. Бұл тағы да әдебиеттің, сөз құдіретінің қоғамдағы рөлінің жоғары екенін көрсетсе керек. «Қай уақытта да сын, сыни көзқарас жоқ жерде тоқырау, рухани құлдырау басталады, сыншыл ой, сыни көзқарас, сын және өзара сын барда қоғамдық ой дамиды, әлеуметтік үлкен өзгерістер болады», - дейді Әлия Бөпежанова. Сұхбат 1985 жылы баспасөз бетінде жарық көргенін ескерсек, талай мәселенің қозғалғанын, әңгімелесушілердің ой үндестігінен азаматтық көзқарастарын анық байқап, сүйсінеміз.

Сағаттың «Сыншыл ойдың сымбаты немесе сексенінші жылдарға көзқарас» атты сыни шолуының негізгі айтар ойы – сын эстетикалық қана емес, идеологиялық құбылыс екенін де ешуақытта естен шығармау. 1972 жылы СОКП Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» тарихи қаулысы қабылданды. Қаулы совет әдеби-көркем сынның қол жеткізген табыстарымен бірге кемшіліктер мен алдағы уақыттағы атқарылар басты міндеттерді айқындаған болатын. Сыншы қаулы қабылданған 1970-1980 жылдардың сынына көзқарасын, сын туралы сыңаржақ пікірлерге азаматтық пайымын білдіреді. Қоғамдық ғылымдар мен әдебиет пен сынның арасындағы өзара байланыстың жоқтығы Сағатты қынжылтады. Қазақ кітаптарының өтпеуі, оқылмауы себебін сыншылардың кітапты насихаттамауынан деген ой айтады. «Біздің сынымыз үшін де сексенінші жылдар көркемдік дамудағы болашақ ренессанстың беташары болар ма екен деген зор үмітіміз бар. Өйткені, сын – көркемсөз философиясы яғни әдебиеттің диалектикалық таным құралы», - деген сөйлемдері Сағаттың сын мәселелеріне қатысты айтылған тұжырымы еді. Бұл сыншы – әдебиеттің тәрбиешісі, жол сілтер бағдаршысы екендігінің дәлелі. Осы тұста белгілі сыншы Серік Қирабаев: «Әдебиет дамуының жолын қадағалап отыруға ұмтылу, жаңа туындыларды биік талап қоя отырып бағалау Т. Тоқбергенов пен С. Әшімбаевтың мақалаларында да байқалады», - деп жазады (70 б, С. Қирабаев, 1981). Бұл пікір Сағат Әшімбаевтың әдеби сын саласының майталманы екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

Сағат Әшімбаев – тоғышарлық атты «індетпен» күресуші күрескер. Оның сын мақалаларының дені заманды жайлаған тоғышарлық, мораль, адамгершілікке жазылды. «Түсіндірме сөздік туралы түсініктеме сөзінде» қоғамдағы кей жандардың рухани жұтандығын: «Адамды жақсы көру тек ол туралы жақсы сөз айту емес. Сол сияқты жазушының азаматтық парызы өмірдің жақсы жақтарын жалтыратып, бояп көрсетумен өлшенбесе керек. «Жақсылығымды айтқан ұрлайды, жаманшылығымды айтқан шындайды» деген ұлы Фердоуси сөзінде терең мән бар», - деп атап өтеді (253-254 б, С.Әшімбаев, 1993). Солақай тұжырымдар мен қоғамдағы кереғар пікірлермен санаспай, саналы түрде қарсы күресу әрбір қаламгердің парызы екендігін Сағат – анық

аңғарып, сол жолда күресе білген публицист. Қазір Сағаттай сыншылардың болмауы әдебиеттегі орны толмас өкініш екені айтпаса да түсінікті.

Сыншы Сағаттың жүріп өткен жолдарына қарағанда 17 жыл ғұмырын қазақ басылымдарында қарапайым әдеби қызметкерліктен бастап, редактордың орынбасары секілді жауапты қызметтерге дейін атқарғандығын аңғаруға болады. Ендігі бір жауапты қызметтерінің, қиын кезеңдерінің бірі – Сағаттың телеарнадағы сыннан өтуі еді. Публицистің «Парыз бен қарыз» хабары еркін пікір алысуға құрылды. Қызу пікірталас алаңына айналатын телеклуб эфирге 1988-1989 жылдары шығып тұрды. Алайда хабар эфирге белгілі бір уақытта шығып тұрмады. Кеңестік кезеңдегі Сағаттан жоғары отырғандардың кейбірі хабарды қалай да тоқтату керек екенін түсінді. 30 хабар, 24 сағаттан тұратын «Парыз бен қарыздың» екі жыл ішінде эфирге шыққан тақырыптары «Азаматтық парыз», «Демократия және бюрократия», «Интеллигент деп кімді айтамыз?», «Қайта құру және интеллигенция», «Ұлттық сана және рухани бірлік», «Ұлт тілінің тағдыры», «Жариялылық туралы ойлар», «Рухани мәдениет туралы сөз» деп аталды. Қазақ теледидарының жарты ғасырық өмір жолы қызықты шежірелерге, тарихи фактілерге, танымды деректерге бай. Осы жылдар аралығында ұлттық телеарнада он мыңға жуық адам түрлі салаларда қызметтер атқарды. Олардың ел жадында сақталатын істері, аянбаған еңбектері кешегі, бүгінгі сан миллиондаған телекөрермендері мен қазіргі және болашақ ізбасарларының жүрегінде сақталатыны хақ.

Қазақтың әдеби сынына елеулі үлес қосқан Сағат Әшімбаев: «Сын – есеп айырысудың, өш алудың, кек қайтарудың құралы емес, сын тәрбиенің ең жоғары түрін көрсететін этикалық және эстетикалық тәрбие құралы», - деп орынды пікір білдіреді (163 б, С. Әшімбаев, Уақыт және қаламгер. 13-кітап. 1988). Өмірде тек шындық үшін шырылдаған Сағат әдебиеттегі тазалықты алдыңғы орынға қоя білді. Оқырман жадына: «Өмірде шындық үшін күресе білмейтін адам, өнерде шындықты айтуды мұрат тұта бермесе керек. Өмірдің жолы ғана емес, шындықтың, күрестің жолы да тайғақ жол, соқтықпалы соқпақсыз жол, шырғалаңы мен шытырманы көп жол, алайда ең абыройлы жол екеніне ешкім де дауласа алмайды. Өйткені өмірдің жолы даңғыл жол болса, өмір сүру мұншалықты қызық та қиын болмас еді. Шындық иілуі мүмкін, бірақ сына бермейді, сондықтан да шындық үшін күрес шыңға шығармаса, шыңырауда қалдырмайды», - деген ой-тұжырымы әдебиет сүйер қауымға қағида болары сөзсіз (94 б, С. Әшімбаев, Мұрат пен міндет. Уақыт және қаламгер. 8-кітап. -1981). Кезінде Луначарскийдің: «Сыншы үлкенді-кішілі барлық суреткерлердің ұстазы» деген сөзін ескерсек, Сағат та әдебиет пен сын саласында жүргендердің білімді де білікті ұстазы бола білді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Сағаттың алғашқы публицистикалық мақалалары.
- 2 Сағат Әшімбаевтың қазақ әдебиеті сынына қосқан үлесі.
- 3 Публицистің журналистік қызметіндегі өзіндік қолтаңбасы.
- 4 Сағаттың қазақ теледидарындағы басшылық қызметі.
- 5 Сыншының сыни ой-пайымдарындағы шындық көрінісі.

1.9 Сауытбек Абдрахманов публицистикасының сырлы сипаты

Қазақ журналистикасында еңбек еткен, қазіргі уақытта да ақпарат ағынының ортасында жүрген журналистердің арасында үлкен топтан оқшау, өзіндік болмысымен бөлек тұратындары бар. Олар қоғамдық өмірден тысқары жүрмейді, керісінше нағыз қызу жұмыстың ұйытқысы болады. Бөлек деу себебіміз, олардың қаламынан шыққан дүниелер уақыттың тезіне жұтылып кетпей, қандай кездерде болсын маңыздылығын жоймайды. Кеше жазғаны бүгін ескіріп жататындарға олар ұқсамайды. Олар өздерінің кәсіби тұрғыдан қойылатын және қоғам алдындағы жауапкершілігін толық сезінеді. Қоғам алдындағы жауапкершілігін жоғары сезінген талантты публицистердің бірі – Сауытбек Абдрахманов.

С. Абдрахманов 1951 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданында дүниеге келген. 1970-1975 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқиды. Университетті бітірген жылы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне жұмысқа шақырылды. Осы жерде жұмыс істеген он екі жыл ішінде тілші, бөлім меңгерушісі, редакциялық алқаның мүше қызметтерін атқарды. Одан кейінгі кезеңдерде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президентінің, Министрлер Кабинетінің аппараттарында референт, бөлім меңгерушісінің орынбасары, ал 1997-2000 жылдары «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясының бірінші вице-президенті қызметтерін атқарды. 2000 жылдың желтоқсанында Республика Үкіметі «Егемен Қазақстан» республикалық газеті акционерлік қоғамын құру жөнінде шешім қабылдады да, қоғамдық президенті болып Сауытбек Абдрахманов тағайындалды. 2003-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі қызметін атқарды. Ол – 2004 жылдың 14 шілдесінен бастап – «Егемен Қазақстан» ашық акционерлік қоғамының президенті. Осындай белестерді басып өткен журналистің саясатқа қалам тартпауы мүмкін де емес болатын.

Бастапқы уақыттарда газет редакциясының тапсырысымен қысқа ақпарлар, заметка, шағын мақалалар, әр облыстар мен қалаларда өткен партия конференцияларынан репортаждар дайындап тұрған журналистің саясатқа да тісі бататыны белгілі еді. Әрине, Кеңестер Одағының бір партиялық идеологиясының көрігі қызып тұрған уақытта, әсіресе, жоғарыдан тікелей басқарылатын, өзге басылымдарға үлгі болатын «Социалистік Қазақстанда» өз еркіңмен кеңінен көсіліп, елдегі саяси жағдайдың оң-терісіне көз жүгірте отырып, көлдей мақала жазуға болмайтын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің баспа, полиграфия және кітап палатасының дайындаған мақалалар мен реценциялар шежіресінен С. Абдрахмановтың авторлығымен енген газет-журнал материалдарының тақырыптарына көз жүгіртсек, Қазақстан дербес мемлекет атанғанаға дейін, яғни, тоқсаныншы жылдарға дейін саясатқа аса қызығушылық танытпағаны байқалады. Дегенмен, «Жауапты буында коммунистер» (Социалистік Қазақстан, 14 қаңтар, 1979), «Қамқорлық қайтарымы» (Социалистік Қазақстан, 16 қазан, 1982), «Қарышты қадам» (Социалистік Қазақстан, 27 қараша, 1982), «Талапшылдық – коммунистік

қасиет» (Социалистік Қазақстан, 18 желтоқсан, 1983), «Экономикаға басшылық жетілдірілсін» (Социалистік Қазақстан, 17 желтоқсан, 1985) және тағы да басқа әртүрлі жанрдағы жарияланымдарында журналист қоғамда орын алған теріс әрекеттерге тосқауыл болатындай сөз айта алады, елдікті нығайту үшін өз ұсыныс-пікірін де жарасымды бере біледі, ілгері қадамдар мен жетістіктерге де барынша қуанып, оқырманға сүйінші ұсынғандай құбылта жеткізеді.

Ол – қазақ журналистикасынан өзіндік сүрлеуін тапқан қаламгер. Оның өнертанушылық бағыттары жазбалары мен сан қилы тақырыптардағы көсемсөздерінен, әдеби сын материалдарынан эстетикалық таным биігінің жоғарылығы көрінеді. Ол жетпісінші жылдардың басында театр, кино, әдебиет сынына бел шеше араласты. Алғашқы кинорецензиясы 1970 жылы облыстық «Жетісу» газетінің 24 желтоқсандағы санында «Чайковский» деген атпен жарық көрді. С. Абдрахмановтың «Чайковский» фильміне жазған рецензиясынан оның кино өнерінің қыр-сырын зерделей алатындығы бірден аңғарылады. Республикалық «Лениншіл жас» басылымының бөлім меңгерушісі Сағат Әшімбаевтың жас журналистке жөн сілтеп, өз саласын табуға көмек көрсеткенін атамай өтуге болмайды. Жаңа шыққан, жақсы, жұртшылыққа жағымды әсер қалдыратын, я болмаса, киноның талаптарына жауап бере алмайтын, қасаң фильмдер жайлы оның өз ойын әңгіме барысында жиі сұрап, пікірлерін құптап тұратын болған. «Чайковский» деген кинорецензияның жарық көруінің өзінің кішкентай тарихы бар. Ол туралы қаламгердің өзі былай деп еске алады: «Қорқасоқтап жүріп, «Чайковский» фильміне 4-5 беттік тұңғыш рецензиямды жазып байқадым. Облыстық газеттен бастап сынап көрейін дедім бе, әйтеуір, «Жетісу» газетіне апардым. Бөлімдегілер сол жерде-ақ оқып, машбюроға беріп жіберді. Желтоқсанның бас кезінде, айналасы бір аптада суретімен жарқ ете қалғаны. Газетке мақала, өлең шығару журфактағыларға онша таңсық емес, дегенмен сол тұста бірінші курс студентінің кино сынына араласуы сирек болатын. Редакцияға келесі барғанымда Сәкең кәдімгідей ренжісін, «Идея деген болады, идеяның авторы деген болады, саған бұл идеяны берген мен, мынауың ұят», - дейді таусыла сөйлеп. Ендігәрі кинорецензияны «Лениншіл жасқа» ғана жазуға уәде беріп зорға құтылдым» (183 б., С. Абдрахманов, 2003).

Белгілі сыншы, сол уақыттағы «Лениншіл жас» газетінің бөлім меңгерушісі С. Әшімбаевтың тапсырмасымен жазылған кинорецензияны жас журналист алдымен облыстық газетке берсе, кейіннен «Лениншіл жаста», «Социалистік Қазақстанда» экранға жаңа шыққан фильмдерге арналған рецензиялары жиі жарияланып тұрды. «Төтенше комиссар» («Социалистік Қазақстан», 1970 жыл, 31 желтоқсан), «Қашу» («Лениншіл жас», 1971 жыл, 19 мамыр), «Шешімін көрермендерге қалдырған фильм» («Лениншіл жас», 1974 жыл, 29 тамыз), «Адамға сену керек» («Социалистік Қазақстан», 1974 жыл, 26 сәуір), «Құрмаш, қасқыр және қайырымдылық» («Социалистік Қазақстан», 1975 жыл, 30 қыркүйек), «Аңсаған бақыт жұлдызы» («Социалистік Қазақстан», 1975 жыл, 27 желтоқсан) солардың бір парасы болып табылады.

С. Абдрахманов кинорецензия жазу барысында фильмнің мазмұндық сапасына көбірек көңіл аударады. Фильмді көргеннен кейін араға уақыт салмай

ұмытылып жатса, бұл киноның кемшілігі ме, журналист осыған жауап іздейді. Ондағы әр бейненің, мейлі ол трагедиялық не комедиялық бейне болсын, көрерменге белгілі бір деңгейде әсер етпегі керек. Олай болмаған күнде фильмнің әлсіздігі бірден көзге түседі. Кино саласындағы кітаптарды ұдайы оқып, әр премьераны жібермейтін жас қаламгер үшінші курста Кинематографистер одағының кино саласындағы сыйлығын алып соңғы курста кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетке қызметке тұрады. Онда Камал Смайылов, Қалтай Мұхамеджанов, Әбіш Кекілбаев сынды азаматтардың ұстаздық көмегі зор болды. Сондай-ақ әдебиет пен киноның ауылына қатар қонған Ә. Әлімжанов, О. Сүлейменов, А. Сүлейменов, С. Мұратбеков, Ә.Тарази, Қ. Ысқақов, Е. Домбаев, М. Симашко, С. Оспанов, С. Нарымбетов секілді ағаларымен араласа жүріп, киноның сырына, шеберліктің тұнығына қаныға түсті.

«Қазақстан өнері» альманахында С. Абдрахмановтың «Базарлық бағалы болсын» атты балалар киносына арналған көлемді рецензиясы жарық көрді. Онда балалар киносының қоғамдық санадағы орнын, оның берер тәлімінің орасан екендігін, ертеңгі ел болашағының қандай дәрежеде болатынына ықпал ететіндігін айқын көрсетеді. «Менің атым Қожа», «Шоқ пен Шер» сияқты табысты түсірілген фильмдердің жетістіктерін, оған жету себебін анықтап берсе, керісінше, көрерменге берері жоқ, байланысы аз, сюжеттері бір-бірімен қабыспаған фильмдерге сын көзбен қарайды. Қазақ балалар киносында ұлттық сарынның болуына ерекше мән береді. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі болмайынша балалар киносының құны асқақтамайтынын жеткізеді. Ұлттық бояуы жоқ, шынайылығы аз, ойдан шығарылған оқиғалармен фильм көрерменін қарық қылмайтыны белгілі.

С. Абдрахманов кино өнеріндегі бірде-бір жаңалықты қалт жібермеді. Тіпті, фильмнің өзіне ғана емес, әрбір кейіпкердің, артистің, режиссер мен сценаристің болмыс-бітімін талдап-таразылап, газет беттерінде өз көзқарасын білдіріп отырды. Оның актерді жеке тұлға ретінде қарастырып, таланттылығын даралаумен бірге оның жан дүниесіне тағдырының қалтарыстарына үңіле, сезім пернесін шерте отырып жазған мақалалары да бар. Актер Кененбай Қожабековтың оқыстан жараланып, екі аяғы жансызданып қалған тұста да өнерден алыстамағаны туралы «Тағдырмен тартысқан талант» деген мақаласында автор қанша рет көрсе де, былайғы жұрт назар аударар қоймайтын «Қыз Жібек» фильміндегі детальды сөз етеді. Мұны өте шебер қолданған. К.Қожабеков фильмде Сырлыбай ханның рөлінде ойнайды. Нысана етіп алып отырған актердің табиғатын, оның өнерге жан-тәнімен берілгендігін ашып көрсету үшін мынадай оқиға келтіреді: «Фильмде Сырлыбай ханның жорғасын желдірткен күйде көш бастап келе жатқанына көрермен аса мән де бере қоймады. Сонда... актер ат үстінде қалай отыр?.. Міне, былай: әуелі мініске жайлы жуас жылқы ізделген, сонан соң арнаулы «ер» - шағын ағаш отырғыш жасалған; актерді демеп соған отырғызған; семіп қалған қос ат тартпаға таңылған, аттың бауырынан айналдырып әкеліп, кеудеден қайыспен шандымалап тасталған... Мұның бәрі аттан құлап қалмаудың ғана қамы. Рөлдің творчестволық жағы енді басталды. «Қыз Жібектің» негізгі бөлігі ашық

натурада, жазғы шілдеде түсірілгені белгілі. Сол ми қайнатар ыстықта ерге таңертең таңылған Кененбай өзгелердей, үзіліс кезінде де көлеңкеге кіре алмай, күні бойы сол күйінде ат үстінде жүре беретін...» (Социалистік Қазақстан. - 1978. -10 ақпан. С. Абдрахманов, Тағдырмен тартысқан талант). Публицист осындай көркемдік әдістерді, мақаланың маңызын арттырар элементтерді жиі қолданады. Осы арқылы журналист оқырман қызығушылығын оятады. Көлдей материалдарды көз тоқтатып оқуға уақытын қимайтын оқырман ойды-ой жалғап әкеткен мақаланы қалай оқып бітіргенін аңғармай қалуы мүмкін. Міне, бұл – публицист Сауытбек Абдрахмановты көпшілікке таныстырған, қаламгерлік қабілетін мойындатқан шеберлік бастауларының көрінісі, ерекше арна табуға ұмтылған журналист еңбегінің жемісі.

Киноның жақсы шығуына актерлермен қатар, режиссердің атқаратын қызметі – бір төбе. С. Абдрахмановтың режиссер Мәжит Бегалин туралы жазылған «Мэтр» мақаласы портреттік очерктің жүгін көтеріп тұрғаны ақиқат. М. Бегалиннің режиссерлік еңбегінің нәтижесі, жеткен деңгейі жүйелілікпен, шынайылықпен ашылады. Мәселен: «Экран табиғатын тамыршыдай танитын Мәжекеңнің фильмдері қашанда киноның өз тілімен сөйлейтіндігімен, қай бояуды да орнымен жағып, қай сазды да орнымен ойнататынымен бөлектеніп тұрады. Дұрысында, Мәжит Бегалиннің профессионализмі, режиссерлік кәсіптің қыр-сырын мінсіз меңгеруі – қазақ киносының барша шеберлеріне үйренерлік үздік үлгі. Бұл жағынан Мәжекең – мэтр» (Социалистік Қазақстан. - 2002. -9 қаңтар. С. Абдрахманов, Мэтр). Публицистің өнердің, өнер адамдарының табиғатын ашудағы тәжірибесі мол екені байқалып тұр. Оның театр тақырыбындағы сыни мақалалары, рецензия, сұхбаттары көптеп саналады. Драматургия, театр қойылымы, артистердің шеберлігі жөніндегі жарияланымдарының бәрінен жан-жақты ізденістің табы анық байқалады. Ол әр тақырыбын түбіне дейін зерттеп, саралап отырады. Мұны мына жолдарынан аңғаруға болады: «Өнер туралы мақалаларда «Ең бастысы – кейіпкердің күрделі жан әлемін түсіну» деп жиі жазылады. Мұның өзі қаншама даусыз болып көрінгенімен, балетке келгенде біржақтылау ұғым» (Социалистік Қазақстан. -1981. -11 тамыз. С. Абдрахманов, Спартактың семсері). Автордың өзіндік таным-түсінігі бар және оны дәлелдеп те отырады.

1987 жылдары «Социалистік Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары С. Ақтаевтың Сауытбекке жазған мінездемесінен біраз жайттың ұшығын табуға болады: «Университетте оқып жүріп-ақ ол өнер тақырыбына жиі қалам тартып отырды. Өнер, әсіресе, кино мәселесін терең білетіні назарымызды бірден аударып, газетке жаздырып тұрдық. Одан оқуды бітірген соң редакцияға тұрақты жұмысқа шақырылды. Мұнда ол 1975 жылдан 1986 жылға дейін істеп, қатардағы тілшіден бөлім меңгерушісіне, редакция алқасының мүшесіне дейінгі өсу жолынан өтті. Редакцияда жұмыс істеген жылдары ол ар-ұяты мен мол шабытты қызметкер ретінде танылды. Әдебиет және өнер бөлімінде істей жүріп, республиканың мәдени өмірінен қыруар жақсы материалдар жазды. Сериялы публицистикалық мақалалары үшін 1980 жылы Б. Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты болды. Ол – әдеби, саяси аударманың екеуіне де шебер. Журналшылдықтың осынау пайдалы жанрынан

жиған тәжірибесі баршылық» (Ана тілі. -2001. -8 қараша. С. Ақтаев, Баянды бағдар).

Университет бітірген соң «Социалистік Қазақстан» газетінің әдебиет және өнер бөліміне жұмысқа шақырылған Сауытбек кино, театрмен қоса көркем әдебиет сынына да араласып жүрді. Алғашында жаңа шыққан жинақ, кітаптарға рецензия жазса, келе-келе көлемді мақалаларға қалам тербеді. Көркем әдебиетке құштарлығы оның үлкен зерттеумен айналысып, әдебиетші ғалым атануына жол ашқаны анық. Публицистің газет-журнал беттеріне шыққан мақала, рецензияларындағы ең басты ерекшелік – ой жүйелілігі, тіл нақтылығы және бұлтартпас дәлелдерсіз тұжырым жасамайтындығы. Ол өз тақырыбын меңгерумен қоса, жеке жазу стилін де ерте бастан қалыптастырып үлгерген.

Публицист кино, театр, әдебиет хақында жаза жүріп, әнші, биші, өнер қайраткерлерімен жиі кездесіп, сұхбат алып тұрды. Көпшілік қауымның көкейінде жүрген сан қилы сауалдарға жауап іздеу үшін, олардың әрқайсысынан үзік ой, тың пікір ала отырып, танымал таланттарды сыр бөлісуге шақырды. С. Абдрахмановтың өнер адамдармен жүргізген сыр-сұхбаттарын санамалап өтейік: РСФСР халық артисі, белгілі киноактриса Людмила Чурсинамен «Жиырма үш менің тағдырым» (Лениншіл жас, 9 ақпан, 1974), СССР халық артисі М. Эсамбаевпен «Биші мерейі» (Социалистік Қазақстан, 22 мамыр, 1980), ақын Олжас Сүлейменовпен «Суреткер жауапкершілігі» (Социалистік Қазақстан, 21 ақпан, 1981), пушкинтанушы ғалым В.М. Кирилловамен «Ұлылық және сұлулық» (Астана ақшамы, 18 қыркүйек, 1999), тарихшы, ғалым Қойшығара Салғараұлымен «Тарих – тағдыр» (Астана ақшамы, 21 қыркүйек, 1999), тарихшы Мұрад Әджимен «Не айтсам да адалымды айтамын» (Астана ақшамы, 12 сәуір, 2000) және тағы басқалар.

С. Абдрахманов көптеген қаламгерлер еңбектеріне рецензия жазды. Қазақ әдебиетінде жылт етіп көрінген жағымды шығармаларды назарынан тыс қалдырмаған ол кейінірек қазақ әдебиетіне қомақты дүниелерімен келген жазушылардың шығармаларын әдеби-теориялық тұрғыдан талдап, шынайы бағасын алуына жол нұқсайды. Мәселен, жазушы Төлеубек Жақыпбайұлының «Қыран туралы хикая» атты жинағына «Қанат ұшса қатаяр» (Жұлдыз, 1970), жазушы Т. Әлімқұловтың шығармашылығына қатысты «Жазықтық» (Лениншіл жас. 11 қаңтар, 1972), жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» атты романына жазған «Шынайы шындық, шымыр ой» (Социалистік Қазақстан. 3 қазан, 1976) т.с.с. рецензияларында көркем әдебиет жанрларына қойылатын талаптар тұрғысынан әңгіме, повесть, романдарды ғалым-зерттеуші көзімен де, қарапайым оқырман көзімен де қарап, көркемдіктің шарттарын таратып берді.

Бойындағы қабілеті мен дарынын, білімі мен парасатын журналистік қызметке арнауды жөн көрген С. Абдрахмановтың алғашқы мақалалары жетпісінші жылдардың бас кезінде мерзімді басылым беттерінен көріне бастады. Әдебиет пен өнерге ерекше қызығушылық танытқан ол осы салалардың барлық жаңалықтары мен заңдылықтарын, қыр-сырын кәсіби тұрғыда меңгеру үшін тынбай еңбектенді. Шағын кинорецензия жазудан басталған сыншылық көзқарасы келе-келе жетіліп, үлкен сараптамалық

мақалалар мен әдеби шығармаларды жан-жақты талдау дәрежесіне көтерілді. Өнер тұлғалары мен жазушылар туралы жазған мақалалары мен олардан алған сұхбаттары мазмұндық та, стильдік те тұрғыдан жоғары бағаланды. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін саяси тақырыптарға қалам сілтеп, тәуелсіздігіміздің шежіресін жасап шықты. Ішкі-сыртқы саясат мәселесін бойлай зерттеп, республикалық «Егемен Қазақстан» басылымына ақпараттық-сараптамалық материалдарын жариялап тұрды.

Қазақ тілінің ғажайып мүмкіндігін танытқан, қазақты бүкіл дүниеге паш еткен Мұхтар Әуезов жайлы мақаласын С. Абдрахманов өзі талай белестерді артқа тастағаннан кейін, әдебиетші ғалым деңгейіне көтерілгеннен кейін, яғни, 1999 жылдың 23 сәуіріндегі «Егемен Қазақстан» газетіне жариялайды. Классик жазушының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында оның «Абай жолы» романы туралы айтпаған, жазбаған адам некен-саяқ. С. Абдрахмановтың стилі, ізденісі мен тапқырлығы солардың үстінен қарауға мүмкіндік береді. Автор мақалада: «Абай жолы» – түркі әлеміне деген көзқарасты төңкеріп түсірген дүние. Ең алдымен, өткен ғасырға дейін негізінен фольклормен сусындап келген, әдебиетпен кәсіби тұрғыда айналыспаған делінетін халықтардың тіл байлығы туралы түсінік қайта қаралды. Төлтума мәдениеттің аясында тіршілік кешкен кез келген қазақ тілдің көркемдік құбылыстарын, астарлы, терең мағынасын тиісінше сезініп, бағалай алатыны сұқтандырды. Ал, шынтуайтына келгенде, таңданатын да, сұқтанатын да дәнеңе жоқ болатын», - деп қазақ тілінің, мәдениетінің озықтығына марқая отырып, әлемдік сахнаға шыққан жазушы М.Әуезовтің тұлғалық бейнесін дәріптейді (Социалистік Қазақстан. -1999. -23 сәуір. С. Абдрахманов, Әлемнің Әуезові).

С. Абдрахмановтың публицистикасында негізгі тақырыптардың бірі әдебиет екенін білеміз. Оның ыждаһатпен зерттеген тақырыбы Пушкин болса, осы тақырыптағы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларының жөні бір бөлек. Туғанына 200 жылдан асқан орыс ақынның мұрасын бүгешігесіне дейін зерттеді. Сөйтіп ол өзінше ой түйіп, жаңаша бір өрнекпен ғылыми-зерттеу еңбегін оқырманды жалықтырмай, еліктіріп, қызықтыра түсетін нұсқада жүйелеп, ықшамдап беруді мақсат тұтады. «Құран және Пушкин» (Егемен Қазақстан. 12 қараша, 1999) атты көлемді мақаласында адамзаттың ақыны атанған Пушкин поэзиясындағы Құранның дәріптелуі жан-жақты сөз етіледі. Мұны публицистің жаңаша көзқарас қалыптастырудың, орыс ақынының ерекше қырын ашудың үлгісі деуге болады. Ал, публицистің «Е, Тәтіш» (Қазақ әдебиеті. 12 желтоқсан, 1999), «Теңдесі жоқ туынды» (Егемен Қазақстан. 31 мамыр, 2002) мақалаларында әйгілі «Евгений Онегин» романы туралы әңгімеленеді. Мақалада негізгі өзегі өлеңмен жазылған романды қазақ тілінде сөйлеткен ақындарымыздың салған соны іздеріне, оның халықтық сипатына көркем тілмен терең талдау жасай отырып, терең бағасын береді.

Публицист С. Абдрахманов саясат пен экономиканы, әдебиет пен руханиятты ұлттық, әлемдік нақыштармен бедерлей отырып, өзінің қаламгерлік қарымын, журналистік алғырлығын танытты. Күнделікті ақпарат арнасының ағысына көз жібере отырып, ол өткен уақыттың ізінен адасып қалған жоқ. Журналист Абдрахмановтың республикамыздың маңдайалды газеті «Егемен

Қазақстан» газетін басқара жүріп, оның мазмұнының құнын арттыруға, қасандықтан арылтуға тигізген көмегі көп. «Егемен Қазақстанның» тұрақты оқырмандары публицистің танымдық материалдарын тосып жүріп оқитын деңгейге жетті. Публицистің танымдық тақырыптағы ерекше атайтын жазбалары «Әлемге әйгілі...» деген айдармен таныс. Ғылыми-танымдық, тағылымдық мәні айрықша «Әлемге әйгілі...» айдарындағы әрбір тақырыпқа автор барынша зерделілікпен, ұқыптылықпен, ғылыми тұжырым және пікір білдіру жауапкершілігімен қарайды. Әйгілі дүниелердің біршамасы жөнінде жазуға публицистің шетелдерге барған сапарларында көзімен көргендері мен құлағымен естігендері себеп болған.

Публицистің «Әлемге әйгілі...» айдарында басты нысана ететін жер-жаһанға мәлім дүниелерінің қатары аз емес. Әлемге әйгілі қала, музей, қазына, әмірші-қолбасшы, спортшы, қаламгер, қайраткер тұлға – тізім осылай жалғасып кете береді. Ол әрбір мақаласын оқырманға түсінікті, қызықты етіп жеткізудің тамаша тәсілдерін қолдана білген. Мысалы, публицист «Эйнштейн» атты мақаласын: «Эйнштейн, сізден ешқашан жібі түзу ештеңе күтуге болмайды» – Мюнхендегі гимназиум мұғалімінің бұл сөзіне жас Альберт қатты қорланбаған да болуы мүмкін», - деп бастайды да, оның салыстырмалылық теориясы және тағы басқа ғылыми жаңалықтары жөнінде салмақтылау ойлармен жалғастыра отырып, соңына қарай: «Мақаланың оқуға ауырлау болып шыққанын (салыстырмалылық теориясы туралы тартымды, қызғылықты жазылған дүниені табу да қиын) шамалап, сөз соңында әлемдегі ең данышпан әпенді атанып кеткен ұлы ғалым өміріндегі күлкілі жайлардың бірін әңгімелеп берейік», - деп, ғалым өміріндегі езу тартқызатын оқиғаларды әңгімелеу арқылы ол туралы мәліметтердің оқырман есінде ұзақ сақталуына қадам жасайды (Егемен Қазақстан. 2 тамыз, 2002). «Егемен Қазақстан» газетінің «Әлемге әйгілі...» айдары – Сауытбек Абдрахмановтың төл айдары. Әрине, осы сарындас айдарлар, осында көтерілетін тақырыптар басқа басылымдарда кездеспейді емес, кездеседі. Дегенмен, С. Абдрахмановтың өз жазу үлгісі, зерттеу аясы, өз стилі бар.

Сауытбектің газет-журнал жарияланымдарына өзіндік қолтаңбасы, стилі қалыптасқанын аңғару қиын емес. Публицист кез келген мәселені ешқашан да төтесінен бастап кетпейді, оқырман назарын аударатын қаратпа сөз, қызықты мысал, тағы да басқа жылдар бойы жинақтаған әдіс-тәсілдерін қолдануды әдетке айналдырған. Журналист елдегі саяси жағдайды сырттай бақылап, ой елегі, көңіл таразысынан өткізіп, саясат хақындағы мәселелерді зерделілікпен сараптап отырған. Публицистің Қазақстанның саясат соқпақтарында қалдырған ізі, егемендікке қол жеткізудегі қиындықтар, көпшілік біле бермейтін тоқсан бірдің түйткіл мәселелері туралы салмақты сөз айтқан, көптеген деректер келтірген үлкен сараптамалық мақаласы «Тәуелсіздік толғауы: 1991» (Егемен Қазақстан. 22 наурыз, 2001) деп аталады. Көлемді мақалада үлкен саяси мәселе көтерілген. Аталған мақаланы оқи отырып, тәуелсіздігіміз туралы тарихи кітап оқығандай әсерде қалып, көп нәрсеге қанығасың. Публицистің мемлекетіміздің тәуелсіздігі жарияланған жылдардағы құбылмалы саясаттан ұлтымыздың ұтылып қалмауы турасында, өткен оқиғаларға дұрыс баға берген, өз

толғамдары мен салмақты, сенімді тұжырымдары мақаланың маңызын күшейтіп тұр.

Публицистің ішкі-сыртқы саясаттың бар болмысын меңгергеніне көз жеткізу қиын емес. Елбасымен бірге іссапарларға шыққанда қай елге бармасын, оның тарихын, саясат аренасындағы алар орнын, бұрынғы, қазіргі жағдайын, халықаралық дәрежедегі деңгейін журналистік алғырлықпен анықтап отырады. Оның шетелдерде өткен саяси басқосулар, конференциялар мен мәжілістерден «Егемен Қазақстанға» арнайы дайындаған мақалаларында ешқандай ресмиліктің нышаны байқалмайды. Алғашында жолсапар очеркі сияқты басталатын көлемді материалдарында репортаждың да, проблемалық мақаланың да детальдары кездесіп жатады. Жалпы, публицистің бұл өзіне тән ерекшелігі де. Себебі, жазған туындыларын өзгеше үрдіспен, тереңнен бастау тәсілін ол жиі қолданады. Қоғамда орын алған өзекті оқиға туралы дер кезінде жазып, жария ету, оқырманға дұрыс бағыт көрсететін ой салу – публицистің міндеті. Ол әрдайым қарапайым оқырманның көкірек көзін ашуға, жаңалық, жаңашылдықпен таныстырып отыруға мүдделі болуы тиіс.

Сауытбек Абдрахманов саяси, экономикалық тақырыптарда Президент Әкімшілігінің басшысы Нұртай Әбіқаевпен «Бәйтерек биіктей береді» (Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2003), Парламент Сенатының депутаты, жазушы Әбіш Кекілбайұлымен «Халықтың күні халықпен» (Егемен Қазақстан. 6 сәуір, 2002), экономист-ғалым Дәулет Сембаевпен «Тәуелсіздіктің бір тірегі – теңге» атты (Егемен Қазақстан. 11 шілде, 2001) т.с.с. сұхбаттар жүргізді. Осылардың әрқайсысында публицистің өзіндік шеберлігі анық көрініп тұрады. Ол еліміздің саяси өміріндегі еңселі мәселелерді қозғап, Қазақстанның шетелдермен байланысы жайлы да қалам тербеп келеді. «Тәуелсіздік шежіресі» еңбегі – осы жолдағы түбегейлі ізденістің жемісі. «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған мемлекет басшыларының сүбелі басқосуларында, әртүрлі іссапарлар барысында көтерілген мәселелер, сондай-ақ басқа да саяси мақалаларынан оның жай ғана баяндау емес, дәйек, дәлелдемелерге сүйенуі, пікір қалыптастыруға бағдар көрсету мүмкіндігі және ұлтына деген жанашырлығы айқын көрінеді.

Республикалық «Егемен Қазақстан» басылымында бір жыл бойы тұрақты жарияланған «Тәуелсіздік шежіресі» кейін жеке кітап болып басылып шықты. 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі бір мемлекеттің шежіресін барлық саланы қамти отырып жазып шығудың қиындығын айтып жеткізу мүмкін емес. Он жылда талай-талай оқиғалар, өзгерістер болды. Автор қысқа да нұсқа түрде солардың барлығын қамтыған. Мәселен, 1995 жылғы 6 маусым күні былай деп жазған: «Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Женевада өткізілетін БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі сессиясына барар жолда Парижде қысқа уақытқа тоқтап, ел Президенті Жак Ширакпен әңгімелесті. Саяси мәселелерді талқылау кезінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ядролық қаруды таратпау және ядролық державалар тарапынан Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік беру тақырыбына тоқталды». (185 б, С. Абдрахманов, 2000). Тәуелсіздік шежіресін жазу барысында Қазақстанның әр жасаған қадамы қырағы публицистің назарынан тыс қалмаған. «Тәуелсіздік шежіресінен» өсудің, дамудың лебі еседі. Газет

айдары болып басталған «Тәуелсіздік шежіресінің» кітапқа айналуы публицистің қоғам өмірінде маңызы зор, өшпейтін дүние жазғанына дәлел бола алады. Мемлекетіміздің бет-бейнесі, тарихы келер ұрпаққа рух берсе, мақтаныш сезімдерін туғызса, бұл жолда Сауытбек Абдрахмановтың қаламының күші, ойының тереңдігі, маңдай тері мен ықыласты еңбегінің тасада қалмасы анық.

Журналистің басты міндеті – оқырман қауымына дұрыс көзқарас, орнықты пікір қалыптастыру. Осы міндет жолында Сауытбек Абдрахманов отыз жылдан астам қалам қуаты, ой маржаны, терең білімімен оқырманға қызмет етіп келеді. Сауытбектің публицистикалық мақалаларында өзіне ғана тән ерекшеліктерді аңғаруымызға болады: біріншіден, саясат мәселесін жазуға оның қыр-сырын әбден танып-білгеннен кейін кіріседі, ол кез келген тақырыпқа асқан жауапкершілікпен қарайды. Екіншіден, тақырыпты дәл тауып, тандай біледі. Ол қоғамға қажетті, елдіктің сөзін сөйлейтін мәселелерді үзбей көтеріп отырады. Осы тұста жазушы Әбіш Кекілбайұлы Сауытбек публицистикасына былайша баға береді: «Қазіргі тарихи таңдаулар кезінде ат жалынан тартып мініп, азамат болған Сауытбектің әрқилы тақырыптағы көсем сөздерінде де, әдеби-ғылыми мақалаларында да сол жас кездегі қаяусыз арманға деген қалтқысыз адалдықты аңғарамыз. Жегегені кейін тартқызар рухани енжарлық пен кердеңдіктің емес, іргелі талапты өрге сүйреп рухани ізгілік пен парасаттылықтың сөзін сөйлеп келеді» (12 б, С. Абдрахманов, 2003). Журналистикада биікке көтерілуді ешкім үйретпейді, оның оқуы да жоқ. Оған тек еңбек, ізденіс, шұрайлы тіл, тәжірибе керек. Сонда барып, ол ел, оқырман іздеп жүріп оқитын, сөзіне сенім артатын қаламгерге айналады. Сауытбек Абдрахмановтың қаламгерлік бағытының биіктігі де осында болса керек.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Сауытбектің алғаш қалам тартқан жанры.
- 2 С. Абдрахмановтың әдебиет, өнер тақырыбындағы публицистикасы.
- 3 Публицистің танымдық мақалалары.
- 4 Сауытбек Абдрахмановтың саяси толғамда жазылған мақалаларының стильдік ерекшеліктері.
- 5 С. Абдрахманов – редактор.

1.10 Жанболат Аупбаевтың журналистік шеберлігі

Жанболат Аупбаев 1951 жылы 24 желтоқсанда Шығыс Түркістанда (ҚХР) туған. 1974 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Осыдан республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде (1974-1986) үйренуші-шәкірт, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, «Қазақстан коммунисті» журналында (1991-1996) бас редактордың бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. Қазір «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы.

Қаламгер, негізінде, деректі дүниелер жазумен шұғылданады. Оның «Мынау ғажап дүние» (1983), «Жанарымда – туған жер» (1984), «Оққа тосылған отжүрек» (1985), «Сырымды саған айтамын» (1990), «Ғұмыр-дария» (1997), «Таңғажайып тағдырлар» (1998) және «Бізге беймәлім бейнелер» (2000) атты кітаптары жарық көрген. О. Сүлейменов, С. Санбаев шығармаларын қазақ

тіліне аударған. Ол – «Қажымұқан мен Қажытай» («Қазақтелефильм», 1991), «Хан Тәңірі» («Қазақтелефильм», 1994) атты деректі киноленталар сценарийлерінің авторы.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының орта тұсында республикалық жастар газеті «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш» газеті) беттерінен журналист Жанболат Аупбаевтың жазған мақалалары жиі ұшыраса бастады. Жиі болғанда, бұрқыратып хабар-ошар жазуды қанағат тұтқан емес, біреу де болса бірегей дүниелерімен оқырман қауымның да, журналистердің де назарын өзіне аударған талантты қаламгер санатында танылғаны анық. Тың тақырыптарды тауып, індетіп жазғанды ұнататын Жанболат Аупбаев тапқан тақырыбын зерлеп зерттеп, қызықтыра баяндап, жұмақтап жеткізуге тырысады екен. «Лениншіл жаста» Жанболатпен қызметтес болған Әділғазы Қайырбеков әріптесі туралы: «Онай тақырыптарды айналып өтетін, ылғи күрмеуі көп, шытырман, тосын тақырыптардың ғана жалына жармасады екен. Өзіне де, өзгеге де осындай қатаң талап қояды. Бір байқағаным, редакцияның күйіп тұрған идеологиялық жұмыстарын жүргізетін насихат бөлімінде отырып та өзінің қалаған, жанына жақын тақырыптарын ұмытпайтындығы. Ол кісінің шығармашылық лабораториясына үңілгенде ұққаным осы», - деп сыр шертеді. Сол 1970-80 жылдары «Комсомольская правданың» журналисі Василий Песковтың мақалаларын жұртшылық қалай елеңдей күтсе, «Лениншіл жастағы» Ж. Аупбаевтың жазғандарына да ықыластың жоғары болғандығын айтады.

Жасынан жарқырай көрінген, «Жас Алаш» газетінің беделін биіктетіп, абыройын асқақтатуға айтарлықтай үлес қосқан Ж. Аупбаевты 1980 жылдардың орта шенінде «Қазақстан коммунисті» (бүгінгі «Ақиқат» журналы) журналының бас редакторы, көрнекті қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаев байқап, жұмысқа шақырады. Ж. Әлиханұлы осы журналда жүрген жылдары бұрындары қазақ журналистикасында шет қақпай қалып келген тағдыры таңғажайып адамдар туралы ой толғап, ізденістің жаңа бір қырын таныта білді. Қаламына сирек мамандықтың небірі ілікті. Мәселен, адамның бас сүйегіне қарап, қадым заманда өткен кісілердің бейнесін жасап беретін антрополог, Антарактидадаға барып қайтқан ғалым-физик, жер шарындағы ең биік Эверест шыңына алғаш шыққан қазақ туралы дейсіз бе! Берлин ратушасына бірінші болып ту тіккен қазақ жауынгері секілді халқымыздың қайнаған ортасынан шығып, тың мамандықты игергендер өрелі журналист-қаламгердің еңбегінің арқасында қалың елге таныс болды. Журнал редакциясының жауапты хатшысы болған Кәкімжан Қазыбаев көз жұмған соң, өзін елге алғаш танытқан «Жас Алашқа» шолушы болып қайта оралды.

Ж. Аупбаев кейін «Халық кеңесі» атты Қазақстан Парламентінің тұңғыш тілі болған газеттің редакторы, жазушы Сарбас Ақтаевтың шақыруымен аталмыш басылымның редактордың орынбасары болып жұмысқа кірісті. Кезінде орта мектепті бітіріп, алыс ауылдан оқу іздеп келген жас Жанболатқа «Жетісу» газетінен мінездеме жазып беріп, университеттің журналистика факультетіне түсуге жол сілтеген, Жазушылар Одағына өтуге жолдама берген де осы жанашыр Сарбас Ақтаев болса керек. Одан бері Жанболат Әлиханұлы

«Ақиқат» журналы, «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан» газеттерінде бас редактордың орынбасары болып жауапты қызметтер атқарды.

Жанболатты өзінің қаламынан шыққан «тақырып қоюдың тапқыр шебері» десек артық айтпаған болар едік. Оның әрбір шығармасының тақырыбына үніліп отырып-ақ не айтайын деп тұрғанын ұғуға болады. Табиғаттың төтенше құбылыстары мен таңғажайып оқиғалары, экологиялық мәселелер, жалпы адам мен қоршаған орта арасындағы құпия байланыстар, тылсым сырлар мен үндестік жайттары Аупбаев қаламынан сырлы саз болып, өзекті де таптырмас тақырып болып төгіліп жатады. Мәселен, публицистің бір толғауы «Ләйлек келді... ләйлек» деп аталады. Журналист алғашқы сөйлемдерінде-ақ: «Аудан орталығына жақындай бергенде көзімізге ең алдымен шалынғаны, мақталық алқаптың жиегінде жүрген әлдебір құс болды. Өзі тіптен бейқам Тырнаға лайық сирақтарын кере тастап, маңғаз адымдайды. Оңтүстік өлкесінің төбеден шыңғырған күні мен тастақты жерден кер тепкен аптабы оған тіптен әсер етпейтіндей. Қимылы шүйгін қуалап жүре оттаған жылқыларға ұқсас. Қазіргі бетінде ол ұзын мойнын әр жерге бір салып, қайқаудай тартып барады. – Иә, бұл ләйлек, - деді маналы бері үнсіз отырған жолбасшымыз Теңесбай: бұрын жоқ еді, соңғы кездері ғана пайда болды. Мына бірлік селосында олардың телеграф бағанасына салған ұялары да бар. Жол үсті ғой, көркем десеңіздер ол эне, анау жерде тұр. Бұл құсты дегелек деп те атайды», - деп жазады (150 б, Ж. Аупбаев, 2003). Толғауда ләйлектің қай жерде кездесетінін, оқырманға сол құстың тағдырын қызықты баяндайды.

Оның тың тақырыптары қазақтан шыққан тұңғыш армия генералы, 1905 жылы Порт-Артур шайқасына қатысқан қазақ, Александр Матросовтың ерлігін қайталап, жау дзотының аузын омырауымен жауып аман қалған Ұлы Отан соғысының ардагері, күш атасы Қажымұқанның қаржысына жасалған ұшақпен неміс фашистерін жайратқан ұшқыш, Кеңес Одағының батыры атағын арада жиырма сегіз жыл өткен соң ғана алған қаһарман секілді тамаша тұлғалармен толықты. Қазақтың елі мен абыройын асыруға иненің жасуындай үлесі бар-ау деген адаммен қайтсе де жүздесіп, сыр тартып қалуға қаламгер құмар-ақ. Солардың ішінде төл журналистикамыздың ту ұстаушы тарланы Шерхан Мұртаза, әлем поэзиясының ақиығы Олжас Сүлейменов, қазіргі қазақ көркем ойының абызы Әбіш Кекілбаев туралы сыр-сұхбат, очерк, эсселерінен біреу білсе, біреу біле бермейтін жайттарды қаламы жүрдек, зердесі зерек Ж.Әлиханұлы шеберлігі арқылы жұршылықтың кәдесіне жаратты. Әсіресе, ірі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевпен сұхбаты өзгеше. Сонау Маңғыстауда 8 сыныпта оқитын бала Әбіштің бір қазақ жазушысының орыстың бір хикаятын көшіріп алып, өз атымен бергенін әшкерелеп, дүйім Жазушылар Одағын дуылдадатқанын біраз жұрт білгенімен, оның әдебиеттің үш арысы Сәкен, Ілияс, Бейімбет ақталғанда Биағаңа арнап жазған студенттік өлеңін ешкім біле бермейді. Жанболат мұрағаттан соны тауып алып, жазушының өзіне көрсетіп, таңдандырыпты. Ең бастысы, Жанболат үлкен таланттың шешілу тетігін таба білген.

Журналист болашақ шығармасының тақырыбын таңдай білуі керек әрі оны дамытып, өңдей білуі тиіс. Публицистиканың қандай жанрында

шығарманы жазғанда да журналист осы үш заңдылыққа сүйенеді. Шығарманың тақырыбы ұнамды, мазмұны тартымды болуы журналист шеберлігінің негізгі міндеті. Мәселен, Жанболат Аупбаевтың «Леп» деген эссесінің тақырыбы оқырманды өзіне бірден тартып алады. Автор: «Леп белгісі... Оған не тән?», - деп ойлар едіңіздер. Қуанышты оқиға, әдемі әсер, көтеріңкі көңіл-күй емес пе? Иә. Бұл айырым белгісі сөйлемге міне, осындай жағдайда қойылатыны анық», - деп тамаша ой түйеді.

Жанболат мақалаларындағы тауып қойылған сәтті тақырыптың өзі оқырманның қызығушылығын тудырады. Мақаланы оқуға еріксіз итермелейді. Осы тұрғыдан айтар болсақ, Жанболат Аупбаев мақалалары тақырыптарының өзі жұрт назарын елең еткізеді. Мәселен, «Дебют немесе сен қайда жүрсің Қожа?», «Алтайдың аясында бір ауыл бар», «Диссидент», «Азияның айдары», «Хабарды жүргізген: Ләзиза Айманова!», «Мінәйім, Мінәй әже туралы да айтайық. Себебі...», «Құбылаға қара!», «№1 Халық Қаһарманы», «Әбілсейіттің Моңғолиядағы «інісі», «Отандас немесе мен білетін Михайлов» деген секілді кете береді. Мағына тереңдігін айтпағанда, тақырыптағы естілу тартымдылығының өзі мақала мәтінінің табиғи ажарынан хабар береді. Айталық, публицистің «Шыңжандағы тұңғыш қазақ фильмі. Ол «Хасен-Жәмила» киносы еді. Ал ондағы басты рөлдерде ойнаған қандастарымыз туралы қазір не білеміз? (Егемен Қазақстан, 13 мамыр, 2003) атты әңгіме-сұхбатының жазылуына «Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 26 ақпандағы санында жарық көрген Бұқара Тышқанбаевтың «Хасен-Жәмила» фильмі қалай түсірілді? атты мақаласы себепші болған екен. Жазушы, драматург, осы фильмнің сценарийі Бұқара Тышқанбаевтың жеке мұрағатынан алынып жазылған мақаладан кейін Жанболат осы фильмде ойнаған актерлерден сұхбат алады. Әсерлі де тартымды әңгімеден соң автор: «Теледидардан ара-тұра болса да көрсетілетін, соңғы жылдары тіпті ұмытылып кеткен «Хасен-Жәмила» фильмі қайда екен осы», - деп ойладық. Оның жай-жапсарын көп кешікпей бізге осы шығарманың авторы Бұқара Тышқанбаевтың үйіндегі апамыз Сара Таңжарыққызы айтып берді», - деп Мәскеу арқылы қазақтың кино қорына үш данасының жеткізілгендігін оқырманға хабардар етеді.

Бір қызығы, Жанболат Аупбаевтың қазақтың тұңғыш киносы жайында жазылған қызықты мәліметтің заңды жалғасы іспеттес «Егемен Қазақстан» газетінде (20 наурыз, 2004) журналист Мейрамбек Төлепбергеннің «Әке» мен «Қыз» атты мақаласы жарық көрді. Автор Жанболаттың «Шыңжандағы тұңғыш қазақ фильмі» атты әңгіме-сұхбатында халық әртісі Фарида Шәріпованың: «Ондай жәйттер болды. Алдымен қиналған кезімді айтайын. Кинолентада Хасен мен Жәмиланың елсіз тауда күн кешіп жүріп, сәбилі болатыны туралы көрініс бар. Ол нәресте осы фильмдегі Жәмиланың шешесінің рөліндегі Тұрар апаның 4-5 айлық қызы еді. (Зырлап өтіп жатқан уақыт-ай... Ойлап қарасам, бір кездегі сол бесіктегі бөпенің өзі егер тірі болса, қазір 50-ге келді-ау!)...», - деген бір ауыз сөзінің негізінде, сол кинодағы кішкентай қыз бүгінде Сара есімді үлкен ана екендігін, фильмде әкесінің рөлін сомдаған Абылай Түгелбаевпен кездескендігін жазады. Қытай қазақтарының өмірі туралы тұңғыш фильмнің басты рөлдерінде және жекелеген эпизодтарында ойнаған әртістердің түрлі

тағдырлары туралы жазған мақаласын автор: «Елу жылдан кейінгі кездесуге арқау болған журналист Ж. Әлиханұлы (Аупбаев) мақаласының бір қызықты парағы біздің куә болуымызбен редакцияның Алматы филиалында осылайша қайта жалғасты», - деп аяқтайды. Бұл Жанболат шығармашылығына берілген тағы да бір оң баға дер едік.

Жанболаттың «Егемен Қазақстан» газетінде (28 мамыр, 2003) бүкіл өмірін Қытай елінде қуғын-сүргінде өткізген тума талант Таңжарық ақынның қызы Сара Тышқанбаевамен болған «Таңжарық ақынның қызы» атты сұхбаты жарық көрді. Сұхбатта өтен ғасырда Құлжадағы қазақ зиялыларының тіршілігі, Таңжарық ақынның қилы тағдыры сөз болады. «Егемен Қазақстанның» «Ашылмаған аралдар» айдарында үзбей жазып отыратын Жанболат осы сұхбаты арқылы да оқырманға беймәлім тарихтың көне беттерінен сыр шерткендей әсерде қаласың. Осындай қаламгерлік қуатымен дараланатын ол тіл өрнегі мен журналистік құнды еңбектері арқылы өзіндік қолтаңбасын, жазу мәнерін танытып келеді.

Тоғыз кітаптың авторы, оның әсіресе, соңғы кездерде жарық көрген туындысы («Ғұмыр-дария», «Таңғажайып тағдырлар», «Бізге беймәлім бейнелер») қазақ журналистикасының алғы шебіне алып шықты. Оның 30-жылға жуық журналистік қызметте жүріп, жүйелеп, жоспарлап жазған мақалаларының осал біреуі жоқ. Жанболатты жампоз журналист дегенде, оның шығармашылыққа келу жолындағы өзгелерден ерекшелейтін бірнеше қасиеті бар. Біріншіден, табандылығы. Тапсырылған жұмысты немесе алдына қойған мақсатын ақырына жетіп аяқтамай және аяқтағанда – тап-тұйнақтай етіп тындырмай қоймайды. Табандылығы – әр мақаласының басталуы мен аяқталуы арасындағы нағыз шығармашылық азапты бастан кешетіндігінен байқалып тұрады. Дерек-дәйектері дәлдікті көрсетеді, аздап ауытқу мен көзжұмбай тәуекелге аттап баспайды. Шабытпен шындықты көрсете отырып жазады. Сондықтан да оқырман оған имандай сенеді. Екіншіден, атқаратын қызметіне – адал. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» қалқып өте шығудан аулақ. Содан соң, жазар тақырыбына адал. Тақырыбың маңдай терін моншақтатып жүріп игереді. Әсіреқызыл, ұраншыл емес. Атүстілік пен асығыстыққа жаны қас. Үшіншіден, қарапайым. Қаламының қарымы бар екенін өзге жұрт мойындап тұрса да, асқақтамайды, асып-таспайды.

Журналист Ж. Аупбаевтың «Аязда өскен жидек», «Сәулесіз әлем» мақалалары туған табиғатқа деген құрметті оятып, туған жерге деген махаббатты толғайды. Қыл қаламымен қағаз бетіне тамған сияларын, кітап желіміне жеткен «Ғұмыр дария», «Елім менің ертегі», «Таңғажайып тағдырлар», «Бізге жеткен беймәлім бейнелер» атты кітаптары бар. Сонда жазылған эсселер мен очерктердің қай-қайсысын алып қарасаңыз да тек тұнып тұрған жаңалықтар, кездейсоқ оқиғалар, таңғажайып құбылыстар, табиғат құпиялары, жануарлар әлемі, адам баласының санасына келмейтін тақырыптар толып жатыр. Олардың әрқайсысы Аупбаевтың тынбай, ерінбей жүргізген ізденістері, істің ақиқатына жетемін деп төккен тері мен лапылдап жанған, қиындыққа жетелеген жүрегі, оның азабы мен қуанышы. Осы ретте журналист Сарбас Ақтаев: «Одан таңғажайып тағдырлар туралы, тосын да қызық оқиғалар

туралы тақырыптарды қалай табуға болатынын сұрайтындар көп еді. Ондайда Аупбаев асықпай, тәптіштеп түсіндіретініне талай куә болдым. «Нағыз кәсіби журналист боламын деген азамат ең алдымен баспасөздегі қарапайым хабарларға мұқият көңіл аударып жүру керек. Біреулерге елеусіз көрінетін шағын хабардың бойында кейде үлкен оқиға, ғажап тағдыр, аса құнды дерек көзі жасырынып жатады. Кәдімгі журналист ондай мәліметтерді ел аузынан да, газет-журналдардан да, кітаптардан да талмай іздеп жүргенде ғана олжаға кенелмек». Бұл кәдімгі журналистік шеберлік дәрістерінде айрықша мән беріліп айтыла ма, айтылмай ма білмеймін, бірақ мен редактор табалдырығын аттағанда Жанболаттың осы тәжірибесі әрі таңырқатты, әрі қызықтырды» (Егемен Қазақстан. -1996. -22 маусым. С. Ақтаев, Ұстанының ұста баласы).

Публицист өзінің «Айрақты» атты очеркінде: «Былайғы жұрт Маңғыстауды құла дүз, қу медиен дала деп ойлайды. Сондай-ақ, олар бұл өңірді сұрғылт та сұрқай, сүреңсіз жер деп көзге елестетеді. Бұрын мұнда болмаған жандар үшін ол ысқырған жел мен құм суырған боранның өті сияқты әсер қалдырады. Жоқ. Олай емес. Біле-білген жанға Маңғыстау – өзге аймаққа ұқсамайтын ерекшелігімен есте қалатын тарихы да, шежіресі де бай өңір. Айрықты тауындағы назар аударатын нәрсенің бірі «Ораз ұшқан» шоқысына қатысты аңыз дер едік. Табиғаты қанша қатал болса да Айрақты ғажап көрінісімен елді таң қалдырмай қоймайды. Жергілікті жердің адамдары ынтықтырып, махаббатын айтып тұрған да оның қасиеті болар, сірә», - деп жазады (174 б., Ж. Аупбаев, 2003.). Бұл очеркінде ол Маңғыстаудағы көне көз қариялар Иір ойы деп те атайтын Айрақты таудың керемет табиғатын қызықты фактілер арқылы өрнектеп көрсетеді. Сонысымен очерк өте тартымды оқылады. Бұрын Маңғыстау өлкесін көрмеген оқырман өзі барып қайтқандай әсерде қалады. Жазылған дүние – шығармашылық сиқырлы азап. Осылай тебіреніп жазу, ерекше тақырып қою – кез келген журналистің қолынан келе бермейтін әрекет. Бұл – журналист Жанболат Аупбаев болмысының тіл шеберлігіне тән ерекшелік.

Жанболат Аупбаевтың тағы бір журналистік ерекшелігі – өмірде болып жатқан талай шым-шытырық құбылыстарды, солардың ерекше бір көріністерін тап басып, көре білуі. Оның публицистикалық жазбаларында жүздеген оқиғалар, түрлі жағдайлар, адамдардың іс-әрекеті баяндалады. Публицистің «Дебют немесе сен қайда жүрсің, Қожа?» атты мақаласы де тосын да тың тақырыпта көрініс табады. Мысал келтірейік, «Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты повесі барша оқырман қауымға белгілі. Ал сол шығарманың желісімен түсірілген осы аттас фильмде де бәріміз білеміз. Одан да хабарымыз мол. Балалық шақ атты ғажайып әлемнің баяны – аталмыш туындыны өз кітап сөрелерімізден ұшырастырғанда, сондай-ақ жоғарыда айтқан кинолентаны теледидардан көріп қалғанда есімізге бір сұрақтың орала беретіні бар. Ол: «Менің атым Қожа» фильміндегі басты рольде ойнаған Нұрлан Сегізбаев қайда? Оның 1963 жылғы сол сәтті дебютінен кейінгі өмір жолы қалай болды? деген сұрақты алға тастайды. Бәрімізді қызықтыра түсетін бұл сауалдың жауабын автор өзі былайша береді: «Міне, қызық! Таяуда оны Астанадағы Парламент үйінде жолықтырып қалдық. Бұл өзі мүлде

күтпеген кездесу еді. Сөзіне карағанда Нұрланның Алматыдан елордаға келгеніне көп болмаған. Депутаттарда шаруасы бар сияқты. Соларға жолығып, қажетті қағаздарына қол қойдырысымен кері қайтпақ». Шындығында да оқырманды сол фильмде ойнаған бала Қожаның кейінгі өмірі қызықтыраы сөзсіз. Ол қазір не істеп жүр? Кино өміріне араласа ма? Жанболат осындай сауалдарды алға жетелей отырып, мақала соңында оқырманға ұтымды жауаптар мен деректер арқылы кейіпкерінің бар оқиғасын қызықты да шынайы тұрғыда жеткізіп береді. Бұл әрі журналистік зерттеу десек, әрі публицистің ойлаған нәрсесіне талмай іздену арқылы жететіндігін айқындай түседі.

Жанболат Аупбаев – еліміздің ең ірі басылымдарында жұмыс істеп, күрмеуі көп күрделі мектептерден өткен, іскер де талантты журналист. Ол – қазіргі қазақ баспасөзінің ауыр жүгін қайыспай көтеріп жүрген санаулы журналистердің бірі. Қалам ұстағандардың талайы уақытпен бірге құбылып кеткен кейінгі кезде де ол тақырыбынан танған жоқ, жорғасынан жаңылған жоқ. Халқымыздың қайталанбас тұлғаларын, таңғажайып тағдыр иелерін оқырманға таныстырумен, табыстырумен келеді. Ол «Егемен Қазақстанның» «Ашылмаған аралдар», «Жариялауға жатпайды», «Тұлға», «Табиғат терезесінен», «Адамдық айнасы», т.с.с. айдарлардың ауыр салмағын арқалап, ұлт тұлғаларының әрбір сөзінен тың дерек тауып, ғажайып әрі ғибратты ғұмырын толық суреттеп жүрген журналист.

Кемеңгерлерімізді кешірек танып, асылдарымызды ғасырлар қойнауынан жаңадан аршып алып жатқанымыз ащы да болса ақиқат. Сол асыл ерлердің есімдерін елге етене таныстырып, еңбектерін тірнектеп жинап, көптің зерек зердесіне саралауда белгілі бір дәрежеге жеткен журналистің еңбектерін атап өтуге болады. Журналистің газетте жарияланатын мақалаларына ғажайып ғұмыр иесі, тамаша адамдардың асқақ бейнесі жасалады. Олардың рухы, биік бейнесі, үлгілі ісі, жан дүниесіндегі рухани байлығы, адамдық, азаматтық мінез-құлқы Жанболаттың шебер психолог, нағыз ұлт ұлын жоқтаушы ретінде танытады. Оның қаламынан туған мақалалар оқырман қауымға тұлға өмірі не оның шығармашылығына қатысты тың деректі ұсына отырып, баяндалып отырған халық ұлының (Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Тынышбаев секілді ұлт тұлғаларына қатысты мақалалары жайлы) өміріндегі беймәлім әрі маңызды, мәнді жағдайларынан сыр шертеді.

Публицистің ұлт тұлғалары туралы жарияланымдары құрғақ қиялдан тумайды, оның өзегі тарихи тұлға – адамның өзі, адам болмысы. Баспасөз бетінде замана тұлғасын шынайы етіп сомдау – үлкен өнер. Ол журналистен үлкен жауапкершілікті, білімді, зерек зерделілікті талап етеді. Бұл жөнінде жазушы Нығмет Ғабдуллин өзінің «Өмір жолы бұралаң» атты кітабында: «Адамның сезім дүниесі табиғат құбылысы тақылетті. Біреудің ішкі күйін түсіну үшін, ол адам әуелі сенің көңіліңнің барлау объектісіне айналуы керек. Сонда ғана оның әр қимылы, әр сөзі, тіпті, көкірегінен дірілдеп шыққан демі соған бір сырларды ұқтырады. Адамның ішкі күйін ұғу үшін оған жай қарау жеткіліксіз. Барлай қарау керек. Ол үшін сіздің көңіліңіз объектіге аууы бірінші шарт», - деп жазады. Ұлт тұлғасы туралы мақалаларында кейіпкер өмірінің таңғажайып, ғибратты сәттерін дәл аңғарып, оны жете түсінген ауыр міндетін

анық байқауға болады. Журналист сезімінің сергектігі сол күнделікті күйбен тірліктің қалтарысында қалып қойған бізге беймәлім жандар өмірінің жарқын жағын ұмыт қалдырмайды. Көпшілігіміз сан рет көрсек те мән бермеген бір сәттік құбылыстың уақыт пен немқұрайлығымыз жасырып қалған керемет қырларын ашып береді. Кез келген журналистің жетістігі – сөзінің жерде қалмағандығы. Көтерген мәнді мәселесінен белгілі бір нәтижелі істің болуында. Осы жерде айта кететін бір жайт, журналист алғаш рет баспасөз бетінде көтерген мәселелер жауапсыз қалған жоқ. Журналистің «Егемен Қазақстан» газетінде «Көксерек» фильмінде Құрмаш ролін ойнаған Қамбар Уәлиев қайда жүр екен деген мақаласына орай журналист Мейрамбек Төлепбергеннің «Көксерек» фильмінде ойнаған бала» атты мақаласы «Өмір-өзен» айдарында жарық көрді. Бұл Жанболаттың сөз еткен кейіпкерінің заңды жалғасы екендігінде сөз жоқ. Зерделі журналист көңілінен тыс қалмаған тағы бір «ашылмаған арал» тұрғыны – «Тақиялы періште» фильміндегі Әлімғазы Райымбековтың осы уақытқа дейін көпшілікке беймәлім болып келген тұрмыс-тіршілігін «Хабар» арнасындағы «Жеті күн» апталық сараптама бағдарламасының журналистері айтып та, көрсетіп те жүр. Міне, журналист жетістігі дегеніміз– осы.

Ж. Аупбаев – очерк жанрының үздік шебері. Ол оқырман қауымға шырайлы, өрнекті, тақырыптық жағынан ұтымды очерктер беруде ешкімге ұқсамайтын сөз зергері ретінде ерекшеленеді. Бүгінде заман талабына сай қысқа, дәл, анық та түсінікті, бір сөзбен айтқанда телеграфтық стильге бой алдырған газет материалдарымен салыстырғанда очерк жазу шеберлерін шыңдайтын жетекші жанр тұрғысында сирек қолданады. Баспасөз бетінде жетекші роль атқаратын очеркке кез келген көлденең көк аттылардың қамшысы өте бермейді. Аупбаев очерк жанрының сырлы қасиеттерін жете түсініп, оны бүгінгі күнгі оқырман талғамы мен сұранысына сәйкестендіре білген. Автор шығармаларында елеулі орын алып, сөздің бейнелік бояларын арттыратын бұл жанр қазақ журналистикасына жаңа, кең мағына үстейді.

Қалам қайраткері өмірдің өзі ұсынып отырған құбылыс пен кейіпкер болмысына тән парасат-пайымынша суреттейді, бағалайды. Әсіресе, портреттік очеркте адам жанының қылаусыз шынайы сезімін бейнелегенде автор алдына жан салмайды. Журналист қаламынан туған «Ғұмыр-дария», «Таңғажайып тағдырлар», «Бізге беймәлім бейнелер» атты кітаптары осы сөзімізге дәлел. Мұнда тағдыры таңғажайып сирек мамандық иелерінің елді елең еткізген өміріндегі бір сәттері туралы ой қозғалады. Мысалы, халқымыздың біртуар перзенті, мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев, генерал Сағадат Нұрмағанбетов, белгілі сәулетші Шота-Аман Уәлиханов, жазушы Сейдахмет Бердіқұлов, қол өнер шебері Азат Әкімбек, атақты балуан Әбілсейіт Айқанов секілді ғажап өмірлері бар кейіпкерлерінің ашылмаған қырларын жалықпай көрсетеді.

Журналист өзіміз бел ортасында жүрген кәдімгі өмірді ерекше сипатта, өзгеше бояулармен жеткізуге тырысады. Ол үшін Ж. Аупбаев өтпелі өзгермелі тірліктің оңай өткел жолын емес, сау басын сарсаңға салар күрделі даңғылын таңдайды. Оның «Ашылмаған аралдар» айдарында тау-тасты зерттеп, ел кезген

саяхатшы деп қана ұғыну қате. Ол ең күрделі адам жанының – адам тағдырының ашылмаған аралын зерттеуші. Шебер журналист ретінде ол өмірдің өзекті шындығын қопара қозғап, оның ішінен елеусіз қалған ғажайып ғұмыр иесін іздейді. Осынау тайқы маңдай тағдырда тұла бойынан жақсылық пен жылылық есіп тұратын адамдар өмірін алымды журналист шынайы бейнелеу арқылы ең бірінші оқырманның эстетикалық сұранысына көңіл бөледі. Жанымызда жүрген, бірақ елеп-ескере бермейтін жақсылар үні мен сезімін жеткізуде журналист жасампаздыққа ұрынбайды. Болмаса, жұрт назарына ілігу үшін сенсациялық жаңалықтарды тізбектеп жатпайды. Ж.Әлиханұлының материалдарының ешкімге ұқсамайтындығын оның ажарын кіргізіп тұрған айшықты сөздерінде ғана емес, қанша көлемді болса да еш жалықтырмайтын қарапайым тілімен тартымды мазмұнында деп түсіну керек. Қалың оқырман қауымның сұранысын қанағаттандыру қиынның-қиыны. Көптің қырағы көзі мен сергек зердесі еш нәрсені қалтарыста қалдырмайды. Кімнің-кім екенін асыл айнаға түсіргендей айқын таниды. Рас, қатал таниды. Бірақ әділ бағалайды.

Жанболат Аупбаев мақалаға арқау болар өмірлік объекті немесе оқиғаның маңызды, мәнді әрі сыр-құпияға толы бояуы оның қоғамдық-әлеуметтік өткірлігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге уақыт, дәуір шындығын ашып көрсетуде тапқырлық танытады. Журналист еңбектерінің кейіпкерлері тылсым табиғат тіршілігіне қатысты (теңіз бен жер, тау мен тас, т.с.с.) кейіпкерлерден бастап өмірлері жүрек тебіренерлік сәтке толы адамдармен аяқталады. Ол – публицистикасының, соның ішінде қыры мен қиындығы мол очерк жанры тілінің іргетасын қалаушылардың бірі. Журналист тілі дегенде, ең алдымен, ойға оралатыны оның суреттеу шеберлігі мен көркемдік әдістерінің өзіндік ерекшеліктері туралы әңгіме болмақ. Жанболаттың өзіне тән қалам ұшқырлығы оның шығармашылық даралығын айқындайды десек, кейде қаламгерлік биіктігін де таныта түседі. Сөз мақсаты – сөйлеу емес, сөзбен сурет салу десек, ол болмыстағы оқиғалардың қалың тобының арасынан таңдап, талғап алған шындық құбылыстың оқырман жүрегін елжіретіп, сезімін дірілдетіп отырып суреттейді. Ж. Аупбаев – сезім мен ойды, шындық пен деректі, пайым мен парасатты тең ұстап, оларды өзара тұтастырып, бірін-біріне ұластырып толғауды сүйетін, сүйіп қана қоймай мұның өзін жазу өнерінің өзегін түзетін басты машыққа айналдырған, сөйтіп дара шығармашылық, мазмұндық мәнер тапқан журналист, сондықтан да, қазіргі қазақ баспасөзінің ауыр жүгін қайыспай көтеріп жүрген санаулы азаматтар қатарында.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Жанболат Аупбаевтың журналистикаға келу жолдары.
- 2 Публицистің алғашқы шығармашылық ізденістері мен талпыныстары.
- 3 Журналистің публицистикалық мақалаларының тақырыптық, стильдік ерекшеліктері.
- 4 Жанболат Аупбаевтың редакторлық шеберлігі.

СӨЖ тапсырмалары

- 1 Әзілхан Нұршайықов очерктерінің көркемдік сипаты.
- 2 Сапар Байжановтың журналистік шеберлік мектебі.
- 3 Камал Смайылов публицистикасының тілі мен стилі.
- 4 Шерхан Мұртазаның редакторлық шеберлігі.
- 5 Сейдахмет Бердіқұловтың спорт журналистикасындағы қолтаңбасы.
- 6 Сағат Әшімбаевтың сыни публицистикасы.
- 7 Оралхан Бөкеев көркем шығармаларындағы публицистикалық сарын.
- 8 Олжас Сүлейменовтың публицистикасындағы дәуір үні.
- 9 Сауытбек Абдрахмановтың саяси публицистикасы.
- 10 Жанболат Аупбаевтың журналистік шеберлігі.

II ТАРАУ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК

2.1 Көрнекті журналист, қаламгерлердің шығармашылық жолға келуі

Әр журналист, қаламгердің шығармашылыққа келуі, алғашқы жетістіктерге жетуі, танылған талант тұғырына көтерілу жолы әрі ұқсас, әрі өзінше бөлек те болса керек. Өзінен биік те ұлы тұлғаға талпынған, еліктеген адам, осы еліктеудің арқасында ұлының ұлысы бола алады. Кез келген қаламгердің шығармашылық жолға келуіне, алғашқы жетістіктерге жетуіне оның өз күш-жігерімен қоса, қандай да бір тұлғаның әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан қандай да бір дарындылық пен жаңашылдық көктен түсе қалмайды. Оның бәрі өзінен бұрынғы үлгіге сүйеніп, тың ізденіс пен талпыныстан туады. Ол үшін әрине, ең алдымен, қаламгер бойында дарындылық, қабілеттілік, көркем әдебиетке сүйіспеншілік қасиеттері болуы керек. Бұл қасиеттер жазушының өз ізденісімен кеңейеді, жалғасады. Алайда бұл өзі толысқан талант кешегісін, алдыңғы өнегесін ұмытып кетеді деген сөз емес. Қашанда ұрпақ тәжірибесіне көз жүгіртіп отырған талант одан жаңа бір тұрғыда қарастыруды күтіп тұрған ойлар табады. Бұрын көтерген мәселелерді жаңаша оқиды, соны бүгінгі заман тұрғысынан қайта ашады. Аға ұрпақ тәжірибесінде шығармашылық өнегемен қатар, адамдық, азаматтық мінездердің де үлгі боларлық, үйренерлік, ғибрат тұтарлық сипаттар аз емес.

1980 жылдары жазушы ағамыз Ғабиден Мұстафиннің былай деп жазғаны бар: «Тұрғысы биік болмай, әдебиет биік бола алмайды. Бүгінгі жастар – ертеңгі қауымның қариясы. Қарияның кейінгіге айтар ақылы, кеңесі болады. Соны қазірден бастап жинамаса, бас соңыра қажырап бос тұрады. Көре біл, көңілге тоқи біл...» (27 б, Ғ. Мүсірепов, 1984). Бұл кейінгі жас толқынға, шығармашылықта жүрген дарындарға аға буын өкілдері тәжірибесінің аса қажет болатындығын айғақтай түседі.

Шоқан Уәлиханов (1835) өзінің шыққан тегін жаттап өсті, түп атасы сонау Шыңғыс ханнан тарайтынын да мақтан етті. Шоқан туралы сөз еткенде, ең әуелі оны өсіріп, тәлім-тәрбие берген әжесі Айғанымның өнегесін айрықша атап өткен абзал. Айғаным ханша көзі жұмылғанға дейін Уәли тұқымының арнамысын қорғап, оларды көзінің қарашығындай сақтады. Айғаным ханша өте беделді кісі болды. Оқымаған болса да орыс зиялыларымен хат алысып тұратын. Шоқан Айғанымның ертегілері мен аңыз-әңгімелерін естіп өсті. Жанұясы өте қонақжай кісілер болатын, келген қонақтардың ән-жырларын, аңыз әңгімелерін сүйіп тыңдайтын. Осы жайттар Шоқанның жастайынан өнерге көңіл бөліп, шығармашылыққа келуіне көп ықпалын тигізді. Шоқан өрісінің кеңеюіне орыс досы Семенов-Тянь-Шаньский, ұстазы Гонсевскийдің де ықпалы көп болды. Гонсевский жексенбі күндері Шоқанды өзінің үйіне алып кетіп, бай кітапханасымен таныстырып отырды. Гете, Шиллер, Мольер, Шекспир, Байрон шығармаларын құмарта оқып, жас кезінің өзінде-ақ араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін білген Шоқан Гонсевскийдің арқасында неміс, француз тілдерін де үйренген. Шоқанның тағы бір досы Дуров оны утопиялық социализмнің теоретиктері Фурье, Сен-Симон, Оуэн еңбектерімен таныстырғандығы белгілі.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтық үлгісін Спандияр Көбеев жалғастырған. Ол жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп, жас ұрпақты әдебиетке, мәдениетке баулыды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман, тілегі еді. Ол 1901 жылдан бастап, өмірінің соңына дейінгі (1956 жыл) 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. Нәтижесінде, 1912 жылы С. Көбеев «Үлгілі бала» атты кітабын жарыққа шығарды. С. Көбеевтің 1913 жылы Қазанда басылған «Қалың мал» романы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш көлемді прозалық туынды болып саналады.

Сәкен Сейфуллин өзінің алғашқы шығармаларын М. Горькийдің «Дауылпазы» үлгісінде жазса, «Қазақтың Құлагері» атанған қанатты қаламгер Ілияс Жансүгіров өзінен биік, қазақтың ұлы ақыны Абайдан бастау алған. Табиғатынан дарынды жаратылған зерек баланың жас қиялына ерекше әсер еткен, орасан зор ықпал жасаған Абай шығармалары еді. Дос-жарандардың арасында айтқан әзіл-қалжыңдарды табанда жаттап алып, суырып салма өнерімен айтысқа да түсіп кететін жас Ілияс Абайдың данышпан поэзиясымен танысқаннан кейін, ақындық өнерге басқаша қарайды. Кейіннен Ілияс «Қысқаша өмірбаяным» атты еңбегінде: «Оған шейінгі көрген, оқыған әдебиетімнің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде бір түрлі сергектік, сілкініс, жүрегім де жаңалық сезгендей болды...», - деп жазады. Сөйтіп, Абай поэзиясы Ілиястың әдебиет өміріндегі өзіндік қолтаңбасының қалыптасуына әсер етті. Демек, ұлылықтың тасына шығу, тек ұлыларға еліктеуден басталады.

Алаштың екі алып азаматы Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов ауылдас, аталас, ең бастысы бұлардың ұлы күрес жолындағы рухани туыстығы— қазақ тарихындағы қымбат та қастерлі беттердің бірі. Міржақып шындап келгенде – Ахметтанудың негізін салушы. Оның орыс тілінде жазылған «Ахмет Байтұрсынов» деген библиографиялық очеркі – осы тұжырымға толық дәлел бола алады. Ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баянындағы» сюжеттік желі Гогольдің «Тарас Бульбасындағы» сюжетпен ұқсас келеді. Сол тәрізді кезінде Шәкәрім Құдайбердіұлына да Шығыс әдебиеті мен Абай дәстүрі әсер еткені белгілі.

Небары 23 жыл өмір сүрген Саттар Ерубаев публицистикалық күшті шабытқа құрылған, өмір туралы философиялық пайымдауларға толы новеллалардың жаңа үлгісін жасауда қазақ әдебиетінде тың жол бастады. Сол шағын новеллалардың өзінде ол үлкен өмір туралы көп нәрсе аңғарта алды. «Мәңгілік өмір», «Бақыт» новеллалары мен «Менің құрдастарым» романын (аяқталмаған) артына қалдырған Саттар кейбір еңбектерін орыс жазушысы М.Горький шығармаларын тереңінен оқып, алған әсерден кейін жазғандығы байқалады. Ал, жауынгер Баубек Бұлқышев публицистикасының негізгі тақырыбы – Отан, туған жер туралы. Баубек мұрасының салмақты жағы да сол соғыс кезінде жазған публицистикалық мақалалары болып табылады. Бұл мақалалары жазушының әдеби қызметінің маңызды бөлігі болып саналады. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы майданынан жазған Баубек хаттарының рухани қуаты ерекше болды. Сондықтан да, Баубектің әскери публицистикасы соғыс

кезінде жазылған орыс жазушылары Михаил Шолохов пен Алексей Толстойдың шығармаларымен үндесіп жатады. Баубектің «Мен өмір сүргім келеді», «Өлім мен өмір туралы», «Жауыздық пен махаббат» атты еңбектері әлі күнге дейін өз орнын жоғалтпай келеді.

Шеберлік – шығарманы жазудан басталмайды. Өмірде болатын әр қилы оқиғаларды салыстыра біліп, салмақтай алу да шеберлікті аңғартады. Сонымен бірге жазушы бір жазған шығармасына қайтып оралып, ондағы оқиғаларды өңдеп, өзгертіп, ұстарта түссе, бұл да шеберлікті шыңдайды. Ұлы заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясына барар жолда жазушы Юрий Тыняновтың «Уәзір Мұхтардың өлімі» деген романын мұқият оқып шыққан екен. Сол романның әсерінен кейінен ұлы эпопеяны дүниеге әкелді. М. Әуезов ұлы Абайдың ақындық тұлғасына арнаған төрт томдық сол романын ұзақ жылдар бойы жазып, қайта-қайта өңдеп, өзгертіп келді. Осыған орай орыс жазушысы Л.Н. Толстойдың: «Мен бір жазған нәрсемді қайта-қайта өңдеп, өзгерте бермесем отыра алмаймын», - деп жазғаны жазушының өз тәжірибесінің бір қырын айқындай түсетін тәрізді. Өйткені, орыс жазушысы өзінің «Соғыс және бейбітшілік» атты эпопеясын бес рет өңдеп, бес рет қайта көшіріп шыққан екен.

Жазушы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» мемуарлық трилогиясы орыс жазушысы М. Горькийдің «Балалық шақ», «Кісі есігінде», «Менің университеттерім» өмірбаяндық трилогиясының кейбір тұстарына ұқсас болып келуі, алдыңғы толқын жазушылардың тәжірибесіне қаныққаннан болуы керек. Ал, жазушы Әлжаппар Әбішевтің 1963 жылы шыққан тұңғыш кітабына Сәкен Сейфуллин алғы сөз жазып, жас жазушының алғашқы талабын құптай отырып, оның келешегіне үлкен сенім білдірген екен. Кейіннен Ә. Әбішев өзінің «Терең тамырлар» повесін (1952), «Найзағай» (1975), «Достық пен махаббат», «Мансап пен ұждан» пьесаларын жарыққа шығарды.

Қарымды қаламгер Ғабиден Мұстафин жазу жолына алғаш келгенде алдымен, Сәбит Мұқановтың шығармаларымен тереңінен танысады. Кейіннен жазу үлгісін Бейімбет пен Сәбит шығармаларынан алады. Ал, жазушы Ғабит Мүсіреповтің әдебиетке деген құштарлығы рабфакта оқып жүрген жылдары басталады. Сол жылдары (1923-26) Сәкен Сейфуллинмен танысып, ұмытылмас әсер-ұлағат алады. Ғабит Мүсіреповтің де алғашқы әңгімелеріне Бейімбеттің де ықпалы зор болғаны белгілі. Сондай-ақ, Ғабиттің ана тақырыбына баруы орыс жазушысы Максим Горькийдің «Ана» туралы әңгімелерінің әсері болса керек.

Қазақтың өлең, жыр көкжиегінде талай ақындар дүниеден өткен. Соның бірі– ұлағатты ұстаз, қазақ жазба әдебиетіндегі әйел ақыны Дәмеш Берсүгірова. Дәмеш ақын 15 жасынан бастап өлең жазған екен. Табиғатқа, сұлулыққа жаны жақын ақын қыздың алғашқы сезімін оятып, тербеткен өзінің сүйіп мінген аты Қоңыр жорға болыпты. Көп ұзамай жас қыздың ойын тербеткен Қоңыр жорғаның жыр бейнесі өрнектеліп шыға келеді. Ол кезде Дәмеш ақын Алматыда қазақтың алғашқы зиялыларының бірі, ағартушы Біләл Сүлеевтің үйінде тұрып оқыған. Осылайша 15 жасар Дәмеш қыздың бойында ақындық талабы бар екенін байқаған Біләл Сүлеев өз тәрбиесіне алады. Яғни, ақын қыз Дәмеш Берсүгірованың шығармашылық жолға келуіне бірден-бір себепкер

адам – Біләл Сүлеев болды. Дәмеш ақынның «Менді қыз», «Жауынгер ұлыма», «Шипагер», «Аққу ағыны», «Боранбай» атты шығармалар жинағы бар.

Сыншы, әдебиет зерттеушісі Серік Қирабаевтың алғашқы мақаласын «Социалистік Қазақстан» газетіне бастыруға көмектескен жазушы Мұқан Иманжанов болды. Мұқан Иманжанов – «Таныс қыз», «Тыңдағылар», «Көк белес», «Менің махаббатым» т.с.с. көркем шығармаларды дүниеге әкелген қарымды қаламгер.

Баубек Бұлқышев белгілі публицист Камал Смайыловтың әкесі Сейітжанның қолында оқып, тәрбие алған. Сондықтан да, өз заманының көрнекті публицисі және қоғам қайраткері Камал Смайыловқа публицистикалық терең пафос сол Баубек рухы арқылы екенін аңғаруымызға болады. Демек, жалынға толы жігерлі Баубектің жазбалары Камал Смайыловқа да үлкен әсер етіп, болашақта қазақ журналистикасының бір діңгегі болатын, өзіндік соқпағы бар жолға жетелегені белгілі. Бүгінде Камал Смайылов шығармашылығы қазақ журналистикасында ерекше орын алады.

Жазушы Әбіш Кекілбаевтың әдебиетке келуіне, оның білім қуып, оқуға аттануына немере ағасы Мұқыр себепкер болған. Інісінің болашақта сөз тізгінін ұстар қалам иесі болатынын болжаған ағасы: «Оқуға кет, артыңа қарайлама, тіпті сәті болмай жатса, газетке әріп теруші болсаң да орналас» деп қатаң тапсырма береді. Жастайынан қиыншылық кезенді бастан өткерген Әбіш университетте оқып жүріп, жазушы Мұхтар Әуезов шығармаларымен тереңінен танысады. Талантты ақын ретінде танылған Әбіштің тұңғыш өлеңдер жинағы 1963 жылы жарық көрген болатын. Осы жинақты шығару барысында Әбіш Мұхтар Әуезовпен рухани үндестікте болды. Әуезовтен ұстаз ретінде сабақ алады. Сондықтан да, Әбіш бір естелініеде: «Рухани ұстаздарымның бірі – Мұхтар Әуезов. Тағдыр мен тарихқа Мұқанды біздің тұсымызға дейін тірі жеткізгені үшін қанша мәрте алғыс айтсақ та көптік етпейді», - деп ұстазына сүйіспеншілігін білдіреді. Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиеті сынына өз үнін қоса білген қаламгер, оның алғашқы кезде жазылған сыни мақалалары ғылыми жағынан, талғампаз талап қоя білетіндігі жағынан Мұхтар Әуезов бағытымен үндес. Әбіш қырғыз халқының ұлы эпосы, мың жылдан астам жырланып келе жатқан «Манас» жырын жырлауында да ұлы ұстазы Әуезовпен ұқсастық байқалады. Ұлы шеберліктің өзі еліктеушіліктен басталады. Сондықтан да, Әбіш Кекілбаевтың әдебиетке келуіне ықпал еткен, оның туындыларын жоғары бағалай білген ұлы ұстазы Мұхтар Әуезов десек асылық айтқандық емес.

Ақын Әбу Сәрсенбаевтың қайырымды қанатының астында өскен ақын-жазушылардың бірсыпырасы кейін қазақтың белгілі қаламгерлері болды. Солардың бірі – Қанипа Бұғыбаева. 1960 жылы Әбу Сәрсенбаев қасына екі-үш қаламдас серіктерін ертіп шығармашылық сапармен Алматы облысының Ақсу ауданына ат басын тірейді. Сапар барысында ақын Құдаш Мұқашев: «Осы ауылда бір талапты қыз бар. Сол баланы кездесу кешіне шақырып өлең оқытсақ қалай қарайсыз?», - деп өтініш жасайды. Әбу Сәрсенбаев мақұлдайды. Ақындар алма-кезек жыр оқып жатқан бір тұста қолтығында қос балдағы бар, киімі жұпыны, өңі жүдеу, дөңгелек жүзді қара қыз да сахнаға шығады. Талапкердің өлеңдерінде өрнекті ой барын байқаған ақын оны қасына шақырып алып,

танысып, Алматыдағы үйіне келуін өтінеді. Көп кешікпей Қанипа да қалаға келеді. Ешбір туысқандығы, жерлестігі жоқ жетім қызды атақты ақын ағамыз емдеттіріп, ақыры қолтығындағы қос балдағынан құтқарады. Тұңғыш өлеңдер жинағының жарық көруіне жәрдем жасайды. Ақындық атағы шығып, оқырманға таныла бастаған Қанипаны жоғары оқу орнына түсіріп, оның шығармашылық, ақындық талабын шыңдай түсуге үлкен көмек береді.

Қазақ радиосында 35 жылдан астам қызмет атқарған радиожурналист Серіков Аманжан Еңсебайұлы өзінің журналистік жолға келуі тұрғысында былай дейді: «Бала кезде адам арманшыл келеді ғой. Мектеп қабырғасында жүргенде ауылдың ортасында үлкен «громко говоритель» - дейді, бүкіл ауылдың бас-аяғына жететін бағана басында радио тұратын. Содан таңның атысы, кештің батысы қазақ радиосынан таралатын ән-күйлер, өнер адамдарының өмірі, жастар тұрмысы, елімізде болып жатқан бар жаңалықтар беріліп жататын, соған еліктейтінбіз. Әсіресе, еліміздің ардақтысы, халқымыздың сүйіктісі атанған Әнуарбек Байжанбаев ағамыздың даусын бала кезімізден көкірегімізге тоқып, «болмасаң да ұқсап бақ», - дейді ғой. Сонау мектеп қабырғасында жүргенде М. Әуезов атындағы театрының спектакльдері берілетін. Бір топ балалар жиналып алып сондағы актерлердің, дикторлардың даусына еліктейтінбіз. Мен мұнда диктор болам деп ойлаған жоқпын. Адам шыр етіп дүниеге келгенде пешенеңе не жазылса, маңдайыңа не бұйырса, Алла тағала алдағы өміріңе не жазса соны көреді екенсің. Менің маңдайыма өнер адамдарының ортасында Әнекеңдей алыптардың жанында жүру бұйырған екен. Мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Әнекеңмен 15-16 жылдай қымтес болдық. Сол кісіге көп еліктедім. Әнуарбек ағамыздың бойындағы ең бір адами қасиеттерін, қарапайымдылығын, халыққа деген сүйіспеншілігін өз бойыма дарыта білдім», - дейді.

Ақын Заида Елғондинова шығармашылыққа келу жолын өз естелігінде былай деп жазады: «Менің журналистикаға келуіме себепкер болған әкем Әміре Елғондинов болатын. Әкем жазуға бейімімнің бар екендігін аңғарғаннан кейін түрлі тақырыптарда тапсырма беріп, шығарма жаздыратын. Мен бала жасымнан өлең жаздым. Сөйтіп жүріп, 5-ші сыныпқа келгенде аудандық газетке мақала жаздым, сол мақалам жақсы қабылданды. Негізінен мен ақынмын, өлең жазумен қатар мақалаларды да жазамын. Жазып жүріп, алдымен аудандық, облыстық, одан соң республикалық сол кездегі «Балдырған», «Пионер» деген газет-журналдарда қызмет істедім. Жалпы мен қызметімді ең бірінші газет редакцияларында қызмет істеуден бастадым. Кейін ұзақ жылдар бойы «Қазақстан» телеарнасында істедім. Негізі ақын-жазушылар тек бір салада ғана, яғни өлең жазып жүріп өмірден, қоғамдық ортадан қалып қояды. Өмір деген күнделікті жылжып жатыр, ал өмірден қалған адам өз әлемінде ғана қалған адам. Ал журналистикамен ғана айналысу деген – халықпен араласу, өмірден қалмай алға жылжу, халқыңа қолыңнан келетін жәрдемді жасау. Менің ойымша, БАҚ-тың ішіндегі ең мықтысы – газет. Егер кез-келген журналист боламын деген адам өз қызметін газеттен бастаса, ол үлкен журналист болып шығады. Себебі, газет адамды шыңдайды. Ал телевидениенің ерекшелігі мұнда дам көзге тез түседі, сондай-ақ бұл саладағы

журналист үлкен артистизимге ие болуы керек. Алайда бұл саладағы кейбір адамдар сауаттылыққа көп көңіл бөле бермейді. Ал журналист дегеніміз – көсемсөз шебері. Әр журналист өте білімді, сауатты болуы керек, көз ізденіп, көп оқуы керек. Ақпарат жазу өте қиын. Хабарды қашан, қаншалықты тез, дұрыс жасаса, сол уақыттан бастап шынайы журналист болады. Мен «Қазақстан» арнасында жұмыс істеп жүргенімде сыншы Сағат Әшімбаев бастығымыз болды, сол кісі айтатын: «Сендер теледидарға шығасындар, ал телевидение дегеніміз – космостық байланыс. Осы байланыс арқылы халықтың алдына шыққанда, сендердің білімдеріңнің жоқ екендігі көздеріңнен көрініп тұрады, себебі, сендердің көздерің бір орнында тұрмайды, олар үнемі жүгіріп тұрады. Сауатсыздарың болса, шықпасын!». Ақын естелігі шығармашылықтың қыр-сырынан көп нәрсені аңғарта түседі. Демек, журналистиканы – адамның адамгершілік таразысы деуімізге әбден болады.

Қорыта келгенде, суреткердің алғырлығы мен көрегендігі, шын қайраткерлігі – өзіне дейінгі жасалғанның бәрін жанығыш етіп шыңдалып, серпіліп, серпілтуге уақыт тауып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ең озық міндеттеріне сай шығармашылық соны жол табуында, өмір шындығына өз көзқарасын білдіруінде болса керек. Өйткені, кез келген көркем әдебиет болмаса публицистикалық шығарма шырайын келтіретін – көркемдік шындық. Ал көркемдік шындықтың дәрежесі көп ретте жазушының өмірді білуіне, зер салып, зерделеуіне де тәуелді. Әрбір жазушы әдебиетке өзінше жаңалық әкеледі. Бұл жаңалық тақырып тыңдығына, кейіпкерлер мінезі мен тағдырларының қайталанбауына, дүниені өзінше көре білуіне, қолтаңбаның даралығына саяды. Осы ретте Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақтың ұлттық шығармашылық зиялы қауымы қазақ халқының өзіне тән мәдени болмысын жойып алмауға мүдделі. Олар түпкі болмысына терең бойлап, одан тың мағынаға толы, жан тебіренер, көркемдік құйқалы қатпарлар табуға тырысады», - деп атап көрсетті. (177 б, Н.Ә. Назарбаев, 1999).

Әр заманның, әр дәуірдің өз жүйрігі мен тұлпары болады десек, белгілі жазушы Сәкен Жүнісов: «Әдебиет – тұлпар болса, сол тұлпарға мінуге әркім де құмар ғой. Бірақ ол тұлпарға кез-келген кісі міне алмайды, қауқары кем. Сондықтан да, әдебиет деген тұлпарға мініп, шапқысы келетін кез-келген жаңа қадамға қуануымыз керек», - дейді. Демек, біз ең алдымен, қаламгер атаулы суреткерлік шеберліктің, жазушылық, журналистік талап пен талғамның айнымас өлшеміндей болатын биік дәрежеге жетуі үшін өзіндік дарынымен қоса, топты жарып, үзіп шығатындай қабілеті болуы шарт деген тұжырымға келген болар едік.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Әр журналист, қаламгердің шығармашылыққа келу жолындағы ерекшеліктері.
- 2 Аға буын өкілдері тәжірибесінің жастар шығармашылығына әсері.
- 3 Шығармашылық шыңына жету жолындағы талап пен талғам.
- 4 Даралық пен еліктеудің өзара байланысы.

2.2 Журналист шеберлігіне қойылатын талаптар мен міндеттер

Шығармашылық – тарихи қоғамдық мәні бар, жаңалық ашатын адамның әрекеті. Сондай-ақ, адамның өмір шындығында – өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрене отырып, шынайы шындықты, дәлелді факторларды іздеуі үшін өзін-өзі дайындап, жол іздеуі керек. Ол үшін болмысына өзі көмектесіп, қабілетін дамыта отырып, маңызды мақсатқа білімінің, рухани күшінің арқасында жетуіне атсалысу керек. Өз бетінше әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстарды саралап, белгілі тақырыпқа әңгіме, мақала жазуы керек. Шығармашылық жұмыс адамға қанат бітіреді, қиял әлеміне жетелейді. Өмірді жаңаша түсініп, ойлауға, жаңа технологиялардың мәнін терең ұғынуға жол ашады. Журналист үшін ең алдымен жеделділік қажет десек, профессор Н.О. Омашев өзінің «Жол үстінде журналист» атты кітабында шетел журналистерінің сондай шапшаңдығын: «...Біз барған мерзім ішінде жалғыз кісі өлімі болды. Әлгі хабар жетісімен бізбен сөйлесіп отырған репортер дереу алаңшада тұрған вертолетке мінді де кетті. Оның вертолетке отырғанын, ұшқанын, барып мән-жайды анықтағанына дейін лезде эфирден беріп жатты. Бір мектепте жылу жоқ болып қалғандығына орай хабар түсірулерінің басы-қасында жүрдік. Бірге студияға келіп отыра бергенде әлгі жәйттің мән-жайы эфирге шыға келді. Біз куә болған хабар түсірудегі шапшаңдықтары осындай», - деп атап көрсетеді. Бұл шетел журналистерінің жеделділігін айқындайтын дәлел десек, қазір қазақ журналистикасында да шапшаңдылық пен жеделділік ең басты орында екені даусыз.

Ал, журналистикадағы шеберлік туралы ой – қоғамның қай кезеңінде болсын өзекті мәселе. Себебі, журналист қоғамның барлық саласын шеберлігі арқылы қамтып жазады. Оның өзге салалардан артықшылығы да осында болса керек. Шеберлік – қабілет көрінісі, қимыл-әрекет иесінің еңбектенген ісін көп көңіліне ұнамды дәрежеде, бар өнерін таныта атқаруы, соған әбден машықтануы болып табылады. Бұдан біздің байқайтынымыз, шеберлік – адамға тумысында-ақ сыйға тартылатын дүние емес, керісінше, оның үйренуі, шығармашылық ізденуі нәтижесінде қалыптасатын қасиет. Өйткені, адам – еңбекпен адам, еңбек – байлық атасы дейміз. Бұған қоса, шеберлік те бір жағынан адамды еңбек қуанышы сезімінен туатын эмоцияға бөлеп, ілгері ұмтыла беруге шақырып тұрады. Демек, шеберлік – шығармашылыққа жатқан жерінен жинап әкеліп, қолма-қол арнаулы қалыпқа құйып, қорытып ала қоятын қорғасын тәрізді нәрсе емес, ой-сана жетпес, қиын асулардан өтетін, шексіз өнер.

Кезінде журналистика теориясын зерттеуші ғалымдар жазатын адамды бал жинайтын араға теңестіргендігі белгілі. Өйткені, ара қаншама алыстарға ұшып, гүл шырынын тереді. Сол сияқты журналист те жол үстінде жүріп, материал алады, халықпен жүздеседі, сан алуан объектілерді зерттейді, осындай еңбектің нәтижесінде ғана әртүрлі жанрларда шығармалар дүниеге келеді. Орыс жазушысы Н.Г. Чернышевский: «Шеберлікті шыңдау дегеніміз – ақыл-ойды жетілдіру, дерек пен көріністі ұғуға машықтану болып табылады», - деп шын шеберлікке жету үшін шыңдалу қажеттігін ұғындыра түседі. Осы тұста,

журналистің жазушыдан айырмашылығы өздігінен айқындала түседі. Жазушы қай кезде, қай уақытта жазамын десе ерік өзінде. Тіпті апта, ай, жылдар бойы жазбауы мүмкін, ал, журналист күнделікті баспасөздің әр санына үзбей жазып отыруға міндетті. Өйткені, газет, журнал, мерзімді баспасөз, ол күнделікті оқырман қолына жетіп отыруы тиіс. Журналист еңбегінің өзіне тән ерекшелігі – шығармашылық шеберлігі мен ұжымдағы іс-әрекеті, мінез-құлқынан көрініс табады. Газет журналисі қашанда нысанаға алған тақырыбы жөнінде күні-түні ақпарат жинаумен болады. Бұл жағынан келгенде, жазушыдан еш айырмашылығы жоқ. Алайда сол тақырыпты көбінесе, басылымның бас редакторы немесе орынбасары беріп отырады. Журналист ары қарай материалдарына ақпарат көздерін табу мақсатында өзінің еңбекте араласып жүрген әріптестерінен алуы мүмкін. Мәселен, біреуінен толық аты-жөні мен үй телефонын алса, ал бірінен мекен-жайы мен жұмыс орнын т.с.с. табуы мүмкін. Материал жазылып біткеннен кейін көпшілік қолынан өтіп, ақыл-кеңестерін білуі мүмкін. Бұл – журналист қызметіндегі өзіне тән ерекшелігі. Жазушыдан үшінші айырмашылығы, жеделділігінде әрі мінезінің салқынқандылығында. Бұл – әсіресе, ақпарат бөлімінде жұмыс істейтін журналистерге тән қасиет. Төртіншіден, кәсіби маман ретінде өзге де мамандықтардың қыр-сырын мәселен, бүгін ғалым, ертең дәрігер, одан кейін шахтер, металлург т.б. өмірін игере отырып, жан- жақты салаларда қалам тартуы мүмкін.

Бүгінгі таңда журналистер үшін аса маңызды екі міндет жүктеліп отыр, олар: біріншіден, халықты ойландырып, шешімін таппай жатқан мәселелерді жедел көтеріп, құнды ойлар арқылы шынайы түрде ашып көрсету. Екіншіден, уақыт талабына бейімделу. Айтылған екі факторды жүзеге асырудың өзі журналист шеберлігіне байланысты. Журналистикада шеберлікті бір топ адам игеріп кетумен мәселе түбегейлі шешімін таппайды. Оны күллі ұлттық журналистер қауымы, белсенді авторлар жаппай игергенде ғана сапа жағынан зор сілкініс жасауға болады. Сондықтан, журналистің жалпы қызметі, әсіресе, жазу шеберлігі сапалық жағынан үнемі жоғары деңгейде болуды талап етеді. Кезінде қаламгер Сырбай Мәуленов: «Журналист мамандығы – үнемі ізденіп, алға талпынуды тілейтін ауыр мамандық. Журналист болу деген сөз – халықтың соғып тұрған жүрегі, жанын кернеген ой-тілегі болу деген сөз. Журналист қырдағыны құр жібермейтін алғыр, сәл нәрсеге селт ететін сергек, қияннан шалатын қырағы, жұрттың көзі, құлағы болуға тиіс. Оның өзі жүрген жерінде, естімейтін жаңалықтары, көрмейтін қалтарыстары болмасқа керек. Оның сөзі оқтай ұшқыр, қанжардай өткір, оттай ұшқынды болса ғана көздеген нысанасына барып дөп тиеді», - деп жазады. Демек, журналист еңбегі – үнемі ізденіп, шығармашылық жаңаруды талап ететін еңбек.

Жалпы, шығармашылық және нысандық ізденіс – кез келген журналист шеберлігін айқындайтын өлшемдердің бірі болып табылады. Алайда баспасөздегі шығармашылық шеберлік жайын қандай да бір болмасын заңдардың шегімен тұйықтаудың мүмкін еместігі де айқын. Шындықты дұрыс талдап, сараптап, оның даму заңдылықтары мен қайшылықтарын ғылыми тұрғыдан танып-біліп, ашып көрсете алғанда ғана журналист еңбегі бағаланады. Баспасөз бетінде жарық көрген бір-екі материалын оқып, ол

керемет жазады, оның шығармашылығы толық қалыптасқан немесе тілі қарабайыр деген қорытындыға келу асығыс айтылған пікір болар еді. Материалды жазу барысында журналистен көп нәрсе талап етіледі. Яғни, журналистің жазу өнеріне деген қабілетінің деңгейі осы тұста байқалады. Бес саусақ бірдей емес, әркімнің қабілет деңгейі әрқалай, біреуінің тума таланты болса, енді біреулерінің қабілеті немесе қызығушылығы бар. Бірақ бұл нағыз мәселе шешетін нәрсе десек, біржақты пікірге ұрынамыз. Кейбір жастардың арасында басқалардың жазған дүниелеріне қарап, «оның қасында менің жазғаным ештеңе емес-ау» - деген ойға шырмалып жүретіндер де бар. Бірақ көш жүре түзелетіндігін естен шығармаған абзал. Журналист шығармашылығының түп қазығы – дарын десек, дарындылықтың журналистер үшін аса қажет екендігіне дау айтуға болмас. Алайда, сүтпен біткен бойдағы дарынды оған керекті қайнарлардан сусындатып, жетілдіріп отырмаса, ондай дарын сусыз жердегі гүлдей солып қалары ықтимал.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары алдында тұрған міндеттер: қазақи ұлттық идеологияны қалыптастыру, мемлекеттің егемендігін нығайту, қазақ жастарын патриотизм сезімімен тәрбиелеу, ұлтаралық келісім мен татулық, демократия, гуманизм, әлеуметтік даму, бейбітшілік, адам құқықтарын сақтау, ұлттардың тең құқықтығы тәрізді жалпыға ортақ құндылықтарды уағыздау болып табылады. Журналист мақаласына арқау болар өмірлік объекті немесе оқиғаның маңызды, мәнді әрі сыр, құпияға толы бояуы оның қоғамдық әлеуметтік өткірлігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге уақыт, дәуір шындығын ашып көрсетуде тапқырлық танытады. Жалпы, публицистикада публицистің сан алуан мәселелерді шешуде өзіндік қабілет-қарымы айқын көрінеді. Демек, публицистік қабілет – оның шығармашылық қабілеті. Зерттеуші М.В. Литвинов: «Публицистика – қаламгерлік қайратын үздіксіз жүзеге асыратын әрі нағыз талантты бір арнаға тоғыстыратын сала. Публицистика әлемі – күллі әлем», - деген тұжырымды пікірі публицистиканың қай кезде де болмасын ғылыми тұрғыдағы бет-бедерін айшықтай түседі (с- 15, Мир глазами публициста. 1967). Өйткені, публицистика шын мәнінде, жазуға бейімі бар таланттарды бір арнаға тоғыстыратын ерекшелігімен дараланады. Орыс баспасөз зерттеушісі, ғалым Г.И. Варганов: «Публицистика – қоғамдық-саяси, өзекті проблемалық мәселелерді баяндап, қорытатын әрі өзіндік логикалық көзқарасын ғылыми тұрғыда дәлелдеуге қабілетті журналистерден тұратын шығармашылық саланы қамтиды», - деп жазады (с-68, Искусство публицистики. 1968). Демек, публицистика – бұқаралық ақпарат құралдарын тәрбиелейтін шеберлік мектебі. Қазақ журналистикасының өркен жая бастаған яғни, алғашқы мерзімді басылымдар жарық көре бастаған ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында газет-журнал материалдарын саралай отырып, үлкен айырмашылық бар екенін байқаймыз. Жылдар бойы жинақталған тәжірибе негізінде көркемдік пен шеберлік деңгейі анағұрлым өсті, кәсібилік сипат айшықтала түсті. Жанр заңдылықтарын меңгерген журналистер кәсіби шеберлік мектебін қалыптастырды десе болады. Публицистика – белгілі бір күннің, белгілі бір дәуірдің тарихын, сол күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарасымен байланыса отырып жасайды. Қазақ

публицистикасының негізін салушылар Шоқан, Ыбырай, Абайдан бастап Ахмет, Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Тұрар, Мұстафалардан кейінгі Сәбит, Ғабит, Ғабиден т.б. секілді алып топтың көркем әдебиетпен қатар журналистиканың да берік негізін қалағаны анық.

Қазақ тіліндегі алғашқы газеттердегі басты ерекшелік – сол кезде болған оқиғалар, өмірде орын алған фактілер. Қысқа түрде хабарланып, ресмилік сипат басым болды. Сонымен қатар сол кезде қоғамда орын алған келелі мәселелерді шешу жолында жазылған салмақты көлемді материалдар да жарық көрді. Тақырып аясы уақыт өткен сайын кеңейе түсті. Жанрлар арасындағы жік анық байқалды. Келе-келе оның бір ізге түсіріліп, ғылыми негізделгенін білеміз. Дәл қазіргі уақытта журналистерге қойылатын талаптар – бұрынғыдан әлдеқайда қатаң. Заман ағымына сай кез-келген жағдайға бейімделе алмайтын, сөзге шорқақ адам журналистика саласында табан тіреп тұра алмайды. Бәсекеге төтеп бере алатын білікті, білімді, шебер маман ғана тұрақты қызмет ете алады. Біріншіден, таза шығармашылық талаптарға қоса, журналист жаңа техникалық құрал-жабдықтармен жұмыс істей алу керек. Екіншіден, оның денсаулығы мен психологиясы орнықты болу керек. Журналистің шығармашылық шеберлігі қатып қалған қағидаға байланысты қалыптасып, дамымайды. Дегенмен, оның бірқатар критерийлері бар:

1. Тақырып таңдай білу. Қалың оқырман сұранысын қанағаттандыру – қиынның-қиыны. Көптің қырағы көзі мен сергек зердесі ешнәрсені қалтарыста қалдырмайды. Сәтті тауып қойылған тақырыптың өзі оқырман қызығушылығын тудырып, мақаланы оқуға еріксіз итермелейді. Осы тұрғыдан айтар болсақ, «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланатын мақала тақырыптарын екі көзқараста бағалауға болады: алғашқысына «стандартты», ақпараттық тақырыптар деп айдар тақсақ артықтық емес. Себебі, аталмыш газеттің алғашқы 1-2-ші беттері ресми жаңалық, іссапар, кездесу, келісім шарт, тағайындау т.с.с. шартты материалдарға арналғандықтан, тақырып қою ауаны да соған сәйкес. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінің 2005 жылғы 2 наурыз күнгі бір ғана санында «Лаңкестікке қарсы үйлесімді күрес», «Бағдарлама жобасын қарады», «Депутаттар белсенділік танытты», «Мерейтойлық медаль тапсырылды», «Іс-қимыл жоспарына қол қойылды» т.б. тақырыптарды айтуға болады.

Ал, екіншісіне жұрт назарын елең еткізер ішкі беттердегі «Ел мінбері», «Ашылмаған аралдар», «Тағдыр», «Көкейкесті» секілді айдарлар аясында берілетін жариялымдар тақырыптарын айтуға болады. Мысалы, Ахат Жақсыбаевтың «Қайсеновтың қасиеті», Жанболат Аупбаевтың «Ностальгия», «Диссидент», «Құбылаға қара», Дулат Исабековтың «Өткендер мен өткелдер», «Есейген елдің ертеңін ойласақ» т.с.с. тартымды тақырыптары оқырман көңілін еріксіз аударады. Мағына тереңдігін айтпағанда, тақырыптың естілу сарыны мен дыбыс үйлесімділігінің өзі мақала мәтінінің табиғи ажарынан хабар береді. Баспасөздегі әр материал журналист қозғаған ойдың, пікірдің шынайы айғағы. Журналистің тақырып таңдай білуі – өмір құбылыстарының қандайына айырықша назар аударатынын, нені маңызды деп білетінін аңғартады. «Тақырып – өнер туындысының іргетасы» десек, журналистің танымын,

идеялық тұрғысын анықтайтын айғақтың бірі деп те қарауға болады (38 б, З.Қабдолов, 1976). Қарабайыр, жаттанды емес, тың әрі өзекті, оқырманның көкейінде жүргенді дөп басып, тақырып таңдаған журналист әрқашан ұтады.

2. Дерек және шындық. Шындықты айту, кемшілікті сынау журналистің басты мақсаты болғандықтан, әрқашанда нақты дерекке сүйеніп, шындықты бұрмаламауы тиіс. Журналист қоғамдық пікірді тудырып, қалыптастырушы болғандықтан, ақиқаттан алшақ кетпеуі абзал. Замана шындығын дәлме-дәл көрсетуші ретінде журналист уақыт пен дәуір талабынан шығуы тиіс. Кез-келген журналист аудиториямен қарым-қатынас орнатуда, өз білімін толықтыруда, кеңес беруде, бағыт-бағдар көрсетіп, ойларын талқыға салуда жаңа, жетілген деректерді ұсынғаны жөн. Сондықтан да, «Журналистік көзқарас тек жазылған дүниесіндегі айтылған жайттардан ғана емес, жинақталған материалдағы терең де нақты фактіден көрініс табатындығына» көз жеткізуге болады (Журналист. -№ 9. -1977. -с.18, Р. Бухарцев, Сила факта).

Публицист өзінің шығармашылығында мазмұнды, құнды, күрделі әлеуметтік қорытындылар жасау үшін фактіге сүйенеді. Факті деген сөздің өзі ақиқатында болған оқиғаны, құбылысты іс жүзінде және өмірде болған мәліметтер деп түсінеміз. Көркем әдебиетте образсыз ешбір шығарма болмайтыны сияқты, публицистикада фактісіз ешнәрсе болмайды. Сондықтан да журналист фактілерді жинақтауда, өмір құбылыстарын зерттеуде шыншыл бола отырып, фактінің қажетті тұсы мен маңыздылығын, орын алу себебін айқындауы шарт. Журналист шеберлігі дегеніміз – үнемі жақсы жазу, өмірді үңіле зерттеп, жетік бейнелеу.

Бүгінде журналистік зерттеу – үлкен жауапкершілік жүгін көтеріп тұрғандығы ақиқат. Шындықты ашу жолындағы дәлелдер, логикалық талқылаулар міндетті түрде болуы керек. Дәлелдеу жолында журналистің өзіндік шынайы қорытындысы, зерттеу жүргізудегі ой-әрекеті, өзіндік шешімі мен қорытындысы болуы керек. Журналистік жазбаларда кішігірім зерттеулер жиі ұшырасады, олар: құжаттар, фактілер, анықтамалар, газет материалдарынан алынған үзінділер болып табылады. Бүгінде журналист беріп отырған мәліметтегі көзқарасына көз жүгіртер болсақ, біріншіден, жалпылама көзқарас; екіншіден, өзіндік тәжірибеден туындаған көзқарас; үшіншіден, тарихи анықтамалар мен деректерге сүйенген көзқарасты байқаймыз. Соңғы екеуінің аса қажетті екендігінде күмән жоқ. Өйткені, журналистік ізденіс алынған мәліметтер мен ақпараттар көзі арқылы көрінеді десек, қоғамға қажетті қоғамдық пікір осылардан келіп туындайды. Демек, кез келген журналистің өзіндік шешімі, ой қорытындысы бұқаралық түсінік қалыптастыра алатындай болуы шарт. Журналист мақсатының өзі – публицистік жазбаларының идеялық-тақырыптық негізінде немесе мазмұны мен пішініндегі сыр мен сымбаттың табиғи үндестігін оқырманға сездіре білу. Сондықтан да, басылым бетіне жарияланған материалдың болмыс-бітіміне тән өзгешелігі оның ажарын кіргізіп тұрған айшықты сөздерінде ғана емес, қанша көлемді болса да, еш жалықтырмайтын қарапайым тілі мен тартымды мазмұнында деп түсіну керек. Осы ретте орыс баспасөзін зерттеуші ғалым Г.В. Лазутинаның: «Қоғамдық мәселелерді айқындауда журналистік көзқарас шынайы әрі нақты дәлелдерден

тұруы тиіс. Журналист көзқарасы өмірлік тәжірибесі мен ізденістерінен айқындала түседі...», - деген тұжырымды ой-пікіріне толығымен қосылуға болады (-с. 29, Г.В. Лазутина, 2000).

3. Тапқырлық шеберлігі. Журналист сөз етер кейіпкер өмірі, тәлімі мен іс-әрекеті, оқиғаның мазмұны мен идеясы оқырманның қызығушылығымен бағалануы тиіс. Демек, баршаға белгілі, бірақ ешқандай қызығушылық тудырмайтын кейіпкерден, оқиға желісінен гөрі, беймәлім, әлі көпшілікке таныс емес, алайда өмірі таңғажайып оқиғаларға толы адам тағдырын іздеп, көрсете білу керек.

Белгілі ақын, танымал публицист Мырзан Кенжебай «Ана тілі» газетінен түспейтін көкейтесті мәселелерге қазақы көзқарас тұрғысынан сараптама жасай отырып, сарабал сын айтумен өзіміздің кемшілікті қасиеттерімізді жеке тұлғалық деңгейден көтеріп әкеліп, жалпыұлттық дәрежедегі проблемаға айналдыратын мақалаларында көптеген жайттарды кеңінен сөз етіп отырады. Сөйтеді де оның барлығын әлемдік үрдістермен байланыстырады. Әрбір мақаласынан, ондағы әрбір жолынан халқының қарақан бастың қамы, өзім болып-толсам деген инерциямен ғаламдасудың қатерлі апанын аңғармай, андыздай, көрсоқырлана шауып бара жатқанын жаны шырқырай ескертеді, тоқтау айтады, қатаң сынайды. Осындай өзекті де көкейтесті мәселелерді әр аптада бір санына біреу, кейде екеуін «Ана тілі» газетіндегі «Саясаттар тоғысында» айдарында беріп отырады. Сол публицистикалық туындылардың қай-қайсысын алып қарасаңыз да, мәселені Үкіметтен бастап, қоғамның, халықтың өзі жіберіп алған, жіберіп келе жатқан кемшіліктері мен қателіктерін жіпке тізгендей, рет-ретімен және ең бастысы, оқиғаның дер шағында көтеріп отырады. Бір ғана мысал, Мырзан Кенжебай «Ана тілі» газетінің 2004 жылғы 15 қаңтардағы санында «Әуелден тізгінді бос ұстадық» мақаласында бұқаралық ақпарат құралдары мен еліміздің ішкі-сыртқы саяси ахуалына көз жүгіртіп, осы аталған мәселелер төңірегіндегі әлемдік, халықаралық деңгейдегі ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлемдік аренаның тұлғалы өкілдерінің пікірлері мен көзқарастарына сараптама жасай келіп, көршілес елдер мен өз мемлекетіміз ішіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық-нормативтік тұрғыда толассыз шығарылып жатқан заңдардың шикілігін орыс тілді БАҚ өкілдерінің өздері үшін өте «тиімділікпен» пайдаланып жатқандығына, әрі мұндай жағдайға не себеп екендігіне мақала тақырыбы мәтінінің астарымен жауап береді. М. Кенжебайдың бүкіл болмыс-бітімімен қазақ мәселелеріне жаны күйіп, орашалақ шешімдер мен келеңсіз шаруаларға күйіне жанайқай айтатыны оқырманды ашық та саналы ойларға жетелейді.

Бүгінде журналистерге қойылатын талаптың күшейгені белгілі. Сондықтан да, қазіргі таңда журналист: жаңалыққа құмар, жедел болуы керек; материалына алынған фактілерді орынды қолдана отырып, шынайы, нанымды беруі тиіс; көп сөзділікке ұрынбай, қысқа әрі тұжырымды жазуы қажет; экономика, саясат, әдебиет, мәдениет, әлеуметтік тақырыпта қалам тербей отырып, өзіндік стилі қалыптасуы тиіс; жан-жақты білімді, ой мен идеяға бай болуы тиіс; журналистік әдепті сақтай отырып, ұстамды, салқынқанды, эмоцияға берілмеуі тиіс.

Кезінде орыс жазушысы Максим Горькийдің: «Тіл – шығарманың бірінші элементі», - деуінен, тіл болмаған жерде жөнді шығарма да, оны жазатын журналист те болмайтындығын айқын аңғарамыз. Демек, журналистің тіл шеберлігі дегеніміз – жұрт аузын ашып, көзін жұмғандай бейнелі, ғажап өрнектердің тұнып тұруы емес, «көңілдегі көрікті ойының» оқырман қауымға келісті жеткізілуінде дер едік.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Журналистің шығармашылық шеберлігі.
- 2 Журналист шеберлігіне қойылатын талаптар мен міндеттер.
- 3 Қоғамдық мәселелерді айқындаудағы журналистік көзқарас.
- 4 Бүгінгі журналистің мақсаты мен міндеттері.

2.3 Әдеби сын мен көркем шығарма

1940 жылы ВК (б) Орталық Комитетінің «Әдебиет сыны мен библиография туралы» қаулысы шықты. Бұл қаулыда республикалық, өлкелік, облыстық газеттерді, жергілікті баспалар шығаратын барлық әдебиетті рецензиялап отыруға міндеттеді. Әдебиет сыншыларының халықаралық ұйымын құру туралы бастаманы бірінші ұсынған белгілі француз жазушысы Ив Гондон еді. Ұйымның ресми құрылуы 1969 жылы мамыр айында Италияның Парламенті қаулысымен жүзеге асты. 1972 жылдың 25 қаңтарында СОКП Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сыны туралы» қаулысы шықты. Осы қаулыдан кейін «Уақыт және қаламгер» атты алты томдық сын мақалалар жинағы жарық көрді. Осы жинақтан кейін «Сөзстан», «Жастар жастар туралы» атты кітаптар шықты. 1985 жылы Алматыда өткен әдебиет сыншыларының халықаралық ассоциациясының конгресіне Қазақстан сыншылары мен әдебиетшілері де белсене қатысты.

Әдеби сынға қойылар биік талап ежелден белгілі. Оның көркем әдебиет құбылысындағы жаңалық пен жақсылықты дер кезінде танып көрсетуі, жасанды мен дарынсыз атаулыға қарсы батыл күрес ашуға тиістілігі анық. Бірақ осы талаптың орындалу жолы тіпті де оңай емес. Екінші бірінде сынның өзіне тән, оның қадір-қасиетін көтеретін нышандар табыла бермейді. Бұл пікірді қазір қазақ әдебиеті сынына қатыстыра қолдансақ, бәрінен бұрын, сынның өткірлігі азайып бара жатқандығын айтар едік. Әдебиет зерттеушісі Е.Исмаилов өз кезеңіндегі әдебиет сыны туралы: «Әдебиет сыны «жоқ» дейтініміз – қаулап өскен әдебиеттің бүгінгі талап-тілегіне сай оралымды, жауынгер (оперативтілік) сын өз міндеттерінің дәрежесінде өрістемей отырғандығы. Көптеген шығармалар, көптеген жас таланттар әдебиет сынының назарынан тыс, елеусіз қалып жатады. Ауызға алынып айтылатын болса, шығармалардың көбі тақырыптың маңызына қарай, мазмұны қайта айтылып, сыпыра мақталып өтеді. Ол шығармалардың жақсы-жаманын айырып, әсіресе, шеберлік, композиция тұрғысынан талданып, өз дәрежесіне, өз орнында бағасы, сыны айтылмайды», - деп жазады (14 б, Е. Исмаилов, 1960).

Сын – тек кемшіліктерді айтумен ғана өрістемейді, ол әдебиеттің даму заңдылықтарын, ақын-жазушылардың шығармашылық өсу жолдарын, аса

күрделі көркем шығармаларды жан-жақты тексеріп, кеңінен ашып көрсету арқылы да өзінің дамығандығын танытады. Жазушы мен сыншы шындықты жазып қана емес, күнделікті өмірде өмір шындығын айтып та қорғауға тиіс. Белгілі сыншы Сағат Әшімбаев: «Шындығында да өнерге, шындыққа және әділдікке өліп, өшкен сүйіспеншілік жоқ жерде сын да, сыншы да жоқ екен. Өмірде шындық үшін күресе білмейтін адам, өнерде шындықты айтуды мұрат тұта бермесе керек», - деп жазады (53 б, С. Әшімбаев, 1982). Сондай-ақ, сыншы М. Қаратаевтың мынадай тұжырымды ойы бар: «Сыншы – жазушының қатал досы» (108 б, М. Қаратаев, 1963). Ақиқатында біздің сыншыларымыз жазушыларға досындай қатал, ақылды дос бола алмай келеді дегенді мойындасақ, шындықты айтқан сыншыны дос деп тану, оның сөзіне құлақ асу, ден қою жағы жазушыларға да жете бермейтінін де мойындауымыз керек.

Жазушы да бәйге аты, бапты, күтімді қалайды, аялауды ұнатады. Ал жазушының бапкері – сыншы. Сыншы көрімтал, сезімтал болса, шабаннан жүйрік, жүйріктен тұлпар шығатын бапкер сияқты жазушының шын жанашырына айналады. Білімді сыншы – ең алдымен, өмір бойы оқып үйренеді. Шала білген нәрсесін сарапқа салмайды, екі-үш рет оқымайынша белгілі бір шығармаға пікір айтпайды, асықпайды. Кез келген шығарманы алғаш қарағанда жақсы болып шыға келетін көріністер кездесетіні сияқты, екінші оқығанда алғашқыда байқалмаған көп қырлары ашыла түседі. Бұл тұста сыншының жауапкершілігі көрінеді. Сондай-ақ, сыншы шығарманың ішінен інжу-маржанын іздеп табатын зерттеушілік қыры мен жай оқырман байқамайтын, тіпті кейде, автордың өзі де аңғармаған ерекшеліктерді іздеушілік қасиеті болуы тиіс. Сыншының құдіреті оның қанша шығармаға пікір айтқанымен немесе қанша мақала жазғанымен бағаланбайды. Ол құдіреттілік сыншының белгілі бір туындыға немесе тұтас әдебиеттің кезеңді бір дәуірінде әділ баға беруінде болып табылады. Қаламгер, журналист Ұзақ Бағаев кезінде: «Әр шығарманың сын-мінін қияннан шалатын көз сыншыда болуға тиіс. Сыншы атағың бар екен, пікірің қай уақытта да ұстаның мүсіндеп, суын қандырып соққан қылышындай өтімді болсын. Өзінің шыншылдығымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, тереңдігімен оқушыны үйіріп алсын. Сонда ғана сыншыға бас иеміз, сонда ғана сыншыны пір тұтамыз», - деп сыншының бүкіл болмыс-бітіміне баға беріп өтеді.

Ақын Қадыр Мырза-Әлі журналистің: «Сырт қарағанда Сіздің поэзияңыз онша көп сынауға ұшырамаған поэзия деп біледі көп жұрт. Бұған не дер едіңіз?- деген сауалына: «Дұрыс сыналмаған ештеңе емес, әдейі сынағандар болды. Өмірдің жаны да, рухы нәзік. Сәл нәрседен жарадар болса, соның салдарынан көпке дейін сансырап жүреді, жүдейді іштей, беті қайтады. Сыншылар осы жағын ескере бермейді. Ескере бермеушілік – адамның мәдениеті мен білімінен туындап жатады. Ал дұрыс сынамау түсінбегендіктен, тереңіне терең бойлай алмағандықтан, білім мен өренің жетпегендігінен болады. Ол – кешірімді. Өкініштісі – сынды қару қылғысы келетіндердің кездесетіндігі, өш алғысы келетіндігі. Өз өмірімде жақсы өлең екенін біле тұра сынағандар болды. Көрдік. Төздік. Ашуды – ақылға, шамдануды – сабырға жендірдік», - деп ұтымды жауап береді. Бұл пікірдің заңды жалғасы іспеттес

жазушы Юрий Казаковтың: «Жазушы өзіне арналған сынды оқиды. Сын шымбайына батса да, әділетсіз айтылса да шамданбау үшін қажет. Тісін қайрап, өшікпеу үшін қажет. Тіпті тілдеп жатса да, жұмысты тастамау үшін қажет. Мақтады деп мақтанбау үшін қажет. Мақтау да, даттау да аса қорқынышты емес. Ең ақыреті – сен туралы жұрт жұмған аузын ашпай қойғаны. Жарыққа шыққан кітаптың нағыз кітап екенін өзің сезіп, өзгелер елемесе – эне, сонда мұқалмағайсың, мықты болғайсың! Әдеби шындық әрқашан өмір шындығынан туады», - деп жазғанына қосылуымызға болады (8 б, Сөзстан, 1984).

1973 жылы жарық көрген «Уақыт және қаламгер» жинағының алғысөзінде: «Бұған дейін «Жазушы» баспасы жеке авторлардың белгілі бір тақырып пен проблемаға арналған еңбектерін немесе әр алуан сипаттағы мақалалар жинағын шығарып келгені мәлім. Ал оқушы қауымға ұсынылып отырған бұл жинақ – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті сыншылары мен зерттеушілері, қаламгердің әралуан буынның өкілдері қатысқан коллективтік тұңғыш кітап», - деп атап көрсетілген. (3 б, Уақыт және қаламгер. 1973). Кітап ақын Әбділдә Тәжібаевтың «Суреткер парызы» атты мақаласымен ашылған. Ақын өз заманының лирикасына баға бере келіп, поэзия сыны туралы былай дейді: «Бізде сыншылар поэзияны «білмейді», «түсінбейді» деп кесіп-пішіп айтқыштар да жоқ емес. Ол – әрине, ағат сөз. Әдебиетіміздің өзге жанрлары сияқты әдебиет тану ғылымы да дамып келеді. Әдебиетіміздің тарихын жасау, әдебиеттің жанрлары, стилі жөнінде монографиялық ірі-ірі еңбектер тууы аз табыс емес. Мінеки осы әдебиет тану ғылымының мықты бір саласы – сын. Әсіресе, лирикалық поэзия туралы көптеген сын мақалалар жазылды, толып жатқан кітаптар шықты... Соның арқасында сын поэзиямыздың ілгерілей түсуіне болысып келеді. Поэзиямыз тақырып ұсақтығына ұрынбауы керек, поэзия өмірдің күйкі, көлеңке жақтарында қалып қоймауы керек деген тақырыпта сынның атой салған жері аз емес. Көп мақалаларда жаңағы кемшіліктерге мысал болатын өлеңдер қатал сынға да ұшыраған. Сөйте тұра поэзия сынына да жаңа талаптар қою да орынды». Ақын лирикалық поэзияның басты бағыттарын, дәстүрлі поэзияның үлгілерін сипаттай келіп: «Дарынды сыншы – лирикалық өлеңнің алдымен жан-күйін қабылдауы, оның сырын ұғынуы, толғағын өз басынан кешіруі керек. Сонда ғана ол әділ үкім айта алады; тіпті, қатал сөйлесе де білмей айтқанынан анағұрлым сүйкімді, сенімді шығады», - деген орынды көзқарасын білдіреді (9-10 б, Ә. Тәжібаев, Уақыт және қаламгер. 1973).

Көркем шығармалар сапасының төмендеуіне, әлбетте, алдымен, әдебиет сыны – жауапты. Сынсыз әдебиет өспейді. Сыншылдық өте қиын жанр, мұның дауы мен жанжалы тіпті көп. Осы қиындықтан қорқып шу дегеннен тасалануға, домалақ, жып-жылмағай сындар жазуға тырысатын адамды осы жанрда ұзақ өмір сүреді деп айта алмаймыз. Бүгінде жазушылар ортасында әдебиеттің, шығармашылық жұмыстың мәселелері туралы өзара пікір алысу, айтысу жоқ болғандықтан, аға жазушылардың өздері енді бүгінгі әдебиеттің ортақ, күнбе-күнгі мәселелері туралы батыл, ашық пікір айтудан қалып барады. Жеке шығармалар, жеке ақындар туралы беделді, байсалды сын пікірлерін өте сирек айтады. Басты жазушылар үндемеген соң, басқа да орта буын жазушылар,

былайғы сыншылар одан бетер үндемеуге тырысады. Олар ешнәрсе айтпаса, газет-журналдар өз бетімен жаңа, батыл пікір жазуға аяқ баспайды. Сонымен газет-журнал басылымдары бүгінгі әдебиеттің кезек күттірмейтін ең келелі, ең жанды мәселелерін әсіресе, көркем әдебиеттің сапасы үшін күрес мәселелерін көтеруден бойын аулаққа салады.

Жақсы сын – шабыт шипасы. Сын дегеніміз шаншылау емес – сырласу, айғақтасу емес – әуезе мұңдасу іспетті болып жатса ғанибет қой. Сыншының тілі мәдениетті болуы керек. Әйтпесе, тіл дегенің – аса қауіпті нәрсе. Бүгінде сын еңбектерінің етек алған түрі – рецензия. Рецензияда сынның шығарма жөнінде қысқаша түйген бағасынан басқа бірдеңе табу қиын. Ол да керек, әрине. Ал көлемді мақалалар санаулы ғана. Мұнда да көбіне талдаудан гөрі тура бағалау, таңбалау жағы басым. Көптеген рецензияларға қарап әдебиет дамуындағы жетекші тенденциялар қандай екенін, ондаған, жүздеген жаңа туындылардың көркемдік дамуына қаншалықты үлес қосып отырғандығын аңғару қиын емес. Сын мақалалардың көбінде белгілі бір шығарманың тәуір деген тұстарын екшеп айту, соңынан болар болмас қана ескертулер жасау дағдыға айналып кеткен. Бұларға қарап қазіргі шығармалардың озығы қайсы, орташасы қайсы дегенді саралауға мүмкіндік жоқ. Ал, жұртшылықтың талғамына татымайтын, көркемдік жинақтау заңдарына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, болымсыз шығармалардың жарамсыздығын дәлелдеп, батыл пікір қозғаған, әдебиеттің биік мүдделерін шындап қорғаған мақалалар тіпті сирек. Бұл – біздің әдебиет сынымызда рияшылдық, аяусыздық, құр мақтаған батагөйлік етек алып келеді деген сөз. Қазақ сынының бойындағы ең осал тұсы осы жағында секілді. Жазушы Дулат Исабеков: «Қазақтың көркем сыны сөз бола қалса, мейлі ол үлкен жиында, үлкен мақалада, немесе, екі-үш адам бас қосқан әңгімеде болсын, ең алдымен сол сынның өзі сыналып жатады. Сынды қатты сынға алатындардың, оған өкпелілердің үлкен бір тобы – кітабы мақталмаған жазушылар. Ал, мақтала қалғандардың өзі де «мені олай мақтамады, былай мақтамады» деп бәрібір тоңқылдап жүргені. Сыласа да, сынаса да сынның еститіні – сын. Ал, дәл, дәл қазіргі кезеңде жазушылардың бәрі сыннан тек қана мақтау күтетін болды», - деп жазады (216 б, Д. Исабеков, Уақыт және қаламгер. 1985).

Газет – халық даусы. Ендеше әдебиет кітаптарын рецензиялауға оқырманды да қатыстырып отыру керек. Осымен байланысты газеттер білімі, әдеби түсінігі әлсіз оқушылардың жетегінде кетпей, оқырманды бүгінгі әдебиеттің дәрежесіне көтеруге көмектесуі тиіс. Сын мақалалар бізде әлі де үлкен мәселе көтеріп, оны әдеби фактілер негізінде кеңдікпен қорытуға, жинақтауға шорқақ. Олар көбінесе жеке фактілер мен құбылыстарды көрсетуден, соны тәңіректеуден аса алмайды. Бүгінде жастар прозасына арналған дәйекті, кең ауқымды мақалалар өте аз. Қатал сыннан ешбір жас жазушы зиян шекпейді. Ақын Иран-Ғайып бүгінгі қоғамның бүкіл болмыс-бітімін: «Соқыр. Мылқау. Таскерен» деген үш-ақ ауыз сөзбен бейнелепті. Менің ойымша, қоғамның бүгінгі шынайы бет-болмысына бұдан артық баға беру мүмкін емес. Көзіңізге елестетіп көріңізші, соқыр, мылқау, таскеренге

талантыңды қалай бағалатасың, нені дәлелдемексің?- деп өткір бағасын беруі тегін емес.

Сынның ежелден өзіне тән табиғи ерекшелігі – батылдық, әділдік, күрескерлік қасиеті кемуі үлкен мін болып табылады. Шындықтың бетіне тура қарап сөйлеу қашан да оңай болмаған. Мұндай іске халық, қоғам, әдебиет мүддесін бәрінен де жоғары қоя білетін, өзін ақиқат жолында қызмет етуге әзірлеген, бұл жолда кездесетін қиындық, кедергіге мойымайтын жандар ғана белді бекем буып, білек түрініп кіріспек. Сыншы мақала жазарда: «Менің осы пікіріме пәленшекем қалай қарар екен?», - деп алдын-ала есеп ойлап, сақтық жасап, аса қажетті жайларды бадырайтып көрініп тұрған міндеттерді аттап өтуге дағдыланса, ол сыншы емес. Қазіргі көптеген мақалаларда белсенділік жоқтығы, білгірлік аздығы, кейде кәдімгі әдеби сауаттылықтың жетпей жатуы, бос сөзділікке ұшырасуы одақтық әдебиет фактілеріне бой ұрудың өте сирек ұшырасуы – осы аталған және басқа көріністер жанрдың жан-жақты дамуына тосқауыл болып келеді.

Еліміздегі баспасөз, негізінен қазақ тілді және орыс тілді болып бөлінеді әрі олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Орыс тілді газет-журналдар мен телерадио арналары тарататын ақпараттар мен хабарлар көбіне «Орыс мінезділігін» байқатып отырса, қазақ журналистерінің көбі ескі сарыннан ауытқи алмай келеді. Сондықтан, көптеген қазақ басылымдары, «тек жүрсең, тоқ жүресің» демекші, аңдап басып, абайлап жүруге тырысып бағуда. Қазақ баспасөзінің беделі маңызды хабарларды беріп, өзекті мәселелерді көтеруінен ғана емес, сынды дұрыс жазуына да байланысты көтерілуде. Тіпті, журналистер жиі қолданатын сұхбат, әңгіме секілді түрлі пішіндік әдістер де сыннан алшақ емес. Қазақ баспасөзінің көбі орыс тіліндегі басылымдарға қарағанда өзекті мәселелерге ашық барып, келеңсіз жайларды орынды сынамауға батылсыздық танытуда десек те, қаламы жүйрік қаламгерлер демократиялық еркіндіктің арқасында қай салада болмасын сыни көзқарасын батыл білдіріп келеді. Баспасөздегі сын бүгінгі таңда БАҚ-тың қоғамдық рөліне қарай маңызын арттыру үстінде. Зерттеуші ғалым Дандай Ысқақұлы сын мен әдебиеттану ғылымының тығыз байланыста екендігін айта келіп: «Сын әдебиет ғылымына жол салып отырады: материалдар жинап, оның дамуына алғышарттар жасайды. Сын мен әдебиеттану ғылымы егіз дегенімен, шығу мерзімі жағынан сын алғашқы», - деп жазады («Сын шын болсын»).

Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың жолдары, тәсілдері, шарттары бар. Керек десеңіз, кәдімгідей критерийлері бар. Мұны білу, игеру де оңай емес. Біреулер көркемдік критерий дегенді әдеби шығарманың кемшілігін ғана қазбалау деп ойлайды. Бұл – қате ұғым. Көркемдік критерий – ең алдымен әдеби шығарманың бағалы жағын көре білу. Сынның ең қиын міндетінің өзі – осы. Кез келген шығармада болатын үлкенді-кішілі кемшілікті табу – бәрінен қиын. Бұл сыншының берік принципін, зор мәдениетін, нәзік түсінігін, өрелі ойын, терең білімін, биік талғамын керек етеді. Сондай-ақ, әдебиет сынына шеберлік қажет. Бізде шеберлік дегенде жазушы мен сыншының тіл шеберлігін ғана айтып жүр. Ал, шынында, шеберлік мәселесін кең мағынада ұғынып, шығарманың мазмұны мен түрінің бірлігіне, тұтастығына, барлық көркемдік

тәсілдері мен бейнелеу құралдарының жүйесіне ұштастырып алу керек. Сынның шеберлігі жазушының шеберлігін таныта білуінде, шығарманың көркемдік қасиеті мен кемшіліктерін көрсетіп, шебер талдай білуінде. Баяғыда Нобель сыйлығын алған кезде Тагордан: «Қай шығармаңызды жақсы деп санайсыз?» - дегенде ұлы қаламгер: «Келесі шығарма жақсы болатын шығар?» - деген екен. Осы жауап шығармашылықтың психологиясын толық білдіреді.

Сынның төркіні – ақиқатқа жету үшін болатын пікір таласы екендігін мойындасақ, әдебиеттің өсуі де көбінесе сынның дәрежесіне, батылдығына әдебиеттің қаншалықты қанына сіңіп, дәстүріне айналуына байланысты. Қаламгер Б. Уахатов «Қазақ әдебиеті» газетінің 1963 жылғы 13 қыркүйектегі санында жарияланған «Сын бар, бірақ өткір емес» атты мақаласында: «...Әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының өзінде не шықты, не қойды дегенді есепке алып, библиографиялық көрсеткіш жасайтын уақыт жетті. Қазір ғылымдық ойдың ілгері кеткендігі соншалық, тіпті мұның өзін жоғары оқу орындарында жеке пән етіп оқыту керек», - деген ұсыныс жасады. Сыншылдық институт бітіргенде дипломмен бірге мемлекеттік комиссия беретін арнаулы мамандық емес, бұл ақындық, жазушылық сияқты өнерге, талантқа, дарынға байланысты нәрсе.

Әдеби сын жанрының дамуына бірден-бір мұрындық болатын әрі оған мүмкіндігі мол әдеби басылымдар – «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті». Белгілі сыншы М. Қаратаев: «Сын жанрын дамыту сыншы атаулының ғана міндеті емес, оған бүкіл әдеби қауым, әсіресе, тәжірибелі жазушылар да атсалысуы қажет», - десе, (Жұлдыз, №10. 1977) әйгілі сыншы В.Г. Белинский: «Сын – журналдың азуы», - деп, баспасөздің әдеби сын алдындағы пәрменділігін айқындай түседі. Демек, жазушы мен сыншы еңбегінің ауыр салмағын таразылайтын әдеби басылымдар қашанда шындықтың көкжиегін айқындай түсуі қажет.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Жазушының шығармашылық лабораториясында әдеби сынның алатын орны.
- 2 Сыншы мен көркем шығарма байланысы.
- 3 Қаламгер шығармашылығы мен шеберлігінің әдеби сынға әсері.
- 4 Бүгінгі әдеби сынға қойылатын талаптар.
- 5 Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың жолдары мен тәсілдері.

2.4 Әдеби басылымдар және көркем әдебиет мәселелері

Халқымыздың өткен тарихына әділ баға беріп, елімізде бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан азды-көпті істерді оқырмандарға жеткізуде, сол арқылы егемендікті баянды етуде қазақ басылымдарының атқаратын рөлі орасан зор. Қазақ басылымдары ішіндегі әдебиет, өнер, мәдениет, тіл мәселелеріне кең дәрежеде қамтитын газеттің бірі де бірегейі – «Қазақ әдебиеті» деп айтуға болады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші саны 1934 жылдың 10 қаңтарында жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» алғашқы жылдары Кеңес жазушылары Қазақстандық комитетінің тілі (органы) ретінде жарық көріп тұрды. Тұңғыш редакторы –Фабит Мүсірепов, жауапты хатшысы – Мұхамеджан Қаратаев

болды. «Қазақ әдебиеті» газетінің алғашқы редакторы Ғабит Мүсірепов әдеби басылымның алғашқы шығу тарихы хақында былай деп жазады: «Газет алғаш дүниеге келердің алдында халықтардың басынан неше алуан халдер өтті. Бірақ газет дүниеге келердің қарсаңында үш-төрт жыл аумағында жергілікті басшылықтың асыра сілтеу саясатының салдарынан халықтың едәуір бөлігін ауыртпалық сансыратты. Міне, осы қарсаңда «Қазақ әдебиеті» дүниеге келді. Әуелі осы жазушы деген халық газет шығарып оңдырта алар ма екен деген күдікке күптілер көп болды. Бірақ біз сол күпті тоғышарлардың аузына құм құю үшін барымызды аямадық. Сол кездегі әдебиет көшін бастаушылар Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков, Асқар Тоқмағамбетов, қазіргі поэзияның ақсақалы сол кездегі жас ақын Әбділдә Тәжібаев т.б. газеттің белсенді авторлары болды» (Қазақ әдебиеті, -1984. -30 наурыз. Екі редактордың әңгімесі).

Қазіргі бас редакторы – Жұмабай Шаштайұлы. Газет әр аптаның жұмасында бір рет шығып тұрады. Бүгінде тәуелсіздіктің тұғырында отырған шағымызда ілгері қарай дамуымыздың ең негізгісі – ұлттық мұраларымызды жаңғырту, әдебиетімізді, мәдениетімізді өркендету. Осының бәрін дамытып, кейінгіге өткенді таныстыру мақсатында «Қазақ әдебиеті» газеті жазып та, айтып та жатыр. Негізгі мақсаты– әдебиет, мәдениетті дәріптеумен қатар, ақын-жазушылардың шығармаларымен, шығып жатқан еңбектерімен халықты таныстыру, осы жөнінде мағұлмат беру, өнер саласындағы театр қойылымдары мәселелерін кең жолға қою. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің 2000 жылдардағы сандарында «Құмсағат» бетінде елімізде, шетелдерде болып жатқан апталық жаңалықтар берілсе, «Кітап патшалығында» айдарында ақын-жазушылардың жарық көрген кітаптарын, олардың мән-маңызын таныстырып отырады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 2001-2002 жылдардағы сандарында «Қысқа әңгіме» тұрақты айдарында жарық көрген шағын әңгімелердің ой-мазмұны терең, айтары нақты болды. Әсіресе, жас қалам иесі Елторы Жалбағаевтың «Заман-ай» деген атпен (22 наурыз, 2002) жарық көрген әңгімесі оқырманды ойландыра, толғандыра түседі. Үзінді келтірсек: «XII ғасыр. Қытай. Гуанчжоу қаласы. – Жол, жол беріндер ұрыс майданының арыстаны Мұқәлі ноянға! - деп нөкерлер қаланың қисық, тар көшесіндегі тобырды қамшымен қуалап жүр. XV ғасыр. Мысыр. Қайнаған базар. – Жол, жол беріндер Мысыр сұлтаны Қайтбайға! - деп нөкерлер Қайтбайдың алдында құрақ ұшып келеді. XXI ғасыр. Алматы. Базар. Шуға толы әмбебап базардың ішінде жүдеу үш қазақ жігіті – Мұқәлі, Қайтбай, Түмен – аузы-мұрнынан шыға тиелген жүк арбаны әрең сүйрете итеріп: – Жол, жол беріндер, жол, жол! - деп қарлыға айқайлайды. Олардың артында жүк иесі екі қытай мен бір араб алшандай басып, өзара ағылшын тілінде маңғаздана әңгімелесіп келе жатыр». Әңгіменің бас-аяғы осы. Алайда кішкентай ғана көлеміне жас қаламгердің қаншама ой сыйдырғаны қуантады.

Кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінің соңғы бетінде зиялы қауымды оқырмандармен таныстыру мақсатында «Зиялылар өмірінен» айдары шығып тұрды. Бүгінде газеттің «Мәдениет», «Әдебиет», «Өнер», «Мемлекет» т.б.

айдарларында да кең ауқымдағы мәселелер көтеріледі. Мәселен, «Мәдениет» айдарында жарық көрген «Талдықорған театры Мысырға барады!» (30 шілде 2004) атты Талдықорған қаласындағы Б. Римова атындағы облыстық драма театры жайында сыр шертеді. Театрдың бүгінгі тыныс-тіршілігін, жетістіктерін айта келіп, сөз арасында театрдың көркемдік жетекшісі Қайрат Сүгірбековпен болған әңгімені бере кетеді. Осы мазмұндас «Қазақ әдебиетінде» Аягүл Мантаеваның «Шынайы өмір шындығын танытқан» (13 наурыз 2006 жыл, №11) атты мақаласында бүгінгі драматургтер шығармашылығындағы жетістіктері мен кемшіліктеріне: «Режиссерлер «ойнайтын артистер көбейіп, ойлайтын артистер азайып барады», - деп күрсінеді. Артистің шеберлігін шыңдау режиссердің басты міндеттерінің бірі десек, ойнайтын артистердің көбейіп баруы кәсіби режиссерлердің тым аздығын көрсетеді емес пе? Режиссерлер пікіріне құлақ түрсек, «Сахнаға шығаратын жақсы драмалар жоқ». Драматургтердің де: «Қазір қандай артиске арнап пьеса жазарымызды білмейсің, режиссурада да таптаурындылық бар» деген пікірлерін құлағымыз жиі шалады», - деген пікір білдіреді. Автор мақаласынан түйгеніміз, «Пьесаны театр емес, театрды пьеса туғызады» деген қағида бар. Кәсіби драматургтер тек қана қаламақылары мардымсыз болғасын жазбай жүрген жоқ. Шын жазушы өз еңбегін қаламақы мөлшерімен есептемесе керек.

«Қазақ әдебиетінің» 2004 жылғы 20 тамызында Назым Дүтбаева мен Жазира Байсымбекованың «Барды бағалай білейік» атты проблемалық мақаласы жарық көрді. Мақала авторлары еліміздің барлық аймақтарында дерлік емдік шаралар жасайтын, демалатын мекемелердің бар екендігі, бірақ қалталы азаматтардың неге шетелге құмар болатын себебіне барлау жасап, бұл сауалға жауапты өздері іздеп көреді: «Біріншіден, жарнама жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында күнделікті көздің жауын алдырып, шетелдің қалалары насихатталады. Толып жатқан туристік фирмалардың да айтатыны сол: Бодрум, Анкара, Анталья, Болгария. Ал, біздің сұлу Көкше, көрікті Көлсай, Алакөл, Түрген секілді көз тұндырар табиғаты бай жайларымызды мақтар бірде-бір жарнама жоқ. Екіншіден, туризм саласындағы азаматтардың осы айтқандарды жеткілікті түрде қолға алмай отырғандығы. Неге қазақтың туризм саласын шетелдегідей дамытпасқа, неге қалталылар өзге елдің қоржынына апарып салып жатқан қаржыны өз елімізге алып қалуға күш салмаймыз. «Туризм туралы» Заң бар, бұл салада халықаралық келісім-шарт жасалған», - дей келіп, ойларын одан ары былайша өрбітеді: «Демек, дамытуға не кедергі? Шетелдегі әсемдіктің бізде де хас үлгілері жатыр емес пе? Тек соны бағалауды, сол арқылы маркаюды, қадір тұтуды үйренбеген секілдіміз», - дейді. Шындығында да мемлекеттік деңгейде, шындап қолға алатын шаруа – туризм. Бүгін сол салаға жоспарлы қаржы құйса, арты елдің өзін-өзі танып-танытуына да, жергілікті халықтың әл-ауқатын көтеруге де жол ашылар еді. Сондықтан да «Қазақ әдебиетінің» жас журналистері көтеріп отырған бұл мәселе орынды деген ойдамыз.

Жарық көргеніне жарты ғасыр болған «Жұлдыз» журналы да бүгінде еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне айтулы үлес қосып отыр. Қазақ әдебиетінің көсегесін көгертіп, байыта түскен іргелі шығармалардың бәрі дерлік алдымен

«Жұлдызда» жарық көріп, журнал бетерінен жолдама алды. «Жұлдыз» журналы 1928 жылдан бастап шыға бастады. Сәкен Сейфуллин өзі қол қойып шығара бастаған сонау 1928 жылдың ақпанынан алғашқы дауысы даланы жаңғыртқан «Жаңа әдебиет» (1928-1931), «Әдебиет майданы» (1932-1938), соғыстың алдыңғы жылдарында «Әдебиет және искусство» (1939-1957), 1957 жылдан осы күнге дейін «Жұлдыз» атанды. Журнал атының әлсін-әлсін өзгеруінің өзі – еліміз бастан кешкен тарихи кезеңдердің сипатынан хабар береді. Ә дегенде тиражы 1 мыңға әзер жеткен әдеби журналдың тиражы 1965 жылы – 100 мың дана болса, 1970 жылы – 157342 дана, 1973 жылы – 196600 дана, 1974 жылы – 202 мың дана, 1975 жылы – 211 мың дана болып оқырманы бар халықтық журналға айнала алды. Алайда 1990 тоқырау жылдары 19230 данаға күрт төмендеді. Бұған сол кездегі халықтың әлеуметтік жағдайы өз әсерін тигізді.

Сырбай Мәуленов редакторлық еткен 1970-1971 жылдары «Жұлдыз» журналы әдеби, мәдени, қоғамдық, саяси мәселелер көбірек сөз етілді. Таралымы – 157342 дана болды. 1971 жылдың екінші жартысында журналға Тахауи Ахтанов бас редактор болған жылдары журнал таралымы – 171717 дана болды. Осы жылдары «Проза», «Қоғам қайраткерінің пікірі», «Жас қалам», «Азия, Африка жазушыларының конференциясы қарсаңында», «Абайдың туғанына 125 жыл» айдарында жарық көрген материалдар тартымдылығымен оқырманды өзіне тарта түсті. «Жұлдызда» Шерхан Мұртаза бас редактор болған 1973-1975 жылдары таралымы – 197291 дана, Бекежан Тілегенов бас редакторлық еткен 1975-1988 жылдары таралымы – 214017 дана болды. Ал, 1990-1995 нарық жылдарында журнал таралымы – 134000-нан 13726-ға азайды.

Қазақ жазушыларының шығармашылық дәрежесінің өсуінде, ұлттық әдеби тілдің өркендеуінде «Жұлдыз» журналының ұшан-теңіз еңбегі жатыр. Алғашында авторлар аз болғандықтан және әдебиет өрісінің аласалау шағында журнал бірыңғай әдебиеттен өзге мәселелерді қозғай алмады. Кейін көркем өнердің күрт өркендеуіне сәйкес авторлар да ұлғайды. Нәтижесінде, жылдан-жылға журналдың құлашы жазылып, тынысы кеңейіп, көркейе түсті. Қаламгерлердің жақсы туындылары арқылы оқырман қауым алдында беделін көтеріп, таралымын көбейтіп, «Халықтар достығы» орденімен де марапатталды. 1928 жылдардан бері басылымға жарияланған романдар, дастандар, әңгімелер мен хикаяттардан, нақыл сөздер мен әдеби зерттеулерден алған білім мен әсерлер талай ұрпақты рухани тәрбиелеп, қалыптасуларына сеп болды.

Сонау әкімдік-әміршілдік кезеңінде әдебиетімізден аттары өшіп қала жаздаған Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдердің жұрт аңсаған тамаша шығармаларын арада бірнеше жылдар өткеннен кейін «Жұлдыз» бірінші болып оқырмандарына ұсынды. Көптеген жылдар бойы жабық жатып келген Сапарғали Бегалиннің Жамбылдың өмірі туралы өмірбаяндық-этнографиялық хикаяты ұлы ақынның ұзақ өмір жолына қосымша сәуле шашқандай нұр үстіне нұр болды. Шет елден туған жерін аңсап келген жазушы Сейілхан Әбілқасымұлының Оспан батыр туралы романы мен басқа шығармалары осы күнгі оқырмандар үшін тыңнан жол салғандай болды.

1975-1979 жылдары аралығында «Жұлдызда» 15 рецензия, 20-ға жуық әңгіме, 23 повесть, 14 роман т.б. жарияланып үлгерген (Ә. Тәжібаев, Ә.Нұрпейісов, С. Шәймерденов, М. Мағауин, І. Есенберлин, С. Мұратбеков, О.Бөкей, М. Сәрсекеев т.с.с.). Шетел классиктерінің 80-ге жуық шығармалары басылды. Сол жылдары «Жұлдыздың» «Әдеби мұра», «Жыр шашу», «Жаңа кітап хақында», «Әлем әдебиеті», «Алтыншы дәптер», «Шетелдегі қазақ әдебиеті», «Жұлдыздың дөңгелек үстелі», «Редакция почтасынан» т.б. айдарлары болды. «Жұлдыз» журналында әдеби зерттеулер мен рецензияларды көптеп кездестіруімізге болады. Әдеби журнал әлеуметтік өмірдің қайшылықтары мен кейбір тұстарын әдебиет әлемімен байланыстырып, ұштастырып, оқырмандарын тарихпен де таныстырып отырды. Сол дәстүр өз мәнісінен, өз жолынан адаспай «Жұлдыздың» бүгінгі беттерінен көрініс тауып отыр. Сондай-ақ, бүгінгі журнал бетінде өмірдің сан саласына, әлемнің шартарабына жол тартқан сан қилы материалдарды кездестіруге болады. «Жұлдыздың» «Поэзия», «Проза», «Дін ислам дәрістері», «Жұлдыздың» Ұлы адамдар энциклопедиясы», «Әдебиеттану», «Зерде», «Алтыншы дәптер», «Хат-хабар, ой-толғам», «Өнер», «Қазақстан-2030», «Түрік дүниесі» т.б. айдарларында жарияланған түрлі жарияланымдар қызықты да тартымды оқылады.

«Жұлдыз» журналы – қазіргі таңда проза мен поэзия тақырыбына ғана емес, өмірдің сан саласына, әлемнің шартарабына қанатын кеңінен жайған ірі басылым. Айталық, «Жұлдыз» журналының 2005 жылғы № 2 нөмірінде жас ақын Құралай Омарованың «Жылап тұрған аспан емес, мен едім» атты өлеңдер топтамасы жарияланыпты. Жас ақынның:

Жасын ойнап, жаңбыр жауды, бөлмем мұң,

Кезіп кеттім су көшені ертемен.

Алау отты өздеріңнен көргенмін,

Сол от саған ғашық еткен, өртеген, - деген өлең жолдарынан ішкі сезім иірімін, ғашықтық болмысын сезгендей боласыз.

«Жұлдыз» журналының «Өнер» айдарында (№12, 2003) тұңғыш қазақ балетінің тарихы туралы, «Дін ислам дәрістері» айдарында (№4, 2005) айдарында «Жалғандық» атты философиялық ойға құрылған мақала жарық көрді. Онда адам бойындағы жалғандық пен өтірік айту сияқты кереғар қасиеттерді Ислам діні қағидаларына сүйене отырып түсіндіреді, мәселен: «Исламда егер адам, айталық, шарифат сотында жалған сөйлейтін болса, осы арқылы сертін бұзса, онда бұл оның Құдайды алдағаны болып табылады. Ал Құдай тағаланың өзін алдауға ешқашан жол берілмейді. Өтірік айтқан адам Алланың алдында өтірік айтқаны, бұл өте ауыр күнә, бұл мұсылманның қадірін өзінің де, бүкіл қоғамның да, діндес бауырларының да алдында аяқ асты еткені болып табылады», - деп атап көрсетеді. Міне, осы жолдар арқылы жалғандықтың кері ықпалын оқырманға ұғындыра отырып, әрбірін имандылық тәрбиеге жетелей түседі.

«Жұлдыздың» «Қасиетті сөз» айдарында Пайғамбарымыз хазреті Мұхаммед Мұстафа саллалаһу алайһи уә сәлләмнің хадистерінен үзінділер бере отырып, адам баласын имандылыққа шақырып, Алла тағаланың

қайырымдылығы мен мейірімділігіне көңіл тоқтатады. Мысалы, журналдың 2005 жылғы № 2 нөмірінде хадистің: «Егер әлдебір имам немесе басшы қоластындағыларға, кедейлер мен бақытсыздыққа тап болғандарға есігін жауып алса, Алла тағала да оның тілегіне құлақ аспайды, ол үшін қайырымдылық пен мейірім қақпасын жабады», - деп оқырманға көп ой салатын тармақтарын бере кетеді.

Әдеби журналдарымыздың алдыңғы қатарына «Жалынды» да жатқызарымыз сөзсіз. «Жалын» журналының алғашқы саны 1969 жылы жарық көрді. «Жазушы» баспасының жанынан 2 айда 1 рет шығатын әдеби, мәдени және қоғамдық-саяси альманах талай қазақтың рухани әлемін байытты. Әр журналдың өз тағдыры бар. «Жалын» журналы 1969-1985 жылдарға дейін әдеби көркем және қоғамдық саяси альманах болып шықты да, 1986 жылдың № 1 нөмірінен бастап Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Қазақстан Жазушылар Одағының екі айда бір шығатын әдеби-көркем және қоғамдық саяси журналы болып шықты.

«Жалын» журналының тұңғыш бас редакторы – Өтебай Қанахин болды. 1969 жылы Қазақстан Компартиясы ОК-гі үгіт-насихат бөлімінің орынбасары болып отырған жерінен ол қызметін күрт төмендетіп, «Жазушы» баспасының жанынан жаңадан ашылғалы жатқан «Жалын» альманағына жауапты редактор болып келеді. 1970-1973 жылдары «Жалынды» – Шерхан Мұртаза, 1973-1984 жылдары – Тұманбай Молдағалиев, 1984 (№ 6 нөмірінен бастап)–1993 жылдар аралығында бас редакторы – Мұхтар Шаханов болды. Әр жылдардағы журнал таралымына зер салсақ: 1981 жылы – 106390 дана, 1982 жылы – 118081 дана, 1983 жылы – 100000 дана, 1984 жылы – 104970 дана, 1985 жылы – 118372 данаға жетті. Мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 1984-1993 редактор болған жылдары қайта құру басталысымен, айтылмай келген шындықтарды қалпына келтіруге зор еңбек сіңірген басылымдардың бірі – «Жалын» болды. 1980-1990 жылдары поэзия мен көркем сөздегі, әдеби сындағы қаламгерлердің ең таңдаулы шығармалары да осы журналда жарияланды. Әдебиет есігін алғаш аттаған жастар үшін «Талаптың мініп тұлпарын» деген айдар ашылды. Басылымның аясы үнемі кеңейіп, әдеби-көркем журналға айналды. Сондай-ақ журналдың өркендеуі жолында әр жылдары М. Мағауин, Т. Әбдіков, Д. Исабеков, Б.Тоғысбаев, К. Қазыбаев секілді белді азаматтар еңбек еткен.

Журнал беттерінде әу бастан, 60-жылдар жылымығының буымен өмірге келген ұрпақтың озық ойлары мен батыл туындылары жарық көрді, қоғамдық пікір қалыптасты. Қазақ әдебиетінің көрнекі өкілдерінің қатарына қосылған Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау», О. Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным?», Д.Исабековтың «Тіршілік», М. Мағауиннің «Бір атаның балалары», Т. Әбдіктің «Оң қол» және басқалардың өзіндік қолтаңбалары қалыптаса бастаған кездегі шығармалары «Жалында» жарық көріпті. Бүгінде жаңа есімдерді тауып, жалынды шығармаларына орын журнал әсте айныған емес. «Жалынның» әр жылдары «XX ғасыр. Әлем. Әдебиет», «Талаптың мініп тұлпарын», «Қаламгер дидары», «Жалынның интервьюі», «Жазушы лабораториясы», «Туған өлке жұлдыздары», «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы...», «Суреткер. Талғам.

Бетбұрыс», «Әдеби сын», «Проза» (Б. Мұқай, С. Сматаев, М. Мағауин, С.Омаров), «Поэзия» (Қ. Мырзалиев, Қ. Баянбаев, М. Айтқожина, О. Асқар, И.Сапарбай), «Советтік менің өз елім», «Зерттеу», «Жас сыншы мінбері», «Музыка беті», «Рецензия», «Жалынның көркем сурет галереясы», «Тураби трибунасы», «Біздің жылнама», «Кітап сөресінде», «Озық үлгі», «Туысқан халық әдебиетінен», «Талаптың мініп тұлпарын», «Алдыңғы толқын ағалар», «Көңіл күнделігі», «Әзіліміз жарасса» т.с.с. тұрақты айдарлары болды. Осылардың ішінде «XX ғасыр. Әлем. Әдебиет» айдарында Габриэль Гарсия Маркес, Роберт Блай, Владимир Распутин т.б. әлем әдебиеті классиктерінің озық үлгілерін қазақ оқырманына қазақ тілінде аударылып беріп отырса, «Талаптың мініп тұлпарын» айдарында әдебиет айдынына жаңадан келе жатқан жас толқындардың шығармашылығымен таныстыра отырып, ақ жол тілеген. Осы жылдардағы журналдың ең бір тамаша айдарларының бірі «Жазушы лабораториясы» болды. Бұл айдарда әр жазушы өзінің шығармашылық өлкеге қалай келгендігі жайында жан-жақты мәлімет бере отырып, өзіндік қолтаңбаларындағы ерекшелік сипаттарын көрсетіп отырған.

Алғашында альманах, кейіннен әдеби журнал болып буын бекіткен «Жалынның» үлкен әдебиетке алып келген есімдерін тізіп шығар болсақ сан жетпес. Бірнеше жылғы үзілістен соң Қазақстан Үкіметінің қаулысымен, Елбасының тікелей қолдауымен «Жалын» журналы оқырман жүрегіне 2003 жылы (тұсаукесер дана) қайтадан жол тартты. Ай сайын жарық көріп отыратын журнал беттерінен ұлтымыздың рухани бет-бедері болған көрнекті ақын-жазушыларымыздың, қолына жаңа қалам ұстаған жас талапкерлердің айшықты туындылары мен әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен танысуға болады. Журналдың соңғы ізденістерден, отандық, ғаламдық мәні зор рухани мәселелерді сараптап, зерттеуден де тыс қалмайтынын байқауға болады. Бүгінгі «Жалында» мынадай тұрақты айдарлар бар, олар: «Соңғы ізденістер», «Қаламгер дидары», «Тұсаукесер», «Ерте сөнген жұлдыздар», «Жалынның құпия пікірханасы», «Көкейтесті», «Жадымызда қалған жайсаңдар», «Түркі дүниесінің классиктері», «Дін және қоғам», «Біздің сұхбат», «Әдеби үлгілер әлдемінде», «Әзіл әңгімелер», Нобель сыйлығы иегерлерінің үздік шығармаларын жас қаламгерлерге үлгі ретінде ұсынатын «Ғасыр тарландары» айдарлары бар. 2005 жылдан бастап «Тарих және біз», «Тіл және діл», «Жәдігер», «Жаңа ән», «Оқшау ой» сынды жаңа айдарлары ашылып, оқырмандарға түрлі үлгідегі жазбаларын беріп келеді.

«Жалынның» тұсаукесер данасында «Соңғы ізденістер» атты айдарда өзіндік қолтаңбасы бар, реалист суреткер Т. Нұрмағамбетовтың «Құпия кездесулер» және «Ауған құстары» атты тың қос әңгімесі басылыпты. Бұл әңгімелерінде автор өмірдегі, қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың философиялық мәнін жан-жақты аша түскендей болады.

Әдеби «Жалын» журналында жастардың соңғы жылдардағы ізденістері мен талпыныстарын байқауымызға болады. «Жалында» «Ерте сөнген жұлдыздар», «Жалынның құпия пікірханасы», «Жадымызда қалған жайсаңдар», «Көкейтесті», «Рухсыз ғылым қатерлі», «Деректі роман», «Біздің сұхбат», «Әдеби үлгілер әлемінде», «Дін және қоғам» атты тұрақты айдарлары

бар. Осылардың ішінде жастар шығармашылығын насихаттайтын журналдың «Жас жүрек жайып саусағын...» атты тұрақты айдарында жас ақын-жазушылардың тырнақалды туындыларын үздіксіз жариялап отыратыны – қуантарлық үрдіс. Бүгінде жас ақын-қаламгерлер қатарын өзіндік қолтаңбасымен айшықтап келе жатқан Айгүл Кемелбаева, Маралтай Ыбырайымұлы, Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсек, Дидар Амантай, Мадина Омарова, Қасым Аманжол, Бейбіт Мүрсәлім т.с.с. қазақ әдебиетінде өзіндік жаңа пішіні мен болмысы бар жастар екендігі даусыз. Олар өздерінің көзқарастарымен шығармашылық танымын ұлттық әдебиетімізде белгілеп отыр. Әсіресе, әдебиет мәселелерін насихаттауда олардың батыл ой-тұжырымдарын осы «Жалын» журналы беттерінен оқып, байқап қаламыз.

«Жалында» жастардың жақсы әдеби шығармаларын жиі көзіміз шалып қалады. Мәселен, Қанағат Әбілқайырұлы («Естелік», «Сурет», «Аққұлақ пен Ұялас»), Лира Қоныс («Ібілістің көңілдесі», «Тиын»), Нұрлан Жұмахан («Тіршілік қауіпсіздігі пәні мұғалімі»), Ләзиза Имашева («Ергежейлі»), Мадина Омарова («Суретші», «Түйсік») секілді жастар шығармашылығын атап өтуімізге болады. Осылардың ішінде Қанағат Әбілқайырұлының «Аққұлақ пен Ұялас» атты әңгімесіндегі бас кейіпкер 5-6 жасар бала. Әлі мектепке бармаған, өмір есігін енді ашқан баланың аса жақсы көретін екі-ақ нәресі бар: бірі – Аққұлақ атты қозысы, екіншісі – Ұялас дейтін иті. Баланың шырылдағанына қарамастан Аққұлақты сойып, қуырдақ жасайды. Ұяласты атып тастайды. Кім? Үлкендер. Әңгіме қысқа болғанмен, айтар ойы оқырманды ойландырарлықтай. Өйткені, әңгімедегі кішкентай бала о дүние туралы ойлана бастайды. Шынында, шын өмірдің сиқы осындай емес пе: күші жеткен қадірліңді қорлап жатады, әлі жеткен қимасыңнан күштеп ажыратады, билігі жеткен бермесінді тартып алады.

«Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналы 2000 жылы алғаш рет оқырман қауымға жол тартты. Қазақ топырағындағы ПЭН-клуб осынау жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің келісімімен республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік «Жалын» журналын өз қарамағына алған болатын. Соның негізінде жаңа жүзжылдықтың басынан бастап «Таң-Шолпан» атты әдеби, мәдени журнал ашып, бастырып, қалың көпшілікке тарата бастады. Редакторлар кеңесінің төрағасы, көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов, бас редакторы Мереке Құлкенов болды.

XX ғасырдың басында Мұхтар Әуезов пен Мағжан Жұмабаевтың діттеуімен «Таң» және «Шолпан» журналдары жарыққа шығып тұрғаны мәлім. Журналдың аты осынау екі атаудың қосындысынан құралуы да тектен-тек емес болса керек. «Таң-Шолпан» сарашылары да еліміздің бүгінгі азаттық таңын атырып, шолпанын туғызып, егемендік алған тұста кешегі сол «Таң» және «Шолпан» журналдарын шығарушыларының мүддесін – мүдде, мақсатын – мақсат етеді. Өйткені заман өзгергенмен, көркем әдебиеттің заңы да, мәні де, міндеті де өзгермейді, қаз-қалпында қалады. Өмірдегі біздің бүгінгіміз кешегіміздің жалғасы болса, өнердегі өзекті арна – дәстүр мен жаңашылдық та мазмұн мен пішін секілді өзара үндес, сабақтас, біртұтас. Кеңестік жүйе өтті, кеңестік әдебиет те сонымен бірге кетті. Себебі, сол жүйе ақын-

жазушыларымызды белгілі бір шеңбер ішінен шығармай, әдебиетті қолдан жасатқызды.

Алғашқы нөмірі 2000 дана таралыммен шыққан «Таң-Шолпанның» өрісі кеңейіп, бүгінде таралымы 7000 данаға жетіп отыр. Проза, поэзия, әдеби сын әлемдерінен хабардар етіп, тарихқа да терең бойлап, жаңашыл жаңалықтамен танымды кеңейтіп, әдебиет айдынында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған «Таң-Шолпан» журналы «Өткенге өнеге» айдарымен «Таң» және «Шолпан» журналдарынан материалдар жариялауды да бүгінге дейін ұмыт қалдырмай, әдемі дәстүрге айналдырып келеді. Журнал талант иелерінің біреуін де жатырқамай, ешқандай ала-құласыз бәрін бір ғана қаламгерлік шеберлік төңірегінде шоғырландыра келе олардың шын мәнінде шебер жазылған көркем туындыларына өз есігін айқара ашуды, сөйтіп журнал авторларын тек әдебиет секілді тап-таза ардың ісіне жұмылдыруды, жазушы деген атты аялауды, қадыр тұтуды дәстүрге, мақсатқа айналдырып келеді. Журнал орыс және қазақ тілдерінде екі айда бір рет «Өлке» баспаханасынан шығып тұрады. «Таң-Шолпанның» тұрақты «Проза», «Поэзия», «Жыр – жүректің бұлағы», «Әдеби сын», «Таным», «Тарихнама» т.с.с. айдарларында көптеген әдеби туындылар жарияланып отырады.

«Таң-Шолпан» журналы ақыл-ой жетімдігіне қарама-қарсы төл әдебиетіміз бен әдебиетшілерге деген эстетикалық талғамды биіктетіп, этикалық талапты тәртіпке айналдыруға нақ шығарыла бастағанынан-ақ бүгінгі күнге дейін күш салып келеді. Осы арқылы таңдаулы таланттар тобын ашкөздіктен, алауыздықтан, ұсақ-түйек күйкі пендешіліктен арылтуды мақсат ететіндігін алғашқы тұсаукесер нөмірінде-ақ редакция алқасы мәлімдеген еді. Бір кезде ұлттық руханиятымызда ұлы Мұхтар, Мағжан ағаларымыз салған игілікті сүрлеудің біржола ұмтылып қалмай, қайтадан айдын жолға айналғанын көргенде әдебиет сүйер қатты қуанды. Бір кезде Абай армандап, Мұхтар мен Мағжан тәуекел еткен түбегейлі серпіліс пен үздіксіз ізденістерді жемісті жалғастырып келе жатқан «Таң-Шолпанымыз» сол сауапты сапардың бұлжымас құбылнамасы ретінде болашақта да жарыққа шығып отырса құба-құп.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 «Қазақ әдебиеті» газетінің ұлттық пішімі мен болмысы.
- 2 Бүгінгі «Қазақ әдебиетінің» әдеби жарияланымдары мен тұрақты айдарлары.
- 3 «Жұлдыз» журналының әр жылдардағы таралым ерекшеліктері.
- 4 «Жұлдыздағы» әдеби сын.
- 5 «Жалын» журналындағы жастар шығармашылығының ерекшелік сипаты.
- 6 «Жалын» журналындағы бүгінгі қазақ прозазы мен поэзиясы.
- 7 «Таң-Шолпан» журналында көркем әдебиет мәселелерінің жазылуы.
- 8 Барлық әдеби басылымдарда кездесетін ұқсастықтар мен айырмашылықтар.
- 9 Бүгінгі оқырманның әдеби шығармаларды бағалаудағы рөлі.

2.5 Тақырып – көркем туынды идеясының жалпы көрінісі

Шеберлік – шығарманы жазудан басталмайды. Өмірде болатын әр қилы оқиғаларды салыстыра біліп, салмақтай алу да шеберлікті аңғартады. Шеберлік

– ең алдымен, көрегендік, өмір құбылыстарын жіті бақылап, қызыға зерттеп, терең сырын аша білушілік, маңызды фактілерді танып ажырата білушілік. Шеберлік шыңдау әрекеттері мен ізденістері әуелден-ақ, қолға алынған. Бірақ көп ретте мәдениет, білім саяздығы бірсыпыра ақын, жазушыларға оралғы болмай қойған жоқ. Ойсыраған кемшіліктер көбіне-көп шеберлік жетіспеуінен болғаны белгілі.

Әдеби жүйеде «Әуелі мынаны жаз, сонан соң анаған ауыс» деп кезек белгілеудің әсте жөні жоқ. Қай кезде де тақырып алуандығы сақталуы тиіс. Қазақ жазушылары тарихи тақырыппен қабат осы заман тақырыбына да үнемі қалам тербеді. С. Мұқановтың «Адақандар», Б. Майлиннің «Азамат Азаматы», С. Ерубаеттың «Менің құрдастарым» сияқты шығармалары кеңестік өмірдің өркендерін суреттеді. Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде және одан беріде жарық көрген С. Мұқановтың «Сырдария», Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ» және «Миллионер» атты шығармалары да – өз уақытының өзекті мәселелерін ізбе-із көтерген туындылар. Жазушы Ілияс Есенберлин қаламгер ізденісі жайында былай дейді: «Жазушыны жеңіске жеткізетін іздену жолы. Ол жол қанша ауыр, қанша ұзақ болса да, қажымай, талмай алға қарай ұмтыла беру керек. Сонда ғана адам дүниесінің сырын ашар мол қазынаға жетесің. Сол қазына сенің ойлаған шығармаңның арқауы, өзегі болады». Демек, жазушы үшін де көп ізденістер мен талпыныстар аса қажет. Кез келген қаламгер үшін көркемдік шындық, көркемдік стиль және де тақырып қоя білу ерекшелігі алдыңғы сатыда тұрады.

Әрбір көркем туынды – өз заманының жаршысы. Сондықтан да, жазушы үшін тақырып таңдай білу – ең басты орында тұрады. Жазушының тақырып таңдай білуі – өмір құбылыстарының қандайына айырықша назар аударатынын, нені маңызды деп білетінін аңғартады. Бір сөзбен айтқанда, тақырып жазушының дүниетанымын, идеялық тұрғысын анықтайтын айғақтың бірі болып табылады. Мәселен, кезінде жазушы Сәбит Мұқанов 1959 жылы «Өсу жолдары» атты еңбегінде жазушы Ғабит Мүсіреповтің жазушылық шеберлігі хақында былай деп жазады: 1. Ғабит ешқашанда бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды. 2. Бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды. 3. Жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды. 4. Шығармасына өте ұқыпты. Сондықтан хал-қадірі жеткенше олпы-солпысы шығарады. 5. Тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды. 6. Жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады. 7. Адам портретін жасауда, қазақ жазушыларының ішінде ең шебері болып табылады». Демек, тақырыпты ұтымды қоя білу де тапқырлықты, білімділікті талап етеді. Әдебиет компоненттерінің ішінде тақырып мәселесі өзінше рөл атқарады. Ол жазушының суреттеу нысанасы ретінде өмір құбылыстарының қандайына айрықша назар аударатынын, нені маңызды деп білетінін танытады. Былайша айтқанда тақырып – автордың дүние танымын, идеялық тұрғысын анықтайтын айғақтың бірі. Бірақ оны өз орнында алып, өзге көрсеткіштердің қатарында дұрыс түсіну керек. Мұнда да екі шекке шығушылық мәселенің өңін айналдырады. Бірі – тақырыпқа шамадан тыс артық мән беріп, тақырып

маңыздылығымен көркемдік кемшілікті біркеушілік, екіншісі тақырыпқа еш мән бермей, оған немқұрайды қараумен оқушы назарын өмірдің негізгі салаларынан аударып, болмашы нәрсеге бой ұрушылық.

Әдебиетте шоқтығы биік тақырыптар болғандығы белгілі. Мәселен, орыс әдебиетінде 1812 жылғы Отан соғысы Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын туғызды. Бірінші Петрдің патшалық еткен кезі А.Пушкиннің «Полтавасын», А. Толстойдың «Бірінші Петр» т.б. тарихи романын туғызды. 1903-1905 жж. М. Горькийдің «Ана» романын, Ұлы Қазан революциясы мен Азамат соғысы М. Шолоховтың «Тынық Донын», Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» т.б. сан алуан жанрда ірі шығармалар туғызды. Ал, қазақ әдебиетінде де ертедегі эпос пен «Елім-ай» секілді көкейтесті жырлардың берідегі Бұқар, Махамбет, «Тар жол, тайғақ кешу», «Ботакөз», «Түнгі сарын», «Абай жолы», «Оянған өлке», «Құлагер», «Күйші», Ұлы Отан соғысында Жамбыл ақынның «Ленинградтық өрендерім», Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» т.с.с. атап өтуімізге болады. 1970 жылдардағы прозалық шығармалардың басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы кезеңіне арналыпты. Ол заңды да, өйткені бұл тақырыптың қай уақытта болса да өзінің маңыз-мәнін жоймасы анық. Мәселен, Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы, Ж. Нәжімеденовтің «Ақшағыл» романы, З. Ақышевтің «Жесірлер» романы, М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесі т.с.с. Жазушы Марал Сқақбаев: «Қазақ прозасының 20-30 жылдардағы ізденіс жолы үйрену, қалыптасу, жетілу сыпатымен белгіленсе, 40-50 жылдар – толысу, самғау кезеңі болды деп бағалануға тиіс. Қазақ прозасындағы ізденістердің жаңа кезеңі 60-70 жылдарға дөп келеді. Бұл тұс, ең алдымен, қаламгерлеріміздің тарихи тақырыпты игеруге деген жаппай құлшынысымен ерекшеленеді» (106 б, М. Сқақбаев, Уақыт және қаламгер. 1985).

Шығарма қандай тақырыпқа жазылса да, алдымен, оқырманның түсінуіне қиындық келтірмей жеңіл оқылуы тиіс. Ал, бізде оқылмайтын шығармалар жеткілікті. Әдебиет жетістігі барлық шығармаларды саралау арқылы әдебиеттің соны сипаттарын, өскен өрісін бағдарлай аламыз. Қазақ әдебиетінің табыстары баршаға аян. Проза мен поэзияда, драматургия мен сында көптеген жаңа туындылар жарық көрді. Бұлардың дені қазіргі өмір тақырыбына арналды. Өткен елу жыл ішінде айта қаларлықтай мәдени байлық қазынасы жасалды.

Белгілі бір ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткен тарихи кезеңдері ең алдымен сол ұлттың әдебиетінде, өнерінде із қалдырады. Ұлттың рухы көтеріліп, еңсесі биіктегенде оның әдебиеті де, өнері де қайта түлеп, бойын тіктеп, болашаққа көз тігеді. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңдерінде рухани дамуымызға мәдени өркениетке, ұлттық жан-дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгерлер өздерінің тиісті бағаларын ала алды деп ойлаймыз. Қазақ әдебиетінің өнімді, жемісті тұстарының бірі 1960-1970 жылдары аралығындағы кезең болды десек қателеспейміз. Оны бүгінгі оқырман да мойындап отыр.

Жалпы, қазақ әдебиетінің тарихында шығармаларымен оқырман ықыласына бөленген, суреткерлік қолтаңбасымен есте қалған қаламгерлер саны аса көп те емес. Қазақ әдебиетінің 1920-30 жылдары әдебиетіндегі Мұхтар,

Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ғабит, Ғабиден секілді қаламгерлер туындылары әлдеқашан әдебиетіміздің алтын қорына қосылды. Ал, осындай құнды көркем дүниелерді тудырған құнарлы орта, әдеби дәстүр қазақ прозасының 1960-1970 жылдар кезеңіне де өз әсерін тигізді. Әсіресе, тарихи кезеңдер шындығы, айтулы өнер адамдарының өмір-тағдырын, дәстүрлі мәдениет, салт-дәстүр тақырыбын және бүгінгі замандастар тыныс-тіршілігін арқау еткен шығармалар оқырман назарына көбірек ілікті. Айтулы деген туындылар да байқап отырғанға осы тақырыптардың еншісінде. Осы жылдары тереңірек көрінген қоғамдық әлеуметтік өзгерістер, мейлі ол әлеуметтік немесе, ғылыми, өндіріс саласындағы болсын, адамгершілік, рухани-моральдық қасиеттер де халыққа қаламгерлердің арқасында киелі кітап парақтарындағы маржандай тізілген қаріптерімен бірге өздеріне қайта оралып жатты. Жалпы, 1960-70 жылдары қазақ әдебиетінде адамгершілік, адамның рухани дүниесін танытуға сабақтас туындайтын мәселелерді толғайтын көркем шығармалар көптеп дүниеге келді.

Партияның XX съезінен кейінгі (1956) дәуір қазақ әдебиетінде алдыңғы дәуірлерге қарағанда бірсыпыра өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Адамға сенімсіздік көрсету, жаулық іздеу, көрші елдермен қырғи-қабақ болу, дүниежүзілік мәдениет пен экономикадан оқшау болу саясаты сыналды. Әдебиет дамуындағы жалған теориялар әшкере болды. Жазушылардың өмірімен байланысын арттыру күн тәртібіне қойылды. Мұның өзі заман талаптарынан туындаған еді. Бұл жылдардағы әдебиеттің басты ерекшелігі – жазушылардың шығармашылық белсенділігінің артуы деуге болады. Олар өмірді боямалап, біржақты етіп көрсетуден бас тартып, заман қиындығын қайшылықты құбылыстар арқылы тануға тырысты. Мәселен, М. Әуезовтың «Өскен өркен», Т. Ахтановтың «Боран», Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат», С.Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй», З. Шашкиннің «Сенім», «Теміртау» романдары бүгінгі өмір шындығының қайшылықты жақтарын бірсыпыра батылдықпен суреттеді. Қазақ халқы бастан кешкен өмірдің тарихи шындығы Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін», «Көз көрген», С. Мұқановтың «Есею жылдары», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық», Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер», Ғ. Слановтың «Асау арна» романдарына арқау болды. Тарихи адамдар өмірінен Д. Әбілевтің «Сұлтанмахмұт», С. Бақбергеновтың «Қайран шешем» романдары жазылды. Әскери тақырыпта Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Б.Момышұлының «Артымызда Москва» романдары жарық көрді.

Идеологиялық шектеуден босаған қазақ поэзиясы да өмір шындығын кең жырлап, ақындық ойды шалқыта бейнелеуде едәуір табыстарға жетті. Өлең үгіттік сарыннан босап, адамның рухани өмірін, сыры мен махаббатын, табиғатты жырлауға бет бұрды. Осындай тұста әдебиетке келген жастар (Қ.Мырза Әлі, Ғ. Қайырбеков, Т. Айбергенов, Т. Молдағалиев, М. Мақатаев, Ж.Нәжімеденов т.б.) шындықты жалтақсыз, бүкпесіз ашық айтуымен, өлең мәдениетімен қазақ лирикасын жаңа белеске көтерді. Ә. Тәжібаев, Ғ.Орманов, С. Мәуленов, Қ. Шаңғытбаев, М. Әлімбаевтар жаңа лирикалық өлеңдер жазды. Т. Жароковтың «Тасқынға тосқын», Қ. Бекхожиннің «Тұрлаулы тағдыр», Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы», Ә.Тәжібаевтың «Портреттер», Ж.Молдағалиевтің

«Мен қазақпын», Ғ. Қайырбековтың «Дала қоңырауы» секілді поэмалары туды. Бұл шығармалар ақындарымыздың өмірге өктем араласып, дәуірдің әлеуметтік-философиялық мазмұнын ашуда жаңа қадам болды.

Драматургияда Ә. Тәжібаевтың («Көңілдерестер», «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Той боларда»), Ш. Хұсайыновтың («Рабиға», «Кеше мен бүгін», «Күн шуақта», «Ертіс жағасында»), Т. Ахтановтың («Сәуле») пьесаларымен толықты. Комедия саласында Қ. Мұхамеджановтың («Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», «Қуырдақ дайын»), С.Адамбековтың («Күн мен көлеңке»), Қ.Шаңғытбаев пен Қ. Байсейітовтың («Беу, қыздар-ай») ізденістері бағалы.

Әдеби процестің ұлғаюы мен жаңа туындылардың көбеюі де әдеби сын мен әдебиет ғылымының баюына да мол материал берді. Бұл саладағы ізденістің өнімді болғанын таныту үшін он жылғы аралықта 150-ден астам сын, зерттеу кітаптарының жарық көргенін айту жеткілікті. Айталық, Қ.Жұмалиев, Ә.Дербісәлі, З. Ахметов, Х. Сүйінішәлиев, С. Қирабаев, Т.Әлімқұлов, Т.Кәкішев, М. Қаратаевтың зерттеулері, сын кітаптары жарық көрді. Бұл жылдары қазақ әдебиеті туындылары шет тілдерге көптеп аударылып, тарады. М. Әуезовтан кейін, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т. Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Ә. Әлімжанов, О. Сүлейменовтың шығармалары әлем оқырмандарының назарына ілікті.

Коммунистік партия билігінен шығып кете алмағанымен, демократиялық процестердің басталуын пайдаланып, әдебиет өзінің ұлттық дәстүрлеріне бет бұруға, халықтың тәуелсіздік жолындағы күрес тарихына, елдің салты мен әдет-ғұрпының өміршең жақтарына көңіл аудара бастады. Көркем әдебиет ұлттық сананы оятып тәрбиелеудің маңызды құралына айналды. М. Әуезовтың салған тарихи роман дәстүрін жалғастыратын І. Есенберлиннің «Көшпенділер», М. Мағауиннің «Аласапыран», Ә. Кекілбаевтың «Үркер», С. Мұқановтың «аққан жұлдыз», С. Сматаевтың «Елім-ай», Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романдары жарыққа шықты. Қазақтың тарихи романы қоғамдық ой-пікірге жетекші ықпал етті. Олар қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрін, батырлары мен ұлы тұлғаларын ашты. Таңдаулы үлгілері шет елдерге мәлім болды. Тарихи романдардың табыстары, идеясы бүгінгі заман туралы шығарма жазушылар үшін де мектеп болды. Олар белгілі бір тарихи кезеңді суреттей отырып, оның заман, адам үшін өнегесін көруге тырысты, қазақ туралы ойларға ой қосты. (Қ. Жұмаділов «Соңғы көш», Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін», Б.Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді», Н. Ғабдуллин «Жігер»). Қазақ романының жан-жақты ізденісі өндірістегі замандастар бейнесін жасауға ұмытылысынан да (З. Қабдолов «Жалын», Ш. Мұртаза «Қара маржан», М.Сәрсекөв «Жаңғырық», А.Жақсыбаев «Егес», «Қоған», «Бөгет», Р.Сейсенбаев «Өмір сүргің келсе»), қазақ ауылының дамуындағы бүгінгі проблемаларын сөз еткен туындылардан (Д. Досжанов «Дария») да, адам тағдырының күрделі сырын тану ізденісінен (Ә. Тарази «Тас жарған», «Кек», Р. Тоқтаров «Ертіс мұхитқа құяды», «Ғасыр наны», Ж. Нәжімеденов «Даң пен дақпырт», Ә. Қанахин «Күдірет» т.б.) да көрінеді. Бұл жылдары қазақ повесінің тәуір үлгілерін Ғ. Мүсірепов («Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан») жасады. С. Шаймерденов («Жыл құсы», «Марғау», «Мәжнүн тал») өнімді еңбек етті.

Жастар прозасында ауыл өмірі, ұлттық психология, дәстүр кең сөз бола бастады. Әңгіме жанры өрістеді. 1960-70 жылдары қазақ әдебиеті сыны мен әдебиет зерттеу ғылымы үшін өнімді кезең болды.

Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуірі күрделі де қайшылықты жолдан өтті. Оған ол өткен жолдың, қоғамдық дамудың жағдайлары әсер етті. Сондай-ақ, бұл кезең ұлттық әдебиет пен мәдениеттің өсіп, өркендеген жылдары болғаны даусыз. Бүгінгі қазақ әдебиеті көп жанрлы, үлкен авторлары бар, әлемдік әдебиет деңгейіндегі әдебиет ретінде танылып отыр. Қазір әдебиет үлкен жол айрығында тұр. Кеңес кезіндегі әдебиет тәрбиесі ол үшін үлкен сабақ. Жазушы Ғабит Мүсірепов туралы ғалым Темірғали Нұртазин былай деп жазады: «Кең алқа халық өмірін суреттеп, қаламгердің реалистік зор табысқа жеткен, мол дарыны ашылып, шеберлігі қарыштай көтерілген шығармасы – «Оянған өлке» романы. Автор бұл романды жазуға мол дайындық жасады. Ғ. Мүсірепов көмір әлемін тереңірек білу ниетімен Қарағандыда талай рет бірнеше айлап болып жүрді. Қарағандылықтар: Ғабен қазір көмір әлемін майталман инженерден артық біледі, - дейтін-ді. «Оянған өлке» 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды. Шығарма келесі – 1952 жылы жеке кітап болып басылды. «Оянған өлке» – Ғ. Мүсіреповтың Қарағандыны көмірші, экономист, тарихшы, саясатшы, үлкен ойшыл қаламгер, әлеуметтік түйсігі күшті суреткер ретінде кең, терең, жан-жақты білгенінің айғағы», - деп жазады (23-24 б, Т.Нұртазин, Уақыт және қаламгер. 1973).

Жазушы Ғ. Мүсірепов: «Оянған өлкені» жазарда бір жарым жыл сол тақырыппен айналақтап, бес-алты ай қарағандыда отырдым да, ескі тарихи құралдардың экспонаты мен жаңадан кірген құралдардың маркасын білу өте қажет болды. Қарағанды, Спасск, Нұра деген жерлерді түгел аралауға тура келді. Көмір тасыған, тас өртеген жерлерді өз көзіммен көруге тура келді. Мысты қалай қазды, қалай ұнатады – соны біліп алмасаң қаламың жүрмейді екен. Осының бәрінен ұғынған бір нәрсем – мұны жұртшылықтың бәріне де айтқым келеді: Спасск заводының құрылған жері Көкөзектің қабағында Ушаков болып тұрдым, бірде кіреші Ыбырай болып тұрдым. Бір өндірістің өзін әр мамандықтың, әркімнің көзімен қарап, сол адамның тілегімен шұғылданбасаң, өндірісті түгел көре алмайды екенсің. Не нәрсені болсын кейіпкердің көзімен қарамасаң, оның орнына өзінді қоймасаң, көп нәрсе ішін алдырмай кетеді. Мұнымен айтпағым, бүгінгі күрделі шаруашылығымыз, дамыған өндірісіміз, жетілген тұрмыс-тіршілігіміз қаламгерлерге оңайлықпен жалынан ұстатпайды. Өмірді біліп жазу, білгеніңнің өзін бейнелеп, көркем жазу – жасымыздың да, жасамыздың да абыройлы борышымыз», - деп жазады (8 б, Ғ. Мүсірепов, 1986). Сондықтан да, ғалым Р. Бердібаев: «Халқымыздың ұшан-теңіз бай ауызекі тілін көркем әдебиетке кеңінен әкелген, келістіріп қолданған, сол арқылы әдебиетіміздің шұрайын арттырған саңлақ суреткердің бірі де – Ғабит Мүсірепов. Оның әдеби тілді байытудағы бірегей тәжірибесі, теңдесі жоқ ситистігі өз алдына әңгіме. Ғ. Мүсірепов өмірдегі кертартпа мен кесел атаулыны әңгімелей қалса мысқылшыға, сықақшыға айналады. Кемшілікті төндіріп, бұлтартпай сықақ ету, әжуалау жөнінде оның өзіндік

қалыптасқан көркемдік амалдары бар», - деп өз бағасын беріп өтеді (37 б, Р.Бердібаев, 1973).

1984 жылдың 25 қыркүйегінде Мәскеуде КСРО Жазушылар одағының құрылғанына 50 жыл толуына арналған мерекелік пленумы болып өтті. Оған 78 мемлекеттің әдеби өкілдері қатысқан еді. Сол пленумда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, ақын Олжас Сүлейменов жасаған баяндамасында: «Өз басыма Сайын Мұратбековтың тіл шеберлігі, Оралхан Бөкеевтің сюжет өрбітудегі, сезім мен ойдың ұласуы – сана ағыны (поток сознания) әдісіне бой салып баруы, Қабдеш Жұмаділовтың тақырып таңдай білуі, соны шебер қолмен ұқсата жазып беруі, стиль тазалығы ұнайды. Әдебиетке әркім өз соқпағымен, өз сөзімен, өз талғам-нанымымен келуге тиіс деп ойлаймыз. Өмірдің де, өнердің де қарапайым мықты талабы осы. Әсілі, оқырман қауым қаламгер әулетін осынау ешкімге ұқсамас, бірегей, бөтен қайталанбас мінезі үшін жақсы көретін болуы керек...», - деп атап өтеді (8 б, О. Сүлейменов, Уақыт және қаламгер. 1985).

Қаламгердің көркем шығармаға бару жолдарына қажетті шарттарды жүйелеп көрсек: 1. Дарындылық. 2. Төзімділік. 3. Қабілетінді барынша жұмсай білу. 4. Еңбектену, іздену. 5. Қоғамдық пікір қалыптастыратын тақырып таба білу. 6. Нақты фактіні қолдану (құрғақ, жалаң фактіге, мәнсіздікке ұрынбау керек). 7. Шындықты жазу. 8. Жауапкершілікте болу. 9. Ешкімге ұқсамау, ешкімді қайталамау. Ал, ұқсамау дегеніміз – өз жаңалықтарыңды енгізу. Жұмыстағы басты нәрсе – еңбек, кедергіні еңбек арқылы жеңу. 10. Жазушы өзімен-өзі тұйықталып қалмау керек.

Бүгінгі қазақ қаламгерлерінде байқалатын үш кемшілікті атап өтуімізге болады: 1. Қазақстанның кітап дүкендерінен ағылшын немесе басқа шет тілдерінде аударылған бірде-бір қазақ жазушысының кітабы жоқ. Демек, ағылшын, испан тілді оқырмандар қазақтың бірде-бір көркемсөз шеберлерінің бар-жоғын еш білмейді. Керісінше, Марк Твен, Борхес, Маркес т.б. секілді шетел классиктерін қазақ оқырманы қазақша оқиды. 2. Қазіргі қазақ қаламгерлерінің шығармаларын өзінен басқа ешкім оқымайды. Соған қарамастан өздерін өзгелерден биік шың санайды. Ал сыншыларымыз құлдық психологиядан арыла алмаған, қай қаламгердің портфелі жуан соны айналып мақтайды. Ал жай жүріп, шығармашылық кәсібіне адал берілген ақын-жазушыны ешқашан ауызға алмайды. Жазушы атану бар да, анық жазушы болу бір басқа. Осы ретте сыншы Төлеген Тоқбергенов: «Жазушымын деп жүргендер алды-артына қарап, суреткерге керек ең басты компонент – тіл болса, сол тіл өзінде олақтау шығып, шолақтау қайрылып жаса-жазушы емеспін деп мойындар болса, мойындап қана қоймай, біржола бездім деп шықса» деймін. Ал «Егер қояр да қоймас болса, онда да құрығанда, жазғанын сынағандардың соңына шырақ алып түспесе, шіркін» деймін. «Жаманымды айтты-ау, енді жаманатқа ұрырармын» демесе ғой, шіркін, «білімді адамның біліп тұрған соң мінімді айтқаны шығар» десе ғой шіркін! Бірақ бұл тілеу сірә де орындала қоймас», - деп жазғаны бүгінгі жазуы бойында кездесетін көп мінді алға тарта отырып, сол кемшіліктерді амалсыз мойындатады. 3. Қазіргі жазушыда бүгінгі замандас бейнесін жасаудың өзі басты мәселеге айналып

отыр. Жазушының басты парызы – адамтану десек, бүгінгі заман күллі адамзаттың алдына мүлде жаңа міндеттер, тосын талаптар жүктеп отыр. Сондықтан да анық жазушы ойы таза, пиғылы таза кейіпкер сомдай білуі керек. Жан тазалығы болғанда ғана адалдық, әділдік орнайды.

Жазушы өмірі шығармашылық шеберліктен тұрады. Сондықтан, ол қайталанбаушылыққа жолықпай, үнемі жаңа идея, айтылмай, зерттелмеген жана дүниелерді ашып, халыққа таратуды талап етері сөзсіз. Жалпы, шығармашылық шеберлікте табиғи дарынның, қарым-қабілеттің, білім мен ізденістің ауадай қажет екені белгілі. Осының бәрі айналып келгенде шеберліктің бастау саласына айналары сөзсіз. Жазушы шеберлігі қай кезде де жеке, дара көрінеді. Ол оның шығармашылық стилінен көрініс табады. Сыншы П.А. Вяземскийдің: «Шындық халықтың арасына әбден сіңісті болу үшін, жайма шуақ кезінде кемінде отыз жыл уақыт керек. Осы аралықта ол санада жаңғырып, селқостар мен енжарларды ұйқыдан оятады, бойкүйездерді сілкілейді. Қалай болғанда да екі түрлі пікірдің қатар тууы, бәрібір ақиқатқа жақын пікірді алып шығады», - деген пікірі қазір де өз мәнін жоғалта қоймаған сияқты. Қазіргі ақиқаттың өзі де, міне, осы оймен астасып жатқандай. Саяси жүйедегі әрқилы айтыс-тартыстар, экономикалық және әлеуметтік құрылымдардың тұрақсыздығы бәрі-бәрі бір-біріне қарама-қарсы екі жақты пікірлердің тууына себепші болады. Ал екі жақты айтыс-тартыстан тізбелеп, шындықты суыртпақтап алу да оңай емес. Орыс сыншысы ақиқатқа жетудің қаншалықты қиын екенін ашына айтқанымен, дәл сол сәтте баспасөз, радио және теледидардың бүгінгідей қуатты құрал бола алатынын аңғармаған болса керек.

Сөз соңында, жазушы Ғабиден Мұстафиннің: «Жазушы деген зор атақ. Біреулер оны еңбегімен, біреулер әлдеқалай алып жүр. Жазушы сапасы – шарт. Сапа дегенім ой мен тіл. Ойы мешеу, тілі доғал шығарма өктесең де оқушының көмейінен өтпейді. Ойы жоғары, тілі алғыр шығарма қашан да естен кетпейді. Материал, білім жеткілікті болған күннің өзінде құнды шығарма қиналмай шықпайды іштен. Жақсы шығарма жан азығы. Жаман шығарманы халық қабылдамайды. Оқымай қояды. Жазушыға одан артық ауыр жаза жоқ», - деген пікірі біздің айтар ойымызды нақтылай түсері сөзсіз (15 б, Ғ. Мұстафин, Уақыт және қаламгер. 1975).

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Әдебиеттегі шоқтығы биік тақырыптарды атаңыз?
- 2 Қазіргі тарихи тақырыпта қалам тербеп жүрген жазушылар кім?
- 3 Қаламгерлердің ұтымды тақырыпқа бару шеберлігі неде?
- 4 Көркем шығарма мен тақырыптың өзара байланысы.

2.6 Қазақ баспасөзіндегі жастар шығармашылығы

Академик Зейнолла Қабдолов: «Тума көркемдік қабілет кез келген кісінде бар. Олай болмаса, кез келген кісі өнерді де, көркем әдебиетті де жан-жүрегімен қабылдап, сезіне, түсіне алмас еді», - десе, профессор Темірбек Қожакеев мынадай тұжырым жасайды: «Біреудің жақсы журналист немесе

жазушы болғысы келді дейік. Сөз жоқ, мұның бірінші шарты – адамда табиғи қабілеттің болуы. Екінші шарты – сол қабілеттің үстіне ізденуге ынта, талап керек. Бұл да жеткіліксіз. Енді сол көрінген, байқалған қабілетті ұқсату үшін зергердің қылыш, қанжар соға білетініндей білім керек. Ол білімнің екі көзі бар. Бірі – баспасөз, екіншісі – өмір». Бүгінде қазақ журналистикасында қаламы қарымды, өзіндік пікірі қалыптасқан, айтар ойы бар жас журналистер баршылық. Олардың публицистік сарында жазылған көкейкесті мақалалары басылым беттерінде жарық көріп жүр. Қазақ баспасөзінің ішінде қоғамдық пікірдің ұйтқысына айналып жүрген «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Түркістан», «Алматы ақшамы», «Айқын», «Жас қазақ» газеттерін ерекше атауымызға болады. Осылардың әрқайсысында жас журналистердің публицистикалық мақалаларын көруімізге болады.

«Жас қазақ» газетінің журналисі Сәкен Сыбанбай қандай да бір туындысының мән-мазмұнына жіті мән беріп, бояуын айшықтап көрсетеді. Жан-жақты ізденіс пен стильдік тапқырлық авторлық қолтаңбаға жету жолындағы үлкен әдіс-тәсілі болып табылады. Осы тұста «Қашанда қоғамдық ой-пікірдің көшбасында қалам иелері жүріп, әділ сарапшы болған. Заманға, өз дәуіріне жедел үн қосып отыруға тиісті журналистің саяси ойлау мәдениеті жоғары болуы қоғам дамуына өз ықпал-әсерін тигізері айдан-анық...», - деген пікір Сәкен Сыбанбай сынды қарымды журналистерге айтылғандай әсер қалдырады. Айталық, «Жас қазақ» газетінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі санында Сәкеннің «Ақиқаттың алдаспаны» атты «Казахская правда» газетінің редакторы, белгілі қоғам қайраткері Алдан Айымбетов жайындағы толғау мақаласында: «Ол газетті өзі шығарды десек те болады. Материалдрды әзірлейтін де өзі, теретін де, беттердің ретін түзетін де, суреттерді табатын да, баспаханаға бастыру үшін ақша іздейтін де өзі...», - деп журналистің өзіне тән ерекшелік сипатын атап өтеді. Тағы бірде Айымбетов тілінің өткірлігін, әр сөйлемінде сарказм мен иронияның астасып жататынын оқырман қауымға тағы бір жеткізе түседі. Журналист өз пікірі үшін басымен жауап береді десек, автор мақаласынан А. Айымбетовтің адалдығын, нағыз азаматтығын тереңінен тани түсеміз. Осы тұста журналистің тіл шеберлігі мен ой ұшқырлығының ұштасып жатуына ерекше көңіл аударуға болады. Қарт журналист Ә. Қарағұловтың: «Журналист қаншама көп білсе де, ол өмірде өзі әлі білмейтін нәрселер, процесстер, жаңалықтармен кездеспей тұрмайды. Мұндайларды әбден біліп алмай, материалды жорамалмен жазу немесе редакциялау – соқыр адамдай қараңғыны қармалау деген сөз», - деген пікірі журналистің өзіне жауапкершілікті жоғары қоя білу қажеттігін, алып отырған фактісінің шынайы болу керектігін нақтылай түскен сияқты.

Қандай басылымға барса да өз шығармашылығымен ерекшеленетін Жанарбек Әшімжанның қайсыбір мақалалары өткірлігімен, уыттылығымен, айтылған ой астарында шындықтың, әділ таразының болуымен көзге түседі. Кезінде «Жас Алаштың» алғыр журналисі болған Жанарбек «Жас қазақта» да өзінің өрлігін танытты. Мәселен, оның «Жас қазақта» жарық көрген «БЭК алдындағы бетпе-бет немесе Абай ескерткіші жайлы әфсана» (7 сәуір 2006); «Мәдениет» айдарында берілген «Қазақстандағы қарбалас. Ұлттың айбары

саналатын арнаның басы оқиғаға толы» (21 сәуір 2006); «Ислам терісін жамылған шиебөрілер» (21 сәуір 2006); «Мейірім белдуінен келген мейман» (5 мамыр 2006); «Сочи сыйы. Ресей қазақ газын 3 есе қымбат бағаға алатын болды» (26 мамыр 2006); «Мәңгілік президент мәңгі ұйқыға кетті» (22 желтоқсан 2006) атты мақалалары қалың оқырманның сұранысын қанағаттандыра отырып, көкейдің көңіл түкпірінде жүрген ойларын дөп басады. Оқырман сұранысын орындалып жатса, бұл журналистің ақиқатқа, шындыққа жақындығының бір дәлелі іспеттес.

Журналист міндеті – негізінен алғанда, өзі алдына қойған және өз ұжымының мақсатына жету болып табылады. «Жас қазақтың» қалыптасуына өз шығармашылығымен үлес қосқан журналистердің бірі – Әмірхан Балқыбек. Ол – әдебиет пен публицистиканы қатар меңгерген білімді журналист. «Жас қазақта» өзіндік қолтаңбасы бар журналистің орыс тілінен аударылған шетел, орыс классик жазушыларының өмірбаяны мен шығармашылығы хақындағы материалдары оқырман жүрегіне жол салғаны белгілі. Осы ретте ақын Маралтай Райымбекұлы: «Жастар әдебиеті дегенде, мен олардың ішінен Әмірхан Балқыбекті бөле-жара айтар едім. «Жас қазақ» газетіндегі әдебиет бетінде бір институттың атқаратын жұмысын жалғыз өзі атқарып отыр. Ақындығы бір төбе, ешкімге ұқсамайды, тілі терең, қазақтың поэзиясына қосқан, қосар үлесі көп. Бірақ ол туралы көп айтыла да бермейді. Өйткені, Әмірханның поэзиясы туралы аз айтылады, оны көбіне сыншы деп таниды. Шындығында, ол – үлкен ақын. Қалыптасқан, өзінің дара жолы, қолтаңбасы бар ақын. Әлем әдебиетін, қазақ әдебиетін болсын, саралап, аударып, қорытынды жасап, халыққа ұсынып келе жатқан қаламгер. Ол әдебиетті жақсы біледі. Әдебиет үшін жасап жатқан еңбегі үлкен. Ол бағалануы тиіс. Бізде көбінесе үндемей құртады. «Егер бір адамды өлтіргің келсе, ол туралы ешқандай пікір айтпай-ақ қой» деген сөз бар. Сондықтан ақын туралы айту, жазу керек. Ол адамның шығармашылығына үлкен күш береді, бағытын мақұлдау қажет», - деп оң пікір білдіреді. Шындығында ол өз шығармасының тақырыбымен де, шығарманың басталумен де, оқиғаның өрбуімен де оқырманды қызықтырып отырады.

Әмірханның осы басылымдағы материалдарынан ауыз әдебиетінен, жыраулар поэзиясынан еркін сусындағандығын, ой еркіндігін, тақырыпты тауып қоюдағы ерекшелік сипатын, романтикалық асқақ сезімді тақырыпты өзіне сіңіре білу өзгешелігін, философиялық толғау тереңдігін, таза ұлттық табиғатын, ұлттық бояудың қанықтығын, қиял кеңдігін байқау қиын емес. Журналист мақалаларын қай жағынан қарасаңыз да қазақы тілдің қайнарын сақтай отырып, қазақы бөрік кигізіп, шапан жапқызып, өзіндік стилін алып келді. Мысал ретінде айтар болсақ, «Шыңғыс хан, Борхес және қазақ пен еврей» (28 сәуір 2006), «Қазақстан геосаясатқа баса назар аударуы тиіс» (28 сәуір 2006), «Өзіңнің білетінің туралы ғана жаз» (Ағылшын жазушысы Солерсет Мозм туралы) (25 тамыз 2006) сияқты әдебиет, мәдениет тақырыптарында жазылған көлемді мақалаларының ерекшелік сипаты оқырман жүрегіне жол салары сөзсіз.

«Жас қазақ» газетіндегі жас журналистерінің бірі – Ерлан Әбдірұлы. Ерланның жазған дүниелерінен де елге, ұлтқа, рухани құндылықтарға деген жанаршырлық байқалады. «Желкілдеп шыққан көк шөптей жаңа қалыптасып келе жатқан жас өрімнің беталысы құптарлық. Мәселен, газеттің 2005 жылғы 28 қазандағы санында «Әуезе» айдарымен оның «Кітап оқырманды емес, оқырман кітапты іздейтін кез келді» атты шағын мақаласы жарияланды. Тақырып әдемі. Ерлан мақалада өзі куә болған оқиғаны алға тартады. Белгілі ақын Маралтай Райымбекұлының «Ай-Нұр» және «Ай» атты жыр жинағына деген оқырман сұранысын айта келіп, қазіргі кезде сан мыңдап шығып жатқан кейбір сапасыз кітаптардың қасында бұл екі жинақтың таралымы аз болса да сұранысқа ие кітаптар екендігін баяндайды. Бірақ Ерланның бұл мақаласы асығыс, еш талдаусыз жазған материалы дер едік. Себебі, осындай ауқымды тақырыпты жазғаннан кейін қазіргі әдебиеттің (көркем, техникалық т.б.) жай-жапсарын, оқырман қауым қандай дүниелерді оқуға шөліркеп отыр, «Мәдени мұра» бағдарламасындағы кітап ісінің орны туралы да біраз нақты мысалдар келтіріп, материалды салмақтай түсуі керек еді. «Жас қазақтың» 2006 жылдың 3 қараша күнгі санында «Кәусар» айдарымен «Ілім әлеміне ашылған қақпа» атты Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы туралы жазған мақаласы әжептәуір. Зерттеулер мен ізденістер бірден көрініп тұр.

«Алматы ақшамында» үнемі мақалалары жарық көріп жүрген жастардың материалдары көбіне мақала, сұхбат жанрларында көрінсе, негізгі тақырыптарының нысаны Алматы қалалық газеті болғандықтан науқандық тұрғын үй, қала ғимараттары жайлы, бүгінгі күннің мәселелері екендігін байқауымызға болады. Басылымда Айдос Садуақас, Думан Анаш, Азамат Қасым, Өркен Жоямергенұлы, Мәншүк Бекбосын, Әсия Бағдаулетқызы, Ержан Байтілес, Әйгерім Сауытбекова т.с.с. түрлі тақырыптағы материалдарға қалам тартып жүрген жас журналистер бар. Олардың «Бюрократия», «Мейірім», «Жігер», «Қоғам қайда барасың?», «Арманда кеткен алыптар» т.с.с. тақырыптардағы ой-пікірлері бүгінгі қоғамдағы түрлі келеңсіздіктер мен кемшіліктерді дәріптейді.

Газетте жас журналистердің әрқайсысының өзіндік жазу ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының жүргізіп отыратын белгілі бір айдарлары мен беттері бар. Мәселен, Мәншүк Бекбосын «Дүние дүрмекті» дөңгелетсе, Әсия Бағдаулетқызы газет бетінде көбінесе өнер, мәдениет тақырыбына қалам сілтесе, ал, Ержан Байтілестің әлеуметтік өмір тақырыбына арналған материалдар легінен қаладағы түрлі тіршіліктерге куә болып жатамыз. Ал Өркеннің материалдары – көбінесе, журналистік зерттеулер болғандықтан, өзі басы-қасында болған оқиғаларды көз алдына елестете жазуға шебер. Көп жағдайда материалдарын баяндау стилінде қалдырады. Мысалы, газетте жарық көрген «Үлкен қателіктер кіші қателіктерден басталады» (17 ақпан, 2007), «У шашқандар ұсталды» (23 ақпан 2007) атты зерттеу мақалалары қаз-қалпында баяндалады. Тақырыбы да шұбалаңқы. Баяндау стиліне қарап оны корреспонденцияға жатқызайын десең, түйіндеу жоқ. Корреспонденцияда басталу мен аяқталу, түйін болу керек. Бұл жанрдың стильдік әрі жанрлық ерекшелігі материалды жинап, қорытуынан, оқырманға ұсыну үлгісінен

байқалады. Өркен көп ретте материалдарын баяндау күйінде аяқтайды. Асылы ойдың қысқаша дәні берілсе артық болмайды.

Айдос Сәдуақас – экономика тақырыбында жазып жүрген жас журналист. Материалдарын оқи отырып, жан жақты ізденісі мен тиянақты фактілерін аңғаруымызға болады. Ол заметка, репортаж, мақала жанрларында жиі көрінеді. Тілдік элементтер, стильдік тапқырлықтар материалдың жанды әсерін күшейтетін құралдар қатарына жатады. Ол сондай-ақ, қандай да бір туындының мән-мазмұнына әр беріп, бояуын көркейтетін алғышарттар болып табылады. Авторлық қолтаңба шеберлігіне жету үшін өзіндік әдіс-тәсілдердің жан-жақты көрінуі шарт. Онсыз шығармашылық еркіндік айқындалмайды.

Жас журналистеріміздің бірі – Ержан Байгілес. Оның әр мақаласын оқи отырып, ұлтжандылық сипатын айқын аңғарасың. Ерекше эмоциямен желпіндіріп, оқырманды жетелеп отыратын тұстары көп. Мәселен, «Алматы ақшамы» газетінің 2007 жылғы 24 ақпандағы санында жарық көрген «Біз ақшасыз түсірілген фильм» атты мақаласын айтуымызға болады. Сондай-ақ, жас талап Мәншүк Бекбосынның телерадио арналардағы кейбір жүргізушілер сияқты жаттанды, таптаурын сұрақтарды қоймай, көпшілік білгісі келетін, жалпы жауабын күтіп тұрған сұрақтарды қоюуы өзіндік ізденісі бар екендігін байқатады. Әр тақырыпта жазатын Мәншүктің де өзінше пікір қалыптастыра білетін көлемді материалдары көп-ақ. Ал, жас журналист Думан Анаштың материалдарында зерттеу объектісінің қысқаша тарихы аз да болса келтіріледі. Деректер келтіруге шебер. Статистикалық мәліметтерді орынды пайдаланады. Бұл жағынан алғанда «Жас қазақтағы» Сәкен Сыбанбай тәжірибесіне жақын деп айтса болады.

Әр журналист өмірдің объективтік шындығын дұрыс талдап, сараптап көрсете білгенде ғана ерекше еңбегімен бағаланады. Кез келген мәселеге байыпты қарай білудің өзі журналист патриоттығының, оның тәлім-тәрбиесінің көрінісін білдіреді. «Алматы ақшамы» газетінде журналист Азамат Қасымның сұхбаттарында біз осыны аңғарамыз. Әр кейіпкеріне сұрақ қоя отырып, өзінің жүйрік ойы мен білімпаздығын көрсетіп отырады. «Алматы ақшамы» газетінде қаламын ұштап жүрген Қасым Азамат «Алматыны кімдер басқарды?», «Алматының архитекторлары», айына бір рет шығатын төрт беттік «Алуа» қосымшасы секілді айдарларында қалам тербеп жүргендігін айта кеткен жөн. Жас журналист «Алматыны кімдер басқарды?» айдары бойынша жазылған мақаласында сонау жиырмамыншы жылдардан бері қарай Қазақстанның астанасы саналып келген Алматыны кімдер басқарғандығы, олар басшылық жасаған тұста қалада нендей өзгерістер болғандығы, қандай ғимараттар салынып, басшылардың нендей өзгерістер болғандығы жайында жазды. Әрине, өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары Алматыны басқарған адамдардың дені бүгінде бұл өмірден өтіп кеткендіктен, сол адамдардың жақындарымен сұхбат түрінде жүргізіледі. Бұл үшін журналистке көп ізденудің қажеттігі айтпаса да түсінікті. Азамат мұрағаттық материалдарды, сол жылдарда астанада қызмет еткен азаматтардың ой-пікірін, естеліктерін пайдалана отырып, айдарда салмақты материалдарын жариялап жүр. Айдар 2005 жылдың маусым айынан 2007 жылдың қазанына дейін Алматыны басқарған азаматтар

өмірі мен қызметінен сыр шертті. Бұған жас тілші Азамат Қасымның үлесі зор болғандығын ерекше атап өткенді жөн көрдік. Азаматтың бірнеше сараптамалық мақала, сұхбаттарынан біз оның тақырыпты тауып қоя білетін шеберлігін байқаймыз. Мәселен, 2007 жылдың көктемінде Алматы қаласындағы «Есентай» өзені төңірегінде жөндеу жұмыстары жүргізілгендігін білеміз. Осы шаруа жайында шағын ақпарат жазған Азамат оған «Есентайдың жағасы – күрделі жөндеу шарасы» деген тақырып қойды. Барлық мақаланың бет-пердесі, бейнесі саналатын тақырыптың оқырман қызығушылығын тудыратындығынан хабардар журналист тақырыпты ойнатып та қоя алады. Орыс жазушысы М. Горькийдің: «Әрбір дерек сан жүздеген жіптермен шырмалған түйіндердің қосындысы, яғни, рухани ой, ақыл, жүрек қаны мен көз жасы, дарын-қабілеттің тамшысы. Әр дерек өмірмен тамырлас келеді», - деген пікірі журналистердің нағыз қыз қайнаған өміріндегі ізденістері мен талпыныстарына сабақтас келеді.

Журналист әлемі – алып мұхит, арпалыс пен айқасқа толы, буырқана бұлқынып, шарпысып жатқан сезімтал әлем. Ол күн өткен сайын тұңғық құпиясына еріксіз тарта береді. Ал, сол әлемнің шыңырауына түсіп кетпеу үшін де даралық пен қабілет, парасат пен байқампаздық керек. Ізденімпаз жанға нәтиже, мол білім, тынымсыз еңбек, өз ісіне деген сүйіспеншіліктің арқасында келеді. Ізденіс пен азапты арпалысты өз мірінің кредосы етіп алған журналист қауымның қалам тербемейтін, араласпайтын саласы жоқ. Бәріне де іс-тұжырым жасайды. Журналистика өте жауапты өндіріс алаңы болғандықтан, онда кез-келген жағдайда сабырлылық керек. Халықаралық «Қазақстан-Заман» газетіндегі Ақмаржан Мырзахметова – өзіндік ерекшелігімен көзге түсіп жүрген ізденімпаз жас журналистердің бірі. Ақмаржанның «Қазақстан-Заман» 2007 жылғы 16 желтоқсандағы санында «Кәсіпкер байғұстың табан ақы, маңдай теріне қиянат» атты мақаласы жарық көрді. Автор әлеуметтік теңсіздікті, қамырдай илеуге тез көнетін солқылдақ заңдардың осалдығын мақаласына арқау етеді. Ол мақаласында: «Әлеуметтік теңсіздік. Біздің қоғамның асқынған дерті осы болып тұр. Біреу таң атқаннан күн батқанға дейін, тіпті түн баласына ұйқы көрмей еңбек етеді. Тапқаны таңдайына татымайды. Ал енді біреулер ат үстінде өлең айтып жүріп «ойдан орып, қырдан қырып» пайдасын үстемелеген үстіне үстемелей түседі. Осыдан кейін табанақы, маңдай терге қиянат жасап отырған заңға тіліміз қалай тимесін? Бізде заң жоқ емес, бар. Алайда ол әр маусым сайын құбылып, өзгеріп тұрса, оның жүзеге асуы да екіталай», - деп ойын білдіреді. Мақалада бүгінгі қоғамда ептілер, жең ұшынан жалғасқандардың тасы өрге домалап тұрғандығы ашық жазылған. Автордың жазу стиліндегі ерекшелік проблеманы қарапайым тілмен оқырманға түсінікті етіп жеткізе білуінде дер едік.

«Ана тілі» ұлттық басылымының тілшісі Әділбек Жапақтың келешегінен көп үміт күтуге болады. Қазірден бастап журналистиканың қара қазанында қайнауды ұйғарған Әділбек газеттің «Журналистік зерттеліс» жанры бойынша мақалалар жариялап келеді. Тіліміздің нөмірі бірінші жанашыры саналатын басылымның «Әлеуметтік мәселелер» бөлімінің тілшісі Әділбек Жапақ «Ресторатор қазаққа қажет қарекет» (10 желтоқсан, 2007) атты мақаласында

тұщымды, толыққанды журналистік зерттеу жүргізіп, мейрамхана жұмысын жан-жақты ашып көрсету мақсатында арнайы қаладағы мейрамханаға барып, үш күн жұмыс істейді. Бұл мақаласында аталмыш мамандықтың ұлтымызға пайдалы тұстарын айтады. Ал «Шіріңке» (Ана тілі газеті, 25 желтоқсан, 2007 жыл) деп аталатын журналистік зерттеуінде кешегі уақытша қымбатшылық кезінде алыпсатарлардың қарапайым тұтынушыларға тигізген зияны жайында баяндайды. Әділбек журналистік зерттеу жанрында мақала жазатын болғандықтан ол адамдармен қарым-қатынас орнату, мамандар мен байланыс жасау, әрбір дәлел-дәйектің аны-қанығын анықтауға машықтанған. Өйткені қандай да бір журналистік зерттеу жүргізу үшін журналистің бойында жоғарыда аталған қасиеттер, тілшіге қажетті міндеттер болуы қажет екендігі айтпаса да түсінікті. Журналист – өмір тамыршысы. Көру бар, зерттеу бар. Сол көріп, зерттеп жазғанды көпшіліктің игілігіне жарату жолында күресу бар. Журналистің қолында ешкімде жоқ қару – баспасөздің айбынды сыны бар. Оқырмансыз газет болмайтыны және газетсіз оқырман болмайтыны белгілі. Ал шындықты жалтақсыз, батыл айта алатын газетсіз оқырманға жол табу қиын.

«Айқын» газетінің әдеби шолушысы, «Болашақтың» түлегі, Франциядағы Страсбург университетін бітірген Танакөз Толқынқызының газеттегі мақалалары ерекше көзге түседі. Газеттің 2008 жылдың 12 қаңтарындағы санында Танакөздің «Көрерменге арналмаған кино» атты рецензиясы жарық көріпті. Автор «Еуразия 2007» халықаралық кинофестивалінде «Шұға» фильміне қазылар алқасы арнайы жүлде бергендігін, фильм Л. Толстойдың «Анна Каренина» атты романы бойынша түсірілгендігін айта келіп, мынадай пікір білдіреді: «Бұл – қазақ киносындағы үлкен құбылыс, үлкен табыс. Көрермен күткен трагедия жоқ болуы мүмкін. Бірақ бәрібір кинода трагедия бар. Көрермен асықпай, зер салып қараса, кинодан көптеген детальдар табады. Кинода біздің қазіргі қоғамның жаңа қазақтардың бейнесі өте сәтті берілген».

«Айқынның» тұрақты саяси шолушыларының бірі Құбаш Сағидолланың саяси тақырыптағы бірнеше мақалаларын атап өтуімізге болады. Мәселен, «Айқын» газетінде Құбаштың «Агенттен арысқа айналды» (12 желтоқсан, 2007), «Бұл мәжілістен ақпарат алу неге қиын?» (16 қазан, 2007), «Мемлекет бір шенеунікке қанша қаржы жұмсайды?» (18 қазан, 2007), «Жаһанды жайлаған жемқорлық» (24 қаңтар, 2008), «Орталық Азия Қытайдың көзірі емес» (31 қаңтар, 2008) атты мақалаларында ой еркіндігін, жалынды жасқа тән батылдығын, саяси сауаттылығын анық таныта түседі. Жас журналистің халықаралық мәселелерге көзқарасы, жазу стилі қалыптасып үлгергендігі қуантады. Өйткені, бүгінгі күнгі өзекті мәселелерге қалам тарта отырып, өзіндік пікірін нақты мәліметтерге сүйене отырып талдайды.

«Айқын» газетінің жас журналистерінің бірі – Кәмшат Тасболатова. Өз қолтаңбасымен қалыптасып келе жатқан Кәмшаттың «Рахат пен Боратты басқалармен табыстырған Австрия» (18 қазан, 2007), «Қазақтар туралы қағытпа: мадақ па, мазақ па?» (6 желтоқсан, 2007), «Алғашқы мұсылман ғарышкері кім еді?» (8 қараша, 2007) деген мақалаларында тың идеялар, тосын жаналықтар бар. Логиканы шебер қолдануының арқасында Рахат пен Боратты,

анекдот кейіпкеріне айналған жаңа қазақтар мен өзге ұлттарды ұтымды байланыстырады.

Жастар әдебиетін жастардың өзі тудырады десек, дәл бүгінде ол даму көкжиегінде. Өйткені бүгінгі жастардың шығармашылық талпынысы, әдебиетке сүйіспеншілігі өте жоғары. Көкейге түйген тамызық ойы мен тұщымды дүниесін жеткізуге асығады. Әйтсе де жастар әдебиетін балалар әдебиетімен шатастырмауымыз керек. Шығармалыққа келген әрбір жас буын ең алдымен әдебиеттің маңызын түсініп, жазу өнерінің талаптарын білуі шарт. Шеберлік шыңына жетуде көркемдік тәсілді де меңгере білуі керек. Әдебиетке қадам басқан әрбір жас өзінен бұрынғы тәжірибесі бай, көркемдік ой шеберлігі басым аға буын өкілдерінің шығармаларын жақсы біліп, үлгілік қасиеттерін өз бойына жинақтауы кейін өзінің де биік белестерге жетіп, қазақ әдебиетінің іргетасын қалауға ұйытқы болады. 1960 жылдың желтоқсанында қарашаңырақ Қазақ университетінің үлкен залында заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» атты тақырыпта баяндама жасап, атақты сөз сөйлегені белгілі. Өз сөзінде ұлы жазушы жас ақындар туралы да тебіреніске толы ой айтқан еді. Әдебиет әлемі – алып мұхит, арпалыс пен айқасқа толы, буырқана бұлқынып, шарпысып жатқан сезімтал әлем. Ол күн өткен сайын тұңғыық құпиясына еріксіз тарта береді. Ал, сол әлемнің шыңырауына түсіп кетпеу үшін де даралық пен қабілет, парасат пен байқампаздық керек. Ізденімпаз жанға нәтиже, мол білім, тынымсыз еңбек, өз ісіне деген сүйіспеншіліктің арқасында келеді. Ізденіс пен азапты арпалысты өз мірінің кредосы етіп алған журналист қауымның қалам тербемейтін, араласпайтын саласы жоқ. Бәріне де іс-тұжырым жасайды. Журналистика өте жауапты өндіріс алаңы болғандықтан, онда кез-келген жағдайда сабырлылық керек.

Баспасөздегі шығармашылық шеберлік жайын қандай да болмасын заңдардың шегімен тұйықтаудың мүмкін еместігі де айқын. Мақаланы қандай әдістермен жазу, сондай-ақ, оны газетке қалай беруді ғана ойлап, ақ қағазға табынып отырған журналистке «былай жаз!» деген нұсқау да, әмір де жүрмейді. Өйткені ол өз мүмкіндігі мен шеберлігі шеңберінде жазады. Бүгінде жас ақын-қаламгерлер қатарын өзіндік қолтаңбасымен айшықтап келе жатқан Дидар Амантай, Айгүл Кемелбаева, Маралтай Ыбырайымұлы, Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсек, Мадина Омарова, Қасым Аманжол, Бейбіт Мүрсәлім т.с.с. қазақ әдебиетінде өзіндік жаңа пішіні мен болмысы бар жастар екендігі даусыз. Олар өздерінің көзқарастарымен шығармашылық танымын ұлттық әдебиетімізде белгілеп отыр. Әсіресе, әдебиет мәселелерін насихаттауда олардың батыл ой-тұжырымдарын баспасөз беттерінен оқып, байқап қаламыз.

Бүгінгі жастар әдебиетіне одан кейінгі қажеттісі – өткір сын. Кезінде сыншы В. Г. Белинскийдің: «Сын – даму, қозғалыс үстіндегі эстетика», - деп айтқанындай, жастар әдебиетіндегі сын әдебиет көшіне ілескен жас буынды сырттай бақылап қана қоймай, байыпты, талғамды, тәрбиелік мәні жоғары шығарма иесінің қалыптасуына ықпал етеді. Өйткені, сынның жолы – әділет жолы. Сыншы М. Қаратаев: «Ата-ана өз баласының тәрбиесіне қандай жаны ашып, жауапкершілікпен қараса, тәжірибелі әдебиетшілер де жас таланттарға

дәл солай қарауы қажет. Жазушылар Одағының секциясы қолжазбаны жүрдім-бардым талқылап баспаға ұсынады, ал жөндеуге қайтып берген нәрсені қайтып қарамайды. Газет, журналдар ұнатқанын жариялап, ұнатпағанын қайырып береді, көбіне жатқызып тастайды, баспа сәті түскенін кітап етіп шығарады, сәті түспегені жылдап жатады. Жариялау, әрине, жақсы. Ол жас авторға баға жетпес қуаныш. Бірақ ол оған әлі творчестволық көмек емес. Жазғаны туралы жас автор жылы сөз естігісі келеді. Ол бір. Екіншіден, кемшілігін де білгісі келіп тұрады. Бұл табиғи сезім, табиғи тілек. Міне, осы тілекті қанағаттандыратын сын мен кеңес керектің керегі», - деп жазады (21 б, М.Қаратаев, 1963). Сын мақалалар бізде әлі де үлкен мәселе көтеріп, оны әдеби фактілер негізінде кеңдікпен қорытуға, жинақтауға шорқақ. Олар көбінесе жеке фактілер мен құбылыстарды көрсетуден, соны төңіректеуден аса алмайды. Бүгінде жастар прозасына арналған дәйекті, кең ауқымды мақалалар өте аз. Қатал сыннан ешбір жас жазушы зиян шекпейді.

Жастар шығармашылығына ең алдымен, қамқорлық керек. Олардың шығармаларына тұсау болмай, көтермелеп, қолпаштап отыру – аға буын өкілдері тарпынан аса қажет. Кезінде «Әдебиетіміздің жаңа аяқтанып келе жатқан кезінде аға жазушылар жас талаптарды іздеуге ерінбейтін. Әрқайсысының өз әдісі бар. Сәкенге жастар өзінен өзі ағылып жатады. Бейімбет – бұл кезде әрі үлкен жазушы, әрі маңдай алды журналист. Ол жас күштерді қабырға газеттерінен көбірек іздейді. Бейімбет бізге Тайыр деген жас ақынды, жалынды жасты тауып алғанын айтты... (146 б, Ғ. Мүсірепов, 1987). Қарап отырсаңыздар бұл үзіндіден біз бұрынғы әдебиеттің аға буын өкілдері өзінен кейінгілерге қамқоршы, ақылшы бола білгендін айқын аңғарамыз.

Қорыта келгенде, кез келген газеттің алға қойылған міндеттер мен талаптар деңгейінен шыға білуі, мазмұнның терең де мәнді, әрі көркемдік жағынан келісті болуы тілшілері мен газет оқырмандарының белсенділігіне байланысты. Өйткені, газет – миллиондар мінбері, бұқара мінбері. Сондықтан да тілшілер мен оқырмандары белсенді атсалысатын газет мәнді де, сәнді газет болмақ. Тілші – газет тірегі. Сондықтан да кез келген газет редакциясы өз тілшілерінің қатарының көбейе түсуін қалайды. Осы ретте бүгінгі жас журналистердің мақалаларынан байқағанымыз жазатын тақырыбын жүйелі түрде зерттеп алып барып, қоғамдағы жағдаймен байланыстыра отырып жазуы қуантады. Көпшілігінде ой мен пікір еркіндігі, саяси мәселелерге пайымды көзқарастары айқын қалыптасқан. Сол батыл ойларын бүкпесіз қалың оқырманға жеткізе білетіндігі бүгінгі көп жас журналистерге тән қасиет дер едік. Барды-бар, жоқты-жоқ дей отырып, өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен беруге тырысады. Алайда, бірсыпырасында кездесетін кемшілікті айтар болсақ, қоғамдағы кейбір келеңсіздіктерді қаралап, күйе жаға беруге шебер де, нәтижесін айтуға, ақиқатына көз жеткізуге келгенде сәл тосырқап қалатын тұстары көрініп қалады. Әр мәселенің шығуына не себеп, қоғамда оған не итермелеп отыр деген сауалдарға жауап берудің орнына, байбалам салып, асығыс, атүсті пікірлерін беріп жатады. Кезінде орыс жазушысы Н.Г.Чернышевский: «Шеберлікті шыңдау дегеніміз – ақыл-ойды жетілдіру, дерек пен көріністі ұғуға машықтану болып табылады», - деп орынды пікір

білдірген. Сондықтан да бүгінгі жастар шын шеберлікке жету үшін әлі көбірек шыңдалулары қажет. Шеберлік шыңына жетуде көркемдік тәсілді де меңгере білуі керек. Журналистика мен әдебиетке қадам басқан әрбір жас өзінен бұрынғы тәжірибесі бай, көркемдік ой шеберлігі басым аға буын өкілдерінің шығармаларын жақсы біліп, үлгілік қасиеттерін өз бойына жинақтауы кейін өзінің де биік белестерге жетуіне ұйытқы болады.

Кезінде қарымды журналист Кәкімжан Қазыбаевтың: «Титтей де болса кесірін тигізейін деп тұрған кілтипанды мүлт жіберіп алмай, қолы шипа дәрігер сияқты таза денеден сын қысқашымен сылып тастау – журналистің парызы», - деуі өте орынды айтылған пікір екендігін аңғарасың. «Ізденіссіз – өмір тұл» демекші шеберліктің шыңына жетудің жолы – өте қиын. Ізденіссіз газет – өлі газет. Ізденгіш журналистің сөзі – мың күндік, ізденбейтін журналистің сөзі – бір күндік.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Бүгінгі қазақ баспасөзіндегі жастар шығармашылығына көзқарас.
- 2 «Жас қазақ» газетіндегі жас тілшілер қолтаңбасы.
- 3 «Алматы ақшамы» газеті жас журналистерінің газеттік туындыларын талдау.
- 4 «Айқын» газетіндегі жас тілшілер ізденісі мен талпынысы.
- 5 Жас журналистер шығармашылығында кездесетін кемшіліктер жөнінде.
- 6 Жастар шығармашылығына әдеби сынның әсері.
- 7 Жас журналистер мен әдебиетшілерге қажетті қолдау мен қамқорлық шарттар.

2.7 Бүгінгі қазақ журналистикасының бет-бейнесі

Қазіргі қоғамда қай саланы алсақ та нарықтық қатынас орнату барысында жаңаша үрдіс байқалуда. Сол секілді БАҚ жүйесінде де жиі жеке меншіктік пен бәсекелестік белең алуда. Рас, бәсекелестік тумай, даму болмайды. Бүгінгі қазақ басылымдары, телеарналары мен радио тораптары жаңа заманға бейімделе отырып, қоғамдағы өзіндік маңызын арттырып, беделін өсіру, сондай-ақ қомақты табыс көзіне айналу қызмет етеді. Әсіресе, жанжал тудыратын оқиғалар іздеп, демократиялы қоғамға бейімделетін, ықпалын арттыру үшін ақпаратты беру жеделділігі мен күн тәртібіндегі нағыз өзекті мәселені көтере білу тұрғысында еліміздегі қазақ және орыс тіліндегі БАҚ қызметкерлері дамыған шетелдерден үлгі ала отырып, қызу ізденіп келеді. Осылайша бүгінгі қазақ баспасөзі ескі сарынын өзгертіп, жаңа бағыт ұстануға көшкен. Тіпті журналистикадағы кейбір жанрлар тиімділігінен айырылып, жаңаша стиль мен жаңаша тақырыптарға сай жазу әдісі қалыптасты. Осындай жаңашылдық бағыттардың бірі – бүгінгі қазақ баспасөзіндегі сынның жазылуы.

Қазақ журналистикасы өтпелі кезеңді бастан кешіріп отыр. Бұның тек еліміздегі демократиялық жаңарулар мен нарықтық экономика үрдістері ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ауқымды өзгерістерге де байланысты туындап жатқан дәуір сабақтастығы екендігі даусыз. Ең маңыздысы – халықаралық деңгейдегі әлем журналистикасы жаңа кезеңге көшуде. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, журналистиканың қызметіне кең мүмкіндіктер ашатын жаңа ақпараттық технологиялар өсіп келеді. БАҚ заман ағымына ілесіп, шапшаңдығымен, жеделділігімен жаңашыл сипат алып отыр.

Екіншіден, ақпарат алу, тарату ауқымы кеңейуде, спутниктік технология әлемнің кез-келген түкпірінен жедел хабар алуға мүмкіндік беруде. Үшіншіден, әрі ең бастысы, ауқымды құрылымдардың қалыптасуымен, жаңа ақпарат технологиялардың дамуымен қатар, аз ғана қауымның мүддесін қамдаған шағын ақпарат құрылымдары пайда болуда. Яғни, халықтың белгілі бір топтарына хабар тарататын бұқаралық коммуникациялар кең өріс алып келеді. Дүниежүзілік ақпарат әлемінде болып жатқан осынау өзгерістер сөз жоқ, қазақ баспасөзіне де өз ықпалын тигізіп отыр. Заман ағысы, уақыт үрдісі енгізіп жатқан жаңалықтар ендігі сәтте қазақ журналистеріне дағдылы жайбасар қалыптан айырылып, жаңаша ойлауды, қайсыбір тосын жайды дәл тауып, лайықты түйін жасауды, тіпті, алда болар беймәлім өзгерістерге дайын отыруды талап етуде.

Әлемдік ақпарат құралдарында «ақпараттың еркін ағымы» деген теория дәуірлеп тұр. Ол қағиданың мәні мынаған келіп саяды: адам баласы – жарық дүниенің иесі. Ол әлемдегі жаңалық атаулыдан хабардар болуы керек. Сондықтан, ақпаратқа шекара қойылмауы тиіс. Ақпарат – сол мемлекеттің идеялық айнасы. Ұстанған бағыт, бағдар, саяси ауқым, экономикалық тұрақтылық алдымен ақпарат көздері арқылы жалпақ әлемге тарайды. Осы ретте қазақ баспасөзі бірінші беделге ие болуы тиіс.

Бүгінгі қазақ баспасөзінің ішінде қоғамдық пікірдің ұйтқысына айналып жүрген «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» газеттерінің қатарына сөзсіз «Жас қазақ» газеті де жатқызылады. Өйткені, «Жас қазақ» газетінде әлеуметтік маңызы бар тақырыптар жиі көтеріледі, терең жазылады. Сонымен қатар, елдік мүдде, жерді қорғау, теңсіздікті болдырмау, ұлттық тарих, әдебиет пен мәдениет, салт-дәстүрге жаңа ұлттық сипаттағы көзқарасты қалыптастыру тәрізді мәселелерде өзіндік өрнек-нақышымен көзге түсіп, бедері бар басылымға айналып отырғандығы қуантады.

Кешегі кеңестік дәуір кезінде «ұжымдық үгітші, ұжымдық насихатшы және ұжымдық ұйымдастырушы» деп аталған бұрынғы кезең баспасөзін қазіргі жаһандану кезеңіндегі баспасөзбен салыстыра алмаймыз. Арада өткен біршама уақыт ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының сыры мен сипаты, бағыты мен бағдары, бұрыннан атқарып келе жатқан қызметтері мен қағидалары күрт өзгерді. Мұндай өзгерістер алдымен қоғамдық-саяси өмірдегі жаңа жағдайдан туды, оған тың тұрпатты мемлекет құру жолындағы өтпелі кезеңнің бастан кешірмеген қитұрқы құбылыстары да ықпал етпей қалмады. Соның нәтижесінде ежелгі бір идеологияға бағынған коммунистік баспасөздің орнына жаңаша құрылған, әлемдік журналистика мен ұлттық басылымдар тәжірибесін тірек етуге бейім баспасөз органдары пайда болды.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана қазақ журналистикасының өткен тарихының «ақтаңдақ» тұстары қайта ашылып, кезінде «ұлтшыл» деген жаламен жабылып қалған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Жас азамат» сияқты газет-журналдарда жарық көрген А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейхан, М. Шоқай, Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, А. Мәметұлы, Х. Ғаббасұлы, С. Қожанұлы, Н. Төрекұлұлы, Т. Шонанұлы сынды қазақ халқының бір топ зиялы

қауымының ұлттық мүдде тұрғысында жазған публицистикалық мақалалары ғылыми айналымға түсіп, өзінің тиісті бағаларын алып та үлгерді. Сондықтан біз төл баспасөзіміздің тарихын ежелгі тас ескерткіштердегі ақпарат үлгілерінен бастап, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы сапалық түрлері (Түркістан уалаятының газеті, 1870), кеңестік дәуір (1917-1990) мен 1991 жылдан басталатын тәуелсіздік жылдарынан бүгінгі таңға дейінгі аралықты қамтып, төрт кезеңге бөліп қарастыруды дұрыс деп таптық.

Профессор Қ. Бекхожин қазақ баспасөзінің тарихын екі дәуірге бөлсе, ғалымның әріптесі, профессор Ә. Ыдырысов та зерттеу еңбектерінде дәл осылай қарастырады. Бұл жөнінде профессор Ә. Ыдырысов: «1870-1917 жылдар аралығында шығып тұрған газеттер мен журналдар – қазақ қоғамының Ресей патшалығының тұтас отарлау езгісіне түскен заманға сәйкес келді. Сондықтан ол халықты шын мәнінде біртұтас ұлт етіп біріктіру күресін уағыздай да, жүргізе де, ұйымдастыра алмады. Табиғаты жағынан – балаң күйде, ұйымдық жағынан негізсіз, сипаты жағынан – жалтақ, жағымпаз, екі жүзді, қорқақ, тұрақсыз, жалпысөзді болды», - деп жазады.

Қазақ журналистикасының екінші дәуірі бұл – «Қазан төңкерісі» деп аталатын 1917 жылдан кейінгі 1985 жылға дейінгі 80 мыңға жуық әкімшілік-әміршілдік, коммунистік-кеңестік аралық. Бұл аралықта қазақ қоғамы, қазақ халқы үшін билеудің түр-түсі өзгерді, қызыл коммунистік болды. Сөз, баспасөз бостандығы бар! делінгенімен, іс жүзінде «баспасөз – партиялық құрал» деп сол нұсқауға негізделді.

Қазақ баспасөзінің үшінші кезеңі деп 1985-1991 аралығы мен тәуелсіздік алған жылдан бастап бүгінгі күн аралалығын атайды. Қайта құруға дейінгі республикалық «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінің қатарына «Алматы ақшамы» (1988), «Өркен» (1988), «Әділет» (1989), «Ана тілі» (1990), «Халық кеңесі» (1990), «Денсаулық» журналы (1990), «Азия» (1991), «Ақ босаға» (1991), «Аманат» (1991), «Қазақ батырлары» (1991), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (1991) деп аталатын газет-журналдар шоғыры қосылды.

Жариялылықтың нәтижесінде Қазақстанда пайда болған саяси партиялар мен қозғалыстардың да өз баспасөзі көріне бастады. Мысалы, «Невада-Семей», «Азат», «Желтоқсан», «Қазақстан Халық Конгресі» т.б. қозғалыстардың газеттері өз мүддесі тұрғысынан түрлі бағыттарда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Бұдан кейінгі 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жеке меншік және тәуелсіз басылымдар жарық көрді. А. Байтұрсынұлының редакторлығымен 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газетіне рухтас «Қазақ үні» (1994) жеке меншік газеті шыға бастады. Тәуелсіз мерзімді баспасөз қатарын «Түркістан» (1994), «Заман-Қазақстан» (1995), «Қазақ елі» (1995) сияқты жаңа газеттер толықтырды. Оқырман қауымды «Жас қазақ», «Айқын», «Азамат» сияқты газеттер легі ұлттық мемлекетіміздің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени, жаңа ұлттық идеологиялық бағдарламасы қалыптастыру үшін мақалалар даярлап, шығармашылық жағынан дамыды.

Жаңа дәуір, жаңа билік, жаңа көзқарас ала келген тоқсаныншы жылдардың бас кезі тәуелсіз қазақ мемлекеті үшін айшықты да, айбарлы, дүбірлі де дүрмекті кезең болды десек, тап сол тұста уақыт үнін тез ұғынып, азат елдің

баспасөзіне талпынған, өздерінің қайраткерлік қырымен, қаламгерлік қарымымен, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көрінген бірқатар публицистер оқшауланып алға шықты. Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күрес, рухани дербестік, тіл тазалығы, ұлттық сананы ояту сияқты ғасыр басындағы қазақ баспасөзіміздің де зейінмен жазар зерделі тақырыбына айналып отыр. Яғни, публицистиканың нақты өмірге ықпал ету дәрежесі бұрынғыдан артпаса, кеміген жоқ.

Әлем таныған қазақ елі тәуелсіздікке оңай жете қойған жоқ. Қай кезде де дәуір тамырын дөп басып отыратын публицистиканың мұндағы үлесі орасан зор. Қай журналист болмасын алдымен ол – өз заманының, өз ортасының перзенті. Сондықтан да ол тек өз дәуірінің шындығын ғана шығармаларына арқау етеді. Халқының мәдени, рухани өмірінің дәрежесін сол уақыт өлшемімен бағалайды. Өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамның даму заңдылықтары мен халқының қадір-қасиетін өткен тарихымен таразылап барып, қаншалықты деңгейге көтерілгенін, жетістігі мен кемшілігін салмақтайды. Сол арқылы өткен дәуірдің бағдарын барлап, өзі өмір сүрген кезеңінің қыры-сырына қанығып, болашаққа болжам жасайды. Әр дәуір келбетін жаңғырта жеткізуде, бүгінгі заман талабына лайық байлам жасауда әркім әрқалай жолды таңдап алады. Мәселен, тарихшы дәуір талғамына тарихи тұрғыдан баға беруге ұмтылса, әдебиетші көркем туындылары арқылы үлес қосады. Ал журналист дәуір дауылпазы публицистика тілімен шындықтың шырайын ашып көрсеткенді жөн көреді. Ол заманды жалаң суреттеп, оқиғаны тізіп шығушы емес, елдің тіршілік, қам-қарекетімен етене араласа отырып, әрбір жағдайды әр қырынан үңіле зерттеп, танымдық сырын, қоғамдық мәнін терең ашып көрсетуді мұрат тұтады. Коммунистік идеологияның саяси сахнадан түсуі, сөз жоқ, республиканы қоғамдық-саяси және мәдени-рухани өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ғасырға жуық уақыт бойы бір жақты, үстем идеология мүддесі тұрғысында бағаланып келген публицистикаға деген жаңаша көзқарас туды.

Кеңес үкіметі тұсында қазақ басылымдары саны жағынана едәуір болғанымен, оның саясаты, мақсаты мен мүддесі, бағыты бір ғана аяда, шектеулі ғана болатын. Қазақ баспасөзінің Кеңес үкіметі тарқап, еліміз егемендігін алған сәттен бастап қозғалып, арнасын өзге жаққа бұрғандай болғанымен қазақ басылымдарына деген сын, өкпе-ренжу аз болған жоқ. Әрине, мұның бәрі елімізде еркіндік таппаған демократияның жетімдік көруі, әрі демократияшыл жас журналистер өз кәсібіне төселе алмауы еді. Оның үстіне ескінің сарқыншағы етекпен тартқылау көпке дейін айтамын дегеннің «аузын аштырмай, қағып сілкіп, тұғыртып» отырды емес пе? Дегенмен, соңғы жылдары ұзақ уақыт жәбір көрген қазақ басылымдарының көші өн бойы қозғалған болатын.

Журналистика – әлем мәдениетінің ажырамас бір бөлігі әрі құндылығы болумен қатар саясаттың және шығармашылықтың ерекше бір құбылысы. Оны қазіргі өркениеттік мәдениеттің орны бөлек көрініс ретінде қарастыратынымыз да сондықтан. Бұқаралық ақпарат жүйесінің қоғамда атқаратын қызметі, маңыздылығы үнемі артып, кең етек жайып келеді. Шындықты жаза білу – журналистің жеке жауапкершілігіне, кәсіби біліктілігіне, шеберлігіне

байланысты. Деректің нақтылығын тексермеу, оған жеңіл-желпі қарау, зерттеу тәсілдерін теріс қолдану, жаңсақ баға беріп, орынсыз тұжырым жасау, өсек-аяңды негізге алып материал жазу, жеке көзқарасын өзгеге күшпен таңу секілді олқылықтар кездесіп жатады. Өмірдегі барлық көріністі әр кезеңнің замана талабына сай немесе тарихи аспекті тұрғысынан адами мейірімділік негізінде қарастыра білу қабілет – журналист қызметінің өзегі болып табылады. Журналистиканың басты нысанасы – адам. Олай болса, адаммен қалай қарым-қатынас жасауға, оның іс қызметінің жетістігін немесе кемшілігін баспасөзде қандай дәрежеде көрсетуіне байланысты туындайтын проблемалар да бар. Міне, осындай қолдан қолға тимей, тасы өрлеген қазақ басылымдарының алдыңғы сапында «Жас Алаш» газеті тұратын болды. Ұжымы кіл қазақтың талай талантты, ойлы, ақылды жастарынан құралған «Жас Алаш» ә дегеннен-ақ, «еркіндіктің» туын желбіретсе жөнелді. «Жас Алаштың» көпшіліктің қолынан түспейтін «Бойтұмарына» айналғанын сұраныс пен ізденістермен іздестіргіштіктерінен көз жеткіземіз. «Жас Алаш» мұндай дәрежеде қалай тез жетті. Әрине, демократия Қазақстанда әлі де болса шедеурлеулі болғанмен бұл кедергіні өзге «Дат», «Сол Дат», «XXI Век», т.б. сияқты өткір де өктемшіл газеттер секілді «Жас Алашта» мойындай қоймады.

Газет бетіндегі соңғы жылдары дүниеге келген беттер, арнайы айдарлар, қай саланы болмасын қамтып, не нәрсені болмасын саралау, бажайлап, бақылап, елге тура да таза түрінде жеткізе білгендіктен де ел сүйіктісі болу. Халық қалауында халқы үшін қызмет еткендерді қадірлейді. Ал, «Жас Алаш» нағыз халықтың сөзін сөйлейтін, елдің мұхтажын айтып, жоғын жоқтайтын басылым екенін дәлелдеп үлгерді. Ешкімнен, ешнәрседен қаймықпайтын «Жас Алаш» «Лениншіл жас» тұсында да түрлі дүниелерді өмірге әкелді. Әрбір бет, айдардың өзіндік үні, айтар сөзі болды. Мәселен, 1990 жылдары «Лениншіл жастың» сейсенбілік санында «Сенбілік спорт беті» жарық көрді. Толық бетті қамтитын арнаулы спорт жаңалықтарына, спорт әлеміне қатысы бар жеке тұлғаларға арналған арнайы беттен аталмыш тақырыптарға толы дүниелер табылды. «Спорт деген бір сиқыр» атты айдар спорт әлеміндегі жаңалықтары өз уақытында қысқа-қысқа оқырмандарына жеткізіп отырады. Сонымен қатар, «Сараптама» көпшілік көңілінде жүрген әттеген айлармен көзге «тайға таңба басқандай» көрініп іштей наразылық тудырып жүргендердің іс-әрекеттерін жіліктеп, қай жерде қандай, нендей кедергілердің кеткендігін өткір де ашық көрсетіп, жариялайтын беттің бірі болды. «Оқырманның ой отауы» бетінде оқырман хаттары жарияланып, түрлі хаттарға «Лениншіл жас» жауап беріп жатты. «Лениншіл жастың» «Бір түрлі бет» атты күлкілі, сатиралық жанрға арналған ерекше беті болды.

90-жылдары «Жас Алаш» газетінің «Әкесі жақсы қандайды», «Дін – дінгек», «Атамекен» экспедициясы», «Жер ана» клубы, «Сақтандыру тұмар» клубы, «Белгілі киноның белгісіз беттері», «Толғам», «Жұлдыз – ғұмыр», «Аталы сөз – баталы сөзден», «Жаңа есім», «Күй ғұмыр», «Күй шежіре», «Жазылған жайдың жаңғырығы», «Толғам», «Шипа», «Жібек жолы», «Боямасыз өмір», «Сарқыт серкесінен сарқыт», «Заң кеңесі», «Дөңгеленген дүние», «Бизнес ақпарат», «Оқиғалар», «Алаш ақпарат», «Экономика

жаналықтары», «Аптаның басты оқиғасы» т.с.с. тұрақты айдарлары болды. «Жас Алаш» газеті сондай-ақ, бүлдіршіндерді де естен шығарып алған емес. «Ботақан» айдары кішкентай балақайларға арналған дүниелерді балалардың өз еңбектерімен, тырнақалды туындыларымен толтырады. Айдарда балалар салған суреттер, жазған әңгімелер, ертегі, өлеңдер, жұмбақ, жаңылтпаштар жарияланып, бәйге де ұйымдастырылып, балалардың қызығушылықтарын арттырар қызықты дүниелер жарасымын тауып жарияланып жатты. Жұрт басылымнан үнемі байсалды пікір, салиқалы сөз күтеді. Әрі публицистиканың бұрынғы стилі баяндау болса, қазір ол терең талдауға бет түзеді. Қай мәселені алса да байыпты, зерттеп жазатын жол ашты. Бұл – жақсы. Заманның жаңа, игі нышаны. Қазір журналистер біршама жалтақтамайтын, танымын тура айта алатын мінез тапты. Қуанарлығы, газеттер бірінің жасқаншақта, не өресі жетпейтінін, екіншісі айта алатын болды. Түп төркіні ұраннан өрбитін салдыр сөздің уақыты озғанын ұқтық.

Осы заманғы жағдайда, яғни тасқа басылған сөздің оқырманға әсер етуі тұрғысынан алғанда, мұндай сан алуан басылымдардың қатар өмір сүруі – заңды нәрсе. Нәтижесінде, бұл жағдай әрбір баспасөз құралының ақпарат ағынындағы дербес орны мен рөлін нақты анықтап алуына әсер етіп отыр. Негізінен алғанда, баспасөздің қоғамнан тысқары тұра алмайтыны – шындық. Қоғамдағы ақпарат ұйымының қызметі мен қағидасы сол қоғамда қалыптасып отырған нақты саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдайлар мен құбылыстар аясынан шығады. Ал, қоғам қозғалысқа кірген тұста сөз өнерінің публицистика сияқты саласының мәртебесі өсе түсетіні – табиғи жағдай. Қоғам үшін қажетті ойларды оятып, халықтық пікірлерді орнықтыратын, оқырманды нақты іс пен қимылға шақыратын публицистика екені белгілі.

Еліміздің ақпарат кеңістігін салмақты материалдармен толықтырып, қоғамдағы саяси, әлеуметтік, ағартушылық, танымдық т.с.с. әр саланы қамтып, көсемсөздің атасы Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Халықтың көзі, құлағы мен тілі» болып жүрген қазақ баспасөзінің бүгінгі бет-бейнесі шүкір көңілге қонымды деп айтуға болады. Бүгінде қазақ мерзімді баспасөзінің ішінде өзіндік орны бар, қалың бұқараның жоғын жоқтап, мұңын мұндап жүрген іргелі басылымдардың бірегейі – ұлттық «Жас қазақ» апталығы. «Жас қазақ» – қазақ баспасөзінің көшінен өзіндік орнын алып, оқырманын тапқан газет. Газет ә дегеннен-ақ осыған дейінгі басқа қазақ басылымдарына ұқсамайтын өзіндік бетімен жарық көре бастады. Ұлттық басылым ретінде танылған алғашқы санынан ерекше леп әкелгені сезіледі. Газет өмірге әкелген жаңа айдарлар, тың тақырыптар, қазақ журналистикасының тарихында сапалық өзгерістердің болғандығын айқындайды. Қай заманда, қандай қоғамда болса да, баспасөздің басты міндеттерінің бірі – өз дәуірінің талап мұқтаждарын ашып көрсету арқылы оның ішкі мән-мағынасын танып, білуге, сөйтіп, дәуірінің көкейкесті мәселелерін шешуге көмектесу екені мәлім. «Жас қазақ» газеті – алуан ауқымды, кең тынысты газет. Газет көтеріп келе жатқан тұрақты тақырыптарының бірі – өнер, театр, кино өнері. Газеттің өнерге деген ықылас, тілегін «Мәдениет», «Кино» атты беттерден аңғаруға болады. Театр, кино өнері жайлы газеттің әр нөмірінде көлемді бір мақала немесе сұхбат, шолу, рецензия,

проблемалық мақала жарияланып тұрады. «Жас қазақта» «Хабар-ошар», «Біздің сұхбат», «Көкейкесті», «Әлем», «Естелік», «Табиғат», «Әдебиет», «Мәдениет», «Экономика», «Парламент», «Мәре», «Спорт» т.с.с. тұрақты беттері мен айдарлары бар. Газеттің алғашқы бетінде аптаның басты жаңалықтары «Жаңалықтар» айдарында көрінеді Газеттің екінші беті әдетте «Хабар ошар» деп аталады. Оның тұрақты айдарлары «Бармақ басты», «Экономика», «Сауалнама», «Қоғамның дерті», «Кім?», «Төтенше жағдай», «Қара маржан». Газеттің үшінші бетіндегі «COMMENT» айдарында берілетін материалдар Қазақстанның сыртқы саясатына, әлемдегі басты оқиғаларға арналады. «COMMENT» бетінің тұрақты айдарлары «Көршілер», «Құнды қағаздар», «Шартарап» деп аталады. Ал, «Аймақ» бетінде «Сарап», «Сақтансаң сақтаймын», «Мәселе» деген тақырыпта көрініс табады.

Публицистика қашанда сол кезеңдегі ең өзекті мәселелерге үн қатуы керек. Мұндай да публицист өз ойын газет бетінде жайып салады. Өз пікірін батыл білдіріп қана қоймайды, өз ұсыныстарын айтумен бірге, басқа да азаматтарды маңызды бір мәселе төңірегінде толғануға шақырады. Әдебиет әлеміне арналған толықтай бір беттің тұрақты айдарлары «Біздің кітапхана», «Поэзия», «Мозайка», «Лаборатория» деп аталады. «Мәдениет» бетінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі театр тарландары мен әншілері, кино, эстрада жұлдыздары туралы мәлімет береді. «Қазіргі философиялық әңгімелер», «Мінбер» айдарларымен берілетін мақалалар оқырманның рухани әлемін байытуға өз үлесін қосып отыр. Газетте жазылған өлеңдер, әңгімелер, мақалалардың бәрі де қазақты ояту, сергіту, қазақ ісіне көзқұлақ болуға арналған. «Тақырып – өнер туындысының іргетасы», - деген пікірді ұстанатын газеттің «Спорт», «Аламан» беттерінде спорт тақырыбына аса жақын емес оқырманның өзін баурап алады. Мәселен, «Хоккей: жеңістен жеңілісіміз көп, бірақ еңсемі жоғары», «Ұлы жаңалықтар уақыты. Бұл футбол тактикасына төңкеріс әкелген турнир болды», «Көрші көңілге қарамады», «Бәз қалпымызға қайта түстік пе?», «Польша қайратына мінді», «Мальтадағы мәртебелі табыс», «Чанчун қандай жүлде ұсынады?», «Жеңісі жоқ жыл болмасын» деген тақырыптары ұтымды қойылған.

Газет бетіндегі жарияланымдардың негізгі бағыты қоғамдық-саяси, көркемдік бағыт, сыншылдық-сатиралық, поэтикалық-философиялық, ұлттық психологиялық-көркемдік бағыт, проблемалық-талдамалы бағыт, зерттеушілік, тарихи-танымдық бағыт болып табылады. Ал тақырыптарының сан түрлілігі қоғамдық-саяси, экономикалық, моральдық-этикалық, әдеби, сыни, ғылыми-танымдық мақалалар жарық көруде. Газеттегі басты ерекшелік – болған оқиғалар, өмірде орын алған фактілер қысқа түрде хабарланып отырады, ағымдағы оқиғалардың жедел жеткізілетін хроникалық сипаты бар. Сол сияқты көлемді мақала, эссе, очерктер газет бетінде шығып тұрады. Жанрлық тұрғыдан газетте заметканың үлесі басым. Әр нөмірінде шетелдерде шығатын басылымдарға шолу жасалып тұрады. Газет өнеркәсіп, транспорт, экономика, саясат, өнер, білім, мәдениет сияқты тақырыптарға материалдар жариялайды.

Қазіргідей қоғамдық өзгерістер тұсында журналистикада да жаңа таным, жаңа көзқарастар пайда болды. Енді бұрынғыша ескі стильде жазу мүлдем

өзгеше сипатта жүзеге асырылуда. Сондықтан, жаңаша ізденудің қажет екендігін өмірдің өзі алға тартып отыр. Осы ретте бүгінгі замандас журналистердің шығармашылығына көз салып, бақылау, байқау қажет екендігі түсінікті. Қазіргі журналистердің шығармашылығын қарастыру, олардың еңбектеріне талдау жасап, жүйелі пікірлер қорыту қажет. Журналист өз пікірі үшін басымен жауап береді. Оның адалдығы, нағыз азаматтығы, ар-ұяты осы тұста бағаланады. Қарт журналист Ә.Қарағұловтың: «Журналист қаншама көп білсе де, ол өмірде өзі әлі білмейтін нәрселер, процесстер, жаңалықтармен кездеспей тұрмайды. Мұндайларды әбден біліп алмай, материалды жорамалмен жазу немесе редакциялау – соқыр адамдай қараңғыны қармалау деген сөз», - деген пікірі журналистің өзіне жауапкершілікті жоғары қоя білу қажеттігін, алып отырған фактісінің шынайы болу керектігін нақтылай түскен сияқты. «Жас қазақ» журналистерінің ұтымды тұсы – тақырыпты тауып қоя білуі. Тақырыпты тауып қоюдың өзі журналист шеберлігінің өлшемі, журналист қызметінің таразысы болып табылады. Сонымен қатар, қазақ журналистерінің принципшіл болуы, мамандығының құрметті де қиын, жауапты да қызықты талаптарынан шыға білуі, көпшілік игілігіне бар қабілет пен шеберлікті жұмсауынан екендігі айтпаса да түсінікті жайт.

Журналист – өмір тамыршысы. Көру бар, зерттеу бар. Сол көріп, зерттеп жазғанды көпшіліктің игілігіне жарату жолында күресу бар. Журналистің қолында ешкімде жоқ қару – баспасөздің айбынды сыны бар. Оқырмансыз газет болмайтыны жне газетсіз оқырман болмайтыны белгілі. Ал шындықты жалтақсыз, батыл айта алатын газетсіз оқырманға жол табу қиын. Журналист әлемі – алып мұхит, арпалыс пен айқасқа толы, буырқана бұлқынып, шарпысып жатқан сезімтал әлем. Ол күн өткен сайын тұңғыық құпиясына еріксіз тарта береді. Ал, сол әлемнің шыңырауына түсіп кетпеу үшін де даралық пен қабілет, парасат пен байқампаздық керек. Ізденімпаз жанға нәтиже, мол білім, тынымсыз еңбек, өз ісіне деген сүйіспеншіліктің арқасында келеді. Ізденіс пен азапты арпалысты өз мірінің кредосы етіп алған журналист қауымның қалам тербемейтін, араласпайтын саласы жоқ. Бәріне де іс-тұжырым жасайды. Журналистика өте жауапты өндіріс алаңы болғандықтан, онда кез-келген жағдайда сабырлылық керек.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

- 1 Қазіргі жаһандану дәуіріндегі БАҚ-тың атқарып отырған ролі
- 2 Бүгінгі ақпараттың ұлттық шеңбері
- 3 Кешегі және бүгінгі қазақ газеттерінің тақырыптық ерекшеліктері
- 4 Қазақ газеттеріндегі журналистер тақырыптарының мазмұндық, пішіндік өзгешеліктері

2.8 Саяси тақырыпта жазып жүрген жас журналистер қолтаңбасы

Публицистика – ақиқат өмірдің сырлы суреті, оның арқауы шындық. Публицистиканың нысаны – өмір, негізгі нысаны – адам. Публицистикаға, ол қандай шығарма болса да, ол қандай жанрда жазылса да адамның еңбегі, оның еңбек көрсеткіштері, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, қоғамдық-саяси өмір және тағы басқа мәселелер арқау болып отырады. Публицистиканың

қазіргі қоғамның дамуындағы орны ерекше екендігін мойындамауға болмайды. Ол оқырмандарға өміріміздің шындығын жеткізеді, халқымыздың күреске толы өткен тарихын, өмір тәжірибелерін байыптап, оны насихаттайды. Халықты алда тұрған жаңа міндеттерді орындауға жұмылдырады. Олардың қоғамдық-саяси санасын қалыптастыруға көмектеседі.

Кез келген қоғам экономикалық, саяси және қоғамдық қатынастардың өзгеруі барысында дамиды. Ал олар өзара тығыз байланыста және бір-біріне тәуелді. Өткен ғасырдың 90-жылдарында елімізде нарықтық қатынастар қауырт жүргені белгілі. Мұның өзі өмірдің түрлі салаларындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды талдауда ғылымның алдына түрлі міндеттер қойды. Әрине, қоғамдық процестердің бәрі бірдей біркелкі емес, әрі олардың өзгеру жылдамдығы да әрқилы. Бір жағынан қоғамның өміршең демократияландыру процесі – қоғамдық саланың стратегиялық және тактикалық іс-қимылын жасауда сол қоғамның нақты мүшелерінің қатысуынсыз дамуы мүмкін емес. Екінші жағынан, қоғамдық саясатта жиі ұшырасатын тоқыраушылық – стратегияны дәл бағдарламауға және тактикалық қателіктерге ұрындырады. Өйткені, әлеуметтік процестерді басқару жүйелерінің төменгі буындары елдің жалпы саяси жүйесімен кіріге қоймайды.

«Қоғамдық» және «саяси» деген ұғымдарды шендестіру дәстүрінің түп тамыры сонау Аристотель көзқарасына барып тіреледі деуге болады. Сол кездегі «саясат» ұғымы жұрттың (қаланың) әлеуметтік, қоғамдық өмірі дегендей ұғымға саятын. Тек буржуазиялық мемлекет пайда болу кезеңінде ғана жаңа қоғамдық жүйе қалыптасып, қоғамдық саланың саяси саладан нақты ажырауы негізделі бастады. Сондықтан да «қоғамдық» және «саясат» ұғымдары сырттай бір-бірінен өзгеше әрі дербес сипат алды. Мұндай ерекшеленуді шын мәнінде Гегель негіздеді. Ол азаматтық қоғам дегенді жеке адам мүддесі саласы, жекеменшік саласы, ал саяси қоғам дегенді жекеменшікке үстемдік етіп, оның дамуын айқындайтын саяси мемлекет деп түсінді. Мұндай негіздеу көптеген ғасырлар бойы сақталып келді.

Д.М. Гвишианидің пайымдауынша қоғамдық қатынастар дегеніміз – жағдайы алуан түрлі, саяси, экономикалық және рухани өмірге түрліше қатысатын, тірлігі бір біріне ұқсамайтын, табыс деңгейі мен табыс көзі түрліше, оны тұтыну қабілеті де түрліше адамдар топтарының бір-біріне қатынасы. Қоғамдық қатынас тар мағынасы бойынша заттық-өндірістік қызмет, қоғамдық және саяси құрылым, отбасы және тапты, рухани мәдениетті ұйымдастыру тағы басқа салаларды қамтиды. Ал, мәселені кеңінен қарастыратын болсақ, ол адамдардың барша өмір тіршілігінің жүйесі және оның дамуы, яғни бүкіл қоғамның позициясы дегенді білдіреді. «Америка ғалымдары Э. Шилз бен Т.Парсонс мұны барынша дұрыс көрсете білген. Олар қоғам дегеніміз, тек адамдар бірігуінің жиынтығы ғана емес, әу бастан мәдени ұжымдасқан адамдардың бір-біріне өзара ықпал етуі және қызмет алмасуы деп түсіндіреді. Осы ұжымдардың бәрі өздерінің ортақ билігі арқылы өмір сүру барысында қоғамды құрады. Сөйтіп, олар шекарамен шектелген белгілі бір аумаққа бақылау жасап, аз немесе көп мөлшерде өз мәдениетін орнықтырады. Нақ осы факторлар қоғамдағы бірлескен және кемелденіп жетілген ұжымдардың әуел

бастан бүтіндей ортақ болуына айналады. Олардың пікірінше, қоғамды қалыптастыратын және сақтайтын орталық билік, келісім және аумақтық тұтастық болып табылады».

Қоғамдықты қалыптастырудың негізгі іргетасы болатын фактор – адамның мақсатты қызметі болып табылатын еңбек. Өйткені, адамдар игілікті бір-бірінен бөлек жүріп жасамайды, олар бірлесіп, бір-бірімен аралас-құралас жүріп жасайды. Қоғамдықты қозғалыс ретінде қарастырсақ, қоғамдық өмір, адамдардың өмір сүру процесі, мұның өзі тікелей алғанда, қоғамның тұтастығы болып көрініс табады. Қоғамның өмір сүруі – тек қоғамдық қатынастар түрінде ғана көрінеді, өйткені, ол қоғамдық өмір мен өзінің өмір сүруі арқылы жүзеге асып отырады.

Қоғамда әлеуметтік топтар мен әлеуметтік субъектілер арасында қоғамдық қатынастардың алуан түрлері – экономикалық, саяси, құқықтық, рухани және басқалары қалыптасатыны мәлім. Олар тек қана адамдардың бірлескен өмір-тірлігі негізінде қалыптасып, дамиды, осы ара-қатынастардың негізінде оның нәтижесі туындайды. Қоғамдық қатынастардың барлық түрлері алуан негіздер арқылы және қоғамдағы түрлі қызметтерді орындау барысында қалыптасады. Сөйтіп, қоғамдық қатынастар жойылмай жалғаса береді. Оның осындай мәнін айтқанда қоғамдық-экономикалық, қоғамдық-саяси және басқа да қатынастар табиғаты екіұдай болады: бір жағынан олар нақтылы, жеке-дара қатынасқа орай жалғасып отырады: экономикалық, саяси, рухани, ал екінші жағынан мұның бәрі, қатынасты кең мағынада алғанда қоғамдық жүйеге кіреді немесе мұның бәрі қоғамдық табиғатқа саяды. Өз кезегінде қоғамдық қатынастар өзінің қалыптасуына тәуелділігі бойынша барлық жағдайда да нақты түрге ие болады. Міне, осындай тәсілдің негізінде қоғамдық қатынастар экономикалық, өндірістік, саяси, құқықтық тағы басқаларға бөлінеді.

Кез келген қоғамдық құбылыс белгілі бір саяси жүйе мен саяси жағдаяттарға орай өрбиді. Оған нақты саяси жағдай мен саяси пошым тән. Қоғамның саяси жүйесінің айқындалуының экономикалық және әлеуметтік, сондай-ақ, басқа түрлерінің ерекшелігі қоғамды бүтіндей алғанда мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру (жалпы мемлекеттік дәрежеден бастап, ең ұсақ басқару орындарына дейін) болып табылады.

Кең мағынада алғанда, саяси институттар деген сөз тек қана саяси ұйымдар мен органдарды ғана емес, сондай-ақ, қоғамдық қатынастар жиынтығының реттелуін қадағалайтын құқық органдарын да қамтиды (мысалы, саяси билік институты, жеке меншік институты және т.с.с.) Егер саяси жүйе қоғам өмірінің саласы болса, саясат – оның саяси жүйесінің қызметін жүзеге асыратын құралы мен механизмінің қызметі ретінде қарастырылады. Саяси салада бір уақытта көптеген саяси процестер дамиды. Яғни, динамикадағы, қозғалыстағы құбылыс, дамудағы, өзгерістердегі процестер.

Қоғамдық және саяси процестер бір-біріне тұрақты түрде ықпал жасап отырады. Кейбір жағдайда мұны ажырату өте күрделі, кейде, тіпті оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Мұның бір мысалы, демократияландыру болып табылады. Ал, демократияландыру дегеніміз, адамның және еңбек ұжымдарының түрлі әлеуметтік топтар мен ортақтасқан топтардың қоғамдық

белсенді әрекеті. Кез-келген қоғамдық жүйенің қызмет мақсаты өндіріс және экономикадағы қол жеткен жоғары жетістік немесе қандай да бір саяси көрсеткіш емес, қоғам мүшелерінің заттай немесе мәдени барынша толық қанағаттандыруға саяды. Міне, осыдан экономикалық және саяси қатынастарға қарағанда қоғамдық қатынастардың басым болуы туындайды.

Ішкі саяси тұрақтылықты қалыптастыру – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Оның көп факторлары бар. Белгілі бір аймақта әлеуметтік мәселені шешумен қатар адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыру кезек күттірмес маңызды шаралардың бірі. Елдің рухын көтеру, ұлттың мақтаныш сезімін оята білу. Отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерді қалыптастыру – тәуелсіз мемлекетіміздің өтпелі кезеңі үшін айрықша мәселе еді.

Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Еліміздің Конституциясында: «Бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» деп атап көрсетілсе, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында оның «...мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбысбейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны» болып табылатыны айқындалады.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған, сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Ал нақтылай айтсақ, ел егемендігі мен тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше. Осы мәселеге айрықша көңіл бөлген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «... біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табуы керек. Оның үстіне бізде өзіміздің ішкі және сыртқы саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті» деп атап айтқаны белгілі.

Осы ретте біз «Түркістан» халықаралық саяси апталығы және «Жас Алаш» қоғамдық-саяси басылымдардағы жас журналистердің саяси тақырыпта жазылған мақалаларына салыстырмалы түрде тоқтала кеткенді жөн көрдік. Ең алдымен, «Түркістан» газеті журналистерінің саяси тақырыптағы жарияланымдарын қарастырсақ.

«Түркістан» газеті 1994 жылғы қаңтардың 28-інен бастап шыға бастады. Бүгінгі таңда «Түркістан» газетіндегі «Саясат» тұрақты айдарында саяси тақырыпта қалам тартып жүрген жас журналистер Есенгүл Кәпқызы, Нәзия Жоямергенқызы, Гүлбиғаш Омарова болып табылады.

Есенгүл Кәпқызы қаламы қарымды журналистердің бірі екендігі белгілі. Әр саяси мақалаларында қоғамдағы өзекжарды мәселелерді қозғап, оқырман көкейінен шығып келеді. Айталық, «Сыпайы сөз, бірақ... сызды сөз. Путин Қазақстандағы орыс тілін қадағалайтынын айтты» (Түркістан, 25 қазан, 2007 жыл) атты мақаласында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин

халықпен тікелей эфир арқылы жүздесу барысында Қазақстанда орыс тілінің қолдану аясының тарылып бара жатқандығын ескерте отырып, наз білдірушілік байқалатынын айтып өткендігін жазады. «Бұл Қазақстан үшін тіпті өзекті. Қазақстанда халықтың 85%-ы орыс тілінде сөйлейді. Ел басшылығы орыс тілін дамытуды қолдау, оның біздің екі ел арасындағы өзара қарым-қатынасқа тигізетін ықпалын жоғалтпау үшін барлығын жасауда. Дегенмен, соңғы жылдары, бәлкім техникалық себептерге байланысты болар оры мектептерінің саны азайып келеді. Бұл мүмкін, орыс тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігі салдарынан да болар. Былтыр біз осыған орай, Қазақстанға 23-25 мың оқулық жіберген болатынбыз. Биылғы жіберілуге жоспарланған оқулықтар саны – 33 мыңнан астам. Орыс тілін шет мемлекеттерде оқытуды қолдау мақсатында «Русский мир» деген арнайы ұйым құрғанбыз. Әрине, ең алдымен, Кеңес одағының бұрынғы елдері басты назарда болады, солардың ішінде Қазақстан да бар» деп жауап беріпті,- деп жазады. Есенгүл Кәпқызы Ресей Президентінің бұл пікіріне мынадай ашық ойын айтады: «Қазақстан баспасөздерінде ауық-ауық Ресей оқулықтарының мектептерде қолданылатыны жайында мәселе көтеріліп қоятыны бар. Алайда, оған түбегейлі түрде қарсылық танытып жатқан ешкім жоқ. Құзырлы органдар бұл мәселеге ден қоймай-ақ келеді...».

Журналист Есенгүл Кәпқызының саяси тақырыптағы мақалаларының көпшілігі Ресей мемлекетіне қатысты екендігін байқадық. Мәселен, газеттің 2007 жылғы 18 қазандағы санында «Ресей отаршылдығының ақыры» атты мақаласы сөзіміздің дәлелі бола алады. Автор мақаласында кезекті бір ойын былай сабақтайды: «Қазір қазақстандық және ресейлік басылым беттерінен «орыс мәселесіне» қатысты тақырыптарды жиі байқаймыз. Бірақ, соңғы мақалалардан бұрынғыдай байбаламшыл-шовинистік пиғылдағы пікірлерден гөрі, Ресейден тыс жерлердегі орыстардың сол елдің мәдениеті мен саясатын қабылдауға үндейтін ойлар айтыла бастағанының куәсі болдық.

Нәзия Жоямергенқызының «Каспий саммиті: «Шекара бөлісі» кейінге шегерілді» (Түркістан газеті, 18 қазан, 2007 жыл. № 42) атты саяси сараптамалық мақаласында Тегеранда бас қосқан Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Иран және Ресей басшылары Каспий теңізіне қатысты мәселелерді жан жақты талқылағандығын айта келіп: «Каспий түбіндегі табиғи байлықты бөлісу, теңізде жүзу қауіпсіздігі, мұнай мен газ өндіруге қатысты қорғау шаралары, халықаралық лаңкестік пен экстремистік әрекеттермен күрестегі өзара ынтымақтастық, Каспий мен қара теңіздік-азовтық жағалауды байланыстыратын халықаралық Солтүстік-Оңтүстік тасымалдау дәлізін дамыту туралы ой бөліскен президенттер теңіздің экологиялық ахуалын жақсартуға қатысты шараларды да назардан тыс қалдырмады», - деп жазады.

Гүлбиғаш Омарованың «Түркістан» газетінің 2007 жылдың 6 қыркүйегіндегі № 686 санында «Бұл Парламентті «жаңа» деп атау қиын» деп аталатын мақаласында жаңа Парламентке сыни көзқарасын білдіреді.

Қазақстанның кәсіби парламентаризмге келер жолы күрделі де қайшылықты, саяси шиеленісті, бұралаңды болды. Осы қиян асу, қиын жолда республика Жоғарғы Кеңесінің екі құрамы таратылды. Елімізде парламенттік демократия, парламентаризм біртіндеп қалыптасты. Парламентаризм мен

шынайы демократия жолында соңғы он бес жылға жуық уақыт бойы еліміздің бүкіл саяси жүйесі белгілі бір эволюциядан, маңызды өзгерістер кезеңінен өтті.

1995 жылғы Конституцияда өз бейнеленуін, конституциялық шешімін тауып, билік тармақтары түпкілікті түзіліп, онда парламентаризм идеясының негіздері мен принциптерінің құқықтық тұғыры қаланды. Парламентаризмнің қалыптасып, нығайып, орнығуы оның демократиялық режимдердегі өзінің бастапқы, тума табиғатына толық сай болуы әр елдің тарихи-ұлттық, рухани, саяси-демократиялық дәстүрлеріне саяси-құқықтық мәдениеті деңгейіне байланысты екендігі тарихтан белгілі.

Парламентаризмнің мағынасын әр қырынан түсіндіретін бірқатар ұғымдар бар. Кейбіреулер парламентаризмді үстемдік жағдайында атқарушылық пен заң шығарушылық функцияларын бөлісуді білдіретін ұйымдардың жүйесі және жоғарғы билікті жүргізуші ретінде таниды. Қазақстан Парламенті демократиялық құқықтар мен нормаларды, рәсімдерді сақтай отырып, бүкіл халық тікелей сайлаған өкілдер енетін, заңнамалық қызметі арқылы елдің мүддесін білдіруші және қорғаушы коллегиялық органға айналды. Парламентаризм жоғарғы өкілді органдағы заң шығарушылық қызметі арқылы заңдардың күрделі архитектурасын анықтап, жүйе таратушылық, жүйе құраушылық рөл атқарып, саяси жүйенің аса маңызды саяси институты болды. Нарықтық экономика жағдайында тиімді мемлекеттік басқару парламентаризмді тек шығарып қана қоймай, керісінше жетілдіру мен дамытуды көздейді. Тек осындай кезде ғана жаңа жағдайға бейімделген заң шығарушылық базаның тиімді құрылымына жүгінуге болады. Әрине, осындай база болмаса, экономика, қаржы, әлеуметтік, саяси және өзге де салалардағы реформаларды ары қарай жүргізу мүмкін емес. Осы мақсатта Гүлбиғаш Омарованың мақаласында көтеріліп отырған депутаттардың сапа деңгейі ойландырылдық мәселе екендігі даусыз. Журналист өз пікірі үшін басымен жауап береді. Оның адалдығы, нағыз азаматтығы, ар-ұяты осы тұста бағаланады.

Еліміздің тәуелсіздік алуы, дамудың демократиялық зайырлы, ашық қоғам құру жолын таңдауы сөз бостандығының толғақты мәселелерін көтеруімізге толық мүмкіндік берді. Демократиялық қоғам азаматтарға өзінің саяси көзқарасы мен ой-пікірлерін еш бүкпесіз білдіру бостандығымен қатар ақпарат алу және оны тарату еркіндігін де сыйлайтындығымен ерекшеленеді. Осылайша қоғам өмірінде сөз бостандығы мен демократияның негізгі тірегі – бұқаралық ақпарат құралдары ықпалды күш ретінде алға шықты. Бұрынғыдай әміршіл-әкімгерлік жүйенің айтқанымен жүріп, айдағанына көнетін қасаң идеологияның қаруы емес, қоғамдық пікірдің қожасына айналды. Мұндай жағдайда саясат, қоғамдық сана, мемлекеттік және ұлттық мүдде, рухани, мәдени, әлеуметтік өмірдің қай саласы болсын, қоғамдық пікірге бағынып, БАҚ шын мәнінде “төртінші” билікке айналары белгілі. Мемлекеттік билік, атқарушы үкімет те өздерінің саяси имидждерін қаласа да, қаламаса да БАҚ арқылы ғана қалыптастыруға мәжбүр.

Біз журналист Гүлбиғаш Омарованың мақаласын «Жас қазақ» газетінің 2005 жылдың 6 мамырында Төлен Тілеубайдың «Мен шынымды айтсам,

кейбір әріптестерімнен қорқамын» атты Парламент мәжілісінің депутаты Амангелді Айталымен сыр-сұхбатымен сабақтастырғанды жөн көріп отырмыз. Өйткені, сұхбатта кезіндегі мәжіліс депутаты Амангелді Айталының көптеген пікірлері журналист Гүлбиғаш Омарова көтеріп отырған мәселесімен үндес келеді. Айталық, Амангелді Айталы былай дейді: «Парламенттік республикаға айналуға бізге ертерек. Мен, шынымды айтсам, кейбір өз әріптестерімнен қорқамын. Сөйлеген сөзін естіп, пиғыл-ниетін сезіп отырып: «Біз Парламенттік республика болып, мыналар ел билесе не боламыз?» деп ойлаймын. Бұл – бір. Екіншіден, мен депутат ретінде өзіме, өз деңгейіме риза емеспін. Заң шығару саласында өтініштерім көп. Сондықтан Парламенттік билікке көшу үшін халықтың белгілі бір жағдайдағы білімі, ақыл-ойы, интеллектуалдық деңгейі жетілу керек. Ол үшін уақыт керек. Мемлекеттік деңгейде шешім қабылдай алатын адамдар керек. Ондай адамдарды дайындай алдық па? Мәселе сонда ғой. Ал «үкіметті құрамыз, министрді тағайындаймыз» деп үкіметтік мәселелерді шешіп отырғанда, әлгі жемқорлықтың Парламентке ауыспасына кім кепіл? Ондай жағдайлар көп. Бұл – үлкен мәселе. Сондықтан қазіргі біздің деңгейімізге президенттік билік дұрыс келеді деп ойлаймын», - дейді (-6 мамыр, -2005. Т. Тілеубай. Мен шынымды айтсам, кейбір әріптестерімнен қорқамын. Жас қазақ).

Ендігі кезекте «Жас Алаш» газетіндегі жас журналистердің саясат тақырыбындағы мақалаларына тоқталып өтсек. «Жас Алаш» газеті кезінде жастар өмірінің жылнамасы атанғаны белгілі. Жүздеген жас таланттың қаламын ұштап, қияға самғатқанын бәріміз білеміз. Бүгінгі күні де қоғамның ауқымды істеріне шет қалмай, жаңалық атаулыны жедел жеткізіп, оқырман қауымды ақпарат ағымымен уақыт ағымымен қоғамдық, саяси мәселелерді дер кезінде көтеріп келеді. Сондықтан да, журналист еңбегі – үнемі ізденіп, шығармашылық жаңаруды талап ететін еңбек.

«Жас Алаш» газетінің «Ашық әңгіме», «Гу-Гу...», «Ұрымтал сөз», «Әдеби-мәдени әлем», «Мәдениет», «Кұқық», «Әлеумет», «Сейсенбілік спорт беті» т.б. тұрақты айдарлары бар. «Жас Алашта» Шыңғыс Мұқан, Ерік Рахым, Жұлдыз Әбділдә (жақында басқа жұмысқа ауысты), Руслан Ерболұлы, Төлеубек Қадырмолла т.с.с. сынды жас журналистер жұмыс істейді. Солардың бірқатар проблемалық мақалаларын атап өтсек, Ерік Рахымның «Абылай хан ескерткішінің артында не болып жатыр?» (13 қараша, 2004), «Ұсталмаған ұры емес...» (16 қараша, 2004), «Әке-шешесі бары да жетім, жоғы да жетім» (23 қараша, 2004 жыл), Шыңғыс Мұқанның «Қазақстан танк шығара ма?» (30 наурыз, 2004), «Наурызбанк» кімнің түбіне жетер екен...?» (13 қараша, 2004), «Қалың ұйқыда жатқан зейнетақы қашан оянады?» 28 маусым, 2005), Жұлдыз Әбділдәнің «Өткен сайлауға халықтың 15-ақ пайызының көңілі толады» (23 қараша, 2004), «Штаттағы» өсекшілер, «маубастар» және ақылшы-ақсақалдар» (1 желтоқсан, 2005), Руслан Ерболұлының «Үшінші оқылым не теңің?» (16 қараша, 2004), «Кұмкөлге Қытайлар келе жатыр» (15 қазан, 2005), «Қазақмысқа» келгенде Үкіметтің тізесі неге дірілдей береді? (24 желтоқсан, 2005) т.б.

«Жас Алаш» газетінің 2000 жылдардағы сандарында көбіне экология, мұнай, Каспий теңізі мәселесі, ауыз су, жұмыссыздық мәселелері жиі көтерілген. 2002 жыл Қазақстандағы Денсаулық жылы болғандықтан, көбінесе, түрлі аурулардың алдын алу, мынадай асқынып отырған заманда халықтың денсаулығын сақтауға мемлекеттік қолдау көрсетудің маңызы зор. Ал бүгінгі «Жас Алашта» автокөлік, автожолдарындағы кептеліс, тіл, тұрғын үй, банктердегі несие жүйелері мәселелері жиі көтеріледі.

«Жас Алаш» газетінде сұхбат жанры «Ашық әңгіме» айдарында көрінеді. Газеттің сұхбатты берудегі өзгешелік сипаты мынадан көрінеді: біріншіден, кез-келген сұхбат тақырыбының мазмұнын ашу үшін алдымен шағын көлемде авторлық толғаныс беріледі; екіншіден, журналист сұрақтары ұтымды дайындалғандықтан бірден көзге түседі; үшіншіден, сұхбаттасушының фотосуреті беріледі, демек, кейіпкердің суретін беру арқылы газеттің өзіндік пішінін арттырып отырады; төртіншіден, сұхбат соңында авторлық қорытынды жасалады.

«Жас Алаш» газетінің жас журналистері қолтаңбасынан байқағанымыз, заман үрдісімен бірге тыныстап, бұл кезеңнің қат-қабат қайшылыққа толы өмірін, шындығын, көлеңкелі тұстарын ақиқат тұрғысынан саралап, оқырманға батыл жеткізіп отырады. Публицистиканың қазіргі қоғамның дамуындағы орны ерекше екендігін мойындамауға болмайды. Ол оқырмандарға өміріміздің шындығын жеткізеді, халқымыздың күреске толы өткен тарихын, өмір тәжірибелерін байыптап, оны насихаттайды. Халықты алда тұрған жаңа міндеттерді орындауға жұмылдырады. Олардың қоғамдық-саяси санасын қалыптастыруға көмектеседі.

Газеттегі жас журналистердің саяси тақырыптағы мақалаларына көз жіберіп өткенде аңғарғанымыз, өткір сын, ащы шындықты батыл жазумен қатар, кейде этикалық нормадан шығып жатады. Мәселен, Жұлдыз Әбділдәнің «Штаттағы» өсекшілер, «маубастар» және ақылшы-ақсақалдар» (1 желтоқсан, 2005) атты мақаласындағы: «Ақиқатын айтқанда, жиналыста «анау екен ғой», «мынау екен ғой» деп білгішсінетін «өсекшілер» мен «маубастар» «штатқа» кіріп алған қызметші сияқты... Қашан қарасаңыз да қолды әрлі-берлі сермеген «көкдолы» әйелдерді, я болмаса микрофонға таласып, бір-бірінің жағасынан алған «әдепсіз» еркектерді көрсетеді», - деген жолдар бар.

Журналист шеберлігі қай кезде де жеке, дара көрінеді. Ол оның шығармашылық стилінен көрініс табады. Сыншы П.А. Вяземскийдің: «Шындық халықтың арасына әбден сіңісті болу үшін, жайма шуақ кезінде кемінде отыз жыл уақыт керек. Осы аралықта ол санада жаңғырып, селқостар мен енжарларды ұйқыдан оятады, бойкүйездерді сілкілейді. Қалай болғанда да екі түрлі пікірдің қатар тууы, бәрібір ақиқатқа жақын пікірді алып шығады», - деген пікірі қазір де өз мәнін жоғалта қоймаған сияқты (-с. 127, П.А.Вяземский, 1984) Қазіргі ақиқаттың өзі де, міне, осы оймен астасып жатқандай. Саяси жүйедегі әрқилы айтыс-тартыстар, экономикалық және әлеуметтік құрылымдардың тұрақсыздығы бәрі-бәрі бір-біріне қарама-қарсы екі жақты пікірлердің тууына себепші болады. Ал екі жақты айтыс-тартыстан тізбелеп, шындықты суыртпақтап алу да оңай емес. Орыс сыншысы ақиқатқа жетудің

қаншалықты қиын екенін ашына айтқанымен, дәл сол сәтте баспасөз, радио және теледидардың бүгінгідей қуатты құрал бола алатынын аңғармаған болса керек.

Баспасөздегі шығармашылық шеберлік жайын қандай да болмасын заңдардың шегімен тұйықтаудың мүмкін еместігі де айқын. Мақаланы қандай әдістермен жазу, сондай-ақ, оны газетке қалай беруді ғана ойлап, ақ қағазға табынып отырған журналистке «былай жаз!» деген нұсқау да, әмір де жүрмейді. Өйткені ол өз мүмкіндігі мен шеберлігі шеңберінде жазады.

Қазақ журналистикасы өтпелі кезенді бастан кешіріп отыр. Бұның тек еліміздегі демократиялық жаңарулар мен нарықтық экономика үрдістері ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ауқымды өзгерістерге де байланысты туындап жатқан дәуір сабақтастығы екендігі даусыз. Ең маңыздысы – халықаралық деңгейдегі әлем журналистикасы жаңа кезеңге көшуде. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, журналистиканың қызметіне кең мүмкіндіктер ашатын жаңа ақпараттық технологиялар өсіп келеді. БАҚ заман ағымына ілесіп, шапшаңдығымен, жеделділігімен жаңашыл сипат алып отыр. Екіншіден, ақпарат алу, тарату ауқымы кеңейуде, спутниктік технология әлемнің кез-келген түкпірінен жедел хабар алуға мүмкіндік беруде. Үшіншіден, әрі ең бастысы, ауқымды құрылымдардың қалыптасуымен, жаңа ақпарат технологиялардың дамуымен қатар, аз ғана қауымның мүддесін қамдаған шағын ақпарат құрылымдары пайда болуда. Яғни, халықтың белгілі бір топтарына хабар тарататын бұқаралық коммуникациялар кең өріс алып келеді. Дүниежүзілік ақпарат әлемінде болып жатқан осынау өзгерістер сөз жоқ, қазақ баспасөзіне де өз ықпалын тигізіп отыр. Заман ағысы, уақыт үрдісі енгізіп жатқан жаңалықтар ендігі сәтте қазақ журналистеріне дағдылы жайбасар қалыптан айырылып, жаңаша ойлауды, қайсыбір тосын жайды дәл тауып, лайықты түйін жасауды, тіпті, алда болар беймәлім өзгерістерге дайын отыруды талап етуде.

«Түркістан» газетінің жас журналистері талғампаз қауым көңілінен шығатын ең өзекті, ең күрделі, ең даулы салаларға батыл құлаш ұрып, салиқалы, салмақты, орнықты түрде өз позициясын ұстанып отырғаны айқын аңғарылады. «Түркістан» журналистерінің ұтымды тұсы – тақырыпты тауып қоя білуі. Тақырыпты тауып қоюдың өзі журналист шеберлігінің өлшемі, журналист қызметінің таразысы болып табылады. Журналист мамандығының қыр-сырын, өмір сүру жолын, жеткен жетістіктерін, кездесетін қиыншылық-қызықтарын журналистиканың нағыз жолына түскендер біледі. Біз бұл пікірді «Түркістан» газетінің журналистеріне қатысты айтып отырмыз.

Ал «Жас Алаш» газетінің жас журналистер материалдарының тақырыптық, жанрлық, тілдік, стильдік және сонылығы жағынан саралай келе, басылымда көбіне сұхбат жанры мен сын мақаланың көптеп жарияланатындығын аңғардық. Журналистері батыл да салмақты ой айта біледі. Алайда кейде батырып айтамын деп саяси мәдениет шегінен шығып кететін тұстары кездесіп қалады. Газеттегі басты ерекшелік – сол кезде болған оқиғалар, өмірде орын алған фактілер қысқа түрде хабарланып отырады, ағымдағы оқиғалардың жедел жеткізілетін хроникалық сипаты бар. Жанрлық

тұрғыдан газетте заметканың үлесі басым. Әр нөмірінде шетелдерде шығатын басылымдарға шолу жасалып тұрады. Газет өнеркәсіп, транспорт, экономика, саясат, өнер, білім, мәдениет сияқты тақырыптарға материалдар жариялайды.

Қазіргідей қоғамдық өзгерістер тұсында журналистикада да жаңа таным, жаңа көзқарастар пайда болды. Енді бұрынғыша ескі стильде жазу мүлдем өзгеше сипатта жүзеге асырылуда. Сондықтан жаңаша ізденудің қажет екендігін өмірдің өзі алға тартып отыр. Осы ретте бүгінгі замандас журналистердің шығармашылығына көз салып, бақылау, байқау қажет екендігі түсінікті. Қазіргі журналистердің шығармашылығын қарастыру, олардың еңбектеріне талдау жасап, жүйелі пікірлер қорыту қажет. Негізінде, рухани дем беретін, тыңдарманды елең еткізетін, салт-дәстүрімізді насихаттайтын материалдар баспасөз беттерінде жиі көтерілуі керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті түрде болатынын мәлімдемесінде атап өтті: «Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары жалпыұлттық мүдделерді шынайы жеткізуші бола алады және солай болуға тиіс те, олар біздің экономикалық тұрғыдан өркендеген әрі ашық, еркін демократиялық қоғам құру жөніндегі стратегиялық міндетімізді жүзеге асыру ісінде өздеріне лайықты орынды алуға тиіс».

Бүгінгі ХХІ ғасырдың талғампаз оқырмандары журналистердің жазу мәдениеті мен ойлау жүйесіне көп талаптар қояды. Бүгінгі күнгі басылым материалдары «БАҚ халыққа қызмет ету керек» екенін уақыт ағымында айқын аңғартып отыр. Қоғамның бет-бейнесін танытатын да осы республикалық мерзімді баспасөздер екені белгілі. Сондықтан, оқырман санасына әсер ететін, жаңа заман ағымымен ілесіп келетін бүгінгі баспасөзде жас журналистер қолтаңбасының орны ерекше.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. «Түркістан» газетіндегі саяси тақырыпта жазып жүрген жас журналистер шеберлігі.
2. «Жас Алаш» газеті журналистерінің саяси сауаттылығы.
3. Журналист әдебінің саяси мақалаға ықпалы.
4. Өзге де басылымдарда саяси тақырыпта көрініп жүрген журналистерге берілер баға.

СӨЖ тапсырмалары

- 1 Қазақ журналистерінің шығармашылыққа келу жолдары.
- 2 Бүгінгі жастар поэзиясындағы жаңашылдық және БАҚ.
- 3 Қазақ баспасөзінде тәуелсіздік пен демократия мәселелерінің жазылуы.
- 4 Бүгінгі жас журналистердің шығармашылық ерекшеліктері.
- 5 «Егемен Қазақстан» журналистерінің шығармашылық қолтаңбалары.
- 6 Қазақ әдеби сыны және баспасөз.
- 7 Бүгінгі және кешегі әдеби басылымдардың жанрлық ерекшеліктері. (салыстырмалы сараптама)
- 8 Журналист шеберлігі және оқырман.
- 9 Журналистке қойылатын талаптар мен міндеттер.
- 10 Баспасөз және авторлық құқық мәселелері.
- 11 Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі БАҚ-тың атқарып отырған рөлі.
- 12 Қоғамдық пікірдің ұлттық санаға әсері.
- 13 Қазақ публицистикасының шығармашылық болашағы.

Емтихан сұрақтары

- 1 Қазіргі қазақ журналистерінің шығармашылық тәжірибесі мен шеберлік мектебі.
- 2 Журналистикадағы шығармашылық психология және шеберлік.
- 3 Қазақ журналистерінің шеберлік мектебінің қалыптасуына негіз болған басты критерийлер.
- 4 Кешегі және бүгінгі қазақ журналистика тарландарының шеберлік тәжірибелері.
- 5 Қазақ спорт журналистикасындағы жаңа серпілістер.
- 6 Әбіш Кекілбаевтың публицистикасы.
- 7 Қазақстандағы сөз бостандығы және баспасөз.
- 8 Сағат Әшімбаевтың сыни публицистикасы.
- 9 Қазақ журналистерінің кәсіби шеберлігі.
- 10 Журналист шеберлігіне қойылатын талаптар мен міндеттер.
- 11 Жас журналистердің газеттік туындыларына көзқарас.
- 12 Мұхтар Әуезовтің публицистикасы.
- 13 Қазіргі қазақ журналистикасындағы шығармашылық тақырыптар.
- 14 Қазақ баспасөзіндегі спорт журналистерінің шеберлігі.
- 15 Балалар басылымы журналистерінің шеберлігі.
- 16 Оралхан Бөкеев – журналист, редактор.
- 17 Қазіргі қазақ публицистикасының мәселелері және БАҚ.
- 18 Бүгінгі журналистердің эпистолярлық жанрда көріну сипаты.
- 19 Жаһандану мәселелері және БАҚ.
- 20 Журналистің ақпарат тарату және беру шеберлігі.
- 21 Шерхан Мұртаза – публицист, редактор
- 22 Баспасөздегі жанрлар жүйесі
- 23 Қазіргі жаңа ақпараттық технологиялар
- 24 Қазақстандағы бүгінгі газет-журналдардың жіктелуі.
- 25 Нұртөре Жүсіптің журналистік шеберлігі .
- 26 Бас редактор және оның атқаратын қызметі.
- 27 Баспасөз және мемлекеттік тіл мәселесі.
- 28 Қазақстандағы ұлттық қарым-қатынас мәселесі және баспасөз.
- 29 Журналистік зерттеу мен сараптама жүргізу тәсілдері.
- 30 Баспасөз материалдарын талдаудың әдіс-тәсілдері.
- 31 Қазақ және шетел публицистикасындағы ұқсастық элементтер.
- 32 Журналист шеберлігінің негізгі критерийлері.
- 33 Камал Смайыл – публицист, редактор.
- 34 «Қазақ әдебиеті» газетінде әдебиет мәселелерінің жазылуы.
- 35 Әнуар Әлімжановтың публицистік шеберлігі.
- 36 Ахмет Байтұрсыновтың әдеби және публицистикалық жазбалары.
- 37 «Егемен Қазақстан» газеті журналистерінің шеберлік қырлары.
- 38 Ғабит Мүсіреповтың жазушылық шеберлігі.
- 39 «Жас Алаш» газеті журналистерінің саяси сараптамаларына көзқарас.
- 40 Кәкімжан Қазыбаевтың журналистік шеберлігі.
- 41 Журналист мақаласындағы дерек пен шындық.

- 42 Қали Сәрсенбайдың журналистік қызметі.
- 43 Қазақстандағы бүгінгі газет-журналдардың жіктелуі.
- 44 Әбіш Кекілбаев – публицист, редактор.
- 45 Жанболат Аупбаевтың редакторлық қыры.
- 46 Бауыржан Момышұлының әскери публицистикасы.
- 47 Міржақып Дулатовтың әдеби және журналистік шығармашылығы.
- 48 «Жұлдыз» журналында әдебиет мәселелерінің жазылуы.
- 49 Балғабек Қыдырбекұлының публицистикасы.
- 50 Бас редактор және оның атқаратын қызметі.
- 51 Мұхтар Мағауин – редактор.
- 52 «Жалын» журналындағы әдебиет, өнер мәселелерінің берілу ерекшеліктері.
- 53 Әдеби сын және баспасөз.
- 54 Баққожа Мұқай – публицист, редактор.
- 55 Әдебиет тақырыбына жазатын кәсіби журналистер шеберлігі.
- 56 Қазақ ақындарының шығармашылығы туралы.
- 57 Бердібек Соқпақбаевтың әдеби шығармашылығы.
- 58 Дулат Исабеков пен Сайын Мұратбековтың шығармашылық қолтаңбаларындағы үндестік.
- 59 Жазушы Ілияс Есенберлиннің жазушылық шеберлігі.
- 60 Сейдахмет Бердіқұловтың спорт журналистикасындағы қолтаңбасы.
- 61 Сапар Байжановтың публицистикасы.
- 62 Қазіргі қазақ журналистикасындағы шығармашылық тақырыптар.
- 63 Жазушы мен журналист шығармашылығының ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
- 64 Мұқағали Мақатаевтың ақындық шеберлігі.
- 65 Әзілхан Нұршайықовтың публицистикасы.
- 66 Тақырып. Шығарма. Жазушы.
- 67 Олжас Сүйейменовтың публицистикасы.
- 68 Балалар поэзиясы және баспасөз.
- 69 Журналистің кәсіби біліктілігі және идеологиялық-этикалық бағыты.
- 70 Қазіргі қазақ баспасөзі мәселелері мен публицистикалық жазбаларының тақырыптық ерекшеліктері.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі:

- 1 Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. Т. 2. – Алматы: Қазығұрт, – 2005. 225 б.
- 2 Смайылов К. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.3. –Алматы, 98 б.
- 3 Сүлейменов О. АЗ иЯ. –Алматы, – 1975. 161 б.
- 4 Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. –Алматы: Жазушы, –1994.
- 5 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. Алматы: Жазушы, – 1985. 19 б.
- 6 Абдрахманов С. Елдік сыны. Алматы: Қазығұрт, – 2003. 183 б.
- 7 Аупбаев Ж. Елім менің ертегі. Астана: Елорда, – 2003. 150 б.

Қосымша:

- 8 Нұршайықов Ә. Мен журналиспін. – Алматы: Қазақстан, – 1979, 154 б.
- 9 Сүлейменов О. Паралелльдің қиысуы. –Алматы, – 2002. 3 б.
- 10 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. –Алматы: Жазушы, – 1993. 253-254 б.
- 11 Әбдрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. –Астана: Елорда, 185 б.
- 12 Өмірге өкпесі жоқ адам. – Алматы: Жібек жолы, – 2000, 33 б.
- 13 Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: Мектеп, – 1976. 38 б.
- 14 Нұрмаханов Х. Сөз бен шеберлік. –Алматы: Ғылым, – 1987. 130 б.
- 15 Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. –Алматы: Жазушы, – 1982. 310 б.
- 16 Қаратаев М. Шеберлік шыңына. –Алматы: Қазмем. – 1963. 21 б.
- 17 Елеукенов Ш. Замандас парасаты. –Алматы: Жазушы, – 1973. 151 б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДӘРІС БОЙЫНША ЖАЗҒАН
ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ

МАРФУҒА АЛИНОВА,
журналистика факультетінің студенті

Алыстап кеткен «Махаббат қызық мол жылдар»

Мен өмірде Еңлік пен Кебектің, Қозы мен Баянның, Жібек пен Төлегеннің махаббаттары жайлы көп оқыдым, көп естідім де. Бірақ, олар өмірден қосыла алмай өтті ғой! Ал, бүгінгі менің кейіпкерім 63 жыл бір-біріне ғашық болып, оның 54 жылын бірге өткізген мәңгілік махаббат иелері. Біз ол кісімен қазіргі өмірде «махаббат» деген ұғым жоқ, «бәрі жалған» деп жүргенде кездестік. Ол бізге алып махаббат иесінің жер бетін басып жүргенін дәлелдеп берді. Біз шексіз қуандық. Жүрегі «махаббат» деп соққан жанның жанымызда жүргеніне қуандық. Дереву кездесуге ұмтылды. Көруге талпынды. Бүгін соның реті келген күн еді.

Біз бүгін ерте ояндық. Басқа күн болса, әлі де ұйықтай түсуіміз мүмкін бе еді, кім білсін? Бірақ, бүгін ұйықтауға болмайды.

Назерке, Индира үшеуіміз тез-тез тамақтанып, далаға шықтық. Жұлдыз да келіп үлгерген екен. Машинаға отырып алдық та, тартып кеттік. Бағытымыз – Құрманғазы көшесі, 90-үй, 28 пәтер. Ол – Әзілхан Нұршайықовтың үйі. Мәңгілік махаббат иесінің үйі. Біз бүгін Кеңсайдағы Халима апамыздың басына баруға келіскенбіз. Әзілхан ата әйелінің басына күмбез орнатыпты дегенді естігеннен бері, бір көруге құмартқанымыз рас. Бүгін оның да реті келгендей.

Ақырын үйге қарай беттедім. Бойымды қорқыныш билеген. Атақ-даңқы жер жарған кісі. Мені қалай қабылдар екен?! Ақырын қоңырауды бастым. Ар жағынан:

- Марфуға ма? –деген жылы дауыс естілді.
- Иә, дедім құмығып.
- Қазір.

Іштен кілттің дыбысы білінді де, есік айқара ашылды. Мен ішке ендім. Ата қолымды алып амандасты.

– Неше күннен аяғым ауырып шыға алмай жатыр едім. Өзің хабарласып, өтінішінді білдірген соң, жата алмадым – деді, киіне жүріп. Маған «махаббат жатқызбаған шығар» деген ұры ой келді. Бірақ ештеңе демедім.

Ата өте әдемі киінген екен. Аппақ жейде, сыртынан көмірдей қара костюм-шалбар. Дәл бір кездесуге бара жатқан жас жігіттей.

Біз машинаға отырдық. Ата жолды көрсете отырып, бізбен әңгімелесуді де ұмытпады. Менің: «Қазіргі жастарда өзіңіз бөлген үш түрлі махаббат: бала махаббат, шала махаббат, мәңгілік махаббаттың қайсы басым?» - деген сұрағыма бірден жауап беріп кетті:

– Қазіргі жастарда шала махаббат басым деп ойлаймын. Біріншіден: қазіргі жастардың көбі үйленбей ұзақ жүруді әдет қылып алған. Ол жақсы әдет емес.

Адам ер жеткеннен кейін, кәмелеттік жасқа толғаннан кейін қыздар тұрмысқа шығу керек, ұлдар келіншек алу керек. Солай ұрпақ өсіру керек, сөйтіп халқымыздың санын көбейту керек. Ұлттың саны көбеймей, ешқандай ұлт ұзақ өмір сүре алмайды. Аз ұлттар тез жоғалып, құрып кетеді. Қазақстан кішкентай, шағын ұлттардың қатарында. Бізде қазір он бес миллион адам дейтін болсақ, оның он шақты миллионы ғана қазақтар. Ал енді қазақтардың санын көбейту үшін, қазақ халқын мәңгілік жер бетінен өшіп кетпейтін, көшіп кетпейтін ету үшін біздің жас ұрпақтар өзінің табиғи қызметін атқару керек.

Қазіргі жастарда үлкен махаббат жоқ. Тұрмыс құруға деген ынта жоқ. Қай мекемеге барсаң да мекеменің бастығының қасында қаздырып қыздар отырады. Соның бәрінің де күйеуі жоқ қыздар. Қайда барсаң да салпандап жүрген жігіттерді көресің. Ана қызға бір қарап, мына қызға бір қарап жалтақ-жалтақ етеді. Не олардың сүйген жарлары жоқ. Абай аталарың айтқан болатын: «Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосыңдар», - деп. Хайуанның қатарына қосылмау үшін адамда махаббат болу керек. Махаббат – адамды алға жетелейді. Махаббат – ұрпақты көбейтеді, махаббат – ұлтты өсіреді. Махаббат-адамзат кеудесіндегі ең бір асыл, ең бір ардақты қасиет.

Бүгінгі адамдарды теледидар құртып барады. Жалаңаш адамдарды, атыс-шабысты көрсету әдетке айналуға. Осының бәрі адамның психологиясын бұзып, жастарды аздырып-тоздырып әкетіп бара жатыр...

Біз ойланып қалдық.

Әзілхан ата сол жолы өте көп дүниелер айтты. Қазіргі жігіттердің бірнеше әйел алып, қазақтың санын көбейтеміз деп желігіп жүргенін (бір әйелмен көбейтуге болмай ма екен?) зілдене әңгімеледі. Біз сол жолы махаббат туралы көп ой түйдік. Кеңсайға қалай жеткенімізді білмей қалдық. Бейіттер... біз де мынау жалған өмірді артқа тастап, бір күні осылардың қасынан орын тебеміз-ау. Біздің барлығымыз да осылай ойлаған шығармыз сол кезде. Білмеймін.

Міне, Халима апамыздың басына да жеттік. Үлкен күмбез. Ерекше күмбез. Есіме Әзілхан атамиз бен Халима апамыздың осыдан 55 жыл бұрын Қозы Көрпеш-Баян сұлу ескерткішіне тәу еткендері түсті. Ал мен өзімді МӘҢГІЛІК МАХАББАТТЫҢ алдында бас иіп тұрғандай сезіндім. Санамды тағы бір сұрықсыз ой мазалады:

– Ата, Халима апамыздың басына соңғы рет қашан келіп едіңіз?

– Бірнеше күн бұрын, қарағым!

Қайран басым, пендешілік жайлаған! Бір ай, бір жыл дегенді естігім келді ме екен сол кезде... Мен де қызықпын, осындай махаббат иесін сүріндіргім келді ғой. Өле сала ұмытатын кейбір опасыздардың қылығын Әзілхан атаға таңғым келгеніне ұялып кеттім. Біз ақырын жылжып, күмбез алдына келдік. Ішіне кіріп, жолдан алған гүлдерімізді қойдық. Әзілхан ата апамыздың жанынан дайындалған өз орнын көрсетті. Мына жерге «Әзілхан» деп жазылады деп қояды. Біз не дерімізді білмедік. Бір кезде Әзілхан ата тұрып:

– Мен Құран білмеймін. Осыны білетін апаларың: «Келгеніңде Абайдың үш шумақ өлеңін оқы» – деп өсиет етіп еді:

Айттым сәлем, қалам қас,

Саған құрбан мал мен бас.

Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас
Халима!

Сенен басқа жан тумас,
Туса туар-артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас
Халима!

Көзім жатқа қарамас,
Жат та маған жарамас
Халима!

Көздерінде жас мөлтілдеп, ата үнсіз жылап тұрды. Қайтқанына 6 жыл өтсе де, ыстық сезімін жоғалтпау – не деген ұлылық! Жабырқап тұрған атаға қараймын да ойран-асыр болам. Жүрегім алай-дүлей.

Басына бардым, қасында тұрмын солардың,
(Қозыдай маңырап, сүймеген, сірә, болармын)
Егіз жүректі екіге бөліп мола тұр.

Тұмсығы үшкіл қанжарындай-ақ Қодардың – деген Мұқағали өлеңін оқып тұрғанымды сездім. Ішімнен: «Мұңаймаңыз, ата! Сіздер Алматының Қозысы мен Баянысыздар. Жүрегінде жылт еткен махаббаты бар қыз-жігіттер сіздердің бастарыңызға келіп, тәу ететін болады» – деп тұрдым.

Маған Әзілхан ата махаббатын әлемге әйгілеп барып, ғашығының жанына баратын сияқты көрінді. Мен солай болатынына сенімдімін де!

Ғашықтар өмірден өтсе де, МАХАББАТ өміршең екен. Менің соған көзім жетті.

Ата ақырын шығып келе жатыр. Соған қарағанда жер бетіндегі миссиясы әлі аяқталмаған.

Жол түсіп ұрпақ, Кеңсайға барсаң тегінде,
Бір соқпай кетпе күмбезге сонау көрінген.
Қазақтың осынау қасқайып тұрған төрінде,
Бабаларыңның махаббаттары көмілген...- деп, Мұқағали өлеңін өзімше бұрмалап, әлі талай оқырмын.

ГҮЛСІМ МУРУНОВА,
журналистика факультетінің студенті

Сапар Байжанов шеберлігі

Өткенге ой салып, ертеңді екшеп, бүгінгі күнге көз салар болсақ өткен тарих беттерінен ел ықыласына бөленген есімдер қазақ журналистикасында мыңдап саналады.

Жақсы адам жайында жазсаң жаның жадырап, ойың тазарып, құдды бір жоғың түгенделгендей күй кешесің. Қазақта азамат деген ұғым бар. Қандай қабілет иесі болса да, осы бір ұғымды әркімге телу қиынның-қиыны. Жақсы маман болар, алайда ата-ананың парызына салақтау; жақсы әке болғанымен,

кәсібіне шалағайлау; мәселені түсінуі терең, бірақ алатын шешімі үстірттеу; бәрі келісе қалса; құдайтағала мінезге кенделуе қылып, ортаға сыйымсыздау жаратқан, тағысын тағылар.

Ал, мен әңгіме еткелі отырған елге сіңген еңбегімен, әкелік парызын абыроймен өтеп, жолдас-жораларының алдында үлкен беделге ие болып, азаматтық қызметінің, қыруар еңбегінің жемісін татып, қоғамға сыйлы, халқына қадірлі, тұғыры биік азамат – Сапар Байжанов. Рас, мен оны алғаш білмедім. Тек осы дәріс барысында күллі шығармаларымен танысып, іштей сыр бөлгендей болдым. Әсіресе, «Қияңқы тағдыр» повесті мені таң қалдырды. Осы күнге дейін бірнеше көлемді романдарды оқып келемін. Бірақ, дәл Сапар Байжановтың повесі секілді ерекше сезім мен әсерге бөленген жоқпын. Неге екенін білмеймін, бірақ повесті қолыма алып, қайта-қайта оқығым келе береді. Бар-жоғы 60 беттен тұратын бұл шығарма кез-келген оқырманды баурап алары сөзсіз. Повесте алты құрбы қыздың қияңқы тағдыры суреттеледі. Әр қыздың өмірі – түрлі тағдыр. Біреуі – қызметімен, біреуі – ұл-қызымен, енді бірі – сәбиімен бақытты. Повесті алғаш оқыған сәттен-ақ, соңында не болады екен деп, бітіруге асығасың. Алты қыз-келіншек отбасылық жылуды аңсайды. Олар-тағдырдың сан түрлі қиындығына тап болған жандар. Бірақ, сол тағдырдың қиындығына қарамай өмір сүруді тіл шеберлігімен көркемдеген қаламгердің осы еңбегін оқыған сайын жүрегіме от құйылады, көңіліме қанат бітіреді, асқар армандарға жетелейді.

**ӘСИЯ ИСЕМБЕРДИЕВА,
журналистика факультетінің магистранты**

Мүсілім Базарбаевтың публицистикасы

Мүсілім Базарбаев – ХХ ғасырдағы ірі қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиеттанушы-ғалым, сыншы, аудармашы. Әдебиет зерттеушісі, сыншы ретінде оның 20-ға жуық монографиялары мен 3000-ға жуық ғылыми мақалалары жарыққа шыққан. Өткен ғасырдың екінші жартысында М.Базарбаевтың сыни мақалалары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Вечерняя Алма-Ата» газеттерінде, «Коммунизм таңы», «Жұлдыз», «Парасат», «Простор» журналдары секілді республикамыздың ең ірі басылымдарында жарық көріп тұрды. Бұл басылымдарда ол не жазса да жеріне жеткізіп жазды. Ойын ашық, бүкпесіз айтты.

Шығармашылық жолының бастауларында, «Лениншіл жасқа» тілшілік қызметке қабылданғанда редакторға табыстаған «Орыс орманында» деген алғашқы мақаласымен М. Базарбаев әдебиет айдынында өзін еркін сезінетінін көрсетті. Жас жазарманның «әп-бісімілдәсі» әдеби сын болды. Онда ол 1974 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 3-санында басылған М.Тиесовтың «Орыс орманында» деген әңгімесін сынады. «Әңгіме бастан аяқ нанымсыз, жасанды оқиғаларға толы». Осындай баға беріп отырған жас сыншы ендігі кезек сөздерінің растығына дәлелдер келтіре бастайды: «Автор

«автомат дискілері кәрі мергеннің басында жастаулы» дейді. Ал, неміс автоматтарында дискі жоқ екені жұртқа мәлім. Бұл жерде М.Тиесов жолдастың соғыс құралдарын білмейтіндігі бірден байқалады»... Кейіпкер әрекеттерінің нанымсыздығын: «Бұл не қылған жуас, момын немістер десеңші! Осындай жауға төрт жыл бойы дүние жүзі дүрлігер ме?!... Балта мен балғадан басқа қаруы жоқ колхозшылар жауға шабуыл жасайды. «Ұста өзінің дәу балғасымен соғып жүргенде, Костяның қолындағы өткір балта кеуделерді қарағайша қаққа айырып, бастарды, автомат ұстаған қолдарды бұтақша қағып тастап» жүреді (87 бет). «Балға мен балтаның араласуы автоматшылардың арасындағы тәртіпті бұзып, оқ атушылардың қолдарын қалтыратады». Ақырында бұлар «жауға бірінші қаруы жүрегін лақтырып» жеңіске жетеді. Сөйтіп, бұлар «біз большевиктер, біз большевиктер» деумен жауды қуып, «бұзауша домалатып, боташа жаутаңдатады». «Қара бақайына дейін қаруланған неміс десанттарын жусатып салады» деп автордың қарапайым қисынға келмейтін жолдарынан нақты мысалдар келтіре отырып, пікірін дәлелдейді.

М. Базарбаев – ең алдымен әдебиет зерттеушісі. Оның зерттеулері бағалаушылық сарында болғандықтан, ғылыми-танымдық мақала, сын жанрларынан рецензия, сыни мақала, шолу, очерк жанрларына қалам тербеген. Әсіресе, шолу мақалаларын ерекше бөліп айтуға болады. Мәселен, «Бергенімізден береріміз көп» (Социалистік Қазақстан, 1964, 7 наурыз), «Өлең мен өнер» (Қазақ әдебиеті, 1961, 11 тамыз) немесе 1961 жылы «Жұлдыз» журналында басылған «Заманымыздың қаһармандары – әдебиеттің де қаһармандары». Соңғы шолуында 1960 жылы қазақ әдебиетіндегі процестерден тасада қалған шығарма жоқ: З. Шашкиннің «Теміртау», Р. Райымқұловтың «Жасыл белес», Ғ. Слановтың «Домбыра күйі», «Ақиық», І. Есенберлиннің «Өзен жағасында», т.б. Бір жылда 15-тен аса роман, хикаят, 20-ға жуық поэма, 4-5 пьеса, көптеген өлең, әңгіме жазылған екен. Базарбаевтың айрықша сипаты – алдымен шығармаға тоқ етер баға береді де, сосын сол ойды өрбіте отырып, шығарманың жетістіктері мен кемшіліктері ашылады. Мысалы, сын туралы: «Халықтың талғамы, таңдауы өскен шақта оған бәз-баяғы ескі сарын, нәрсіз сөз, әрсіз образды ұсынсақ, көркем әдебиеттің бірден-бір басты шартын бұзғанымыз болар еді. Онда әдебиет өнер болудан қалып, әйтеуір бір сөз жиынтығы сияқтанар еді», - дейді. Ғ. Қайырбековтың «Таулар сөйлейді» поэмасы туралы сөз етпес бұрын ақынның бұрынғы шығармаларының деңгейін көрсетеді де, соңғы шығармаларының әлсіреп бара жатқандығын ашық айтады: «Сюжетті трафарет, схема, оны баяндауы да жансыз, ажарсыз».

Сыншымын деген адам рецензия жазбай тұра алмайды. Мысал ретінде Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй», Қалдарбек Найманбаевтың «От пен ойын» романдары жайында, Ғ. Мүсіреповтің «Жат қолында» романы, Баубек Бұлқышевтың жинағы жайында жазылған рецензияларын атаймыз. М. Қаратаев туралы жазылған «Жауынгер жанр солдатын», Б. Бұлқышев туралы «Отаншыл жазушыны», С. Шәймерденов туралы «Дарын дарын иесін» портреттік очерк деуге толық негіз бар. Бұл дүниелер М. Базарбаевтың кейіпкер өмірбаянын көркем тілмен сипаттаумен шектелмей, шығармаларына жоғары эстетикалық талғам тұрғысынан баға бере алатындығын аңғартты.

М. Базарбаевтың сыншы ретіндегі негізгі ерекшелігі – тарих қойнауына сіңіп кеткен қаламгерлерді ақтап алу үшін, оларды тану және таныстыру мақсатында шығармаларына тиянақты талдаулар береді. Бұл – бір. Екіншіден, ол өзін және әріптестерін болашақ алдында жауапты деп сезінеді. Әдебиеттің қатталып қалған тарихын ғана емес, бүгінгісін ой елегінен өткізіп, қорытып табыстауды парыз деп есептейді. Замандастарының шығармаларына кешіктірмей, барынша әділ бағасын беріп отырған. М.Базарбаевтан әділ бағасын алағна замандастарының қатарында С. Шаймерденов, Ж. Молдағалиев, Х. Есенжанов, С. Елубай сияқты қаламгерлер де, Ғ. Мүсірепов, М. Әуезов сияқты жазушылар да бар.

М. Базарбаев жазбаларының ортақ белгілері қандай дегенге келгенде, ең алдымен, публицистің әдебиеттің арғы-бергі тарихымен, шет ел әдебиетімен етене таныстығы. Базарбаевтың сыни мақалаларындағы тағы бір ерекшелік – шығарма композициясын, кейіпкелердің ішкі логикасын басшылыққа алады. Сосын, кез келген шығармасында түйін болады. Автор айтайын деген ойын «ойлан, тап», демей, ашық әрі тұжырымды түрде жайып салады.

ҚЫЛЫШБЕК АСХАТ,
журналистика факультетінің магистранты

Қазақ журналистикасындағы және әдебиетіндегі кейінгі толқын

Қаламгер – құдіретті мамандық. Неміс романтизмінің атасы Шлегель: «Қаламгерді жан азаттығын әкелуші» дәрежесінде жарнамаласа Луначарскийдің пікірінше: «Ақындық дегеніміздің өзі – әулиелік, қоғамдық тұрғыдан озық бейне». Қазақта да солай еді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Батыраштың балтасы болса, Азынабайдың қамшысы Біржанның басында әуелесе де, сөздің киесі бар еді.

Қазақ әдебиетін дамушы фактор деп қарастырсақ, бүгінгі жас толқын, Тәуелсіздік дәуіріндегі Әдебиет өкілдерінің бірсыпырасының жолдары сүрлеулі болғанмен, жазғандары – сүбелі. Жазу қиын емес, мәселе қалай, қайтіп жазуда. Себебі, қаламгердің дүниесінен ең бірінші ұлттық сана айқындалып тұруы қажет. Маралтайша айтқанда: «Шығармаңыздан жусан исі аңқып тұрмаса, қолға қалам алып керегі не?» Бүгінгі жас қалам бұрынғы сарыннан аулақ. Бұл жастардың қаламы қазақтың қазанынан қайнап шыққан. Әрі қоңыр ұғымдағы қазақтың дәстүр тұнығынан ауызданған ауыз әдебиетінің фольклор танымының уызына жарыған қалам. Тек жастардың бірқатары ағымдық тақырыптарға әуес. Бүгінгі мәселе болғанымен ертең шешімін табуы мүмкін қоғамдық дүниелерді көркем шығармаға айналдыру әдебиеттің міндеті емес. Ол публицистиканың, журналистиканың міндеті. Ал егер қоғамдық мәселеден өміршең тақырып тауып жатса, жөн басқа. Журналистика саласында қаламы қарымды, белгілі бір салаға маманданған қаламгерлер аз емес. Олардың біразы біз қарастырып отырған тақырыптан қара үзіп кеткендер, яғни, жұрт «Маралтайдың толқыны» атап жүргендер. Мысалға, Жанарбек Әшімжан, Есей Жеңісұлы, Есенкүл Кәпқызы, Жұлдыз Әбділдә, Мұхтар Жанұзақ тағы

басқаларды өз басым орта буынның соңғы легіне жатқызар едім. Солардың ізіне қалам ұстап түскен жастардың қатарында оқшауланып көрінетін Нұрлан Жұмаханұлы, Ермек Болтай, Мақпал Жұмабай, Аягүл Мантаева, Думан Анаш т.б. қалам тербесі қуантады. Спорт саласында ерекше ізденісімен, талдау-таразылау қабілетімен назарға ілігіп жүрген жас журналист – Азиз Оразбаев. Сондай-ақ журналистика мен көркем әдебиетті қатар дамыту жолында табанды тірлік тындырып жүргендер де бар. Бір өкініштісі жас журналистер арасында экономикалық тақырыптарға бойлай еруге жүрексінушілік байқалады. Есесіне жастар прозасы мен поэзиясында ерекше серпіліс бар деуге болады.

Жастар прозасы дегенде аузымызға ілінетін алғашқы есім әрі расымен-ақ өндіріп жазып жүрген жас жазушы – Лира Қоныс. Лира – өзіндік ерекшелігі бар, стилі қалыптасқан қаламгер. Оның туындыларындағы кейіпкерлердің адам сезімінің иір қатпарларына үңілдіруі, психологиялық балансты бұзуы оқырманды бей-жай қалдырмайды

Тізгін қағар дүниелердің бірі – Әсем Қосбағарованың «Ол» атты әңгімесі. Шығармада образдың жаны бар. «Ол» бастан аяқ экзистенцизмге құрылған. Яғни басты кейіпкер, яғни Ол – жалғыз. Жан әлемі бөлек. Сюжеттер мен суреттемелер де қоғамдық өмірдің қағидаттарынан емес психологиялық көңіл-күй сипаттарына қатысты өрбиді. Прозада сөзге сараң болған ләзім. Бастысы жас автор осы талаптан шыға алады.

Жас қалам иесінің бірі ретінде Бану Дәулетбаеваның «Аспанға хаттар», «Абай да бақытсыз», «Әсел» атты дүниелерін атауға болады. Күнделік іспеттес осы жазбалар аса маңызсыз емес. Автор өзі сырласатын субъектінің әлеміне толық еніп алып өзінің осы кезеңге дейінгі ойын, әрекетін стилистикалық сарынға құрады. Жеке композициялық құрылымы бойынша қарастырсақ, күнделіктің нобайы новеллалық желілерге де жақын келеді.

Қазіргі қазақ жастары прозасында Мақсат Мәлікті кейбіреулер модернистік (заманауи, батысшылдық) бағытқа бет бұрған деп жатады. Алайда мойындау керек эксперимент мәселесінде Мақсат өте сәтті қадам бастады. Оның ерекшелігі туындыларының оқырманды сендіре алатындығында. Сіздің қиялыңызды, сіздің ойлау кеңістігіңізді Мақсаттың әңгімелері қозы көш жерге сүйрейді. Қараңғы әлемнің арғы жағында жарық сәуле барлығына иландырады, сеніміңізді нықтай түседі.

Мирас Мұқаштың «Ит жанарындағы жас» әңгімесінен балалар әдебиетіне тән бағыттың элементтерін ұшыратамыз. Қазақтың ұлттық архитипінде ит қасқыр бейнесі мол ақ. Өзін Ашинаның емшегін тартқылап өстім деп түсінетін танымның аясына бұл сыйымды түсінік.

Проза мен поэзияны қос қанатындай қатар қозғап, қазақ әдебиеті көгіне жаңа көтерілген жас қаламгер Бейбіт Сарыбайдың «Айна» жинағынан кейін де жекеленген басылым беттерінен іздері бадырайып көзге түсіп жүр. Ақиқатында, Бейбіттің шығармалары Б. Соқпақбаевтің туындыларымен сарындас. Шынайы, ойлы әрі тілге жеңіл.

Қазіргі қазақ жастар поэзиясында ерекше серпіліс бар. Мұны алдыңғы толқын ағалар ара тұра мойындап қалады. Мысалы, «Мұратхан Шоқанның өлеңдерінде бір ғажайып тылсым бар. Ал Бақыт Беделханұлы – астарлы ақын.

Ақберен Елгезек – жүректің ақыны, Қайырбек Шағыр – танылмай жүрген талант», - деп ақын Әбубәкір Қайран баға бергендей кейінгі толқындардың да өзіндік биігі бары хақ. Сондай-ақ Ерлан Жүністің жанашылдығы, Танакөз Толқынқызының албырт та арбаусыз шынайылығы, Динара Мәлікованың қауызын жана жарған жауқазындай талдырмаш жырларының болашағы зор деп білемін. Жуырда Жалын баспасынан бір топ ақын жазушылардың кітаптары жарық көрді. Атап айтар болсақ Тоқтарәлі Таңжарықтың «Түн парақтары», Хамит Есмановтың «Ағаш бүрі», Құралай Омардың «Ақ қар», Қанат Ескендірдің «Менің ертегім», Қанағат Әбілхайырдың «Қағаз қала» атты прозалық, поэзиялық жинақтары. Осыларды санамен саралай қарасақ, «Толқынды толқын қуып, толқыннан толқын туып», ол толқынның ағын екпіні мен бет алған бағытын да аңғарамыз. Сүйсініп, таңдай қағуға да болады. Қысқасы бізде жазба әдебиеттің аяқ алысы қуантарлық. Журналистикамыз да даму үстінде. Шүкір дейік!

ГҮЛЖАН СМАҒҰЛОВА,
журналистика факультетінің магистранты

Сауытбек Абдрахманов публицистикасының ерекшеліктері

Белгілі бір қаламгердің шығармашылығы хақында әңгіме өрбітуге терең ізденіспен және парасат-пайыммен қараған қандай жақсы?! Осы шағын жұмысымызға арқау болған тақырыпты ашуға табиғи болмысымызға тән ойлау өремізбен баға беріп, өзіндік ізденіспен келуге талпыныс жасадық.

Халыққа есімі танымал, публицист Сауытбек Абдрахмановтың қаламынан туған дүниелерге ел басылымы «Егемен Қазақстан» газеті арқылы куә болып жүрміз. Негізінен, автор шығармашылығының жанрлық ерекшеліктеріне баса назар аудара отырып, портреттік, жол-сапар очерктерін зерттеуімізге негіз етіп алдық.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2008жылы 4 сәуірдегі шығарылымында С.Абдрахмановтың «Мұнайата» деген тақырыппен портреттік очеркі жарық көрді. Тақырыптың өзі тың, әрі ұтымды жазылған деп ойлаймын. Автордың бұл очеркінде ұлттық мұнай өнеркәсібінің ізашары Сафи Өтебаевтың болмыс-бейнесі жан-жақты қырынан танылады. «...ата қоныста бағзы дәстүрдің, баба кәсіптің бағы өтіп бара жатқан тұсында ел-жұртына жаңа кәсіп тауып берген тарихи топтың көшбасшысы деп даусыз мойындалатын Сафи Өтебаевты Мұнайата атандыру әбден-ақ жарасымды.» деп жазады автор, сондай-ақ осы пікірінің шынайылығын шығарма барысында дәлелдейді. Мұнай кәсіпшілігіне жасөспірім шағынан куә болған Сафи Өтебаев отбасында, еңбек майданында сан қырынан суреттеліп, очеркті оқығаннан кейін кейіпкерге ерекше құрметпен қарайсың. Бұл тұста автордың сөз шеберлігі, суреткерлігі маңызды рөл атқаратыны даусыз. «Сафи Өтебаевтың өмірде бағындырған биіктерінің, алған асуларының бәрі де оның сол өмірге құштарлығынан, адамдық асыл мұраттарға адалдығынан, жүрек жомарттығынан, сезім сұлулығынан бастау алып жатыр. «Творческий подход» деген бар. Сіреспе сөз саптауға салып,

“шығармашылықпен қарау” дей салуға болмайды оны. Сафи ағаның қай жұмысқа да творчестволықпен қарауы - оның өзінің бойындағы лапылдаған өнер отының ұшқындарынан». Осындай сәтті сөз саптаулармен өрілген туынды арқылы автордың да қарапайымдылығы мен кісілік келбетін тану қиын емес.

Ал С. Абдрахмановтың «Әлемге әйгілі мемлекет» айдарында (Егемен Қазақстан, 8 тамыз, 2008.) «Қытай» деп аталатын мақаласы туралы әңгіме басқа. Автор әуелгі сөздің «біссімләсін» Шоқан Уәлихановтың атақты «Алтышаһарға сапар» еңбегінен үзінді келтірумен бастайды. Бұл да автордың тақырыпқа терең ізденіспен, үлкен дайындықпен қарайтынын аңғартады. Жалпы шығарма жазуда автор көне дерек көздеріне сүйенеді. Қытайға арнайы барып көріп білмесек те автордың осы шығармасын оқу барысында аспанасты елі жайлы жан-жақты ақпаратқа, қызықты деректерге қанық болдық. Бұл пікіріміз әсірелеу емес. Ақиқатында, Қытайдың халқы, тариха жағдайы, географиялық аумағы, табиғат ерекшелігі, экономикалық ахуалы автор назарынан тыс қалмаған. Очерктің қорытындысында автор Сауытбек Абдрахманов: «...Қытай елінің қазіргі жарқын жетістіктерінің ең басты себепкері де – Тәуелсіздік», - деп түйіндейді. Менің түсінігімше, осы тұста автор аз сөзбен көп ойды ұқтырып, азаттығымыздың қымбат та қастерлі екенін, елдік биік мұраттарымызға жету осы тәуелсіздігімізді бағалаудан басталатынын пайымдай білуге шақыратындай.

Соңғы уақытта еліміздің шет мемлекеттермен қарым-қатынасының боямасыз көрінісін бүгінгі баспасөз бетінде жарық көретін жол-сапар очерктері негізінде білуге болады. Қазақ журналистикасында кең тынысты дамыған жол-сапар очеркі жанрына жиі қалам тербейтін Сауытбек Абдрахманов мемлекет басшысымен және басқа да мемлекеттік қайраткерлермен бірге қандай да бір ресми іс сапарларға барса да ол жақтың тыныс-тіршілігін өз шығармашылығына арқау етеді. Мәселен, автордың «Сауытбек Абдрахманов-Вашингтоннан», «Торонтодан», «Малайзиядан» деп басталатын көптеген сапардағы туындылары арнайы зерттеуге негіз болатыны даусыз.

«Егемен Қазақстан» газетінде (2 маусым, 2009) «Аңтарылған Америка» деген атпен жарияланған ақпараттық мақаласы оперативтілік жағынан да оқырман назарын аудартады. Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаевтың АҚШ-қа жұмыс бабындағы сапары негізінде жазылған бұл мақалада «конгресспен Э.Хастингспен әңгіме барысында Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуіне байланысты бірқатар мәселелер талқыланды», «Э. Хастингс ЕҚЫҰ төрағалығы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жүрген көпвекторлы сыртқы саясаттың заңды нәтижесі екенін, осынау аса жауапты миссияның көңілдегідей атқарылатынына сенетінін, өзінің тарапынан қандай көмекті де көрсететіні» айтылады. «Конгресспен біздің елімізде Президент Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанына тәнтілік танытып, студенттердің АҚШ Конгресінде стажировкадан өтуге мүмкіндігі бар екенін жеткізді. «Қымбатты досым, Президентіңізге менің ыстық сәлемімді және ең ізгі тілектерімді жеткізуіңізді сұраймын», -дей келіп, Э.Хастингс Қазақстанды Қытай және Ресеймен тиісінше қарым-қатынас орнатудағы қуатты тетіктердің

бірі деп санайтынын білдірді. Сондай-ақ, осы мақалада автор әлемге әйгілі Тед Тернермен жүздескенін қуана хабарлайды. Қазақстанның ядролық қаруды таратпаудың жаһандық үдерісінің белсенді қатысушысына айналуына осы тұлғалар тарапынан құрмет білдірілген.

Жасыратыны жоқ, публицистің осы «Аңтарылған Америкасы» арқылы Елбасымыз жүргізіп отырған көп векторлы сыртқы саясатымызға өзге елдің көзімен қарап, қолдау білдірудің де терең мәні бар. Әлем көзін тігіп отырған Америка атқа мінерлерінің Қазақстан саясатына оң көзқараста болуы қай тұрғыдан қарасақ та елдік дамуымыз үшін ірі бастамаларға жол ашады десек қателеспейміз. С. Абдрахмановтың журналистік шеберлігі де осы тұста жақсы танылады.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың Оңтүстік – Шығыс Азиядағы ең дамыған және ең бай елдердің бірі, әлемдегі жоғары технологиялы электрондық өнімдерді аса ірі экспорттаушы Малайзияға сапары негізінде жазылған «Махатхир Мохамад» атты (30 маусым, 2006) туындыны біз портреттік очерк жанры ретінде қарастырдық. Өйткені мұнда премьер Махатхир елді басқарудағы үздіксіз еңбегі арқылы танылады. Мұсылман мемлекеттерінің әлемде алдыңғы қатарда тұруға қабілетті екенін ірі бастамаларымен дәлелдеген Махатхир елінің экономикалық жетістіктері шындығында әрбірімізді ойлантуы тиіс. Мақаланы оқу барысында түсінгеніміздей, елбасымыздың Махатхир Мохамадпен достық қарым-қатынасына автордың жүрекжарды тілеулестігі де айқын аңғарылады.

С. Абдрахмановтың қай мақаласын алсақ та («Қытай», «Бейжің», «Тәуелсіздік тірегі – тұтастық», «Махатхир Мохамад», «Мұнайата», «Аңтарылған Америка») автор өз оқырманымен қарапайым «әңгімелеседі», дерек пен дәйекті ұтымды пайдаланып, жатық тілімен, көркем сөз саптауымен кез келген оқушыны «бұйыта тыңдата алады». Автордың санаулы ғана шығармасымен танысуымның өзі бізге осындай әсер қалдырды. Сауытбек Абдрахманов публицистикасы тақырып тұрғысынан кең тынысты. Журналистік шеберліктегі үздіксіз ізденісін тоқтатпаған публицист Абдрахмановтың ұшқыр қаламынан туатын терең ойлы шығармалар легі жалғасатыны даусыз.

ЖАННА АЛДАБЕРГЕНОВА,
журналистика факультетінің магистранты

Нұртөре Жүсіптің шығармашылық шеберлігі

«Ойы – озық, тілі – өткір журналист». Бұл жазушы Дүкенбай Досжанның Нұртөре Жүсіпке берген бағасы. Дәл айтылған. Өйткені ол бүгіннен гөрі ертеңін, мәселенің себептерінен гөрі салдарын көбірек ойлайтындай. Сонау «Егемен» әлі «Социалистік Қазақстан» болып шығып тұрған тоқсан бірінші жылы «Жеке меншіктеу барысында түрлі айшылықтар болмас үшін және бұрмалаушылықтар орын алмас үшін тиісті заң және заңдық актілер қажет» деп жазды. Бұл Тәуелсіздік алғаннан кейін бес ай өтер-өтпес айтылған сөз. Ол кезде жекешелендірмек түгілі, халық жекешелендіру дегенді толық ұғынып болмаған. Нұртөре Жүсіпте құмалағын шашып жіберіп, болашақты болжайтын көріпкелдің тәсілі емес, саяси сараптама, ой елегі бар. Тілі өткір емес

журналист кем де кем. Тек ол қандай өткірлік? Нұртөренікі оң қолымен жараның бетін ашып, сол қолымен емін ұсынатын өткірлік.

Енді публицистің шығармашылығын тақырыптық, жанрлық жағынан талдап көрсек. Бізде экономика тақырыбына тісі бататын журналистер кем де кем. Біз білетін Камал Смайл цифрларды сөйлетсе, Нұртөре Жүсіп санаға жеңіл, түйсікке таныс қарапайымдылықтың шебері. Оның өндіріс, ақша, қор... жайындағы мақалалары жалпы оқырман қауымға түсінікті тілмен жазылған. «Егеменді Қазақстанның» 1992 жылы шілдесінде шыққан «Қаптаған кооперативтен қандай пайда?» деген мақаласы былайша басталады: «Қазір қаржы жоқ: бұдан халық та, үкімет те қиналып отыр. Әсіресе, қаржы-несие саласында және ақша айналымындағы жағдай өте күрделі. Төлеуге тиын таппай қиналғанды да көрдік. Дүкенге не асханаға кірсең қайтаратын ұсағы жоқ. Қолма-қол ақшаның тапшылығы аяқ аттаған сайын сезілуде». Қарапайым ба? Қарапайым. Түсінуге жеңіл ме? Жеңіл. Бірақ әр сөйлемде халықтың ауыр халі, экономикалық ахуалы көзге ұрып тұр. Әр қарапайым сөздің артында қара батпан зіл жатыр.

Жоғары да айтып кеткен журналистің өткірлігі оның ұлттық, елдік тақырыбында жазған материалдарынан айқын көрініс табады. Бұл «дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтадының» жайы болса керек. Бір мысал келтірейін. «Бір топ жынды жиналыпты да өзара ақылдасып, жындыханадан қашпақшы болыпты. Күн сайын забордан секіріп жаттығып жүрсе, бір күні забор құлап қалыпты.

– Қап, енді ешқайда қаша алмайтын болдық-ау, - депті сонда жындылар.

Сен, мен, ол – жалпы біз өмір сүріп отырған қоғам, сол жындыхана секілді. Біз жүрген бір жындымыз. Біз де бір жаққа қашқымыз келеді. Біздің заборымыз баяғыда-ақ құлап қалған. Қаша алмаймыз. Қашқанда қайда барамыз?..» Қатты айтылған сөз, намысқа тиеді, бірақ бәленбай бет мақаладан артық айтылған. Тағы да журналистің өткірлігіне дәлел. Экономика мен ұлттық мүдде және экономикадағы ұлттық мүдде Нұртөре Жүсіптің негізгі тақырыптары. Ал жанрлық ерекшеліктеріне келер болсақ. Оның жолсапар очерктері, талдамалы, проблемалы мақалалары, қысқаша ой-толғамдары, сұхбаттары әрқайсысы жеке-жеке талдауды, талқылауды қажет ететін дүниелер.

Нұртөре Жүсіп жолға шықса, оқырманның да үйде отыруы екі талай. Өзімен бірге ала кетеді. Оқиға ортасында бірге жүреді, саралайды, толғанады. Бір ғана мысал, тәуелсіздікке енді қол жеткізген айлардың бірінде Меркідегі медресеге арнайы шақыртумен жолға шығады. Қырғыз шекарасын басып өткен жолаушылар «автобекетке» тоқтайды. Ол кезде біздің халық «автовокзалда» автобус күтіп жүрген. Бұл жай да журналист назарынан тыс қалмайды. Міне осылай жалғасатын очерк имандылық, дін мәселесін қозғайды. Медресе шәкірттерімен әңгімелескен Нұртөре Жүсіп біраз жайдың шетін шығарады. Ұлттық теңгеміздің шығуына ойтүрткі болған журналистке Елбасы мынадай баға береді: «Нұртөре Жүсіп нарық экономикасы тақырыбын меңгерген алғашқы қазақ публицистерінің бірі болып табылады. Оның терең де ойлы материалдары республикамыздағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына үлкен септігін тигізді».

**«Публицистің шығармашылық шеберханасы» пәні бойынша мерзімді
баспасөз кафедрасының студенттері мен оқытушылары арасында өткен
дөңгелек үстел**

Жастар баспасөзі: кеше, бүгін, ертең

Доцент Римма Жақсылықбаева: – Кезінде ақын Сырбай Мәуленовтің: «Журналист мамандығы – үнемі ізденіп, алға талпынуды тілейтін ауыр мамандық. Журналист болу деген сөз – халықтың соғып тұрған жүрегі, жанын кернеген ой-тілегі болу деген сөз», - деп жазғанын білеміз. Демек, журналист еңбегі – үнемі ізденіп, шығармашылық жанаруды талап ететін еңбек. Бүгінгі таңда қазақ журналистикасында тың тақырыптар мен соны ізденістер лебі байқалады. Ал, жастар басылымы жөнінде әңгіме тым бөлек. Ең алдымен, қазіргі таңда мынау жастар басылымы дейтіндей газет-журналдар бар ма? Ойларыңызды ортаға салсаңыздар.

Кәмшат Мәсімжанова: – Қазақ баспасөзінің ішінде нақты жастардікі деп кесіп айтатын басылым жоқ деп айта аламын. Жастар басылымы деген атқа ие мысалы, «Жас Алаш», «Жас Қазақ» газеттерінің негізінен атына қарасақ, жастарға арналуы керек еді. Бірақ бұл басылымдардың аудиториясы жастар емес, оқыған-тоқыған, кемелденген ұрпаққа яғни, элитаға арналғандығын аңғаруға болады. Өткенде кітапханаға барып, кешегі басылымдардың ішінен 1990 жылдарға дейін шығып тұрған, журналист Алтынбек Сәрсенбайұлы редакторлық еткен «Өркен» газетін біраз қарадым. Сонда байқағаным – бұл газеттің ауқымы кең және нақты жастар басылымы деп айтуға тұрарлық басылым. Ал қазіргі таңда шығып жатқан ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» және «Қайнар» университетінің газеті «Студент» сынды газеттердің таралу ауқымы тар, көтеріп жатқан мәселелері қомақты және жастарды қызықтыратын деп айта алмаймын. Университет өзіне қатысты мәселелерді көтереді және тек сол университет төңірегінде болып жатқан оқиғаларды жазатындығы белгілі.

Доцент Кәкен Қамзин: – Кәмшат бір сөзінде жастарға арналған басылымдардың саяси жағы басым екендігін айтып кетті. Сонда жастар саясатқа араласпауы керек пе?

Кәмшат Мәсімжанова: – Әрине, жастар саясатқа араласуы керек. Маған мынадай ой келді: саяси тақырыпта жазылып жатқан газеттер бар, кез-келген газеттің арнайы саяси беті бар. Ал сол кез келген газеттің жастарға арналған беті жоқ. Мүмкін қазақ жастарына саяси, мәдени, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын арнайы басылым қажет шығар.

Доцент Кәкен Қамзин: – Қазір жастарымыз көп жағдайда саясаттан мақұрым қалып жатыр.

Доцент Римма Жақсылықбаева: – Бірақ осыған керісінше тағы бір пікір бар. Өткенде «Алматы» телеарнасының бір хабарында ақын Исраил Сапарбаев: «Қазір көп ретте жастар белсенділігі болсын, болмасын, саясатты түсінсін, түсінбесін жаппай саясатқа қарай бетбұрып бара жатыр», - деген пікір білдірді. Бұл қоғамдағы жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптап кеткен түрлі қозғалыстар мен ұйымдарды меңзеп отыр. Мұндай құбылыс жастарды

керісінше, біржақтылыққа тәрбиелейді. Басқа да құндылықтар яғни, өнер, мәдениет шет қалып жатқан жайы тағы бар.

Қуат Әуесбай: – Жастарға аталған «Жас Алаш», «Жас Қазақ» сынды газеттер бар. Құдайға шүкір. Бұл газеттер қазір жастарды толық қанағаттандырып отыр деп ойлаймын. Ал манағы жастар саясатқа бетбұрып бара жатыр дегенге мен қосылмаймын. Жастар саясаттың құрбаны немесе қуыршағы болып отыр.

Доцент Дәмегүл Баялиева: – Жастар араласатын саясат, араласпайтын да саясат бар екендігін ұмытпауымыз керек. Саясат ұғымының ауқымы – кең. Жастар ұлт, мәдениет, дін, тіл мәселелеріне байланысты саясатқа неге араласпасақ? Біздің тұсымыздағы қоғам, идеология, баспасөз басқа болатын. Ұғым, сенім бірізді болған. Мемлекетте комсомол, партия деген идеологиялық бағыт болған. Біз соған бейімделіп, сол жолмен жүріп, осы жолмен жаздық. Ал, қазір мемлекет мүлдем өзгеше бағытта даму үстінде. Бүгінгі таңда жастарды белгілі бір бағытта тәрбиелейтін, мемлекет тарапынан тұрақты идеологиялық бағдарламаның қажеттілігі айқын сезіледі. Бүгін мына кішкене аудиторияның көлемінде талқыланып жатқан мәселелер қоғамда пісіп-жетіліп келе жатқан мәселе деу керек. Жастар идеологияны өздері талап етіп отыр. Мәселен біздің кезімізде тіл, мәдениет сияқты күрделі мәселелердің төңірегіндегі ойынды айту үшін сөздің басын бастау қиын болды. Ал, қазір «Жас Алаш» газетінің «Студент» қосымшасы бар. Бұл қосымша оқырман студенттің сұранысын қанағаттандыра ала ма?

Тоқтарбай Бейбіт: – Қазір қазақ тілді басылымдардың ішінде нағыз жастардікі осы деп көрсететін газет жоқ. «Жас Алаш» осы күнге дейін жастар оқитын бірден бір басылым болып келді. Бертінде бұл газет біржақты бағыт алып кетті. Сонда да «Жас Алаш» газетінің «Студент» қосымшасы студенттерге арналған ең жақсы бір басылым болып табылады. Басқа «Айқын», «Жас Қазақ» газеттерінде жастарға арналған беттер бар. Бұның барлығының жауапкершілік жүгін арқалап отырған кәсіби журналист емес. Біз сияқты студенттер өндірістік тәжірибеден өтуге барғанда: «Сендер осы жастар бетін шығарыңдар», - деп мойнына іліп қояды. Ешқандай нұсқау бермейді, қандай тақырыпта қалай мәселені қозғау керек демейді. Шынын айтқанда қазақ басылымдары жастар тақырыбына мән бермей отыр. Сондықтан жастар мәселесін қозғайтын қосымша емес, болашақта біржақтылықтан аулақ, ұлттың жүгін көтеретіндей, қазақ жастарына арналған басылым керек деп ойлаймын.

Кәмшат Мәсімжанова: – «Жастарды қазір кітап, газет оқымайды», - деп кінәлайды. Бірақ белсенділік танытып жүрген жастардан тыс, қарапайым студент емес жастардың дені «Лиза» немесе «Gool» сияқты журналдарын ұстап жүргенін байқадым. Бұл сол орыс журналдарының ішінен бір материал болса да оқиды деген сөз. Ал осы журналдарда заманауи тақырыптар беріледі. Мүмкін сол үшін қызығатын болар?

Қорғасбек Шынар: – Бізде «жастар газет оқымайды, оқыса да орыс басылымдарына құмар» деген пікірлер кездеседі. Бірақ, бәрі ондай емес. Мен бұндай пікірлемен келіспеймін. Керісінше, қазақ басылымдарының бетінде үлкен саяси депутаттардың өзін толғандырып отырған мәселелерге де үн

қосуда. Мәселен, «Жас Алаш» газетінің «Мақатаев-22» айдарында жарияланған қоғамдық пікірлер өзіме қатты ұнайды.

Доцент Р. С. Жақсылықбаева: – Сабақты теориялық тұрғыда өту мен журналистика айдынында жүрген тәжірибелі журналистердің дәрісін тыңдау екеуі екі бөлек нәрсе ғой.

Тоқтарбай Бейбіт: – Иә, мәселен, Жанболат Аупбаев сынды шебер редакторлардың ара-тұра материалдарын оқып, ҚазҰУ оқытушыларының дәрісімен ғана жүріп жатырмыз, ал бір уақыт баспасөздің басы-қасында жүрген, қазақ журналистикасының ауыр жүгін көтеріп жүрген азаматтардың нақ өмірде қандай адам екендігін көріп, тілдесіп, болашақтағы қазақ журналистикасының қандай болатындығы туралы ойларын білгіміз келеді.

Доцент К. Қамзин: – Н.С. Хрущев мынадай бір идея айтқан: «Ауылшаруашылығы институтын ауылдарға жіберу керек. Сол жерде оқысын». Оның жақсы жағы мен кемшіліктері де бар. Елден кететін адамдар белгілі бір мәдени ортаны іздеп келеді ғой. Олар қайтадан өз ортасына барса, мәдени ортадан айрылып қалады. Сіздер қазір студенттердің арасында ғажап мәдени орта бар деп ойлайсындар ма?

Тоқтарбай Бейбіт: – Біздің іздеп жүргеніміз де сол. Жастар ұйымдары көп, бірақ онда барсаң көңілің толмайды. Нағыз ұлтымызға пайдалы дүние аз. Сондықтан, жастардың рухани ортасы болуы керек сияқты.

Доцент Гүлнар Өзбекова: – Бүгінгі аға буын, соның ішінде 80-жылдардың жастары біздер де бас газет журналдарды көп оқитынбыз. Қазіргі жастармен салыстырсақ, оларда белсенділік, қоғамда орын алып жатқан өзгерістерге үн қату, кемілігі мен жетістігін баспасөз бетіне жазу аз. Ал жастар баспасөзге автор ретінде араласатын. Қазақстанның түкпір-түкпірінен хаттар келетін. Журналистердің ғана жазғанын күтіп отырмай, өздерің де атсалыссаңдар. Сіздерден жақсы журналистер шығатынына сенемін.

Доцент Дәмегүл Баялиева: – Дұрыс бұрынғы дегеннен есіме түсіп отыр, біздің кезіміздегі газет-журналдарда көркемдік басым болатын. Ал қазіргі басылымдарда ауызекі стиль, жаргон сөздер көп. Бүгінгі баспасөздегі журналистерге айтарым, көркемдікке көңіл бөлсе, шеберліктің шыңы осында ғой. Ұзынынан ұзақ сұраулы сөйлемдермен тақырып қояды. Оны оқып болғанша ішегің созылып бітеді. Сондықтан, тақырыпқа қойылатын талаптар-тапқырлық, нақтылық ескерілмейді. Сөйлемді грамматикалық ережеге сай құрса деген ниет-тілегім бар.

Шамұратова Гүлдария: – Сөз жоқ, талант – табиғат сыйы, бірақ еңбексіз жақсы нәтижеге жету қиын. Сондықтан, менің ойымша журналистер көп еңбектеніп, табиғи дарынын шындай түсуі керек. Ана тілінің бай сөздік қорын меңгеріп, қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі өзгерістерді байқампаздықпен аңғаруы керек. Қоғамдық құбылыстарды байсалдылықпен талдап, оқырман көңілінен шығатындай дәрежеде жазуы керек. Ұтымды, ойлы, мағыналы сөздерді іріктеп, өзі қозғаған мәселенің толық ашатындай деңгейде қолданылуы қажет.

Бердібекова Ақбота: – Нарықтық экономика заманы болғандықтан әр нәрсенің арғы жағынан ақша басын қылтитады. Сол себепті қазір кейбір газет-

журналдарымыз пайданың көзіне айналып отырған жайы бар. Мұндай басылымдардағы материалдардың дені интернеттің орыс тілді сайтынан алынып, тікелей қазақшаға аударылады. Сондай-ақ, интернеттен алынған ақпараттың шшынайылығына кейде күммәнданасың. Мұндай басылымдарға көбінесе Шымкенттік газеттерді жатқызар едім.

Ахмедова Балнұр: – Жастар басылымын ашу керек деген пікірлер айтылып жатыр. Оны ашу, әрі қарай алып кету оңай шаруа емес. «Кенесіп пішкен тон келте болмас» дегендей оған бәріміз де атсалысуымыз керек.

Доцент Дәмегүл Баялиева: – Сіздер жастар басылымының қандай болғанын қалар едіңіздер?

Кәмшәт Мәсімжанова: – Қазіргі жастар жаппай интернетті пайдаланып жатыр ғой. Менің ойымша, интернеттен де жастар бетін, сайты ашу керек. Өйткені, әр заманның өзіндік талабы бар. Мысалы, теледидар пайда болған соң жастар бағдарламасы ашылды. Сонда ғана біз орыс, шетел басылымдарының ықпалынан құтылуымыз мүмкін.

Машрикова Данара: – Бізде басылымдар өте көп. Бірақ оларда мәдени-рухани жағынан материалдар аз жарияланады. Бұл, әрине өкінішті. Мен көбінесе, «Время познания» атты басылымын оқимын. Онда қызықты да танымдық материалдар көптеп беріледі. Ал ондай басылымды қазақ тілінде таба алмадым.

Уалиахметова Гүлфайрус: – Мен басылымдарда қандай тақырып сөз болса да шындық жазылғанын қалаймын.

Мамытова Гүлнұр: – Меніңше, жастарды мәдени сала көп қызықтыратын сияқты. Мәселен, шоу-бизнес.

Әуесбай Қуат: – Жастардың үні, жаршысы болатындай басылым керек. Бар мәселе ұлтшылдық төңірегінде сөз болса...

Доцент Кәкен Қамзин: – Нарықтық заманда өмір сүріп отырмыз. Рынокқа зерттеу жүргізуіміз керек. Жастар аудиториясы қандай? Мұндай зерттеу жүргізіле ме?

Назан Алмат: – Қазіргі жастарға көлемді-көлемді мақалаларды оқып отырғаннан гөрі қысқа да нұсқа жазылғандары тиімді. Қазіргі басылымдарда ұлттық мәселелер қозғауы керек деп ойлаймын. Егер де оны көтермесек, жастар бұл мәселе туралы онша толғанбайтын сияқты. Оларға нақты айтып, бағыт-бағдар беріп отыру керек. Жастар нені көп оқыса, естерінде сол көп сақталады.

Әуесбай Қуат: – Қазақ журналисі болу – өзге тілді журналистерге қарағанда жүйкеңе тиетін мамандық. Мәселен, «Түркістан» газетінде мынадай бір ақпарат жүр: «Астанада орыс тілді журналистердің конгресі өтеді». Ал соны жазып отырған журналист қандай күйде болды десеңші! Қазақстанның астанасында қазақ журналистерінің емес, орыс тілді журналистердің конгресі өтеді дегені сұмдық емес пе?

Тұрарбек: – Мен жастардың қолынан «Гол» сияқты орысша спорт басылымдарын көремін. Спорт тақырыбындағы арнайы қазақша газет болуы керек және орыс басылымдарының санын шектеп, қазақ газет-журналдарын көбейту керек деп ойлаймын.

Шамұратова Гүлдария: – Қазақ тарихының «ақтаңдақ» парақтары, көпшілік біле бермейтін сырлары әлі көп. Сондықтан, мен басылым беттерінде ұлтымыздың мақтанышы саналатын белгілі адамдар өмірінің бізге беймәлім тұсын, қызықты жайттарын көбірек берсе деймін. Бірде қазақ радиосының жүргізуші: «Қазақтың тұңғыш профессионал бишісі кім?» - деген сұрақ қойғанда, ешкім де дұрыс жауап таба алмады. Біреуі Шұғыла Сапарғалиева дейді. Сонда осы кезге дейін бізде би өнері болмаған деп ойлайды ма? Кәсіби биші Шара Жиенқұлованың «Өнерім менің – өмірім» атты өз өмірінен сыр шертетін кітабы бар екенін де білмейтіндер көп екен. Меніңше, осы олқылықтардың орнын толтыру керек.

Бердібекова Ақбота: – Қазір жастардың психологиясы заман талабына қарай өзгерген сияқты. Жаһанданудың баспалдағында тұрғандықтан бұл басылым ұлттық ерекшеліктерімізді барынша бойына сіңірген басылым болуы тиіс. Ата-бабамыздан жалғастығын тауып келе жатқан салт-дәстүрлеріміздің ұмыт қалар жайы бар. Жастарды тәрбиелеудің бірден-бір жолы – бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

Доцент Римма Жақсылықбаева: – Журналист шығармашылығының түп қазығы – дарын деген пікір біздің арамызда әлі басым жүргенін жасыруға болмайды. Әрине, ой еңбегінің адамына, оның ішінде, әсіресе, жас журналистерге дарындылықтың қажет екендігіне дау айтуға болмас. Алайда, сүтпен біткен бойдағы дарынды оған керекті қайнарлардан сусындатып, жетілдіріп отырмаса, ондай дарын сусыз жердегі гүлдей солып қалары ықтимал. Сондықтан да, бүгін ортаға салған ойларыңыздан болашақта сындарлы тың нәтижелер күтеміз!

МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ. ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТЕРІНІҢ ШЕБЕРЛІГІ.....	3
1.1 Әзілхан Нұршайықовтың публицистикалық шығармашылығы.....	3
1.2 Сапар Байжановтың редакторлық шеберлігі.....	12
1.3 Камал Смайыловтың публицистикалық шеберлігі.....	20
1.4 Шерхан Мұртазаның редакторлық, басшылық қызметі.....	32
1.5 Сейдахмет Бердіқұловтың спорт журналистикасындағы қолтаңбасы.....	48
1.6 Олжас Сүлейменов публицистикасындағы азаматтық болмысы.....	53
1.7 Оралхан Бөкеев шығармаларының көркемдік деңгейі.....	61
1.8 Сағат Әшімбаев – публицист, сыншы.....	70
1.9 Сауытбек Абдрахманов публицистикасының сырлы сипаты.....	77
1.10 Жанболат Аупбаевтың журналистік шеберлігі.....	85
2 ТАРАУ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК.....	95
2.1 Көрнекті журналист, қаламгерлердің шығармашылық жолға келуі.....	95
2.2 Журналист шеберлігіне қойылатын талаптар мен міндеттер.....	101
2.3 Әдеби сын мен көркем шығарма.....	107
2.4 Әдеби басылымдар және көркем әдебиет мәселелері.....	112
2.5 Тақырып – көркем туынды идеясының жалпы көрінісі.....	120
2.6 Қазақ баспасөзіндегі жастар шығармашылығы.....	127
2.7 Бүгінгі қазақ журналистикасының бет-бейнесі.....	136
2.8 Саяси тақырыпта жазып жүрген жас журналистер қолтаңбасы.....	143
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	155
ҚОСЫМША	156



ISBN 978-625-93762-7-1



9 786259 376271